

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«Қазіргі заман жағдайындағы ғылым мен білім»  
тақырыбындағы Халықаралық  
ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ**

**Международной научно-практической конференции  
на тему  
«Наука и образование в современных реалиях»**

**I том**

**Шымкент, 2021**

ӘОЖ 378 (075.8)  
ББК 78.58  
Қ 22

**Ұйымдастыру алқасы  
Организационная коллегия**

**Ұйымдастыру алқасының төрағасы:** **Ғ.С. Пралиев** – э.ғ.д., Шымкент  
университетінің Басқарма Төрағасы

**Председатель организационной коллегии:** **Ғ.С. Пралиев** – д.э.н.,  
Председатель Правления Шымкентского университета

**Қ 22 «Қазіргі заман жағдайындағы ғылым мен білім» тақырыбындағы  
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ. I том.**

*-Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2021. -248 бет.*

**СБОРНИК ТРУДОВ Международной научно-практической  
конференции на тему «Наука и образование в современных  
реалиях» том I. -Шымкент: Издательство «Нурлы Бейне», 2021.  
-248 стр.**

**ISBN 978-9965-554-38-2**

Жинаққа «Қазіргі заман жағдайындағы ғылым мен білім» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектері енді. Еңбектер жинағын республиканың ЖОО студенттері, магистранттары мен жас ғалымдардың баяндамалары құрайды.

Баяндамалардың мазмұны ғылымның педагогика және психология, жаратылыстану, филология, математика және информатика, әлеуметтік ғылымдар, дене шынықтыру және спорт салалары бойынша жан-жақты мәселелерді қамтиды.

ӘОЖ 378 (075.8)  
ББК 78.58

**ISBN 978-9965-554-38-2**

© Шымкент университеті, 2021

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылы 5 қаңтарда жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» атты мақаласы негізінде болашаққа нық кадам басуға бағытталған, патриоттық рухы биік қазақстандық қоғам құру және 2021 жылы республика Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеумен қатарлас, Президент мақаласындағы «Таным мен тағылым» бөлімінде атап өтілген «...Ел тарихын, ұлт шежіресі мен құндылықтарын сақтау мен дәріптеу» бағытын іске асыру үшін мерейлі іс-шаралардың ішінде халқымыздың батырларын ұлықтауда бар. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Шымкент университеті **«Қазіргі заман жағдайындағы білім және ғылым»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды.



Бүгін Шымкент университеті үшін дәстүрлі жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференция екінші рет онлайн өтіп жатыр. Пандемия барлығымызды мәжбүрлеп оқшаулануымызға қарамастан, жас ғалымдар мен тәжірибелі мамандар арасында пікір және тәжірибе алмасуды тоқтатпады.

Конференцияның мақсаты: студенттер мен оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талқылау; жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тарту; тәжірибе алмасу және білім беру мекемелерінің ынтымақтастығын орнату.

Біздің конференция ғылымның қазіргі даму кезеңіндегі көптеген өзекті мәселелерін қозғайды, атап айтқанда:

- Жаратылыстану ғылымдары (биология, экология, география, физика, химия);
- Педагогика және психология;
- Филология (шет тілдері, қазақ және орыс тілдері және әдебиеті);
- Математика. Информатика. Бағдарламалау;
- Әлеуметтік ғылымдар (тарих, құқықтану, экономика, саясаттану);
- Дене тәрбиесі.

Конференция маңызды оқиға болып табылады және сөзсіз ғылыми зерттеу үдерісін жақсартуға ықпал етеді және одан әрі жемісті жұмыс істеуге ынталандырады.

Сіздерге зор денсаулық, ғылыми және практикалық қызметіңізде сәттілік тілеймін!

*Сейтқұлов Н.А.*  
*- Шымкент университетінің ректоры,*  
*п.ғ.д., профессор*

# 1-СЕКЦИЯ.

## «ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР (ТАРИХ, ҚҰҚЫҚТАНУ, ЭКОНОМИКА, САЯСАТТАНУ)»

### КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

*Г.Т. Қосманбетова, С.М. Батырбаева,  
М.Өтебаев атындағы Жоғары жаңа технологиялар колледжі*

#### **Аннотация**

*Кәсіпорынның қаржы жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.*

Әрбір кәсіпорын нарықтық қатынастары жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл кәсіпорындардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік – кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау жөніндегі сұрақтарды қарастырмас бұрын, «қаржылық жағдай» дегеніміз немесе «қаржылық жай - күй» дегеніміз не, соны анықтап алған жөн. Соңғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі. Бұл ұғымды дәлірек анықтауға мүмкіндік беретін ұтымды тұжырымдар бар. Бірқатар түрлі әдістермен есептелетін бірыңғай көрсеткіштерге қарағанда (мысалы, еңбек өнімділігі, қор қайтарымдылағы, өзіндік құн, жалпы табыс, тиімділік) қаржылық жағдай түрлі көрсеткіштерді есептеу нәтижесінде және олардың жалпы бағалауға тигізетін әсерін зерттеу негезінде анықталатыны анық. Қорыта келе, кәсіпорынның қаржы жағдайы әлсіз және өмір сүру қаблеті жоқ кәсіпорындарға аяусыз қарайтын бәсекелі нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның сенімді болуын, тұрақтылығын және келешегі барлығын куәландыруы тиіс.

Кәсіпорынның қаржы жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

М.И.Ткачук пен Е.Ф.Киреева «Концептуальные основы финансового менеджмента» атты кітабында «Кәсіпорынның қаржылық жағдайы кәсіпорынның көптеген әрекеттерінің нәтижесі ретінде болады, сонымен қатар оған тәуелді емес факторлар арқылы анықталады» деп көрсетеді [1].

Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Бұл сұрақ та арнайы оқулықтарда түрліше түсіндіріледі. Бір авторлар қаржылық тұрақтылықты «өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс процессінде үзіндісіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы» деп түсіндіреді... Қаржылық тұрақтылық - меншікті және қарыз қаражаттарының байланыс деп жазады.

Енді біреулер «өз қаражаттары есебінен активтерге (негізгі қорлар, материалдық емес активтер, айналым қаражаттары) жіберілген қаражаттарды жабатын, сондай - ақ өтелмеген дебиторлық және кредиторлық қарыздарғы жол бермейтін және де өз міндеттемелерін уақытысында қайтаратын шаруашылық субъектілері қаржылық тұрақты болып табылады» деп жазады. Кәсіпорынның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Нарық жағдайында ол ең бірінші өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін табыстың тұрақтылығын талап етеді және оның мөлшерін мемлекетпен, жабдықтаушылармен, несие берушілермен, жұмысшылармен және тағы басқалармен есеп айырысу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның одан әрі дамуы үшін барлық есеп айырысулармен барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, осы кәсіпорында өндірісті дамытуға, оның материалдық-техникалық базасын жаңартуға және де әлеуметтік климатты жақсартуға және басқаларға мүмкіндік беретіндей дәрежеде табыс қалуы қажет.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына көптеген факторлар хер етеді, оларды келесідей түрлерге жектейді:

- 1) пайда болу орнына байланысты - ішкі және сыртқы;
- 2) нәтижесінің маңыздылығына байланысты - негізгі және негізгі емес;
- 3) құрылысы бойынша - қарапайым және күрделі;
- 4) әрекет ету уақыты бойынша - тұрақты және уақытша;

Ішкі факторлар кәсіпорынның өзінің жұмысын ұйымдастыруына байланысты болады, ал сыртқы факторлар кәсіпорын еркіне бағынышты емес.

Негізгі ішкі факторларды қарастырайық. Кәсіпорынның тұрақтылығы ең бірінші өндіріс шығындарымен үздіксіз байланысқан өндіріген өнім мен көрсетілген қызметтің құрамы мен құрылымына тәуелді. Сондай - ақ, тұрақты және айнымалы шығындар арасындағы қатынас маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның өндірілетін өнім және өндіріс технологиясымен тығыз байланысқан қаржылық тұрақтылығының маңызды факторларының бірі - активтердің тиімді құрамы мен құрылымы, сондай - ақ кәсіпорынның басқару стратегиясын дұрыс таңдап алуы болып табылады. Ағымдағы активтерді басқару өнері – кәсіпорын шотында оның ағымдағы жедел қызметі үшін қажет болатын қаржының ең төменгі сомасын ұстаудан тұрады.

Қаржылық тұрақтылықтық ішкі, маңызды факторлардың бірі – бұл қаржы ресурстарының құрамы мен құрлымы, оларды басқару стратегиясы мен тактикасының дұрыс таңдалып алынуы. Кәсіпорынның өз қаржы ресурсы, соның ішінде таза табыс қаншалықты көп болса, соншалықты ол өзін жайлы сезіне алады.

Сонымен бірге тек таза табыстың көлемі ғана емес, сонымен қатар оны тарату құрлымы, әсіресе өндірісті дамытуға бағытталған бөлігі де өте маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қарыздық капиталдар нарығындағы қосымша жұмылдырушы (мобилзацияланушы) қаражаттар үлкен әсерін тигізеді. Кәсіпорын ақша қаражаттарын қаншалық көп тартатын болса, оның қаржылық мүмкіндіктері де соншалықты жоғары болады, алайда, сонымен бірге қаржылық тәуекілділік те өседі - яғни кәсіпорын өз кредиторларымен уақытында есептесе ала ма, жоқ па? - деген қауіп туады.

Және де бұл жерде кәсіпорынның төлеу қабілеттілігінің қаржылық кепілінің бір түрі ретінде резервтерге үлкен роль берілген.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін мынадай ішкі факторларды атап көрсетуге болады:

- кәсіпорынның салалық топқа жатуы;
- шығарылатын өнімнің (жұмыс, қызмет) құрылымы және оның жалпы төлем қабілеттілігі бар сұраныстағы үлесі;
- төленген қаржылық капиталдың мөлшері;
- шығындардың көлемі, олардың ақшалай табыспен салыстырғандағы динамикасы;
- қорлар мен резервтерді, олардың құрамы мен құрылымын қосы алғандағы мүлік пен қаржы ресурстарының жағдайы;
- кәсіпорындарды басқару тиімділігі;

Сыртқы факторларға шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайының әсері, қоғамда үстемдік етуші техника мен технология, төлеу қаблеті бар сұраныс және тұтынушылар табысының деңгейі, ҚР үкіметінің салық және несие саясаты, кәсіпорынның қызметін бақылау жөніндегі заң актілері, сыртқы экономикалық байланыс және тағы басқалар жатады.

Кәсіпорынның тұрақты қаржылық жағдайын қалыптастыруда оның өз контрагенттерімен (салық органдары, банктер, жабдықтаушылар, сатып алушылар, акционерлер және т. б.) өзара қарым - қатынасы үлкен әсер етеді. Сондықтан да серіктестермен реттелген іскерлік қатынаста болу - жақсы қаржылық жағдайдың бірден - бір шарты болып табылады. Әрине, акционерлер өз жинақ қорларын тұрақты тиімділікке ие және дивидендтерді ұқыпты төлейтін қаржылық тұрақты кәсіпорындарға салады. Инвестициялық тартылымдығы болуы үшін, тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да кәсіпорынның қаржылық жағдайы көршісіне қарағанда жақсы болуы тиіс.

Жабдықтаушылар мен тұтынушылар сенімді және төлем қаблеттілігі жоғары кәсіпорындармен келісім - шартқа үлкен ықыласпен отырады. Тіпті қаржы органдары, әсіресе салық инспекциясы кәсіпорынның жағдайы тұрақты болғанын қалайды, себебі тек осындай кәсіпорын ғана салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді уақытылы және толық төле алады.

Осылайша, қаржылық жағдай кәсіпорынның бәсекелестік қаблетін және оның іскерлік қарым - қатынастағы потенциалын анықтайды, кәсіпорынның өзінің және оның серіктестерінің қаржылық қатынастар тұрғысындағы экономикалық қызығушылықтары дәрежеде кепілдендірілгенін бағалайды. Кәсіпорынның жағдайының объективті дұрыс бағасын алудың ең

жақсы тәсілі, бұл - талдау, ол кәсіпорынның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және осындай жолмен басқарушылық шешімдерді өндеумен кәсіпорнның өзінің өндірістік кәсіпкерлік қызметі арасында байланыстырушы қызметін атқарады.

Кәсіпорын осы мерзімге дейінгі уақытта қаржы ресурстарын қаншалықта дұрыс басқарды деген сұраққа жауап береді: кәсіпорын осы мерзімге дейінгі уақытта қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарды. Қаржы ресурстары жағдайының нарық талаптарын сай болуы және де кәсіпорынның дамуына байланысты қажеттіліктерге жауап бере алуы өте маңызды болып табылады, себебі қаржылық тұрақтылықтың жетіспеушілігі кәсіпорынның төлу қабілетінің жоқтығына және оның дамуына қажет қаражатының болмауына, ең көп болуы – дамуға кедергі жасап, басы артық қорлармен және резервтермен кәсіпорын шығындарын көбейтуіне әкеліп соқтыруына мүмкін.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады:

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;

- активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;

- айналым капиталының көлемін, оның өсуін (кеміун) және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;

- қаржы - есептік және несие ережесін сақтау;

- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерін қорылымын зерттеу;

- ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;

- баланстық өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;

- кәсіпорын табыстылығын бағалау;

- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сордай - ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;

- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін анықтау;

- кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау;

Қаржылық жағдайды талдау кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Және ол 3 сатыны қамтиды: жабдықтау, өндіріс және өткізу; бұлардың жиынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қызметті құрайды. Кәсіпорынның қаржылық қызметі - бұл оның осы қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамын өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде түсуі мен тиімді пайдаланылуына есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттарының

арасындағы арақатынастың рационалдылығына, сондай - ақ кәсіпорынның тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Кәсіпорын қызметінің қаржылық, өндірістік және коммерциялық жақтары арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Осылайша қаржылық қызметінің жетістігі. Көбінесе оның өндірістік - сату көрсеткіштерімен анықталады.

Бухгалтерлік баланс – кәсіпорынның жылдық есеп беруінің негізгі үлгісі. Баланс жасалғанға дейін барлық ведомостердегі сомалар қорытындыланып, Бас кітап толтырылады.

Есепті жылдың аяғында баланс баптарының мәліметтері белгіленген тәртіп бойынша жүргізілген түгендеу арқылы расталуға тиіс.

Пайдаланушылар үшін кәсіпорынның қаржы жағдайын белгілі бір мерзімге қарай жинақтап көрсетуді баланс деп атаймыз. Бұл анықтамада баланс; үлгі; пайдаланушылардың мүддесі; сыртқы сипаты; белгілі бір мерзімі; қаржы жағдайы; кәсіпорындар (ұйымдар) сияқты элементтер қатысады.

Үлгі - пайдаланушылардың талабына сай кәсіпорынның активті қаражаттары мен меншікті капитал және міндеттемелердің жағдайы мен бұлардың қозғалысын жинақтап көрсетуші қағаз. Баланстық үлгі қағаз қорытынды есеп жасау қажеттілігінен туындаған. Бұл үлгіге жазылған жазулар жекелеген көрсеткіштер (сызық жолдарға) баланстың белгілі баптары деп аталынады. Балансты тек үлгі қағаз ретінде ғана қарамай, мұның өзі кәсіпорынның шашыранды шаруашылық қызметін жинақтап көрсететін бухгалтерлік есеп объектілерінен туындайтын есеп жүйесінің маңызды категориясы екендігін білген жөн [2].

Пайдаланушылардың мүддесі - Баланс көрсеткіштеріндегі суммаларды оқып отырып, әрбір пайдаланушылар өз мақсатын шешуге ұмтылады. Бухгалтер баланстағы жекелеген баптарға жазылған суммалардың дұрыстығын тексереді. Бұдан баланстың теңдігі – активтер мен пассивтер суммаларының дәлдігі туындайды. Несиелендірушілер кәсіпорынның төлем өтеушілік қабілетін біліп отырғысы келеді. Сонымен қатар, кәсіпорын басшылары мен қожайындары таза пайда мен жұмыс істеуге ынталы болады. Яғни, есепті жыл ішіндегі кәсіпорынның қаржы қорытындысын шығару үшін капитал қозғалысы көрсеткіштері де бухгалтерлік баласта жазылуы керек [3].

Сыртқы сипаты. Баланс көрсеткіштерін тігінен және көлденеңінен оқып сипаттауға болады. Баланс мазмұнын тігінен қарағанда екі жақты кестеден, сол жағы актив, ал оң жағы пассив болып екіге бөлінеді: сыртқы пайдаланушылардың мүддесін қанағаттандыру мақсатымен активтерді қаражаттар, ал пассивтерді қаражат көздері деп атай келіп, капитал айналысының кезеңдеріне тікелей байланыста көрсеткіштерді оқуға болады.

Белгілі бір мерзім. Әдетте бухгалтерлік баланс айдың, тоқсанның және жылдың бір күніне жасалып, кәсіпорынның қаржылық қызметінің жағдайын көрсетеді. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы түскен пайданың мөлшерімен сипатталады. Сондықтан пайда айдың, тоқсанның, жылдың біріне ғана жаза салатын көрсеткіш емес, пайда өткен шақтағы атқарған кәсіпорынның қаржылық нәтижесін көрсететін ең негізгі нәтиже болып табылады.



Қаржы жағдайы. Кәсіпорынның қаржы жағдайы қойылған мақсаттарға қарай әр түрлі көздерден қалыптасады. Сондықтан баланстың әрбір баптары кәсіпорындардың қаржы шаруашылық қызметін бағалап талдау әдістерін қолданып мүкіндігі жасалған. Қаржы жағдайына байланысты төмендегідей ескертпелер жасалған жөн. Біріншіден, кәсіпорынның меншікті активтері әртүрлі ресурстармен қаражат көздерімен қалыптасатындықтан кәсіпорындардың ресурстары шын мәнінде көбейіп отыратын болса, онда бұл кәсіпорынның пайда мен жұмыс істегендігін көрсетеді. Үшіншіден, құнсыздануға (инфляцияға) байланысты кәсіпорынның активтері көбейіп кеткен жағдайда түскен пайда – таза пайдаға жатқызылмайды. Мұны шындыққа жанаспайтын пайда деп таныған жөн. Егер кәсіпорын ақысыз (құнын төлемей) қайтарылмайтын активтерді басқалардан алған жағдайда, онда мұндай суммалар пайда құрамына жазылмай тек қана баланстың көбеюін көрсетеді [4].

Кәсіпорындар деп – кез-келген шаруашылық қызмет атқарушы субъектілерді айтады. Кәсіпорындардың түпкі мақсаты пайда түсіріп, пайдамен жұмыс істеу болса, ұйымдар өздерінің қабылдаған жарғысына қарай пайда түсіруді мақсат тұтпауы мүмкін.

Ұйымдық құрылымына қарай және есеп саясатының құрылған талабына сай әрбір кәсіпорындармен ұйымдар өз ерекшеліктеріне тән бухгалтерлік есеп шоттарының тізімін жасап, осыған байланысты бухгалтерлік баланс жасауына мүмкіндік туғызылған.

Бухгалтерлік баланс түрлері. Жасалынатын мерзіміне қарай бухгалтерлік баланс үшке бөлінеді:

- 1) кіріспе баланс;
- 2) аралық баланс;
- 3) жойылуға байланысты баланс.

Кіріспе баланс.

Кәсіпорындармен фирмалар т.б. заңды тұлғалардың жарғысы тіркегеннен соң меншік иелерінің салған қаражатын басқада қаржы салымшыларының, несиелендірушілердің қаражаттарын кіріске алып, жарғылық қор мен активтерді қалыптастырудан басталады.

Аралық баланс. Белгілі бір тапсырмаға байланысты айға, күнге, тоқсанға қарай жасалынады. Мысалыға, капиталдың шеңберлі айналысы фазалаларына, активті қаражаттар қозғалысына талдау жасау және арнайы тапсырмаға байланысты кәсіпорын қызметіне толық тексеру жұмысын жүргізу үшін жасалынатын балансты аралық баланс деп атайды [4].

Жоюға байланысты баланс. Кәсіпорын банкротқа ұшырап өз қызметін тоқтатқан жағдайда арнайы комиссияның қатысуымен жою баланысы жасалынады. Жою балансы екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең кәсіпорынның жабуына байланысты жасалса, екінші кезеңде кәсіпорынның жойылғандығының қорытындысын бағалау үшін жасалынады.

Заңды тұлға танылған кәсіпорындардың барлығы да бухгалтерлік баланс жасауға міндетті. Егер заңды тұлғалар құрамына енген еншілес кәсіпорындар құрылған жағдайда, негізгі кәсіпорын басшыларының рұқсаты бойынша еншілес кәсіпорындар да баланс жасауына болады.

Екі жақты кестеден тұратын кәсіпорынның қаржы жағдайын белгілі бір мерзімге көрсететін мәліметтер жинағын баланс деп атаймыз. Бұл бастапқы анықтама. Кестенің тақырыбы ретінде кәсіпорынның аты, баланстың қай мерзімге жасалғандығы көрсетіледі. Кестенің сол жағы қаражаттар (активтер), ал оң жағы меншікті капитал және міндеттемелер деп аталатындығы жоғарыда айттық.

Кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуі үшін бұларға әртүрлі қажеттілігі бар ресурстар қажет. Ресурстар - ақша, жабдықтар, негізгі құралдар, т.б. арқылы қалыптасады. Бухгалтерлік есепте ресурстарды қаражаттар (активтер) деп атайды. Барлық ресурстар мен көздер ақшалай өлшемге айналдырылып, бухгалтерлік есеп баланысына түсіріледі. Баланс кәсіпорындар қаражаттарының көлемін белгілі бір мерзімге көрсетіп отырады. Қаражаттар кәсіпорындардың меншігіне жатады [5].

Капитал және міндеттемелер. Баланстың оң жағы кәсіпорындар қаражаттарының (активтерінің) құралуы мен қалыптасқан көздерін көрсетеді. Нарықтық экономиканың талабына сай және мемлекеттік кәсіпорындардың жекешеленуіне байланысты әрбір жаңадан құрылған кәсіпорындар ең әуелі меншік иесінің өз қаражатынан (бұларды меншікті капитал деп атаймыз) және қарыз берушілердің капиталынан (бұларды міндеттемелер деп атайды) басқа да қаражат көздерінен қалыптасады.

Кәсіпорындар қаражат көлемін қалыптастырудың басқа да көзіне қаржы салымшы инвесторлардың қосқан үлесі жатады. Капитал түрінде үлес қосушылардың немесе қаржы салымшылардың қаражатын акционерлік капитал деп атайды. Акционерлер өз қалауына қарай қарапайым немесе үстемділігі бар акциялар алуына құқылы.

Қорытындылай келе, капиталдың келесі бір маңызды көзі таза пайда болып табылады. Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарт жүйесінде кәсіпорынның өз меншігінде (иелігінде) қалған және қорытынды есепті жасау сәтінде жұмсалмаған табысты бөлінбеген пайда деп атайды.

Сонымен, баланстың оң жағында екі талапқа жауап беретін ақпараттар мен мәліметтер топтастырылады:

1) міндеттемелер деп аталынатын банктердің немесе несиелендірушілердің талабы;

2) капитал деп аталынатын қаржы салымшысы – инвесторлардың талабы. Яғни несиелендірушілер мен қаржы салымшы инвесторлардың кәсіпорынға берген ресурстарының көздері және несиелендірушілер мен инвесторлардың кәсіпорын қаражаттары (активтері) деңгейдегі талап етушілік құқы болып табылады. Немесе талап етушіліктің жалпы сомасы (міндеттемелер+капитал) кәсіпорын қаражаттарының (активтерінің) сомасынан артпауы керек. Міне осы ережеден соң біздер бухгалтерлік есептің балансын толық түсінуімізге болады.

#### ***Библиографиялық тізім***

1. Ткачук М.И., Киреева Е.Ф. Концептуальные основы финансового менеджмента. – М.: Проспект, 2011. – 480с.
2. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы. – Алматы: Экономика, 2015. – 288б.

3. Сәрсенбаев А. «Тұтыну тауарлары нарықтарындағы табыстық стратегия-лық факторлар», Қаржы-қаражат – Финансы Қазақстанның, 2016, №4.

4. Полякова Г.Б. Финансы, денежное обращение, кредит. –М.: Юнити, 2017.- 198с.

5. Қаржы-экономика сөздігі. - Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2017.

## **ENSURING THE SAFETY OF THE SOCIO-ECONOMIC SYSTEMS**

*Sukhorukov A.I.<sup>1</sup>, Tleukeyev Zh.A.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>prof., National Technical University of Ukraine  
"Kyiv Polytechnic Institute named I. Sikorsky"*

*<sup>2</sup>prof., South-Kazakhstan State University named after M.Auezov*

### **Аннотация**

*Рассмотрены проблемы гармонизации параметров развития и безопасности социально-экономических систем (СЭС). Выявлены особенности формирования социально-экономических стратегий в условиях глобализации, международной интеграции, потенциальной конвергенции и угроз трансграничных кризисов. Обоснована необходимость обеспечения коэволюционного баланса параметров СЭС. Проведен анализ недостатков стратегического управления в новых независимых странах и определены стратегические приоритеты их развития. В частности, обоснованы такие приоритеты, как воссоздание корпоративных и кооперативных рамок индустрии; формирование межрегиональных кластеров; использование синергетических подходов для получения мультипликативного эффекта; осуществление территориального планирования (зонирования) с целью рационального использования территорий и их устойчивого развития. Рекомендации по обеспечению проверки результатов реализации стратегии; Предлагается использование в процессе принятия стратегических управленческих решений механизмов на основе консенсуса, партиципации и социального партнерства.*

### **Introduction**

Addressing current problems can not be exercised to the detriment of long-term development of SES. For economic development investments should be at 25% relative to gross domestic product. In a stable economy, limiting the investment security may be less, but in a situation where the economy needs a massive upgrade of technology, this value should be as low as 30% [1]. Assessing the need for investment in the economy, experts of transition countries often focus attention only on foreign investments, ignoring the possibility of raising its own investment resources. For the correct calculation of investment necessary a strategy for the country's development with a focus on the national interest and appropriate point of application investments. The state must guarantee the freedom of entrepreneurship, protection of raiding, the conditions of effective use of investments.

The innovative development of the economy is possible only when the residents feel the improvement of the investment climate and will submit an appropriate signal to foreign investors. Modern technological progress is a very capital-intensive and require a significant expansion of credit. At the same time, the IMF (international monetary Fund) recommends that the new independent countries to pursue a policy of inflation targeting by reducing the using of its own financial resources and attract loans from the IMF and other international financial institutions. In this regard, the problem of ensuring the financial security of the recipient countries of such loans comes to the fore.

### **Methodology of research**

An urgent task is the coordination of the development priorities and security in the socio-economic strategies. Strategy can be regarded as a descriptive model, where the objective function reflects the function of the system development, and there are also restrictions in the form of resources, security settings and environment parameters. Objective function in the model of sustainable development is to improve the welfare of the nation. In the context of globalization a national strategy should consider the potential for economic convergence of different countries and threats to transboundary crises.

The objectives of this study is to study the role of strategic management in ensuring the economic security of the state; clarification of the terminology and objectives of the strategy; identification of gaps in the strategic management in transitive States; the definition of approaches to formation of sustainable development strategies.

Globalization generates positive and negative synergistic effects [2]. Cross-border transmission of the crisis could exacerbate disparities among countries [3]. These circumstances must be taken into account when forming a strategy for sustainable development. According to the definition of the International Commission on environment and development UN "sustainable development" means development that meets the needs of the present does not compromise the ability of future generations to meet their own needs " [4]. Stability in this case should be understood as a property of a system to adapt to changing conditions on the basis of self-regulation [5]. Privatization as a way of "shock therapy" does not automatically ensure economic development. The real basis of sustainable development is: enterprise activity [6], innovation [7], the network cluster structures [8].

The concept of sustainable development involves ensuring security through development. A mismatch between development and security creates obstacles to the rapprochement of levels of development of countries in the global economic space. Safety of socio-economic system can be provided due to the flexible system structure. On the principle of "hierarchy of complex systems [9] the subsystem of national security should perform the function of neutralizing the threats to socio-economic development and the environment.

Formation of strategy of development of SES in connection with a high level of complexity requires advanced modeling. Simulation allows to study the characteristics of SES and to choose adequate control methods. Optimization methods are effective in solving technical problems, but these methods cannot be as effectively applied when solving economic problems. In complex economic systems

often occurs a dynamic change in the data, which reduces the reliability of the results of optimization problems.

A complex hierarchical system of organizational types (for Bertalanfi) can be represented in the form of a simulation model graphically. The subsystem of national security and a set of functional subsystems presented in the form of graph vertices. Flows of products in monetary terms are represented as arcs. The set of arcs of the graph as a whole represents a market of goods and services, which is under the control of the management subsystem.

In modern conditions it is necessary to consider the principle of the globalization of security systems. The transition to sustainable development is possible only on a global scale, when agreed modes of all objects and subjects of security. Measures to ensure security should not conflict with global imperatives of sustainable development.

### **Statement of the main material, the results and discussion**

The crisis in the countries with economies in transition actualizes the study of the problem of forming the strategy of sustainable development. The author of the classic definition of strategy [10] defines a strategy as a sequence of steps that lead to ambitious goal. The concept of "economic strategy" is also interpreted as a method of establishing long-term goals (A. Chandler, M. Albert, F. Hedouri, M. Falmer) or a way to respond to opportunities and threats through the creation of competitive advantages (M. Porter, Charles McMillan, Mr. Hamel). Some experts believe that the strategy starts when there is a choice to optimize the transition to the future and to shorten the path to achieving the goals [11]. The results of the strategy are not strictly fixed, they are located in a certain area with specified limits of size and time [12].

In the process of strategic management should be taken into account: the relationship between development and security; the possibility of accelerating the implementation of the tasks of modernization; the synergistic potential of cross-sectoral, interregional and international cooperation. Sustainable development strategies should be balanced in resources and time. Lack of strategy leads to the fact that there is an imitation of changes and check of the actions of the Executive branch becomes impossible.

Transitive states still rely on resource advantages, while developed countries are actively using competitive advantage based on innovation factors. A significant convergence of the macroeconomic performance of countries with different levels of development not yet observed. Disadvantages of strategic management in transition countries are obvious. The development of strategies, typically performed by the same performers, in spite of the disappointing results of the implementation of previous strategies. Not used the competitive principle of selection of authors. This is reflected in the practice of strategic management and leads to the abuse of "shock therapy", which J. Stiglitz called extremism [13].

Everywhere violated safety requirements of the external debt. Excessive pressure on the budgets of the newly Independent States occurs when the level of external debt relative to GDP is 30% [14]. However, this threshold is set at 60% and the actual figure is at a higher level.

The cause of the rupture of cooperation ties between the regions is the destruction of cooperative ties between enterprises of the industry and the loss of

transit potential. In the strategic planning process is not used the principle of formation of several options strategies. This limits the maneuvering of resources.

When the experts develop a strategy, they often rely on government directives. They ignore the objective trend of decreasing values of the extractive industries and of increasing the role of innovation, do not take into account the phenomenon of cross-border transmission of the crisis. Political idealization of the certain vectors of cooperation does not allow to correctly predict the situation. At the same time, experience shows that political interests are always less reliable than economic interests. In countries with economies in transition operating under conditions of radical liberalization of foreign trade, domestic producers become less competitive than large foreign corporations. Rapid liberalization of the monetary and financial sector creates the preconditions for the transfer of capital from the real sector into the financial sector.

### **Conclusions and recommendations for the practical application of research results**

Based on the results of the analysis of the shortcomings of strategic research we can formulate the following recommendations.

An objective approach to the development of a strategy provided by a group of independent experts. The group should be small and flexible. Team "brain trust" of F.D. Roosevelt consisted of five members, other experts worked on a temporary basis. If the choice of experts is carried out on a competitive basis, it gives the opportunity to make a preliminary assessment of the novelty of ideas to ensure the optimum team to develop the most effective strategy.

An important principle is the use of a systematic approach to the choice of methods and means for the formation of development strategies. This confirms the remark. N. D. Kondratieff that "historical laws of social science are changing with the changes in society" [15]. Now scientists are studying the problems of civilization, feel the need of returning to the ideas of Sorokin, who proposed a theory of integralism, based on pluralism of interests and the cooperation of all sectors of society [16]. The solution to the problem of decentralization of management and environmental protection requires the revival and development of the scientific school of V. I. Vernadsky.

Strategic management should be based on the principle of gradualism, that is, to provide a sequence of steps, in contrast to the "shock therapy". The concept of gradualism [17] provides a consistent implementation of reforms. At the same time, the state should mitigate economic and social impacts of these reforms. Gradualism, for example, can be realized through the implementation of a consistent plan of capitalization of the national economy. [18].

Implementation of the strategy should be monitored to check the effectiveness of the solutions. The results of monitoring the implementation of the strategy (charts, assessment of economic convergence, etc.) should immediately be sent to the control center [19]. This allows you to establish a process of updating the strategy to adjust the parameters of the socio-economic development of the country. To control the strategy process, you need to plan intermediate and final goals.

The main conceptual idea of modern strategy at the national and regional levels is the idea of sustainable development. The objective function of this strategy

is formulated as the improvement of living standards of the population. The actions of public authorities must be consistent with that goal. Should be set the initial level of social standards, which are not must to degrade.

One of the principles of successful strategic management is the decision-making by consensus. Guided by this principle, the European Union is planning measures to overcome new threats to the EU. Strategy at the national and regional level should include mechanisms of social partnership and consolidation of interests of various strata of society.

The use of synergistic mechanisms for achieving the ambitious objectives of the strategy becomes one of the basic principles of strategic management. A synergistic effect arises from the implementation of the intersectoral, interregional and international cooperation. The synergistic nature of globalization of the economy is achieved by "enterprises the most important sectors of national economies into a single system that operates in real-time" [20, 21]. At the same time, narrowing the structure of the economy and the decrease in the share of processing industries reduces opportunities for economic development of transitive countries.

It is important in a strategic sense to use the principle of mutual development of national economies in a single space international and regional organizations. The "Asian tigers", for example, to build its development on the use of factors that reinforce each other (economies of scale, technical progress). Countries with a weak economy can raise the technological level due to the successive transition from one product to another, with greater added value. Thus, they are constantly improving production technology. The leader, in this case Japan, provides an innovative breakthrough, opening new possibilities for neighbouring countries. Over time, they will be able to take advantage of the advances in technology and the development of innovative production. This strengthens the economic power of the region as a whole. Countries that United around the leader, expect from the leader in the constant improvement of technology. Without such cooperation, it is impossible to ensure the convergence of countries with different level of development.

From a strategic point of view, to maintain a stable level of well-being, need constant introduction of radical innovations. Radical innovation should have a high interdisciplinary and cross-disciplinary potential, to ensure use of the most modern knowledge and research results. According to Reinert, E. radical innovations are born in the breakthrough sectors, therefore, these industries need to be in each country. Only the strategy based on the introduction of radical innovations can ensure the safety of national economic development.

At the national strategy should be provided measures of economic security . G. Myrdal argues that the only symmetric relationship free trade between the countries, which are at a similar level of development, increases the level of protection of the national economies and ensure social welfare of each. Asymmetrical relationship in trade, on the contrary, provoke increased differentiation between countries [22].

Finally, only the shared responsibility of all branches of government can ensure the success of the strategy. A strong and accountable government is key to the formation and implementation of the bold strategies. The experience of the "Asian tigers" shows that in the industrial development of those countries the important role

played strong power, able to organize innovative development and to take responsibility for the future of the country.

Strategic planning in the region has features that reflect specifics of economic, social and environmental situation. The development of a regional strategy includes the following stages: agreeing objectives; socio-economic and environmental studies; SWOT analysis; competitive advantages; development of strategy and programs of its implementation; verification of the results and updating the content of the strategy. The main purpose of socio-economic development of the region is to improve the welfare and quality of life. Under certain conditions, conflict can arise between the development of certain spheres of activity. Therefore, the strategy provides for an appropriate system of priorities and indicators for monitoring implementation of the strategy.

The presence of the regional development strategy promotes the creation of a favorable business climate, investors can coordinate their actions with the priorities of the region and to certain preferences, to use a common infrastructure to participate in the activities of regional and interregional clusters. Spatial planning и zoning ensures the rational use of the territory, balanced socio-economic development.

The presence of the regional strategy of socio-economic development is the basis for the justify the need for financial resources allocated from the Central budget, such as the implementation of targeted programs, targeted investment projects in the program of development of special economic zones.

The effectiveness of regional economy modernization is ensured through: the creation of an institutional environment conducive to business development; of concentration of efforts on the development of infrastructure, conducive to maximize effective the use of regional advantages. The innovative strategy allows to fully develop the creative potential of the regions and to ensure the effective development of their territories, as well as the strategic goals of development of the country as a whole, while maintaining its integrity and to guarantee the provision of social and environmental security.

### *Literature*

1. Investuvannya ukrayins'koyi ekonomiky: Monohrafiya / Za red. A.I.Sukhorukova. – K.: Natsional'nyy instytut problem mizhnarodnoyi bezpeky, 2005. – S. 176.

2. Ursul A.D., Romanovich A.L. Globalizatsiya, ustoychivoe razvitie i bezopasnost: sistemno-sinergeticheskiy pohod [Elektronniy resurs] – Rezhim dostupu: <http://spkurdyumov.ru/globalization/globalizaciya-ustojchivoe-razvitie-i-bezopasnost>

3. Suhorukov A.I. Transfer krizisa i perspektivy razvitiya natsionalnoy ekonomiki v usloviyah globalizatsii v kn: Ekonomicheskaya bezopasnost: novaya paradigma formirovaniya i obespecheniya //pod red. E.M. Soroko, I.A. Belousovoy, T.I. Egorovoy-Gudkovoy. - Odessa, Institut kreativnyih tehnologiy, 2011. – s.175-198

4. Evteev S.A. Nashe obschee budushee: Doklad Mezhdunarodnoy komissii po okruzhayushey srede i razvitiyu (MKOSR): Per. s angl./Pod red. i s poslesl. S.A. Evteeva i R.A. Pereleta — M.:Progress, 1989.



5. Knyazeva E.P. Zakonyi evolyutsii i samoorganizatsii slozhnykh sistem / E.P. Knyazeva, S.P. Kurdyumov. – M.: Nauka, 1994. – 238 s.
6. Raytner E. Kak bogatyie strany stali bogatyimi, i pochemu bednyie ostayutsya bednyimi / Per. s angl. N. Avtonomovoy, pod red. V. Avtonomova; Gos. un-t. — Vysshaya shkola ekonomiki. — M., 2011. — 384 s.
7. Shumpeter Y. A. Teoriya ekonomichnogo rozvytku. Doslidzhennya prybutkiv, kapitalu, kredytu, vidsotkiv ta ekonomichnogo tsykladu /Per. s angl. V. Starka. - K: Vydavnychyy dim «Kyievo-Mohilyans'ka akademi, 2011. – 242 s.
8. Porter M. E. Konkurentsia: Per. s angl. – M.: Izdatelskiy dom «Vilyams», 2006. – S. 203-434.
9. Bertalanfi L. Obschaya teoriya sistem: kriticheskiy obzor. V sbornike perevodov Issledovaniya po obschey teorii sistem. M.: – Progress, 1969. – 520 s. (s. 23–82).
10. Klauzevits K. O voyne / Karl Klauzevits; [per. s nem.].- M.: Eksmo; SPb.: Midgard 2007. – S. 155-215.
11. Chugreev V. Vvedenie v printsipy strategii [Elektronniy resurs] – Rezhim dostupu: <http://strateg.org/vvedenie-v-principy-strategii.html>
12. Kuzyik B.N., Yakovets Yu.V. Rossiya-2050: strategiya innovatsionnogo proryva. - M.: Ekonomika -2005. - 624s.
13. Stiglits Dzh. Globalizatsiya: trevozhnyie tendentsii / Per. s angl. G. G. Pirogova. M.: Natsionalniy obschestvenno-nauchniy fond, 2003. 304 s.
14. Sistema ekonomichnoyi bezpeky derzhavy / Pid zah. red. Sukhorukova A.I. / Natsional'nyy instytut problem mizhnarodnoyi bezpeky pry RNBO Ukrayiny. – K.: VD «Stylos», 2009. – S. 194-204.
15. Kondratev N.D. Osnovnyie problemy ekonomicheskoy statiki i dinamiki. Predvaritelnyy eskiz. M.: Nauka, 1991 . – S. 220-241.
16. Yakovets Yu.V. Epohalnyie innovatsii HHI veka / Yu.V. Yakovets; Mezhdunar. In-t P. Sorokina – N.Kondrateva. – M.:ZAO «Izdatelstvo «Ekonomika», 2004. – S. 318-333.
17. Polterovich V.M. Transplantatsiya ekonomicheskikh isntitutov / Ekonomicheskaya nauka sovremennoy Rossii, # 3, 2001. - S. 24-50.
18. Investuvannya ukraïnskoï": Monograph / ed.. A. I. Sukhorukova. – K.: National Institute of problems mineralno BEZPEKA, 2005. – S. 22-43
19. Saks Dzh., Vornier E. Ekonomicheskaya konvergentsiya i ekonomicheskaya politika // Voprosy ekonomiki, 1995, №5. – S. 13-38.
20. Kastels M. Informatsionnaya epoha: ekonomika, obschestvo i kultura / M. Kastels. — M. : GUVShE, 2000.
21. Raytner E. Kak bogatyie strany stali bogatyimi, i pochemu bednyie ostayutsya bednyimi / Per. s angl. N. Avtonomovoy, pod red. V. Avtonomova; Gos. un-t. — Vysshaya shkola ekonomiki. — M., 2011. — 384 s.
22. Karlson A. Shvedskiy eksperiment v demograficheskoy politike: Gunnar i Alva Myurdali i mezhvoennyiy krizis narodonaseleniya / A. Karlson — M.: Myisl, 2009. — 312 s.

## ТУРИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

*Ертаев Е.Ж., Абдикаликов О., Усанова А.  
Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*Дамыған ортада өмір сүретін адамдардың биологиялық қажеттіліктерінен басқа тағы да қажеттіліктер бар екендігі белгілі. Солардың бірі - саяхаттау. Туристік өнім (қызмет) туристердің сұраныстарын қанағаттандыруы қажет. Бұл жерде туристік ресурстар мен өндірістің дамуын ортаға шығарады. Туризм экономикасын мемлекет экономикасының бір бөлігі ретінде тануға болады. Туристік өнім өндіру және де тұтыну процесі кезінде ортаға шығатын экономикалық қатынастар туризм экономикасын ортаға шығарады.*

Туризм мемлекеттің жалпы ұлттық өнімінің (ЖҰӨ) құрылуына қосқан үлесі, жұмыссыздықтың азаюына және де валюталық төлемдердің теңестірілуі, туризмнің басқа өндірісті дамыту жоспарларында ескерілуіне себеп болады. Туризм саласын ұзақ уақытқа жоспарлау өте қиын. Бірақ оны әр түрлі экономикалық өзгеріске ыңғайлы етіп ұйымдастыруға болады. Бұл жағдайда туризм мемлекеттің экономикалық процессінде негізгі фактор болады.

Туризмнің экономикалық активтілігі басқа салалардың дамуымен тікелей байланысты. Бірақ бұл туризмнің өзі-өзімен дами алатынын білдірмейді. Туризм тек экономикалық проблемалардың бір бөлігін ғана шеше алады. (бюджет дефицитін азайту, жаңа жұмыс орындары). Туризмді дамыту үшін әлеуметтік тұрақтылық қажет. Бұл тұрақтылық бүкіл экономикамен байланысты. Осы жағдайда біз туризмнің тез көтерілу нәтижесін көре аламыз. Туризм барысында белгілі бір жерде жаратқан қаржы, осы ауданның экономикасына көмектеседі. Туристің ақша жаратқан жеріндегі үлкен өзгеріс, бұл аймақтың экономикасы мен өміріне сапалы түрде өзгеріс енгізеді. Адамдар көлік бизнесінде, қонақ үй, экскурсия, туристер сатып алатын тауар өндірісіне және де басқа да қызмет салаларында (медицина, мәдениет) жұмыс істей бастайды. Тағы да туризмнен түскен салықтың бір бөлігі осы салаға қайта құйылады.

Туризм:

- а) жаңа жұмыс орындарын ашады;
- б) валюта ағымын арттырады;
- в) көп адамдардың өзіндік жинақтарын (табыс) арттырады;
- г) жалпы ұлттық өнімді (ЖҰӨ) арттырады;
- д) туристік өнімдер ағымын қамтамасыз ететін және де нарықты жақсартатын инфрақұрылымдарға қажеттілігі бар;
- е) егер негізгі сала болса, экономикалық жағдайды жақсартады;
- ж) жастар және де қоғам білім саласын жаңартуға көмек көрсетеді;
- з) жақсы демалыс кештердің құрылуына септігін тигізеді. Бұл демалыс құрылысы туристерге қызмет берген сияқты жергілікті тұрғындарға да қызмет көрсетеді;
- к) ұлттық экономикаға инвестиция тартады.

Туризм (француз *Tourisme – Tour-serуен*) - әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Ол адамзат қоғамының жетіліп дамыған кезінде пайда болды. Экономиканың дамуы нәтижесінде адамдарда саяхатқа деген қажеттілік туындады. Бұл қажеттілік – тауардың ерекше түрін туризмді қалыптастырды және оны тұтынушылық нарықта сатуға, сатып алуға болады. Туризмнің тауар ретінде қалыптасуы тиісті материалды-техникалық базаның, туристерге қызмет көрсететін мамандарды және туристік шаруашылық субъектілерді мақсатты басқаруды қажет етті. Жоғарыда аталған шарттар туризмді халық шаруашылығының жеке бір саласы ретінде қалыптастырды.

Туристерге қызмет көрсететін өндірушілер «ТУРИЗМ» саласына біріктірілді. Туризм адам өміріндегі бірінші кезектегі қажетті тауарға жатпайды. Сондықтан, оған деген адам қажеттілігі оның жеке табысының және қоғамның байлығының белгілі бір деңгейінде ғана пайда болады. Туризм анықтамасы көп түрлі сипатқа ие болғандықтан оны дәл анықтау мүмкін емес. Туризмге алғашқылардың бірі болып анағұрлым дұрыс анықтама берген Берн Университетінің профессоры Гунзикер және Крапф болатын. Олардың анықтамасы бойынша туризм – қандай да бір пайда алуды көздемейтін адамдардың саяхаты. Бұл анықтама – экскурсанттарды пайда алуға бағытталған іскерлік саяхаттарды қамтымайды. Айта кететін жайт, іскерлік мақсаттағы саяхат пен серуен мақсатындағы саяхатты ажырату өте қиын. Себебі, көп жағдайда олар осы екеуінің комбинациясы ретінде кездеседі. Қазіргі заманғы туризмнің негізгі концепциясы – кеңейіп түрлі іскерлік саяхаттарды қамтиды. Туризмнің дәл анықтамасы 5 негізгі экономикалық сипаттамаларға негізделуі тиіс:

- 1) туризм – бұл адамдардың түрлі туристік маршруттар бойынша қозғалысының нәтижесі;
- 2) туризм әр уақытта да өзінде екі элементті қамтиды: бекітілген пунктке саяхат және сонда тұрақтау;
- 3) саяхат (серуен) – сол адамның тұрғылықты елінен (немесе аймақтан) тысқары кетуі;
- 4) туризм – бұл туристі туристік маршрут бойынша уақытша серуендету, яғни белгілі бір уақыттан кейін турист өзінің тұрғылықты жеріне қайтады;
- 5) туризм – бұл пайда алуды көздемейтін саяхат.

БҰҰ бекіткен туризмнің қазіргі заманғы анықтамасы бойынша туризм – бұл адамдардың денсаулығына, оның физикалық дамуына әсер ететін және тұрғылықты жерден тыс жерлерге саяхаттайтын белсенді демалыс.

Туризм – тауар ретінде қызмет көрсету формасында жүзеге асады. Туристік қызметтердің тұтынушылары болып – туристер мен экскурсанттар табылады. Туристік қызметтер өндірісінде материалдық және материалдық емес қызметтерді бөліп қарастыруға болады. Материалдық қызметтерге адамдарды және жүктерді тасымалдау, банктік және сауда операциялары, тұрмысты-коммуналдық қызметтер, қоғамдық тамақтану және көлік қызметтері жатады. Материалдық емес қызметтерге (әлеуметтік мәдени) – денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған қызметтер, тұлғаның физикалық және рухани дамуына

бағытталған қызметтер, мәдениет, медицина, білім және тағы басқа қызметтер жатады.

Туризмді елге импорттауға және елден экспорттауға болады.

Туристік импорт – бұл ақша ағымдарының шетелге кетуімен сипатталатын, елге туристік көңіл-күйлердің келуі.

Туристік экспорт – бұл ақша ағымдарының елге келуімен сипатталатын туристік көңіл-күйлерді білдіреді.

Туристік көңіл-күй дегеніміз – туристің туристік өнімді тұтынудың нәтижесінде алған оң эмоциялық және рухани жағдайы.

Туристік қызметтердің экспорты кезінде ең алдымен «көңіл-күйлердің» шетелге шығуы орын алады. Саяхаттап жүрген шетел туристері еліне қайтқан кезде жұмсаған ақшалай шығындарына сай еш нәрсе алып кете алмайды. Бірақ, олар өздерімен бірге осы елден алған көңіл-күйлерді алып кетеді. Туристің қызметтері үшін төлеген төлемдері, яғни ақша ағымдары туристерді қабылдаған елге (мысалы: ҚАЗАҚСТАН) келеді. Бұл туризм экспортын білдіреді. Туристік экспорт кезінде ақша ағымдары туристер ағымымен бір бағытта.

Туристік шаруашылық субъектілердің барлық іс-әрекеттері туристерге түрлі қызметтер көрсетумен байланысты. Туристер шаруашылық субъектілер қызметтерді өндірушілер мен тұтынушылар болып табылады.

Туристік шаруашылық субъектілер 3 қызметті атқарады:

- туристік өнімдер өндірісі;
- туристік өнімді өткізу;
- туристік қызметтерді ұйымдастыру;

Осы аталған 3 қызмет барлық туристік шаруашылық субъектілерде бірыңғай «Туризм» саласына біріктіреді. Қазіргі уақытқа дейін халық шаруашылығы салалары классификациясында туризм саласының нақты өндірістік және әлеуметтік-экономикалық статусы жоқ. Бұл нарықтық экономика шарттарында қоғамдық өндірістің салалық принциптегі классификациялық сызбасының қазіргі заман талаптарына сай еместігінің нәтижесі.

Ғылым мен техниканың дамуы және нарықтық экономика туризмге басқаша қарауды талап етіп отыр. Халық шаруашылық кешенінің салалық құрамында туризмнің орнын келесі тұрғыдан бағалау қажет.

*Туризм* – бұл әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның диверсификацияланған, салаларының кешені. Туризм әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның диверсификацияланған, салаларының кешені ретіндегі ерекшелігінің негізі – елдің экономикасына туризмнің 2 жақты ықпал етуі.

Туризм жаңа материалдық құндылықтар жасайды, оларды қызмет көрсету ретінде жүзеге асырады және сондай-ақ, материалдық емес қызметтер өндірісін ұйымдастырады. Сондықтан, туризм өндірістік және өндірістік емес қызметтер атқарады. Туризм саласында болатын шаруашылық процестер - өндірістік қызмет көрсетуші процестерге жатады. Туризм әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның диверсификацияланған, салалық кешені арқылы туристік индустрияны көрсетеді.

Туристік индустрия – бұл қонақ үйлер және басқа орналастырулар, көлік-құралдары, қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, ойын-сауық орындары,

танымдық, іскерлік, сауықтыру, спорттық және тағы басқа мақсаттағы объектілер, туроператорлық және турагенттік іс-әрекеттерді жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ серуен қызметтерін және гид-аудармашылар қызметтерін көрсететін мекеме елер жиыны.

Туризмнің экономикалық тиімді қызмет етуі көп жағдайда оның формаларының түрлерімен анықталады. Туризм формаларының түрлері деп – анықталған нақты мақсаттарға байланысты бірыңғай белгілері боцынша топтарға бөлуді айтамыз. Туризмнің өндірістік қызмет көрсетушілік процесінде келесілерді бөліп қарастыруға болады:

- туризм формалары
- туризм түрлері
- туризм формаларының түрлері

Туризм формалары – туристің өз елінің мемлекеттік шекарасын өтумен байланысты, яғни мұнда туризмді формаға бөлудің негізінде мемлекеттік белгі жатыр

### ***Әдебиеттер тізімі***

1. Қалқабаев А. «Қазақстан туризмінің инфрақұрылымы жәнеде оның даму болашағы»: Оқу құралы. Шымкент, 2009ж – 92 бет.
2. Алиева Ж. Н. «Туризмология негіздері» Алматы: 2007ж
3. Балабанов И. Экономика туризма. «Финансы и статистика» Москва 1999г
4. Темный Ю. Введение в экономику туризма. Москва 2006г
5. Сенин В. Организация международного туризма. Москва 2006г
6. Харрис Г. Стимул международного туризма в XXI веке. Москва 2006г
7. Вукалов В.Н. Основы техники и тактики активных видов туризма. Алматы 1996г
8. Гуляев В. Организация туристической деятельности. уч. пособие. Москва 1996г

## **КӘСІПКЕРЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАЙМ-МЕНЕДЖМЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАСҚАРУ**

*Абидинова Ж.Т.*

*Абдуллаева Н.*

*Ғылыми жетекшісі – Купешев Ш.К., э.ғ.д., профессор  
Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Жасаушы мен менеджердің жұмыс кестесі әр түрлі болғанымен, өнімділік (productivity) – екеуіне де ортақ мәселе. Питер Друкердің айтуынша, тайм менеджментті жасап жатқанда келешек қадамдарды алдын ала есептемеу керек. Менеджер тындырымды, жасаушы креативті боламын десе, әуелі, еншілі уақытының қалай жұмсалып келгенін тексерсін. Егер толымды уәжі болмаса, маңызы төмен шаруаның бәрін ысырып тастап, қиынды-жиынды минуттарды мәйекті істерге арнасын. Және осындай тексерісті мейлінше жиі жасасын.*

Басқару қаржылық, шикізат және басқа да материалдық ресурстарға негізделе отырып, әлеуметтік қызметтің арнайы түрінде үш негізгі құраушы бөліктерді немесе үш саланы қамтиды:

- жоспарлау, яғни өндіріс пен кез-келеген басқа ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- адам қызметтерінің бірізділігі мен реттілігін ұйымдастыру;
- персоналды басқару.

Бұл құрамдық бөліктердің соңғысы – персоналды басқарудың - кез-келген кәсіпорын қызметінің жетістігі үшін кілттік мағынасы бар. Жетекшілер орташа есеппен алғанда, қызметкерлерді – персоналды немес кадрларды басқаруға өзінің жұмыс уақытының 80%-ын жұмсайды.

Жоспарлау – адам қызметінің ажырамас белгісі [1]. Карл Маркс пен Фридрих Энгельс былай деп жазған болатын: «...ең нашар деген сәулетшінің (архитектурдың) бал арасынан айырмашылығы сонда, ол балауыздан ұя салар алдында, оны әуелі басында ойластырып алады. Өзінің еңбек әрекетін жоспарлау арқылы жұмысты белгілі бір жүйеге келтіріп, ең басты кезек күттірмейтін мәселелерді шешуге жұмылдырады». Жұмыс күні тәртібінің негізгі міндеттері: бір жұмыс күніндегі, айдағы, ай ішіндегі басшылар мен мамандардың жұмысын ретке келтіру, басқару аппараттарының жалпы үйлесімділігі мен ұйғарымдылығын белгілеу, кәсіпорын жұмысының ұйғарымдылығы мен ырғақтылығына қол жеткізу мақсатында өндірісті басқарудың оперативтілігін арттыру. Негізгі күн тәртібі кәсіпорын басшысының жұмыс графигі болып саналады. Бұл құжатта өндіріс объектілерін аралау, қол астындағылармен кездесу, күнделікті және болашақ мәселелерді шешу, қоғамдық тапсырманы орындау, басқа ұйымдарға бару, әр түрлі мәжілістерге қатысу жоспарланады. Орынбасарларының бас мамандардың күн тәртібімен танысады. Жұмыс күнінің регламенті ауыл шаруашылығы өндірісіндегі маусымдылық ескеріле отырып жасалады. Қажет болған жағдайда жылдың қауырт науқанды кезеңдеріне арнап жеке жұмыс күнінің тәртібі белгіленеді. Уақыт тапшылығын азайту, өзінің мақсаткерлігінді, ұйымдастырушылығынды арттыру үшін неміс маманы Л. З. Зайверт өзіндік менеджментті ұсынады. Өзіндік менеджменттің басты міндеті - өз мүмкіндігінді барынша пайдалану, тіршілігінің бағыт – бағдарын саналы түрде меңгеру, сыртқы жағдайды меңгеру, оның өзі кәсіптік және өмірлік мақсаттарына жетуге, уақытты үнемдей отырып, жұмысты тиянақты орындауға, еңбекті жақсы ұйымдастыруға, әрі асығыстыққа, әбігершілікке салынбай – ақ жоғары нәтижеге жетуге ықпал етеді. Жұмысты – уақытты пайдалануды талдаудан бастайды, ол үшін өзің басшы ретінде қатысатын барлық жұмыс түрлерінің тізімі жасалып, оның деректерін кестеге түсіреді.

Уақытты тиімді пайдалану тарабында жазылған, жазылып жатқан әдебиет қисапсыз көп. Рас, баста жұпыны нұсқаулықтың өзі елесті арманға жетелейтін құтты құбыланама есепті ұшырайды.

Жасаушы мен менеджердің жұмыс кестесі әр түрлі болғанымен, өнімділік (productivity) – екеуіне де ортақ мәселе. Питер Друкердің айтуынша, тайм менеджментті жасап жатқанда келешек қадамдарды алдын ала есептемеу

керек. Менеджер тындырымды, жасаушы креативті боламын десе, әуелі, еншілі уақытының қалай жұмсалып келгенін тексерсін. Егер толымды уәжі болмаса, маңызы төмен шаруаның бәрін ысырып тастап, қиынды-жиынды минуттарды мәйекті істерге арнасын. Және осындай тексерісті мейлінше жиі жасасын. Мәселен, Друкердің пікірінше, жиналыстың мәні зор болған себепті 15 минут аздық етеді. Күн тәртібіндегі мәселелер кеңінен қамтылмайды, тереңінен тексерілмейді, үстірт айтылып, қарадүрсін талқыланады. Ат үсті өткен жиналыс ертең келеңсіз жайттарға жетелеуі әбден мүмкін. Сол себепті оны приоритетті шаруаның қатарына қосып, уақытты молынан бөлу керек. Түйіп айтқанда, Друкер сызған тайм менеджмент мынадай үш сатыдан тұрады: Бірінші, уақыттың жұмсалуды бақылап отыру, екінші, қажетсіз істерден (time-wasters) тезінен құтылу және соңғысы, бос қалған минуттар мен сағаттарды маңызды саналатын жұмыстарға бағыштау.

Друкердің сөзін дұрысқа шығарып жүрген тындырымды кәсіпкерлердің қатарында – Илон Маск бар. Екі бірдей компанияны (SpaceX, Tesla Motors) басқаратын ол приоритетті мәселелермен ғана айналысуды үйренген. Асығып, аптықпай, бірқалыпты жылжитыны, сенбі-жексенбі күндерін бала-шағасымен өткізетіні содан. Қызығы, Илон Маск тайм менеджмент туралы арнаулы кітап оқымаған. Атаулы салада жылдар бойы қордаланған ресурстан мүлдем бейхабар. Оның пайымында, тайм-менеджмент деген – міндетті жұмысты абыроймен атқару және өнімділікті арттыра беру. Басқаша айтсақ, алуан түрлі істерді үдесінен шыға орындаудан гөрі, аса маңызды бір-екі шаруаға көңіл бөліп, оларды мейлінше тез, мүмкіндігінше сапалы бітіруге тырысу. Масктің тағы бір тәсілі – отыра қап эмейл жазу. Жиналыстардан мойны босаса болды, әр түрлі тапсырмаларды электронды қалыпқа түсіріп, алыс, жақын жұртқа жөппелдеме жөнелте бастайды. Үлкенді-кішілі қызметкерлерді ұзын арқан, кең тұсауда ұстаудың ұтымды жолы дерсіз.

Facebook қожайыны Марк Цукерберг те уақытты үнемдеудің өзіндік жолын тапқан. Мәселен, үйде де, түзде де, жазда да, қыста да бір киіммен (сұр тишерт) жүретін әдеті бар. Бұл тарапта тіпті ойланғысы да келмейді деген сөз. Таңдап, талғап жатса, алтын минуттары зая кетпек. Киімде ғана емес, басқа мәселелерде де мейлінше қарапайым болуға тырысады. Айтуынша, сөйтсе ғана, ең маңызды істермен шұғылдануға мүмкіндігі болмақ.

Көпшілік таралымды кітаптары мен лекцияларында татусыз тірліктен алыс болуға шақыратын Уоррен Баффет те іргелі жобалар мен іребдел проблемалар төңірегінде ғана бас қатырады. Уақыт жейтін ұсақ-түйектің бәрін басқаға тапсырады. Virgin Galactic компаниясының егесі Ричард Брэнсоннан да үйлес мінезді байқауға болады. Көп уақытын әлемет жобалардың сұлбасын сызуға жұмсайтын ол әкімшілік істерді топ менеджментке жүктейді (delegation).

Білдей бизнесмендерге ақыл айтып, беделге жеткен Роберт Грин уақыттың екі түрі болатынын ескертеді. Біріншісі, құрғақ қиялмен, бос сандалмамен өткен «өлі» уақыт. Екіншісі, үйренуге, өсуге кеткен «тірі» уақыт. Гриннің пікірінше, адамның ырқынан тыс қалып, бей-берекет түгесілген барлық уақыт өлі санатында. Игерілмеген, меңгерілмеген, ғұзырдан шығып кеткен күндер бар болса да, жоқ есепті. «Сол себепті қадір-қасиетін танып,

абыройлы жолда қолданбақ керек», – дейді ол. Грин дұрыс айтады, бірақ, уақыт деген капиталдың нарықтағы құны әр түрлі келетіні және ақиқат. Бір елде айрықша жоғары бағаланса, басқа жұртта қаперге де алынбайды. Корей экономисті Ха Джун Чангтың айтуынша, алдыңғы қатарлы, дамыған елдерде уақыт – үлкен құндылық саналады. Халықтың дені бейсауат жүрісті ұнатпайды, келісімді жерге кешігіп келгенді жаратпайды. Керісінше, өркениеттің есігінен ғана сығалаған, мешеу дамыған мемлекеттерде уақыт айтарлықтай бағаланбайды. Мағнасыз қыдырыс пен кенеусіз отырыс көп кездеседі. Буынға түсіп, қанған сіңген жаман ғадет. Корей оқымыстысы бұдан құтылудың жолдары бар екенін атап өтеді. Сүйекке біржола басылған, мәңгілік таңба емес. Өзгереді, тек қана азды-көпті талап керек.

Түйіп айтсақ, корпоративтік әлемде атаққа шыққан дырау тұлғалар ұсақ істерден бойын аулақ ұстауға тырысады. Ертең ұтысқа шығаратын кәсіпке иәки жобаға ғана бой салып кіріседі. Джеймс Клиэр: «Адам уақыттың тапшылығынан емес, жүйелі ойлау жүйесінің жоқтығынан мақсатына жете алмайды», – деген.

Персоналға кәсіпорынның барлық жұмыскерлері, кәсіпорындағы барлық жұмыспен қамтылғандар, егер қандай да бір өндірістік қызметтерді атқармаса тек меншік иесі кіреді. Кез-келген әлеуметтік басқару дегеніміз бұл адамды басқару, сондықтан персоналды басқару басқару тарихымен тікелей байланысты. Дегенмен, көптеген ғасырлар бойы, нақтырақ айтқанда, XX ғасырдың басына дейін арнайы функция ретінде персоналды басқару әлеуметтік басқарудан ерекшеленбеді және елеулі негіз, тәжірибе және дәстүр негізінде пайда болды. Еңбек жеке сипатта болды және өндірістік қызметтің негізгі ұяшығы ретінде олардың басшысы ретінде әдетте басқарушылықты да, өндірістік қызметтерді де (мұндай жағдай әлемнің кейбір елдерінде әлі күнге дейін сақталған) туындатқан жанұя орын алды.

Ерте заманда персоналды басқарудың мәні көптеген халықты (әскерлерді, ірі ғимараттар (пирамидалар, құрылыстар, каналдар және т.б.) құрылысшыларын) басқаруда тез артты. Алайда, бұл жағдайларда да халықты басқару тұтастай басқаруда айқындалмады.

Персоналды басқару функциясының арнайы жолында алғашқы елеулі қадамдар ортағасырлық гильдильер мен шеберханаларда – шеберлер мен қолөнершілердің бірлестігінде: тас қалаушылар, тері илеушілер, ағаш ұстасы және тағы басқалармен жасалған. Бұл бірлестіктерде еңбек шарттарын, жұмысшылардың өмірі мен еңбек ақысын, оқушылардың білім алуын арттыру туралы алаңдаушылық танылған, сондай ақ кәсіптік мансапты реттеу мен шеберлікті арттыру ретімен даму пайда болды.

Тұтастай алғанда өнеркәсіптік революция мен капитализмнің дамуы кейбір елдерде дамып жатқан шеберханалық дамуды басып озды. Мануфактуралар мен шеберханалардың орнына көптеген жұмысшылары, еңбектің ұжымдық сипаты мен оның қатаң және егжей-тегжейлі бөлінуі бар, оның ішінде басқарушылық және орындаушылық қызметтерінің таралуы бар фабрикалар келіп орнады. Бұл өзгерістер еңбектің қарқындылығы мен іске асуын арттыруға, меншік иелері мен басқарушылардың қарапайым жұмысшыларға шеттетулерінің нығаюына, өнеркәсіп пен қоғамда әлеуметтік



кикілжіңдердің артуына алып келді. Өнеркәсіптік шиеленістің саяси сипаты кәсіподақ және ұмысшылар партиясымен көрсетілетін жұмысшылар қозғалысы болды.

Өнеркәсіп пен қоғамдағы кикілжіңдердің артуы кәсіпкерлердің материалдық үлкен көлемдегі шығындарға ұшыратып қана қоймай, қоғамдық әлеуметтік өмірге де қауіп қатер туындатты. Мұндай жағдайларда корпорация басшыларында ескертулер жасауға және өндірістік кикілжіңдерді салдарсыз шешудің, әкімшілік орта мен қалған қызметкерлердің арасындағы серіктестік қатыснатарын құру талаптары пайда болды. Қалыптасқан жаңа жағдайда ұйымның әрбір ісін басқаратын дәстүрлі басшылар персоналды басқару міндеттерін орындауға қауқарсыз болды. Жеткіліксіз болып жұмысқа қабылдау барысындағы құжаттарды рәсімдеуде көмектің болмауы да, қаржылық экономикалық бөлімнің әкімшілік қызметкерлерінің көрсететін еңбек ақы бойынша жұмыстан босатулары да табылды. Кәсіпорында кадрлармен жұмыс жасау мен қызметкерлер арасында қарым-қатынастарды орнату үшін арнайы жұмысшылар, тіпті бүкіл бөлімшелер ұажет болды.

90-жылдарға дейін кәсіпорынды басқаруда тайм-менеджмент қызмет жұмыстары негізгі сипатқа қарағанда көбірек көмекші сипатта болды. Мұны келесі себептермен түсіндірді:

- атқарушылар мен басшылардың функционалдық поляризациясын, мамандығы тапшы жұмысшылардың қатаң бөлінуін талап ететін еңбектің индустриалдық сипатымен;
- жұмысшының кәсіби-мәдениетті дамуы мен шектелген білім деңгейімен, сондай ақ оның өндірістік нәтижелерінің сұраныстары мен кәсіпорынды басқару құқықтарымен;
- персоналды басқару орын мен басқармасы туралы ұсыныстардың құзыреттілігімен.

Бұл түсініктердің мәні Тейлордың теориясы мен тәжірибесінде айтарлықтай толық айтылған. Басқарудың тейлорлық моделінің негіздері 1911 жылы шыққан Фредерик У.Тейлордың (АҚШ) «Ғылыми басқару принциптері» кітабында, сондай ақ кейінірек жарияланған Анри Файольдің (Франция) еңбектерінде баяндалған. Менеджмент теориясының бұл классиктері еңбекті басқару мен ұйымдастырудың барлық кәсіпорындарға тиімді арналған ғылыми әдістерін құрастыру мақсатында жасалған. Тейлоризмнің негізгі идеясы максималды табыс алу мақсатымен мамандандырылған жұмысшыларымен шапшаң орындалатын ең қарапайым операциялардың тұтастығы ретінде еңбекті модельдеу үшін персоналды басқаруға негізделген.

Еңбектің Тейлорлық модельдің негізгі принциптері болып табылады:

- 1) өндірістік операцияларды және еңбек функцияларын жеңілдетуді барынша бөлшектеу;
- 2) шығармашылық (басқарушылық, ұйымдастырушылық, конструкторлық) және шығармашылық емес, бірсарынды орындалатын еңбектің қатаң бөлшектенуі [2];
- 3) тұлғаның өзін өзі жетілдіру көзі мен өмірлік қажеттілікке айналу мүмкіндігін жоятын еңбектің бірізділігі, біркелкілігі, персоналсыздылығы.

Еңбектің шығармашылық мазмұнының бірлестігі тек жұмысшылар мен қызметкерлерге ғана емес, төменгі және орта топтағы басшыларға да тиісті болды, өйткені шығармашылық қызметтер кәсіпорыннан тыс жердегі конструкторлық бюро мен жобалаушыларға беріледі;

4) өнеркәсіптің, еңбек ұйымының механикалық түсіндірмесі. Тейлоризмге сәйкес, ұйым әрбір «торап» (шеберхана, бөлім және т.б.) және «шағын бұранда» (жұмысшы) бірыңғай машинада сіңіріледі және өзінің барлық қызметтерін басқа «тораптар» мен «шағын бұрандалардың» жұмысына араласпастан нақты орындайды. Өнеркәсіптің тейлорлық моделінің типтік және кеңінен таралуы конвейерлік жүйе болды.

Дегенмен, Тейлордың өзі жұмысшыларды таңдап алуда олардың қабілеті мен үйренуіне сәйкес болуына үлкен мән берген, жалпы еңбек пен басқарудың тейлорлық моделі персоналды басқару қызметін тым жеңілдетеді және шектейді. Олар негізінен, жас, дені сау және еңбекқор қызметкерлерді іріктеуді азайтады; олардың материалдық қаржыландырылуын ынталандыруға ұйымды және оның бөлімшелерін авторитарлық басқару, жұмысшыларды қатаң түрде жүйелендірілген бақылау және жұмыстан босату түріндегі немқұрайлы жазалау жеткілікті; қамқоршылдық рухында кейбір әлеуметтік шаралардың көмегімен басқару және жұмысшылар аасындағы қарым қатынастарды жеңілдету.

Басқаруды ұйымдастыруда тейлоризм едәуір мардымды жетістікке АҚШ-та жетті. Мұнда оған қолайлы алғышарты эмигранттар санын қосқандағы сау әрі жас жұмысшылар күші болып табылады. Бұл адамдар негізінен білім алмаған болды, олар жоғары жалақы алуға талпынып, жұмысын жоғалтып алудан қорықты. Осыған ұқсас алғышарттары жоқ мемлекеттерде тейлорлық жүйе, атап айтқанда оның конвейерлік модификациялары 70-жылдары қажеттә сападағы жұмысшылардың жетіспеушілігі, еңбек тәртібінің құлдырауы, жаппай жұмысқа келмеу мен кадрлардың жиі ауысуы сияқты көптеген қиындықтарға тап болды [3].

Тейлоризмнің теориясы мен тәжірибесі бірнеше онжылдық көлемінде 80-жылдарға дейін Батыс елдерінде үстемдік етті.

Тейлоризм өзінің қатынастық заманауи негізі мен дамуы 50-жылдары Д. Брайт (АҚШ) пен Ж. Фридман (Франция) орнатқан теориялық негіздегі ғылыми-техникалық прогресс барысындағы еңбектің кәсіптендірілмеуі тұжырымынан көрінді. Осы түрдегі теорияларға сәйкес, жұмысшылар мамандандырылады және олардың еңбек операциялары жетілдіріледі. Шығармашылық, интеллектуалдық қызметер көбінесе құрастыру мен жобалау сферасында нақтыландырылады. Еңбек операцияларында адамның үлесінің қысқаруы мен техниканы қолдануға және блыстың үнемі кеңеюіне қарамастан, еңбек механизмдерге бақылау орнатқанмен де жетілдірілген, бірқалыпты, шығармашылық емес болып қала береді.

Дегенмен теоретиктердің болжамдарына сүйенсек, еңбектің біліктіліктендірілмеуі жеткілікті дәлелдемелер әкелген жоқ және еңбек пен басқарудың тейлорлық моделі жиі-жиі тоқтап қала беретін. Өндіріс динамикасының артуы, тапсырмалар орындалатын өспелі әртараптандырылуы, өндірістік бағдарламалардың жиі өзгеруі, күрделі, көпқызметтік

құрылғылардың жаппай қолданылуы шарттарында тейлоризм көбінесе заманауи талаптарға сай басқарудың тиімді модельдерін ендіру жолындағы кедергілер ретінде қарастырылады (дегенмен бүгін де неотейлоризм мен өнеркәсіптік климатты оңтайландыратын «адами тұрғыдағы» тейлоризм түріндегі тейлорлық әдістер басқаруда айтарлықтай кеңінен қолданылады).

### ***Библиографиялық тізім***

1. Вильховченко Э.О. «О «посттейлоризме» и «человеческом капитале» // МЭ и МО. - 2010, - №11 - Б. 3-5.
2. Мерсер Д. Управление в самой преуспевающей корпорации в мире. - М.: Высш. школа, 2010. - Б.11-13.
3. Медведева Е. К. Механизм установления и регулирования заработной платы в развитых капиталистических странах // Труд за рубежом. - 2010. - №4. - с. 54-59.

## **КӘСІПОРЫНДАРДА БИЗНЕСТЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ**

*Аймуратова Н.С.*

*Балтабай Г.*

*Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Производственная программа предприятия определяет ассортимент, качество, объем выпускаемой продукции в количественных и качественных количествах. Производственная программа определяет основные направления и задачи развития компании в запланированный период.*

Дамудың басым бағыттары-жеңіл өнеркәсіп болып табылады, толық қалпына келтіру бойынша өндірістік қуаттардың бастапқы өңдеу, жүн, тері, киім, аяқ киім, тігін өндірісін қалпына келтіру және дамыту.

Бағдарламада мынадай негізгі бағыттар бойынша нақты шаралар қабылдау қарастырылған:

- аймақтағы экономикалық тұрақтылықты сақтап қалу;
- өнеркәсіп кәсіпорындарының тұрақты жұмысын және агроөнеркәсіп кешенін дамытуды қамтамасыз ету;
- шағын және орта бизнеске қолдау көрсету;
- жұмыспен қамтуды, жұмысшыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.

Осы жағдайда орын алуы мүмкін барлық сценарийлерді қарастыратын, өндірістік процестерді тұрақтандыру және жұмысшыларды әлеуметтік қорғау жөніндегі кешенді жоспарлар әзірленді.

Өндіріс көрсеткіштерін сақтау, дайын өнімді өтейтін жаңашыл нарықтарды іздестіру, энергетикалық шығындарды азайту және шикізатты икемді пайдаланылуы бойынша мақсатты жұмыстар жүргізу.

Бірақта, шешуге қабылданылып отырған іс- шараларға қарамастан, қыза түскен экономикалық дағдарыс кезінде біз өндірістің көлемінің азайуына

немесе зауыттардың тоқтап қалуына, соның нәтижесінде кадр орындарының қысқаруына дайын болуымыз керек.

Бүкіл әлемде болып жатқан проблемалар бізге жоламайды деп отыра беруіміз дұрыс болмайды. Сол себеппен біз өзімізді жинақы ұстап, барлық жерде үнемдеу саясатын жүргізуіміз керек.

Нашар жағдайда біз тұрақты шараларды іске қосып, келесі шаралар қабылдануы тиіс:

1. Кадрлардың еңбек құқықтарының катал түрінде Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне сай қамтамасыздандырылуы (мәжбүрлі тоқтап тұрған кезде еңбекақы, жұмыстан босап қалуға байланысты өтемақы төлеу және т. б.).

2. Кәсіпорын қызметкерлері шұғыл түрде жұмыстан босап қалған жағдайда қызметкерлердің есебін жүргізу.

3. Көбінесе, жұмыстан босап, еркін, жұмыс орындарына орналастыру. Апта сайын бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін ұйымдастыру.

4. Жұмыссыз жүргендерді ақшалай қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік тарапынан бос орындарға орналастыру мен оларды кәсіптік дайындау

5. Мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік жәрдемақылар, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына жәрдемақы және тұрғын үй жәрдемақысын төлеу сияқты әлеуметтік қолдау шараларына шешім қабылдау.

Сондай – ақ 5 мың жұмыссыздарды орналастыра отырып жол картасы бойынша, орналастыру қаралып отыр. Аталған мақсаттарға жету үшін жергілікті бюджеттерде әкімшілік және басқа да шығыстарды азайта отырып қосымша ақшалай қордың іске асыуы болады.

Еңбек рыногын қорғау шараларының бірі – Қаратау және Жанатас қалаларында жаңа өндіріс ашу. Ресейдің ірі минералдық – химиялық «ЕвроХим» компаниясы «Сары - Тас» АҚ негізінде қуаты жылына 2,5 миллион тонна фосфор минералдық тыңайтқышын шығаратын жаңа зауыт құрылысы бойынша инвестициялық шығарманы іске асыруға бастама көтеріп отыр.

Зауыт құрылысы 2017 – 2020 жылдары іске асырылатын болады, мұнда 4 миллиард АҚШ долларына жуық инвестиция салу көзделген және жылына 150 миллиард теңгеден астам қаржыға өнімдер шығарылатын болады (минералдық тыңайтқыштар жылына – 2,5 миллион тонна, аммиак жылына - 700 мың тонна, карбамид (аммиак селитрасы) жылына – 1 миллион тонна, азот қышқылы жылына – 360 мың тонна, күкірт қышқылы жылына - 1,6 миллион тонна, фосфор тыңайтқышы жылына – 2 миллион тонна).

Өндірісте 2000 адам жұмыс істейді, одан басқа, Қаратау бассейнінің кен орындарында фосфор шикізатын шығару және жеткізуде 1500 адам жұмыс істейтін болады.

«ЕвроХим – Тыңайтқыш» ЖШС зауыт құрылысына жергілікті монтаж ұйымдарының өндірісік базаларын және 12 мердігерді, сондай – ақ Жамбыл облысының құрылыс материалдарын (кірпіш, жиналмалы құрастырмалар, фундаменттік блоктар, металл құрастырмалы және т.б.) ұйымдастыратын және өндіретін өндірістерін тартуды көздеп жатыр.

Экономиканы тиімді дамыту, инвестициялық саясат мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін кез келген алға қойған мақсаттарға сай жүреді. Бұл саясат мынадай қағидаттарға негізделуі тиіс:

- ұлттық экономиканы қалыптастыруды қамтамасыз ететін инвестициялық ахуал және инвестициялық белсенділікті арттыратын отандық кәсіпкерлерді қолдау;

- инвестицияларды экономиканың белсенді салаларына тарту;

- Қазақстанның халақаралық еңбек бөлісіндегі үлесін күшейту, экономиканы әлемдік шаруашылық жүйесіне интеграциялану процесін жылдамдату. Республиканың дүниежүзілік кадр бөлісіндегі үлесін нығайту, әлемдік шаруашылық жүйесінде интеграцияны жетілдіру.

Бұл процестеде ілгері басушылықты байқауға болады. Бірақ 2010-2014 жылдары инвестиция тарту қарқыны бәсеңдеп қалған. Бұл құбылыс «Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар», «Қаржы емес активтерге тартылған инвестициялар», «Негізгі қорды іске қосу» көрсеткіштерінің бәріне тән болып отыр. Әсіресе соңғы көрсеткіштің құлдырауы көңіл алаңдатарлықтай.

Жамбыл облысында инвестициялық қызметтің дамуы үшін жағымды жағдай жылдан жылға жақсару үстінде. Алдын – ала болжамдар облысымыз таяу жылдарда республикалық бюджеттен дотация алатын өңірлер қатарынан көріне беретінін жоққа шығармайды. Аймақтың индустриалдық – инновациялық дамуы бағдарламасы аясында бүгінгі күні 1,9 млрд. АҚШ долларын құрайтын инвестициялық жобалар тізімі мәлім болып отыр. Бұл жобалар толықтай жүзеге асса, аймақта тағы да 10000-ға жуық жаңа жұмыс орны ашылуына қол жеткізілмек.

Облысымызда құрылыс саласында да бірқатар оңды өзгерістер көзделуде. Мәселен, жалпы облысымызда құрылыс бұйымдарын шығаратын бірнеше ірі зауыттардың салынуы жоспарланған. Атап кететін болсақ, оларға: цемент өндіретін – «Юг-цемент» ЖШС – нің, «ССТ» ЖШС–і, «Мынарал Цемент Инвест» ЖШС–і, кірпіш өндіретін – «Интернационал Инвестас» ЖШС–нің және құрылыс арматурасын өндіретін «А.С. Тараз Металлургиялық Комбинаты» ЖШС–нің іске қосылуы жоспарланған. Бұл жобалардың арқасында облысымызды құрылыс материалдарымен толықтай қамтамасыз ету көзделуде және 3585 адамға жұмыс орны пайда болады. Бұл зауыттар 2017 – 2019 жылдары іске қосылады деп жоспарлануда.

Сонымен қатар облысымызда тамақ өнеркәсіп саласында да оңды сілкініс болады деген болжам бар. Мәселен, облысымызда осы салада қызмет көрсететін бірқатар фабрикалар мен зауыттардың іске қосылуы 2017–2019 жылдарға жоспарланған. Оларды атап кететін болсақ, Тараз қаласында құс етін өндіретін «Достар Симмонс Казахстан» ЖШС–гі, етті қайта өңдейтін «ДЖАМБО–meat factory» ЖШС–гі және жеміс–жидектерді қайта өңдейтін «Концерн Азия–Казахстан» ЖШС–гі, Байзақ ауданында түйе тауық етін өндіретін «Улар–Агро» ЖШС–гі, Шу ауданында ірі-қара мал етін өңдейтін «АПК Казахская мясная компания» ЖШС–гі, Меркі ауданында етті қайта терең өңдеуден өткізетін Қордай ауданында нан, макарон және кондитерлік өнімдерін өндіретін «Кордай Нан» ЖШС–гі және ет өнімін қайта терең өңдеуден өткізетін, колбаса

өнімін шығаратын «Бриг Компания» ЖШС–гі сияқты ірі жобалар іске асырылуда. Бұл жобалар таяу уақытта іске асырылатын болса, Жамбыл облысының тұрғындары сапалы тамақ өнімдерімен толықтай қамтамасыз етіледі және де облысымызда 1345 жұмыс орны пайда болады деп көзделуде.

Біз облыс кәсіпорындарымен өндірістік процестердің тұрақтылығын, жұмысшылардың еңбек құқықтары мен кепілділіктерін қамтамасыз ету бойынша 155 меморандум жасастық және міндеттемелердің орындалуына бақылауды жүзеге асырып отырмыз.

Соған байланысты, кәсіпорындардың басшылары мен кәсіподақ ұйымдарының басшыларына өзара түсіністік пен қолдау көрсеткені, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау бойынша қажетті шаралар қабылданғаны үшін алғыс білдіреміз.

Әлемдік қаржы және экономикалық дағдарыс күрделене түскендіктен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі теңгені девальвациялау туралы шешім қабылдады – бұл мәжбүрлі, бірақ стратегиялық дұрыс қадам.

Ел үкіметі ұлттық валютаны девальвациялауды дағдарысқа қарсы қолдану шараларының бірі ретінде қолданды. Бұл шараны әлемдік 30 елі жүзеге асырды, олардың ішінде АҚШ, Ресей, Қытай елдері ұлттық өндірістерін қорғау үшін осындай қадам жасады. 2017 жылдың басынан бастап 2018 жылдың қатарына дейін ұлттық валютаны АҚШ долларына девальвациялау Украинада 53 пайызды, Ресейде – 44 пайызды, Ұлыбританияда – 38 пайызды, Белоруссия, Норвегия, Австралия, Канада елдерінде - 26 -28 пайызды, Еуропалық аймақтарда – 13 пайызды құрады.

Осы уақытқа дейін Қазақстан өз валютасының тұрақтылығын соңғы бірнеше жыл ішінде алтын – валюта қорларындағы жинақтардың арқасында қамтамасыз етті, бүгінгі күні оның берік негізі бар. Басқа мемлекеттер девальвация жүргізіп, әлемдік дағдарыстың жана толқыны күтіліп отырған қауіпті жағдайда 2009 жылы теңгені бұрынғы бағаммен «ұстап тұру» мақсатқа сай келмеді.

Сондықтан теңге бағамының төмендеуі қазақстандық бизнестік ішкі және сыртқы рыноктарда өз позициясын ұстап қалуына, бәсекелестік қабілетті болуына және импорттық тауарларды ығыстыруға жәрдемін тигізеді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Дзекунов В., Абдрахманов Е., Тулебаев А., Ахметов Ф. «Инновационная деятельность на промышленных предприятиях», «Промышленность Казахстана», 2014 г., №6.

2. Ельцова О. «Конкурентоспособная промышленность Казахстана: мираж или перспектива?», «Аль-Пари», 2012 г., № 1.

3. Жатқанбаев Е., Мухтнарова К., Утембаев Е. «Государственное регулирование структурных преобразований в промышленности РК», «Аль-Пари», 2013.

## КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫН БАСҚАРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ОБЪЕКТИВТІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

*Келесбаев Д.Н., Муталиева А.А., Хе Е. В.  
М. Әуезов атындағы ОҚУ  
Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*Тәртіп негізінде кәсіпорын заңды тұлға болып саналады, ол белгілердің жиынтығы негізінде анықталады: мүліктің шарттылығымен, осы мүліктерге міндеттемелер негізінде жауапкершілігі, банкте есеп айырысу шотының болуы, өз атынан қызмет етуі және т.б. Мүліктің шарттылығы кәсіпорынның мүлкінің есебі болатын жеке бухгалтерлік баланстың болуымен сипатталады.*

Кәсіпорындардың қаржылық қатынасы кәсіпорынның меншікті қаражаттарының, оның кірісінің құралуы, шаруашылық қызметті қаржыландырудың қарыз қайнар көздерін тартуы, осы қызмет нәтижесінде пайда болған кірістерді бөлуі, оларды кәсіпорынның даму мақсатында қолдануы қаржылай негізде жүзеге асқан кезде пайда болады.

Кәсіпорынның қаржылық талдаудың құралуын ұйымдастырудың принциптері ретінде олардың өмір сүруіне тән ерекше формаларды түсінуі тән.

Қаржылық талдаудың құралуын ұйымдастыру олардың тиімділігін қамтамасыз етудің жалпы кешенінің негізін қалаушы болып табылады. Қаржылық талдаудың құралуын ұйымдастырудың жалпы қағидағдары төмендегіше:

- қаржылық талдаудың құрамы мен құрылымы;
- мақсатты және көп мақсатта пайдаланылатын қаржы шикізаттары;
- кәсіпорынның қаржы көздеріне деген қажеттіліктерін белгілеу;
- қаржы көздерін олардың белгіленген мақсатта қолдану;
- қаржылық талдаудың сақталуы.

Қаржылық талдаудың құрамы деп оларды құрайтын кірістердің жиынтығымен түсініледі. Қаржылық талдаудың құрылымы қаржылық талдаудың жекелеген элементтерінің қатынасын көрсетеді, яғни кәсіпорынның қаржылық талдаудың жалпы көлеміндегі әрбір элементтің үлесінен тұрады.

Экономиканың әртүрлі салаларындағы қаржылық талдаудың құрамы мен құрылымы біркелкі емес. Олар өндірістік, экономикалық және ұйымдастыру тәртібіндегі көптеген факторлар арқылы анықталады. Мәселен, өнеркәсіптің металлургия, машина құрылысы сияқты қор сиымды салаларында меншікті қаржылық талдаудың артықшылықты элементі болып амортизациялық аударымдар жатады. Жеңіл өнеркәсіпте және саудада маңызды үлес жалпы кіріске қатысты.

Сонымен қатар қаржы көздерін мақсатты және көп мақсатқа белгіленген қаржы шикізаттары деп бөлуге болады. Қаржылық талдаудың мақсатты бағыты қаржылай қаражаттарды құру және қолдану жолымен жүргізіледі. Жоғарыда айтылғандай қаржы шикізаттары екі формада құрылып және пайдаланылуы мүмкін: қор және қор болып табылмайтын.

Қаржы көздерін жіктетудің маңызды принциптерінің бірі оларды алғашқы және ақырғы деп бөлу.

Жиынтық қоғамдық өнім сияқты қаржы шикізаттары да материалды өндіріс сферасында құралады.

Бірақ бірқатар экономистер бұл жағдайды кеңірек қарастырады. Жиынтық қоғамдық өнім бұл «белгілі статистикалық кезеңде (көбінесе жыл) материалдық өндірісте, сонымен қатар материалдық емес өндірісте өндірілетін тауарлар мен қызметтердің ақырғы өндірісінің барлық көлемінің жиынтық нарықтық құны», «белгілі уақыт аралығында (мәселен бір жылда) ұлттық экономиканың әртүрлі салалары арқылы өндірілген өнімнің жалпы көлемінің агрегатталған көрсеткіші». Қоғамдық өнімді осылай анықтау алғашқы және ақырғы қаржы шикізаттары арасындағы шекті маңызды өшіреді.

Кәсіпорындарда өткізуден түскен түсімдерді бөлу кезінде алғашқы қаржылық ресурстар (амортизация, пайда және т.б.) қалыптасады. Жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандырудың қажеттілігіне байланысты алғашқы қаржылық ресурстар қайта бөлінеді: олардың белгілі үлесі мемлекеттік бюджетке алынады және бюджеттен тыс қорларға беріледі. Жалпы мемлекеттік қаржылық ресурстар өз кезегінде қайта бөлінеді, әртүрлі экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталады, сонымен қатар олардың бір бөлігі материалды өндіріс кәсіпорындарды мен мекемелерінің, өндірістік емес сфераның ұйымдарының иелігіне түседі. Сондықтан ақырғы қаржылық талдаудың қалыптасуы жүзеге асырылады (Сурет 1).

Қаржы көздерін сондықтан алғашқы және ақырғы деп бөлу қаржы ғылымында қалыптасқан жағдайдан маңызды ерекшеленеді. Қаржы көздерін қазіргідей анықтауда олардың белгілі бөлігі кәсіпорында бюджет және бюджеттен тыс қорлар алдындағы қарызы түрінде болатындығын сипаттайды, кәсіпорынның ақырғы қаржылық талдаудың шамасын анықтауда осы бөлікті бөлу керек.

Сондықтан алғашқы және ақырғы қаржылық талдаудың қалыптасу процесін жеке кәсіпорынның деңгейінде қарастыруға болады.

Шаруашылық қызметті ұйымдастыру сәйкес қаржылық қамтамасыздықты талап етеді, яғни кәсіпорынның құрылтайшыларының салымдарынан құралатын және жарғылық капитал формасына айналатын алғашқы капиталдың болуын талап етеді. Бұл кез – келген кәсіпорынның мүлкінің құралуының маңызды қайнар көзі болып табылады. Жарғылық қорды құрудың нақты тәсілдері кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық формасына тәуелді болады [10, С. 33]

Кәсіпорынды құру кезінде жарғылық капитал негізгі қорларды алуға және бір қалыпты өндірістік-шаруашылық қызметті жүргізу үшін керекті көлемде айналым қорларын құруға бағытталады, пайдаланылуы маңызды кіріс беретін фактолар болып саналатын лицензияларды, патенттерді, ноу-хау алуға салынады. Сондықтан алғашқы капитал өткізілген өнімнің құны арқылы сипатталатын, құн құралатын өндіріске инвестицияланады. Өнімді өткізгеннен кейін ол қаржылай нысанға енеді, яғни кәсіпорынның есеп айырысу шотына түсетін, өндірілген тауарларды сатудан түскен түсім нысанына айналады.





Сурет 1 – Кәсіпорынның - акционерлік қоғамның ақырғы қаржылық талдаудың құралу процесі

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Уткин Э.А. Финансовый менеджмент. -М.: Зерцало, 2000. 448с.
- 2 Гранатуров В. М. Экономический риск: сущность, методы измерения, пути снижения: Учебное пособие. -М.: «Дело и Сервис», 2002. 160 с.
- 3 Построение корпоративной системы управления рисками // Финансовый директор. 2005. № 2.
- 4 Агафонова И.П. Построение эффективной системы риск-менеджмента на предприятии при реализации инновационного проекта // Менеджмент в России и за рубежом. 2003. № 4. С. 103-112.
- 5 Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия. М.: ИНФРА-М, 2003. - 215 с.
- 6 Елохин А. Анализ и управление риском: теория и практика. — М., 2000. — 187 с.
- 7 Ермасова Н.Б. Инновационные подходы к управлению рисками инвестиционной деятельности. М.: Высшая школа, 2004.
- 8 Сплетухов Ю.А., Дюжиков Е.Ф. Страхование: Учебное пособие. — М.: ИНФРА-М, 2002. Бланк И.А. Управление финансовой стабилизацией предприятия. К.: Ника-Центр, Эльга, 2003. - 496 с.
- 9 Бланк И.А. Управление финансовыми рисками. К.: Ника-Центр, 2005. —600 с.

## КӘСІПКЕРЛІКТІҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫ

Айтмуратова Н.С. Магистрант  
Шымкент университеті

### *Аннотация*

Қазіргі нарықтық қатынас жағдайда ауыл шаруашылығының материалдық – техникалық құралдар мен жабдықтайтын өнеркәсіп салалары мен байланыстыратын делдалдар арқылы жүргізілуде. Оның себебі ауыл шаруашылық өндірісінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол материалдық -техникалық жабдықтаудағы ұйымдастыруы мен жоспарлаудағы өзгешеліктер. Осындай өзгешеліктердің бірі - ауыл шаруашылығында өндірістік кезеңнің жұмыс кезеңімен тура келмеуі. Мұнда өндірістік уақыт екі кезеңнен құралады: бірінші кезең - тікелей адам еңбегінің әсерімен жасалатын өндірістік процесс кезеңі, екіншісі - табиғи процестердің әсері мен жасалатын кезең. Осы ұдайы өндіріс нәтижесінде ауыл шаруашылығында оның қоғамдық сипатына байланыссыз, ұдайы өндіріс табиғи процесі мен әрдайым бірігіп, тұтасып кетеді. Бұл жағдайлар ауыл шаруашылық өндірісі үшін маңызды экономикалық ерекшеліктер.

Материалдық-техникалық құралдарда ұзақ уақыт пайдаланбау жағдайындағы өндіріс процесіндегі өзгерістер, олардың құнсыздануына, ауыл шаруашылығындағы өнімдерінің қымбаттауына алып келеді. Өйткені өндіріс құралдары құнының өнімге өтуі оларды тікелей пайдаланған уақытта ғана емес, олар өздерінің құнын жоғалытқан өндірістің барлық уақытына қарай есептеледі.

Өндірістік кезеңнің, жұмыс кезеңімен сәйкес келмеуі, ауыл шаруашылығындағы өндірісі мен материалдық-техникалық құралдарды пайдаланудың маусымдық сипатын анықтайды. Бұл, ауыл шаруашылық өндірісінің маусымдық сипаты, ауыл шаруашылық техникаларының, машиналарының көпшілігін жылдың шамалы уақытында ғана пайдалануына мүмкіндік береді. Ол өз кезеңінде техникалардың ұзақ уақыт пайдаланбағандығында болатын физикалық және моральдық тозуын тудырады. Сондықтан да, ауыл шаруашылығы техникасын пайдаланудың аталып өткен маңызды ерекшелігі, материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыруда ескерілетіні маңызды мәселе. Соны мен қатар ескертуді қажет ететін тағы бір маңызды ерекшелігі — ол ауыл шаруашылығында өндірісті жүргізу жағдайларының әр түрлілігі. Республикада ондаған топырақтық-климаттық зоналар бар және олардың әрқайсысында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін өзіндік ерекше жағдайлар қалыптасқан. Әр түрлі зоналардың ерекше жағдайларына байланысты өндіріс құралдарын пайдаланудың да ерекшеліктерін есепке алу аграрлық өндірісті материалдық-техникалық жабдықтауда назарға алынатын маңызды мәселелердің біріне айналуда. Ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыруға әсер ететін, ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшеліктерін жалпы алғанда екіге бөлуге болады: табиғи-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар.

Табиғи-технологиялық факторларға жоғарыда аталған ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдық сипаты, әр түрлі топырақтық-климаттық зоналардың болуы сияқты факторлардан басқа әрбір кәсіп орында өндірістің табиғи-экономикалық ерекшелігіне қарай қажеттіліктерінің нормативін дайындаудың күрделілігі, материалдық-техникалық жабдықтау жүйесін ұйымдастыру мен орналастыруға әсерін тигізетін факторлар (өнімдерді ұсақ партиялар мен тұтынатын тұтынушылар санының көптігі) жатады. Ал, элеуметтік-экономикалық факторларға ауыл шаруашылығында қалыптасқан әртүрлі меншік түрлерінің болуы, агро өнер кәсіп өндірісінде экономикалық дамудың аймақтық бағытының күшеюі және тағы басқа факторлардан тұрады.

Ауыл шаруашылығына қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру АӨК-тің бірінші өрісінің (сфера), үлесіне тиеді. Бұл өріске трактор және ауыл шаруашылығы машиналарын, мал шаруашылығы мен мал азығын өндіруге арналған машиналар, жеңіл және тамақ өнер кәсіптері мен сауда орындары үшін машиналар жасау, минералдық тыңайтқыштар мен өсімдік пен малды қорғаудың химиялық құралдарын, өндірістік мал азығын өндіру мен микро биология, ауылдық құрылыс пен суландыру құрылысы сияқты ауыл шаруашылығын материалдық техникалық жабдықтауды және өндірістік-техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін салалар жатады. Бұл салалардың агроөнеркәсіп кешенінің барлық экономикалық мүмкіндіктерін жете пайдалануға ықпал тигізетіні және соны мен қатар олардың одан әрі өркендеуіне өзіне тән машина жүйелерін жасайтыны белгілі. Осы салалар арқылы егін және мал кешенінің тиімділігін арттыру болып отыр. Оған дәлел ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, оны тұтынушыларға жеткізу тек қана осы саланың өсуі, өркендеуіне байланысты бола тұрып, ол ауыл шаруашылығы үшін өндіріс құралдарын жасайтын өндіріс орындарының, өнімді, шикі заттарды өңдейтін салалардың, тамақ, жеңіл өнер кәсіп салаларының төменгі құрылымдарының жетілдіруіне де байланысты болып отыр. Сондықтан да, агро өнер кәсіп өндірісі салаларын техникалық жағынан жарактандыруда машина жасау салаларының ісінің маңызы ерекше болуы тиіс. Бұл жағдайда, бұл саланың республика экономикасында алатын орында ерекше. Дегенменен, аграрлық секторда орын алып отырған дағдарыстың болуы ауыл шаруашылығы техника мен машиналарын шығаратын кәсіп орындарына да өз әсерін тигізуде. Шаруашылықтардағы қаржы ресурстарының тапшылығы, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сатып алу қабілетінің төмендеуі — ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласын да дағдарысты жағдайға қойып отыр. Сонымен бірге, бұл мәселенің екінші жағын қарайтын болсақ, ауыл шаруашылығында материалдық-техникалық база жылдан-жылға төмендеп келеді. Шаруашылықтардағы тауар өндірушілер ескіріп-тозған техника-машиналар мен жұмыс істеуде, жаңасын сатып алуға қаржының тапшылығы мүмкіндік бермейді. Мұның барлығы да қорыта келгенде жылдар бойы қалыптасқан өндірістік және экономикалық байланыстардың үзілуінің, ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнер кәсіп өнімдері арасындағы баға теңгермешілігінің (паритетінің) сақталмауынан туындап отырған мәселе деп қарау керек (кесте 9).

Кесте 1 - Облыстың ауыл шаруашылық кәсіп орындарының

техникалық базасының көрсеткіштері

	2014	2015	2016	2016 ж. % - 2014 ж. %
Барлық маркалы тракторлар (арнайы машиналар қондырған тракторларды қосқанда)	2931	2199	2131	72,7
Тракторлардың тіркемелері	2399	2133	1825	76,1
Астық кептіргіштер	405	3 10	153	37,8
Дестелегіштер	230	190	121	52,6
Комбайндар:				
Астық жинайтын	690	671	598	86,7
Жүгері жинайтын	57	43	35	61,4
Жем-шөп жинайтын	123	82	57	46,3
Мақта жинайтын	313	271	198	63,3
Картоп қазатын және жинайтын машиналар	15	13	12	80,0
Қызылша жинайтын машиналар	2	2	2	100,0
Соқалар	953	758	603	63,3
Трактор тырмалары	154	117	87	56,5
Минералды тыңайтқыштарды шашатындар	101	84	50	49,5
Тозаңдатқыштар	158	83	87	55,1

*Ескерту: автордың өңдеуі, статистикалық мәліметтер негізінде*

Ауыл шаруашылығы техникаларының, машина-трактор паркін жаңартуға мүмкіндік бермей отырған жағдайы, аграрлық сектордың дағдарысы оларды одан сайын тереңдете түсуде. Техника мен қамтамасыз етілудің төмендеуіне, агротехнологиялық жұмыстарының уақытылы орындалмауына, ал кейбір жағдайларда тіптен тоқталуына алып келуде.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Андропова Л. «Приоритет инноваций: de jure – de facto» // «Промышленность Казахстана», 2007, №2.
2. Байтелесов Ж. «Государственная поддержка инновационной деятельности» // «Промышленность Казахстана», 2005 г., №10.
3. Бельдеубаев Б.А. «К вопросу инновационного развития и структурных преобразований промышленности Казахстана» // «Аль-Пари», 2005г., № 1.
4. Бискультанов К. «Инновационное обеспечение реализации промышленной политики» // «Транзитная экономика», 2005 г., №16.
5. Бискультанов К. «Регулирование структурных преобразований в промышленности Казахстана» // «Транзитная экономика», 2005 год, №2, стр.32
6. Большой экономический словарь. Под ред. А.Н. Азрилияна.-Москва «Институт новой экономики»,2014 г.

## ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ӨНДІРІСТІК ҮРДІСТЕГІ ПЕРСОНАЛ

*Айтуреев А.Н.*

*Қалдар А.*

*Ғылыми жетекшісі – Купешев Ш.К. э.ғ.д., профессор  
Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*Басқару қаржылық, ишкізат және басқа да материалдық ресурстарға негізделе отырып, әлеуметтік қызметтің арнайы түрінде үш негізгі құраушы бөліктерді немесе үш саланы қамтиды:*

- *жоспарлау, яғни өндіріс пен кез-келеген басқа ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;*
- *адам қызметтерінің бірізділігі мен реттілігін ұйымдастыру;*
- *персоналды басқару[1].*

Бұл құрамдық бөліктердің соңғысы – персоналды басқарудың - кез-келген кәсіпорын қызметінің жетістігі үшін кілттік мағынасы бар. Жетекшілер орташа есеппен алғанда, қызметкерлерді – персоналды немес кадрларды басқаруға өзінің жұмыс уақытының 80%-ын жұмсайды.

Персоналға кәсіпорынның барлық жұмыскерлері, кәсіпорындағы барлық жұмыспен қамтылғандар, егер қандай да бір өндірістік қызметтерді атқармаса тек меншік иесі кіреді. Кез-келген әлеуметтік басқару дегеніміз бұл адамды басқару, сондықтан персоналды басқару басқару тарихымен тікелей байланысты. Дегенмен, көптеген ғасырлар бойы, нақтырақ айтқанда, XX ғасырдың басына дейін арнайы функция ретінде персоналды басқару әлеуметтік басқарудан ерекшеленбеді және елеулі негіз, тәжірибе және дәстүр негізінде пайда болды. Еңбек жеке сипатта болды және өндірістік қызметтің негізгі ұяшығы ретінде олардың басшысы ретінде әдетте басқарушылықты да, өндірістік қызметтерді де (мұндай жағдай әлемнің кейбір елдерінде әлі күнге дейін сақталған) туындатқан жанұя орын алды.

Ерте заманда персоналды басқарудың мәні көптеген халықты (әскерлерді, ірі ғимараттар (пирамидалар, құрылыстар, каналдар және т.б.) құрылысшыларын) басқаруда тез артты. Алайда, бұл жағдайларда да халықты басқару тұтастай басқаруда айқындалмады.

Персоналды басқару функциясының арнайы жолында алғашқы елеулі қадамдар ортағасырлық гильдильер мен шеберханаларда – шеберлер мен қолөнершілердің бірлестігінде: тас қалаушылар, тері илеушілер, ағаш ұстасы және тағы басқалармен жасалған. Бұл бірлестіктерде еңбек шарттарын, жұмысшылардың өмірі мен еңбек ақысын, оқушылардың білім алуын арттыру туралы алаңдаушылық танылған, сондай ақ кәсіптік мансапты реттеу мен шеберлікті арттыру ретімен даму пайда болды.

Тұтастай алғанда өнеркәсіптік революция мен капитализмнің дамуы кейбір елдерде дамып жатқан шеберханалық дамуды басып озды. Мануфактуралар мен шеберханалардың орнына көптеген жұмысшылары, еңбектің ұжымдық сипаты мен оның қатаң және егжей-тегжейлі бөлінуі бар, оның ішінде басқарушылық және орындаушылық қызметтерінің таралуы бар

фабрикалар келіп орнады. Бұл өзгерістер еңбектің қарқындылығы мен іске асуын арттыруға, меншік иелері мен басқарушылардың қарапайым жұмысшыларға шеттетулерінің нығаюына, өнеркәсіп пен қоғамда әлеуметтік кикілжіндердің артуына алып келді. Өнеркәсіптік шиеленістің саяси сипаты кәсіподақ және ұмысшылар партиясымен көрсетілетін жұмысшылар қозғалысы болды.

Өнеркәсіп пен қоғамдағы кикілжіндердің артуы кәсіпкерлердің материалдық үлкен көлемдегі шығындарға ұшыратып қана қоймай, қоғамдық әлеуметтік өмірге де қауіп қатер туындатты. Мұндай жағдайларда корпорация басшыларында ескертулер жасауға және өндірістік кикілжіндерді салдарсыз шешудің, әкімшілік орта мен қалған қызметкерлердің арасындағы серіктестік қатыснатарын құру талаптары пайда болды. Қалыптасқан жаңа жағдайда ұйымның әрбір ісін басқаратын дәстүрлі басшылар персоналды басқару міндеттерін орындауға қауқарсыз болды. Жеткіліксіз болып жұмысқа қабылдау барысындағы құжаттарды рәсімдеуде көмектің болмауы да, қаржылық экономикалық бөлімнің әкімшілік қызметкерлерінің көрсететін еңбек ақы бойынша жұмыстан босатулары да табылды. Кәсіпорында кадрлармен жұмыс жасау мен қызметкерлер арасында қарым-қатынастарды орнату үшін арнайы жұмысшылар, тіпті бүкіл бөлімшелер ұажет болды.

1900 жылы америкалық бизнесмен Б.Ф. Гудриг өзінің фирмасында жұмысшыларды жалдау бойынша алғашқы бюроны ұйымдастырды. 1912 жылы АҚШ-та кәсіпорында әлеуметтік өмірді қамтамасыз ету және жұмысшылар мен әкімшілік арасындағы сыбайластық функцияларына тағайындалған арнайы бөлімшелер пайда болды. 20-жылдары осыған ұқсас қызметтер (бөлімдер, департаменттер) АҚШ-та, сондай ақ Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінде кеңінен тараған. Олар әкімшілік пен «көк жағалалар» арасында қарым қатынастарды реттеп отырумен айналысты, жұмысшылардың талаптарын қабылдап, оларды басшыларға ұсынып отырды, көпжылдық адал еңбегі мен мекемеге адалдығы үшін жұмысшыларды марапаттап отырды, бірлескен мерекелерді ұйымдастырды (шынында ол жылдары едәуір аз болған), жұмысшылардың кейбір тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерін шешумен айналысты, кәсіподақтардың құрылуын болдырмаумен немесе оларды «тыныштандырумен» айналысты, кадрлық құжаттамаларды рәсімдеді.

60-жылдарға дейін кәсіпорынды басқаруда кадрлық-делдалдық қызмет жұмыстары негізгі сипатқа қарағанда көбірек көмекші сипатта болды. Мұны кеесі себептермен түсіндірді:

- атқарушылар мен басшылардың функционалдық поляризациясын, мамандығы тапшы жұмысшылардың қатаң бөлінуін талап ететін еңбектің индустриалдық сипатымен;
- жұмысшының кәсіби-мәдениетті дамуы мен шектелген білім деңгейімен, сондай ақ оның өндірістік нәтижелерінің сұраныстары мен кәсіпорынды басқару құқықтарымен;
- Персоналды басқару орын мен басқармасы туралы ұсыныстардың құзыреттілігімен.

Бұл түсініктердің мәні Тейлордың теориясы мен тәжірибесінде айтарлықтай толық айтылған. Басқарудың тейлорлық моделінің негіздері 1911

Қазақстан Республикасында нарықтық экономикамен бірге оның барлық қажетті компоненттері мен басқару тетіктері енгізілуде. Осындай құралдардың біріне батыс елдерінің экономикалық дамыған елдерінде кеңінен таралған аудиторлар институтын жатқызуға болады. Бүгінгі таңда біздің елімізде ірі кәсіпорындарда, сондай-ақ бірлескен және шетелдік компанияларда отандық, сондай-ақ шетелдік аудиторлық фирмалармен жүзеге асырылатын сыртқы аудит жүйесі кеңінен енгізілуде. Аудиторлық қызметті дамытудың қазіргі заманғы жүйесі жұмыста және қызметтің негізгі бағыттарында қайталануларды азайту үшін олардың арасындағы өзара байланыстың өсуі жағдайында сыртқы және ішкі аудиттің ара жігін айқын ажыратуды көрсетеді. Ішкі аудитті компанияны ішкі және сыртқы жағдайлар жүйесі туралы объективті және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ететін басқару аудиті, сондай-ақ оны оңтайландыру мақсатында жүзеге асырады. Басқарушылық аудит компанияның ішкі басқару рәсімдері мен әдістерінің оларды жетілдірудің мақсаттары мен мүмкіндіктеріне сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Басқарушылық аудит-бұл басқару технологияларын дамытудың кемшіліктері мен мүмкіндіктері анықталатын және ұзақ мерзімді перспективада ұйым тиімділігінің ең жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін олардың қажеттілігіне қарай басқару технологияларының жоқ элементтері анықталатын тексеру. Осы мақсатта: стратегиялық жоспарлау жүзеге асырылады, онда даму көрсеткіштері, сыртқы және ішкі жағдайлар жүйелерін толық талдау және

болжау, бәсекелестік күрестің стратегиялық жоспарын әзірлеу; функционалдық белгілері бойынша жедел жоспарлау; кадрлық менеджмент жүйесі; қызметтің тиімділігін бақылау жүйесі айқындалады.[1].

Басқарушылық аудиттің нақты бағыттары негізінен объектінің сипатына және аудит мәніне байланысты. Басқару есебін жүзеге асыру әдістері зерттеу жұмысының әдістерінің жиынтығын білдіреді. Оларға бақылау, арнайы жазбалар мен есептер, әңгімелесулер, сауалнама жүргізу, қызметшілерді бағалау, растау, сауалнама жүргізу, құжаттарды тексеру, талдау рәсімдері, эксперимент және т. б. жатады. Басқару аудиті негізінен басқаруға ахуалдық тәсіл негізінде жүргізіледі, бұл нақты жағдайға сәйкес келетін әдістерді қолдануды талап етеді. Бүгінгі күні еңбек саласындағы аудит кең таралған, ол әлеуметтік аудит деп аталды және персоналды басқару жүйесінің толық көрінісін және кәсіпорындағы Кадрлық менеджмент жағдайын анықтау мақсатында аудит әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік аудит әкімшілік, басқару құралы және қаржылық немесе бухгалтерлік ревизия сияқты, компанияның немесе ұйымның кәсіби қызмет процесінде туындайтын әлеуметтік проблемаларды басқару қабілетін бағалауды болжайтын бақылау тәсілі ретінде қарастырады. Отандық ғалымдардың еңбектерінде "әлеуметтік аудит" ұғымы егжей-тегжейлі қарастырылады және кадрлық аудит ретінде анықталады. Кадрлық аудит диагностика мен зерттеудің кешенді әдісі, сондай-ақ қызметкерлерді басқару жүйесін оңтайландыру, белгілі бір жағдайлардағы қызметкерлердің еңбегін пайдалану тиімділігін арттыру негізінде ұзақ мерзімді перспективада компания қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады. Бұл жағдайда аудит объектісі компания персоналын, сондай-ақ оны ұйымдастыру, қызметті басқару қағидаттарын білдіреді. Шаруашылық операцияларын іріктеп тексеру әрдайым толық аудиторлық дәлелдер берілмегендіктен, талдау аудиторлық рәсімдерге көбірек көңіл бөлінеді. Сонымен бірге аудиторлар компанияда болып жатқан процестерді ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаны да, сонымен қатар онымен байланысты тәуекелдерді де зерделеуі қажет. Қаржылық тәуекелдер деңгейінің жоғары мәні, тұрақты салықтық заңнамалық базаның болмауы, жекелеген тармақтардың әртүрлі түсіндірмелері - барлығы бірге елдің ірі және орта компанияларында ішкі аудит жүйесі бөлімін құруға жұмсалған шығындарды ақтайды. Ішкі аудит жүйесі - бұл ішкі құжаттармен, бұйрықпен, ұйымдардың ішкі аудиті туралы ережемен регламенттелген, кәсіпорын мен қоғам иелерінің мүддесінде белгіленген тәртіпті бақылау мақсатында арнайы бақылау құрылымының қызметкерлері жүзеге асыратын басқару жүйесін бақылау жөніндегі қызмет [2].

Шаруашылық жүргізудің қазіргі заманғы жағдайларында ішкі аудитке қажеттілік бірінші кезекте басқару жүйесі қызметінің ауқымының өсуімен, әкімшілік аппараттың күрделілігімен және басқарудың көптеген деңгейлерімен байланысты. Басқару аппараты аппарат алмасу проблемаларын жасайды, бір-біріне қайшы келетін басқару шешімдерінің түрлі деңгейлерінің қабылдау мүмкіндігін арттырады. Сонымен, ішкі аудиттің мақсаты-кәсіпорынды басқарудың жекелеген буындарын бақылаудың тиімді жүйесін жүзеге асыруда кәсіпорын басқарушыларына көмек көрсету. Тапсырма түпкілікті мақсатқа

жету үшін не шешу керек немесе не істеу керек деп саналады. Функция деп қызмет шеңбері, сондай-ақ бір нәрсенің рөлі мен мәні түсініледі. Сонымен, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің міндеті - бұл басқару органдарының жекелеген бақылау объектілері бойынша шынайы деректермен қажеттілігін қамтамасыз ету. Көп жылдық жұмыс тәжірибесі, экономика, бухгалтерлік есеп, заң саласында жоғары білімінің болуы, барлық емтихандарды тапсыру туралы лицензиясының, қажетті бағдарламалардың болуы аудитордың жоғары кәсібилігін растайды [2].

Ішкі аудитте қолдану үшін барлық қағидаттардың әлсіз буыны ішкі аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Сыртқы аудитор өз қызметінде тәуелсіз болу үшін барлық сақтық шараларын қабылдауға мүмкіндігі бар. Мысалы, аудиторлық тексеру туралы шарт жасалғанға дейін ол осы ұйыммен іскерлік, туыстық, серіктестік немесе өзге де байланыстар туралы, болжанып отырған клиенттің серіктестік қатынастарындағы парасаттылығы туралы және т. б. анықтамалар береді. Сонымен қатар ішкі аудитор кәсіпорын басшылығынан немесе қызметтестерінен тәуелсіз бола алмайды. Ішкі аудит кезінде сыртқы аудит сияқты аудиторлық тексеруді қаржылық есептілікті қалыптастыру үшін жауапты тексерілетін компанияның құрылтайшысы, меншік иесі, акционері, басшысы және өзге де лауазымды қызметкері болып табылатын тұлға жүзеге асырмауға тиіс немесе аудиторлық тексерудің Тәуелсіздік қағидатын сақтауға кедергі келтіруі мүмкін, бұл аталған адаммен жақын туыста тұратын тұлға жүзеге асырмауға тиіс [3].

Тәуелсіздікті, тіпті шектеулі түрде қамтамасыз ету үшін ішкі аудит қызметі бухгалтериядан және басқа бөлімшелерден оқшауланған болуы және кәсіпорынның бірінші басшысына немесе меншік иесіне ғана бағынуы тиіс. Аудиторлар пайдаланатын ақпарат құпия, өйткені бастапқы есепке алу құжаттары мен тіркелімдеріндегі деректер коммерциялық құпия болып табылады. Басқа құрылымдық бөлімшелерге қатысты бір 5 филиалды тексеру нәтижесінде аудитор алған ақпарат құпия болып табылады. Ішкі аудиторлар ақпаратты жинау кезінде тәуелсіз, өйткені олар тексерілетін компания басшыларының нұсқауларынан немесе тыйым салуларынан бос. Тәуелсіздік шартын басқарудың жоғары деңгейіне және директорлар кеңесінің аудиторлық комитетіне есеп беру өкілеттігі мен міндеттері бар аудиторлар орындайды және бұл ішкі аудит үшін өз есептерінде объективті қалуға және жұмыссыз қалудан қорықпауға мүмкіндік береді. Ішкі аудит жүйесінде Тәуелсіздік әрқашан салыстырмалы, ал оның қызметінің өрісі барлық жағдайларда қандай да бір компаниялардағы басқару кадрларының құрылымымен анықталады. Ішкі аудиторлар тәуелсіздікке, ұйымдастыру жүйелерін, қызмет түрлерін бағалау мүмкіндігін, яғни жоғары басқару жұмысын қандай да бір дәрежеде бағалауға ұмтылады және сол арқылы басшылық пен ревизор арасындағы компанияларда жиі орын алатын қақтығыстардың туындауына белгілі бір жағдайлар жасайды. Осыған орай, ақпаратты сыртқы пайдаланушылар оған үлкен сенімсіздікпен қарайды. Аудитті жүзеге асырудың нақты нысандарына тоқтамас бұрын, аудит мақсаттарынан шығатын оларды жүргізу тәсілдерін, яғни аудит объектілерінде бұзушылықтар мен ауытқуларды анықтауды қарастырамыз. Бұзушылықтарды немесе ауытқуды зерттеу заттарының объектілерімен алғашқы танысқан кезде

көзбен, аумақты, қойма үй-жайларын, цехтарды, бөлімдерді, филиалдарды және т.б. айналып өткен кезде құндылықтардың сақталуын, өрт қауіпсіздігін, тауарлық-материалдық қорлардың бүлінуін, жұмыс орнын ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан анықтауға болады. Осылайша, танысу және тексеру бастапқы ішкі аудитке жатады; оларды зерттеу заттары объектілермен танысу, бұзушылықтарды анықтау, сондай-ақ бұзушылықтар мен ауытқуларды арнайы журналда белгілеу және тіркеу болып табылады. Кейінгі ішкі аудит анықталған және белгіленген ауытқулар, бұзушылықтар бойынша жұмысты жалғастырады. Кейінгі аудит нәтижесінде жіберілген ауытқулардың себептері анықталады, осы ауытқулар мен бұзушылықтардың кінәлілері анықталады, сондай-ақ келтірілген залалдың, ықтимал шығындардың мөлшерін бағалау жүргізіледі, одан кейін қолда бар ауытқуларды жою және болдырмау жөніндегі басқарушы жүйеге арналған ұсынымдар, ұсыныстар, іс-шаралар әзірленеді.

### **Әдебиеттер**

1. Бычкова С.М., Газарян А.В. Планирование в аудите. -М.: Финансы и статистика, 2011. - 264с.
2. Соловьев Г.А. Экономический контроль в системе управления. - М.: Финансы и статистика, 2016. -191с.
3. Рогоуленко Т.М. Аудит. – М.: Экономистъ, 2015. - 378 с.

## **ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ САУДА-САТТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

*Жұмабай Ж.Т.*

*Дуйсебаев М.Т.*

*Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*В данной статье рассматриваются актуальные вопросы торговых отношений между Казахстаном и Средней Азией в современный период. Обозначены основные исторические причины и цели этих торговых отношений в сфере международных соглашений. По сравнительным и обзорным анализам торговых отношений Казахстана с региональными государствами делаются некоторые выводы по этим проблемным вопросам в геополитическом аспекте.*

Әр түрлі елдер әлемдік экономикада жалпы және оның, жекелеген тауар рыноктарында әр түрлі орын алады. Халықаралық сауданың әрбір қатысушысы өз мүдделерін қорғау мақсатында қандай да бір іс-әрекет атқаруға тырысады, яғни осы салада белгілі бір саясат жүргізеді. Халықаралық сауда саласында саясаттың негізгі екі түрі бар:

- халықаралық сауда саясаты;
- сыртқы сауда саясаты.

Халықаралық сауда саясаты – халықаралық сауда саласында жалпылама қабылданған саясат. Бүкіләлемдік Сауда Ұйымы (БСҰ)

жүргізеді және ол әлем елдерінің көпшілігі тарапынан қолдау тауып отыр. Мұндай саясатқа халықаралық сауданы ырықтандыру жатады [1]

1994 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шарттың Дүниежүзілік сауда ұйымының принциптеріне негізделген ережелеріне сәйкес және Қазақстан мен Өзбекстан арасында сауда қатынастарын дамытуға ұмтыла отырып, 1997 жылдың 2 маусымында Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы келісімге қол қойылды.

Бұл Келісімге қол қоюдың мақсаты жекелеген алымдармен бірге бір-біріне еркін сауда режимін жасау және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдетуге қолайлы жағдай туғызу болып табылады.

1997 жылдың бірінші жарты жылдығына республикадағы тауар айналымдағы Өзбекстанның үлес салмағы 2,4 % болды және 1996 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10 %-ке қысқарып, 117,3 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт - 87,9 АҚШ доллары, импорт - 29,3 АҚШ доллары, оң сальдосы - 58,6 АҚШ доллары [2].

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің және аталған Келісімге Еркін сауда режимінен шегерімдер туралы хаттаманың күшіне енуі өзара сауда-саттықта импорттық баж алуды жояды, екі мемлекеттің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы келісілген шаралары үшін жағдай жасайды.

Қаралып отырған Келісімді орындау Өзбекстанмен сыртқы саудада Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер орнатуды талап ететінін ескере отырып, "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың, орындаудың және олардың күшін жоюдың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығының 11-бабына сәйкес осы Келісімді бекіту қажет деп есептейміз. Аталған мемлекетішілік рәсімді іске асыру Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың, орындаудың және күшін жоюдың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығының 10-бабының 2-тармағына сәйкес қаралып отырған [3].

Келісім қағидаларының Қазақстан Республикасы заңдарының алдында басым болуына және олардың тікелей қолданылуына мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы еркін сауданың дамуында оң көрініс береді.

Екі жақты ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық негізінің аясын кеңейту үшін жұмыс тобының жетекшілері 1997-жылдың 2-маусымында қол қойылған өзара еркін сауда-саттық туралы Өзбекстан-Қазақстан үкіметаралық келісіміне қосымша еркін сауда режимінен алынатын

төлемдер туралы хаттаманың жобасын бекітті. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіптік палаталарының одағы мен Өзбекстан Республикасы сауда-өнеркәсіптік палатасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім екі ел кәсіпкерлері арасындағы тікелей байланыстарды дамытуды көздейді.

Отырыс қорытындысы бойынша ортақ хаттамаға қол қойылып, онда екі елдің мүдделі министрліктері мен мекемелеріне өзара транзит пен жүк тасымалын ұйымдастыруда преференциялар жасау, тауар импортында акциздерді қолдану, кедендік баж салықтары, салықтар мен басқа да төлемдерді өтеу процедураларын жеңілдетуге қатысты мәселелерді дәйектеуге тапсырма берілді [4].

Соңғы жылдары аймақтық интеграция, ғаламдастыру процесімен қатар, мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарда үстемдік сипаттағы тенденцияға айналды. Орталық Азияда аймақтандыру процесін дамыту үшін қолайлы алғышарттар бар. Бұл, ең алдымен, аймақты мекендейтін халықтардың тарихи, географиялық, мәдени және тілдік бірлігі. Сондықтан Орталық Азия, соның ішінде Өзбекстан сияқты мемлекеттермен ынтымақтастықты ұлғайту Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі міндеттері болып қалады. Өзбекстан мемлекетімен өзара татулық, тұрақты қарым-қатынас – біздің еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторы.

Екі елдің тауарларын әлемдік нарыққа шығаруға жол ашатын Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту және Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізін, сондай-ақ Трансазиялық теміржол және автомобиль арналарын пайдалану Өзбекстанмен ынтымақтастықта перспективасы мол бағыттар болып табылады. Дегенмен, қазіргі уақытта интеграциялық процесс қиыншылықтарды бастан кешіруде. Біртұтас экономикалық кеңістік құру Шартының алдына қойған мақсаттары әлі табысқа жетпеді. Шын мәнінде осы жылдар ішінде аймақ елдерінде өзін-өзі басқару процесі байқалды. Су, энергетика, газ, көлік кешендері салаларында өзара әрекеттестікте проблемалар сақталып отыр.

Өзбекстан арасында тауар айналымы жылдан-жылға кеміп келеді, бұл экономикалық байланыстардың қарқынының дәрежесінің айқын көрсеткіші болып отыр. Аймақта мәдени, ғылыми және салаларында байланыс кеміп барады. Шекарадан тауар өту жосығы қиындап отыр. Осындай оқиғалардың дамуының күрделенуіне көптеген себептер жиынтығы болып отыр.

Қазіргі күні Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы экономикалық байланыстардың деңгейі бізде бар әлеуеттілікке сай келеді. Біз бір мезгілде сауда-саттықпен де айналысып, басқа салаларда да экономикалық байланыстарды жүзеге асыра аламыз. Қазір Қырғызстанда саяси реформалар өткізілуде, бірақ оған қарамастан, біздің экономикалық, мәдени байланыстарымыз өсу қарқынында дамуы тиіс. Ол биліктегі саяси күшке тәуелді болмауы керек. Осындай мақсаттарды біз алдымызға қойып отырмыз және келешекте соны жүзеге асыру бағытында белсене жұмыс атқармақпыз [5].

Бүгінде қазақ бизнесі Қырғызстанда біраз саланы, атап айтқанда, банк, тамақ өнеркәсібі, туризм ауыл шаруашылығы, кен өндірісі, және тағы басқа салаларды қамтып отыр. Қазақстанның банк секторы ТМД-дағы ең дамыған сектор екенін біз білеміз және біз осы саладағы ынтымақтастықтың жалғасқанын қалаймыз. Бұл бизнестің басқа да салаларына қатысты.

Қырғызстанның Ресей, Қазақстан және Беларусьтің Кедендік одағына кіруі республиканың ұлттық өндірісінің қалпына келуін талап етеді. Қырғызстанда ұлттық өндіріс біртіндеп жойылып кеткендіктен, республикада Қытай тауарларының реэкспорты кең таралған. Ұлттық өндірісті қалпына келтіру қажеттілігі – жағымды үрдіс болып табылады, ал ол өз кезегінде ұлттық экономиканың және әлемдік қоғамдастықта Қырғызстан позициясының сақталуына алып келеді. Осыдан кейін болатын салдарларды да ескеру керек, себебі Қытай тауарларының реэкспортына, қайта сатуына дағдыланып алған халық жағдайы өзгеріске ұшырайды.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі***

1. Лаумулин М. Центральная Азия и Запад: новые геополитические реалии // Казахстан в глобальных процессах.-2004.-№ 2.
2. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации.- Алматы, 2000.
3. Кушкумбаев С. Центральная Азия на путях интеграции. Геополитика, этничность, безопасность.-Алматы, 2002.
4. Центральная Азия в системе международных отношений.-М., 2004.-
5. Постсоветская Центральная Азия. Потери и обретения.-М., 1998.

## **НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

*Ерболатулы А.*

*Тұрғанбек Л.*

*Ғылыми жетекшісі – М.Р. Сергазиева, э.ғ.к.*

*Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Кәсіпорын үшін айналым қаражатын және негізгі қорларды пайдалану, олардың мөлшерін сақтау, ағымдағы жұмысты реттеуді оңтайландыру өте маңызды. Қаражатты пайдалану тиімділігін зерттеу-кәсіпорын жұмысының негізгі құралы. Кәсіпорын кәсіпорынның қаржы-экономикалық қызметінің қаншалықты және қаншалықты сәтті екендігі туралы кең және егжей-тегжейлі зерттеу жүргізеді.*

Өндіріс процесінде негізгі құралдарды табысты қолдану үшін негізгі құралдардың қарқынды бөлігінің үлесін ұлғайту қажет, бұл ретте:

- өсу қарқынының төмендеуі;
- еңбек өнімділігін арттыру;



- негізгі қорлар амортизациясының төмендеуі, бұл болашақта кәсіпорын қызметінің қарқынының төмендеуіне әсер етуі мүмкін [1].

Күтілетін шығындар бойынша тиімділік көрсеткіштері де өсуде, өйткені негізгі құралдардың күш коэффициенттері өсуде. Негізгі құралдардың күтілетін өсуі, әрине, болашақ жұмыстардың құнына әсер етеді, бірақ тез амортизацияға байланысты шығындарды азайтуға болады.

Компания құрылыс материалдарын өндірушілерге жүгінуі керек, бұл материалдарды сатып алу бағасын төмендетеді. Негізгі құралдар мен өндірістік объектілердің сәтті қызметі оларды қолдануды жетілдірудің кең және күшейтілген факторларының қаншалықты толық жүзеге асырылуына байланысты. Негізгі құралдарды пайдалануды едәуір жақсарту, бір жағынан, күнтізбелік кезеңде жұмыс істейтін жабдықтың жұмыс уақыты артады, ал екінші жағынан, компанияда бар барлық жабдықтарда жұмыс істейтін жабдықтың үлесі артады деп болжайды.

Жабдықтың жұмыс уақытын арттырудың маңызды бағыттары:

жабдыққа техникалық қызмет көрсету сапасын арттыру, жұмыс күшінің, шикізаттың, отынның, жартылай фабрикаттардың негізгі өндірісін уақтылы қамтамасыз ету есебінен;

- жабдықтың тәуліктік кеңістігін азайту, оның жұмысының коммутация коэффициентін арттыру.

Компанияның негізгі қорларының өнімділігін арттыру активтерге пайда нормасын арттыруды көздейді.

Негізгі қорлардың өнімділігін арттырудың маңызды әдісі-жабдықтар санын азайту және белгісіз жабдықты тез өндіруге тарту. Еңбек құралдарының көп мөлшерінің атрофиясы өндірісті ұлғайту мүмкіндігін азайтады, физикалық тозу нәтижесінде материалдық еңбектің тікелей жоғалуына әкеледі, өйткені ұзақ уақыт сақтағаннан кейін жабдық жиі жарамсыз болып қалады. Жақсы физикалық күйдегі басқа жабдық уақыт өте келе тозады және ескі тәсілмен физикалық түрде жойылады [2].

Негізгі қорларды пайдалануды жақсартудың кең тәсілі әлі толық енгізілмегеніне қарамастан, ол өзінің лимитін қамтиды. Белсенді әдіске қарағанда. Негізгі қорлар мен өндірістік қуаттарды пайдаланудың бай жақсаруы уақыт бірлігіне жабдықты жүктеу мөлшерлемесінің ұлғаюын болжайды. Қолданыстағы машиналар мен механизмдерді жанарту, оларға қызмет көрсетудің оңтайлы тәртібін анықтау кезінде жабдықтың қарқынды жүктемесін арттыруға болады. Негізгі құралдарды пайдаланудың қанықтылығы өндіріс процесінде "қиындықтарды" жою, Жабдықтың жоспарланған өнімділігін аяқтау мерзімдерін қысқарту, еңбекті, өндіріс пен басқаруды ғылыми ұйымдастыруды жетілдіру, жоғары жылдамдықты жұмыс әдістерін қолдану, қызметкерлердің біліктілігін арттыру және кәсібилік деңгейін төмендету арқылы артады.

Техникалық және осыған байланысты қызметті дамыту шектелмейді. Сондықтан негізгі құралдар мен өндірістік қуаттарды пайдалануды қарқынды арттыру мүмкіндігі төмендемейді.

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымын жақсарту өндірістік қуаттардың өнімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады.

Өнімнің өсуі тек негізгі шеберханаларда жүретіндіктен, бұл жағдайда олардың негізгі құралдардың жалпы құнындағы үлесі, негізінен, артады. Қосалқы өндірістің негізгі қорларының өсуі өнімнің капитал салымының өсуіне әкеледі, өйткені өнім шығарудың тікелей өсуі болмайды. Бірақ қосымша өндірістің пропорционалды қалыптасуынсыз негізгі цехтардың толық тиімділігімен жұмыс істеуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан кәсіпорында негізгі құралдар өндірісінің оңтайлы құрылымын құру оларды қолдануды жетілдірудің негізгі бағыты болып табылады.

Қор аударымын ұлғайтуға арналған үлкен резерв-жаңа күштердің жылдам дамуы. Осы мақсатта қолда бар күштерді пайдалануды жақсарту жөніндегі шараларды, сондай-ақ оларды технологиялық қайта жаңарту мен реконструкциялауды ескере отырып, елеулі инвестициялар өсу жоспарланған өнімнен ерекшеленуі тиіс.

Құрылыстағы негізгі өндірістік қорларды қормен қамтамасыз етудің ұлғаюына келесі санаттарға біріктіруге болатын факторлар есебінен де қол жеткізіледі:

1) қолданыстағы негізгі құралдарды уақыт пен күш бойынша тікелей пайдалану дәрежесін көрсететін факторлар: конструкцияларды ауыстыру мерзімдерін ұлғайту, құрылыс ұйымдарында босап шығу жағдайларын азайту, машиналардың, жабдықтар мен көлік құралдарының өнімділігін арттыру, материалдарды, конструкциялар мен жинақтауыштарды, монтаждау жабдығын қажетті және толық жабдықтау;

2) құрылыстық реттеуді көрсететін ұйымдастыру шаралары мен факторлары: басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіру, құрылыстың шоғырлану деңгейі, құрылыс ұйымдарының мамандану деңгейі, құрылыс өндірісін жоспарлау мен басқаруды жетілдіру, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың тұрақты қызметі, Құрылысты басқарудың автоматтандырылған құрылымдарын енгізу, жұмысты ұйымдастырудың қазіргі заманғы конфигурацияларын енгізу;

3) құрылысқа байланысты әлеуметтік және қаржылық жағдайларды көрсететін факторлар: жұмысшылардың біліктілік деңгейі және т. б., құрылыс жұмыстарын орындау үшін өндіріс жағдайларын жақсарту, құрылыс машиналары мен механизмдері паркін есепке алу, бақылау және талдау, құрылысшылардың тұрмыстық жағдайлары, жұмысшыларды материалдық ынталандыру, қызметкерлерді негізгі құралдарды жақсы пайдалануға моральдық ынталандыру;

4) негізгі қорларды жаңартудың әсерін білдіретін факторлар: күрделі салымдар коэффициенті, олардың тозуы және табиғи тозуы нәтижесінде негізгі құралдарды жою, Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті, қорлардың бірыңғай құрылымы, олардың топтары бойынша қорлардың құрылымы;

5) құрылыстағы технологиялық прогрестің әсерін көрсететін факторлар: заттың жаңа құрылымы, заманауи құрылыс технологияларын қолдану, жаңа құрылыс техникасы, жол қорлары және т. б. аванс капиталы екі жағынан қарастырылуы мүмкін:

1) орналастыру тарапынан — активтер;

2) қалыптастыру көздері тарапынан — пассивтер [3].

Активтер айналым мерзіміне қарай бөлінеді. өтеу мерзімі есепті күннен кейін 12 айдан асатын айналымнан тыс (немесе ұзақ мерзімді) немесе олар, егер соңғысы 12 айдан астам болса, қалыпты өндірістік циклден асатын кезең үшін және айналым мерзімі кейінгі есепті күннің 12 айы ішінде немесе егер соңғысы 12 айдан асатын болса, қалыпты операциялық цикл ішінде аяқталатын айналымдық (немесе қысқа мерзімді) кезең үшін пайдаланылады. Сондықтан активтердің жалпы құрылымы формула бойынша есептелген ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің арақатынасымен сипатталады

$$K_{o/v} = E / F' \quad (1)$$

Мұндағы  $E$  — есепті күнгі кәсіпорынның айналым активтерінің шамасы;

$F'$  — есепті күнге кәсіпорынның айналымнан тыс активтерінің шамасы (қалдық құны бойынша).

Бұл көрсеткіштің мәні көбінесе талданатын кәсіпорын қаражатының айналымының салалық ерекшеліктеріне байланысты. Активтердің құрылымын ішкі талдау барысында есепті кезеңдегі коэффициенттің күрт өзгеру себептерін (егер бұл орын алса) анықтау керек.

Активтердің құрылымын алдын ала талдау 1-кесте деректерінің негізінде жүргізіледі, онда активтердің түрлері бойынша абсолюттік шамалар, олардың активтердің жалпы шамасына үлестік салмақтары, абсолюттік шамалар мен үлестік салмақтардың өзгерістері, есепті кезеңдегі айналымдағы және айналымнан тыс активтердің арақатынас коэффициентінің мәндері мен өзгерістері ұсынылады. Кестенің 8-бағанында кәсіпорын активтерінің жалпы шамасының өзгеруіндегі активтердің әрбір түрі бойынша (айналымнан тыс, айналымдағы) өзгерістер үлестері көрсетіледі. Берілген бағандағы ақпаратты талдау барысында мүлік түрі анықталады, оның өсуіне кәсіпорын қаражатының көздерінің өсуі ең көп бағытталған.

Кесте 1- Активтер құрылымының талдауы

Көрсеткіштер	Абсолютті шамалар		Активтердің жалпы шамасындағы үлес салмағы (%)		Өзгерістер		
	Жыл басында	Жыл соңында	Жыл басында	Жыл соңында	Абсолютті шамалар	Үлес салмағы	Активтердің жалпы шамасындағы үлес салмағы (%)
1	2	3	4	5	6	7	8

Айналымнан тыс активтер	1471	1981	65	68	+510	+3	+79
Айналымдағы активтер	794	933	35	32	+139	-3	+21
Барлығы	2265	2914	100	100	+649	0	+100
Айналымдағы және айналымнан тыс активтердің арақатынас коэффициенті	0,54	0,47			-0,07		

Айналымнан тыс активтердің құрылымын және оның өзгеруін нақты талдау 1-кесте нысанында жүргізіледі. Талдау барысында айналымнан тыс активтердің жалпы шамасын ұлғайтуға ең көп үлес қосқан активтердің баптары анықталады. Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек ұзақ мерзімді активтер құрылымында талдау жүргізу мақсатында көрсетілуі мүмкін, өйткені оған салынған қаражат іс жүзінде кәсіпорынның ағымдағы айналымынан түседі.

2-кестені талдау негізінде ұзақ мерзімді инвестицияларға қатысты кәсіпорын стратегиясының түрі анықталады. Айналымнан тыс активтер құрамындағы материалдық емес активтердің жоғары үлес салмағы және есепті кезеңдегі айналымнан тыс активтердің жалпы шамасының өзгеруіндегі материалдық емес активтер өсімінің жоғары үлесі кәсіпорын стратегиясының инновациялық сипаты туралы куәландырады (яғни зияткерлік меншікке салым салуға бағдарлану орын алады). Ұзақ мерзімді қаржы салымдары бойынша осыған ұқсас жоғары көрсеткіштер қаржылық-инвестициялық даму стратегиясын көрсетеді.

Кесте 2 – Айналымнан тыс активтердің құрылымын талдау

Көрсеткіштер	Абсолютті шамалар		Активтердің жалпы шамасындағы үлес салмағы (%)		Өзгерістер		
	Жыл басында	Жыл соңында	Жыл басында	Жыл соңында	Абсолютті шамалар	Үлес салмағы	Активтердің жалпы шамасындағы үлес салмағы (%)
1	2	3	4	5	6	7	8
Материалды есем актив	20	18	1		-2		-0,4
Негізгі қорлар	1237	1612	84	1	+3 75	3	+73,5

Аяқталмаған құрылыс	128	259	9	3	31	+1 4	+25,7
Материалдық құндылықтарға кіріс салымдары	—	—	—			—	—
Ұзақ мерзімді қаржылық салымдар	80	82	5			+2 1	+0,4
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	6	10	1			+4	+0,8
Өзге де айналымнан тыс активтер	—	—	—			—	—
Айналымнан тыс активтердің жиыны	1471	1981	100	00	10	+5	+100

Ұзақ мерзімді активтердің көп бөлігі негізгі құралдармен және аяқталмаған құрылыспен ұсынылған жағдай кәсіпорынның негізгі қызметін кеңейтудің материалдық жағдайларын жасауға бағдарлауды сипаттайды. Стратегияның түрін анықтай отырып, негізгі құралдарды қайта бағалауға түзету енгізу қажет [4].

Ұзақ мерзімді активтердің құрылымын өзгертудің жалпы көрінісін одан әрі нақтылау үшін 2-кестеге ұқсас кестелер құруға болады. Мұндай кестелер материалдық емес активтерді, негізгі құралдарды, аяқталмаған құрылысты, ұзақ мерзімді қаржылық салымдарды және басқа да ұзақ мерзімді активтерді талдау үшін қолданылады. Материалдық емес активтер мен негізгі құралдарды неғұрлым егжей-тегжейлі талдау ф-ның тиісті бөлімдері негізінде жүргізіледі. Жыл басындағы және соңындағы осы активтердің егжей-тегжейлі құрылымы, олардың есепті кезеңдегі түсуі мен шығуы ұсынылған жылдық есептің № 5.

Ұйым құралдарының құрылымына маңызды сипаттама өндірістік мақсаттағы мүліктің коэффициентімен беріледі, бұл негізгі өндіріс құралдарының, қорлардың және аяқталмаған өндірістің (негізгі құралдар қалдық құны бойынша есепке алынады) құны сомасының кәсіпорынның барлық активтерінің жалпы құнына қатынасы. Өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін 0,5-ке тең немесе одан көп ( $KП им > 0,5$ ) осы коэффициент қалыпты болып саналады.

Көрсеткіш шекті шектен төмен төмендеген жағдайда меншікті капиталды толықтыру (мысалы, жарғылық капиталды ұлғайту жолымен) немесе өндірістік мақсаттағы мүлікті ұлғайту үшін ұзақ мерзімді қарыз қаражатын тарту орынды болады.

Аванстық капиталға қажеттілік активтер мен пассивтер сметасын жасау кезінде, яғни жоспарлы бухгалтерлік балансты негізінен өнімді сату жоспарына және өндіріс технологиясының ерекшеліктеріне байланысты айқындалады.

Өндіріс пен сатылымның негізгі өндіріс құралдарының көлемімен тығыз байланысы бар — ұзақ мерзімді активтердің маңызды құрамдас бөлігі.

Қалыптастыру көздері — міндеттемелер-шаруашылық қызметке авансталған капитал жеке және қарыз болып бөлінеді. Коммерциялық ұйымды құру ең алдымен жарғылық капиталды — меншікті капиталдың негізін қалыптастыруды талап етеді.

Коммерциялық ұйым негізгі және айналым қаражатын құрудан басталады, оның мөлшері шаруашылық жүргізуші субъектінің жарғысында көрсетіледі және "Жарғылық капитал" ("жарғылық қор") деп аталады. Жарғылық капитал шаруашылық жүргізуші субъектінің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін оның құрылтайшылары салымдарының сомасын білдіреді

### ***Библиографиялық тізім***

1. Дюсембаев К. Ш. Анализ финансовой отчетности: Учебник. – Алматы: Экономика, 2009. – 366 с.

2. К.К. Жуйриков, С.Р. Раимов Корпоративные финансы. Учебник. – Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2004. – 512 с.

3. Дюсембаев К.Ш., Егембердиева С.К., Дюсембаева З.К. Аудит и анализ финансовой отчетности: Учебное пособие. – Алматы: «Қаржы қаражат», 1998. – 512 с.

4. Ермекбаева, Б.Ж., Купешова Б.К. Корпоративные финансы [Электронный ресурс]: учеб. пособие; КазНУ им. аль-Фараби, Науч. б-ка.- Алматы: КазНУ, 2013.

## **БИЗНЕС-БІЛІМ БЕРУ НАРЫҒЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ МЕН ПАЙДА БОЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

*Еспулатова М. К.*

*Ордабай Б.*

*Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Дуйсембекова Г.Р.*

*Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Қазақстанның нарықтық экономикадағы дамуы қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына өзгерістер әкелуде. Аталған жағдайда қалыптасқан еңбек нарығы қызмет ету ерекшеліктерімен, ішкі және сыртқы байланыстарының күрделілігімен ерекшелене отырып, ғылыми түрдегі*

*талдауды қажет етеді. Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын зерттеудің әдіснамалық негізі, оның концептуалдық негіздерінің мағынасы бұл көпсалалы әлеуметтік-экономикалық жүйенің теориялық негізін ғана қарастырып қоймай, сонымен қатар ғылыми тұрғыдағы бірқатар мәселелерді шешуді, яғни соның ішінде еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын реттеу тиімділігін арттыру сияқты экономикалық тұрғыдағы маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді.*

Қоғамдағы экономикалық жүйенің радикалды қайта құрылуы, яғни еңбек нарығының қалыптасуы мен дамуының жаңаша сипаты, жұмыс күшінің сапасы мен дайындау деңгейіне талаптардың өзгеруі адами ресурстардың ұдайы өндірістік жүйесінің негізгі буыны ретінде білім беру жүйесін реформалауды қажет етеді.

Мемлекет басшысы жуырдағы Қазақстан халқына жолдауында отандық білім жүйесін бәсекеге бейімдеп құру жөніндегі нақты тапсырма беріп, ұлттың өрісі білім нәрімен сусындағанда ғана өсетінін, білім сапасын халықаралық дәрежеге көтеру мен әлемдік білім тайталасында дамыған мемлекеттермен деңгейлес болу мәселесін қадап айтты [2].

Білімдік қызмет көрсету нарығының және оның институттарының қалыптасуының заманға сай даму қарқынының жоғарылығы жаңа әлеуметтік-экономикалық талаптарға сай оқу орындарының қызметтерін бейімдеуді, тұтынушылар сұранысын ескере отырып білімдік қызмет көрсету сапасын арттыру үрдістерін зерттеу және жетілдіру қажеттілігін сипаттайды.

Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарықтарының институттары өзара әрекет ету қызметтерінің тәжірибесін жинақтаумен шектеледі, сондықтан Қазақстан экономикасының нақты жағдайларына сәйкес еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығының өзара байланысының механизмдерін және өзара әрекетін реттеу бағдарламаларын жетілдіруді қажет етеді.

Жұмыскерлердің зияткерлік деңгейі мен өндірістік күшін арттырудың маңызды факторы бола отырып, білімдік қызмет көрсету нарығы халықтың білім беру үрдісін ынталандыра отырып еңбек нарығына бейімдейді. Соңғысы білім беру қызметінің саны мен сапасына әлеуметтік тапсырысты анықтай отырып, білім беру нарығына әсер етеді. Сәйкесінше отандық экономикалық ғылымда жеткіліксіз дамып отырған аталған нарықтардың өзара байланысының әдіснамалық негізін анықтау міндеттерінің және оның өзара әрекетін реттеу мәселелерінің өзектілігін арттыра түседі.

Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын зерттеудің әдіснамалық алғышарттарын негіздеу үшін және олардың мазмұны мен өзара әрекетінің ерекшеліктерін қарастыру үшін аталған мәселені теориялық тұрғыдан зерттеп қарастыру қажет.

Теориялық қайнар көздерге талдау жасау әдіснамалық зерттеулер ерекшеліктерімен сипатталатын еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын теориясындағы негізгі бағыттарды атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Еңбек нарығы теориясының негіздері еңбек нарығы, жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық мәселелеріне біртұтас көзқарастарын қалыптастырған У. Петти, А. Смит, Д. Рикардо, Д.С. Милль сияқты

өкілдерімен классикалық теорияның экономикалық ғылымында қалыптасқан [1].

Классиктердің пайымдауынша еңбек нарығы барлық нарықтарға қатысты жүзеге асырылады. Онда сатып алушылар мен сатушылар бірыңғай өндірістік ресурс – еңбектің жүзеге асырылуына қатысу туралы ұтымды шешім қабылдайды. Олар еңбек нарығын нарықтық заңдылықтарға бағынатын динамикалық жүйе ретінде таныды. Басқа нарықтар сияқты еңбек нарығы да баға теңдігі негізінде қызмет ететін нарықтық реттеуші ретінде қарастырылады. Өндірісті кеңейте отырып өндірушілер жұмыс күші саны мен еңбек ақыны ұлғайтады, сәйкесінше жиынтық нақты кірісті ұлғайтады және жиынтық сұраныс пен ұсыныстың артуына әкеледі. Осының бәрі өз кезегінде кәсіпкерлердің өндірісті кеңейтуіне ықпал етеді.

У.Петтидің адам қабілетін өндірісте қолданылатын жанды әрекет етуші күш ретінде ашылатын және қоғамның мақсатты қызметінің нәтижесі болып табылады да, ал байлық, еңбектің арқасында пайда болады деген тұжырымдамасының берілген зерттеу үшін маңызы зор[2]

А.Смиттің материалдық, қаржылық және адамдық ресурстарды тиімді пайдалану шарты ретінде жұмыскерлер арасындағы еркін бәсекелестік туралы тұжырымдамаларының әдістемелік маңызы зор. Оның пікірінше қоғамда өз кәсібін еркін таңдай білетін және қажет болған жағдайда кәсібін еркін ауыстыра алатын жұмыскері бар нарық ұтымды қызмет етеді.

Ел экономикасындағы жұмыспен қамту дәрежесі туралы жағдай да аса назар аударарлық. Өйткені еңбек нарығы жұмыспен қамту жүйесінің құрамдас элементі болып табылады. А.Смиттің пікірінше жұмыспен қамтылу бір жұмысшының еңбек ақысының орташа мөлшерлемесінің мөлшерімен анықталады. Егер еңбек ақының орташа мөлшерлемесі артса, онда қоғамның жұмыспен қамтылу бойынша мүмкіндіктері төмендейді.

А.Смиттің пайымдауынша еңбек нарығында жұмыс берушілер арасында бәсекелестік болуы тиіс. Ол кезде еңбек нарығы бәсекелестікте болған жоқ, бәсекелестік тек жұмысшылар арасында ғана болды.

А. Смиттің жұмыс күшінің сапасы мен адамның еңбекке деген қабілеті туралы тұжырымдамасы да ғылыми қызығушылық туғызады. Адамның дәл осы қасиеттері оның ойынша қоғамның мақсатты бағытта ұтымды қызмет етуінің нәтижесі болып табылады. «Жұмыскердің физикалық күшін», «қоғам мүшелерінің қалыптасқан және пайдалы қабілеттерін», сонымен қатар «жұмыскердің еңбекке деген қабілетін» қарастыра келе, А.Смит олар тұтас қоғам байлығының нәтижесі болатынын, сәйкесінше еңбек өнімділігі біріншіден жұмыскердің ептілігі мен қабілетіне тікелей байланысты, содан кейін барып ол жұмыс істейтін құрал жабдықтарды жақсартуға байланысты екенін тұжырымдады. А.Смиттің пікірінше жұмыскердің еңбекке деген қабілетінің сапасы оның табиғатымен емес адамның алған білімімен, тәжірибесімен және дағдысымен анықталады[3].

Осылайша, ғалымның пікірінше жақсы оқытылған жұмыскер оқуға және кәсіптік дайындыққа қаражаттары жетпегендерге қарағанда жақсы жалақы алады. Ол білімдік қызмет көрсетуді экономиканың қоғамдық



секторының өнімі ретінде түсінді. Сол кездегі экономист ғалымдардың тұжырымдамалары қазіргі заманның талаптарымен дәлелденіп отыр.

Д. Рикардо «жұмыс күшінің ұдайы өндірісінің шығындары» түсінігін қалыптастыра отырып, оған білім алуға кететін шығындарды кірістірді. Ол білім беруге кеткен шығындар деңгейінен еңбек ақының дифференциациясының тәуелді болатынын атап айтты [3].

Білімдік қызмет көрсету нарығының мәселелерін зерттеуде Дж. Миллдің еңбектеріндегі адамның еңбекке қабілетін талдау әдіснамалық тұрғыдан маңызды. Ол байлықтың негізгі айрықша белгісі өнімнің өміршеңдігі деп есептеді. Дж. Миллдің пікірінше адам - байлық емес, ол қоғамдық байлықты дамыту мақсаты ғана. Ал оның еңбекпен қалыптасқан қабілеті толық негізде осы категорияға жатады.

Өндірістегі жетістіктер, Дж. Миллдің пікірінше, көп жағдайда өндіріс шарттарына қарағанда өндіріске қатысатын адамдардың жеке қасиеттерінен тәуелді болады.

Тәжірибе көрсеткендей өндіріс факторларының ішінде жеке факторлар анықтаушы орында деген ғалымның пікірі дұрыс. Бұл заңды, өйткені өндірістің қаражаттарын қалыптастыратын, пайдаланатын және оны ұйымдастыратын—адам.

Осылайша, классикалық теория өкілдері еңбек нарығының қызмет етуінің анықтамалары мен мәселелеріне көзқарастар жүйесін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар олар адамдық факторлар мен еңбек ақысы арасында байланысты анықтай отырып, экономикалық факторларға ғана емес, сонымен қоса әлеуметтік факторларға да аса мән берді. Соның ішінде білім беру мен тәрбиеге ерекше назар аударды.

Дегенмен, классиктердің өндіріс шығындары концепциясы білім берудің нақты құнын көрсете алмады, себебі нақты және өткен еңбек шығындарын барлығын ескерген жоқ. Еңбек ақы жұмыскердің еңбекке деген жеке қабілет деңгейінен тәуелді, дегенмен, ол (еңбек ақы) олардың айтуынша қабілеттер мен білім арқылы көрсетілетін қызметтің нарықтық бағасы ретінде емес еңбектің нарықтық бағасы ретінде болады.

Классикалық теория тұжырымдамалары неоклассикалық мектептің экономистері (А. Пигу, Д. Робертсон, А. Лаффер, А. Маршалл, Ф. Эджуорт және басқалар) жалғастырды.

Еңбек нарығы жалпы нарық заңдылықтарына бағынатын ішкі динамикалық жүйе ретінде бағалай отырып неоклассиктер еңбек нарығындағы тепе-теңдікті сұраныс пен ұсыныс қатынастарына еңбек ақы мөлшерлемесінің жетістігі ретінде қарастырады. Нақты еңбек ақының икемділігінің арқасында нарықтық механизм толық және тиімді жұмыспен қамтылуды қамтамасыз етеді.

Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын зерттеуде А. Маршаллдың тұжырымдамалары әдіснамалық негіз болады. А. Маршалл еңбекті адамның білімі мен физикалық экономикалық жұмыстары ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша білім өндірістің ең мықты қозғаушы күші болып табылады [4].

А. Маршалл, жұмыскерлердің экономикалық өсуі, білімі және еңбек ақы арасында тығыз байланысты қарастырмаған. Оның айтуынша жұмыс орнынан оқыту сырқы үнемділікті ғана қамтамасыз етеді, ал осы процесті жүзеге асыру арқылы фирма жұмыскерді оқытудан ешқандай пайда көрмейді.

Мұндай тұжырымдамамен келісу қиын, себебі фирма ретінде өндірістік кәсіпорын қарастырылатын болса, онда оқу арқылы жұмыскер өзінің біліктілігін жетілдіріп, өз ісіне қатысты жаңалықтарды меңгеріп, нәтижесінде атқарған жұмысы өнімді және сапалы бола түсетіні сөзсіз. Фирма бұдан пайда тапса, ал қызметкер немесе жұмыскерлердің разрядтары жоғарылап, табысы да арта түседі.

Сондықтан еңбек ақы өндіріс шығындары мен өндірістік жұмыскерлерді оқыту шығындарының күрделі әрі тығыз байланыста болады деген тұжырымдамамен келісуге болады.

А.Маршаллдың жұмыс күшінің білім деңгейі мен оның бәсекеге қабілеттілігінің өзара байланысы туралы тұжырымдамасы назар аударарлық. Оның пікірінше жұмыс күші неғұрлым икемді болса, соғұрлым ол терең мамандандырылған және жұмыс күші неғұрлым өзгерістерге бейімделгіш болса, соғұрлым олар еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі жоғары болады.

Сонымен қатар нарықта «еңбектің жоғарғы категорияларына» жататын адамдар неғұрлым бәсекеге қабілетті болады, өйткені олар жоғары да сапалы білімді, жылдам шешім қабылдағыш болып келеді болады.

Атақты экономистермен жасалған қорытындылар қазіргі нарықтағы жалдамалы жұмыскерлер мен білім беру мекемелеріне қойылатын талаптарға сай келеді.

Білім берудің экономикалық ролінің теориялық негіздері К.Маркстің де еңбектерінде білім беру шығындарының өндірістік сипаты ретінде қарастырылған. Ол: «азды-көпті товарлық эквивалент сомасынан тұратын белгілі бір білім мен тәрбие қажет. Сәйкесінше оқытудың бұл шығындары қарапайым жұмыс күші үшін мардымсыз және өндіріске кеткен шығындар құнына жатады», - деп жазды.

К.Маркс білімдік қызмет көрсету нарығын зерттемегенімен ол экономиканың қоғамдық секторының өнімі - білімдік қызмет көрсетуді жинақталған адами қабілеттің жиынтығы ретінде қарастыра отырып, қоғамның өндірістік күштерінің заттық элементтері мен ғылымның даму мәселелеріне аса назар аударған. Қарапайым және күрделі еңбекті зерттей келе, ол жоғары маманданған жұмыс күшін дайындауға кеткен шығындар жасалатын өнімге ауыспайды, неғұрлым өнімді еңбектің ағымдық шығындарында көрініс табады деп есептеген, яғни еңбек күші неғұрлым жоғары болса, соғұрлым өндіріс тиімділігі арта түседі.

Қазіргі экономикада білім беру мен тәрбие мәселесінің маңыздылығы арта түсуде. Ал қазіргі өндіріс тек қана жаңа техника мен технологияларға ғана емес, сонымен қатар біліктілігі жоғары мамандарға да мұқтаж. Қоғамда өз құнын, орнын білетін біліктілігі жоғары маман өмірдің жоғарғы дәрежедегі экономикалық мәдениетін меңгерген және бейім. Әйтсе де жаңа техника мен технологияларға негізделген экономикалық өсу білім мен ғылымның дамуымен тығыз байланысты екендігі мәлім. Жаңа техника мен технологияларды игеру

үшін жұмысшылардың дайындығы жеткілікті деңгейде болу керек. Сәйкесінше бүгінгі таңда еліміз адам ресурстарына бет бұрып, кадр саясатын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіруге ұмтылуда. Сондықтан еңбекке деген қабілетті зерттеуде заманға сай құрал-жабдықтарды басқара алатын, жоғары білімді мамандарды дайындау, оларды еңбек нарығында бейімдеу мәселесі аса назар аударуды қажет етеді.

Отандық экономикалық ғылымда еңбек нарығы және білімдік қызмет көрсету нарығы айтарлықтай зерттеліп, жетілдірілуде. Дегенмен, Қазақстанның нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығының өзара байланысын сипаттайтын нақты қалыптасқан концептуалдық моделді атап көрсету қиын. Қазіргі жағдайда еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығында туындап отырған мәселелер жеткілікті, сондықтан олардың даму мәселелеріне көп көңіл бөлінгенімен де экономикалық ғылымда аталған нарықтардың өзара байланысы мен өзара әрекет етуінің біртұтас көзқарастары толық қалыптаспай отырғандықтан бұл саланың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жетілдіруді қажет етуі бүгінгі таңда көкейкесті мәселе болып отыр.

Нарықтық экономика институттарының қалыптасуы мен дамуы процесінде еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығының ерекшеліктері мен мазмұнын, сонымен қатар олардың өзара байланысының механизмін зерттеу жалпылама теориялық қорытындылар мен бірқатар практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Нурманова Б., Даулиева. Экономикалық ілімдер тарихы. Оқу құралы. – Алматы, ҚазМУ баспасы, 2013.
2. Рикардо Д. Начало политической экономии. «Антология экономической классики». Т.1.М., 2010.
3. Маршалл А. Принципы экономической науки. Т.3. «Антология экономической классики». Т.1.М., 2010.
4. Маркс К. Капитал. Т.1-4. Сочинения. 2-е издание. «Антология экономической классики». Т.1.М., 2010.

## **XX ҒАСЫРДЫҢ І-ШІ ЖАРТЫСЫНДА ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАРУЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

*Әбдікерім Е.М.*

*Шекербеков Қ.М. – магистр, аға оқытушы*

### ***Аннотация***

*В данной научной статье рассматриваются некоторые проблемные вопросы историографической традиции исторической науки в Великобритании в первой половине XX века. Цель данного развития в историографии*

*Великобритании было после первой мировой войны преобразовать в разумах народа дальнейшее развитие политико-социальных отношений в стране. Поставленная цель была достигнута с помощью многих ученых Великобритании.*

Ұлыбританиядағы тарихшылар қаумы кәсіпқойлардан, жоғары мектеп жүйесінде, зерттеу мекемелерінде, тарихи қоғамдарда және басқа бірлестіктерде істейтіндерден құралады. Кәсіпқой тарихшы кадрларды дайындау университеттер, политехникалық институттар және жоғары колледждерде жүзеге асырылады. Тарихшыларға білім берудің негізгі орталығы Оксфорд және Кембридж болып қалды. Бұл университеттер ерекше артықшылығы бар жоғары оқу орны, биік беделді дипломдар және ғылыми дәрежелер мәртебиесін сақтап қалды. Соғыстан кейінгі жылдарда тарих саласындағы мамандарды дайындауда көне университеттер ішінде Лондон университеті даулас алады. Әрекеттегі бұл университет жанындағы тарихи зерттеулер Институты кәсіпқолардың ғылыми жұмыстарындағы координацияланған бағыттары бойынша жетекші орталық функциясын жеңіп алды [1].

1920 - жылдары университет мәртебесін бірқатар университет колледждері алды (Сауттемpton, Гулль, Эксетер, Лестер). 1930 - жылдары Кинде, Эссекседе, Йоркде, Сассексте, Ланкостарде, Кентте, Уорикте Шығыс Англияда, Стирлингте жаңа университеттер ашылды. Бұл жылдары жетекші технологиялық колледждер университет болып қайта құрылды, топ құрамында технологиялық университеттер болып аталды (Баб, Бродфорд, Бронел, Сэррэй, Сэлфорд т.б.). ХХ ғасырдың соңғы ширегінде университеттердің монополдық жай-күйі политехникалық институттар және технологиялық колледждермен таласа алады [2]. Тарихты зерттеуде және оқытуда олардың оқу жспарлары мен зерттеу бағдармалары маңызды орын алды. ХХ ғасырдың екінші жартысында Ұлыбританияда тарих ілімі саласында жаңа және ең жаңа тарих проблемаларының интенсив разрядтары жасалды. Бұл пән бойынша студенттерді және аспиранттарды дайындау тарих бәлім дерінде және саяси ғылымдар кафедрасында жүргізілді.

1930 - жылдардың ортасында Қазіргі заман тарихы Институты ашылып, "Қазіргі заман тарихы журналын" басып шығара бастады. 1937 ж. Лондон саяси ғылымдар және экономика мектептері базасында Қазіргі заман тарихшылары Ассоциациясы құрылды. Оның міндеті ХХ ғ. Тарихы проблемаларын жан-жақты зерттеуді қарастырады. 1990 жылдан Лондон университеті және Оксфорд "Британ тарихының жиырмамыншы ғасыры" журналын басып шығара бастады. Тарих ілімі ұйымындағы жаңа құбылыс жоғары оқу орындары мен ғылыми институттар жанындағы оймақтық және елтану орталықтары болып қалды. Ғылыми іздену және мамандарды дайындау бағыттарына европалық зерттеулер кірді (Эдинбургтегі университеттер, Донди, Кардиффе, Кенбе Уорике, Сассексет және Манчестрдегі политехникалық институттар, Шеффилде, Лидсе т.б.). 1930-40 жылдарда тарих бойынша мамандықтар және скандинавиялық елдер мәдениеті кіргізілді (Кембридж, Лондон, Абердин, Гулль, Шеффилд, Ньюкасл, Ливеркуль т.б.). Бірқатар университеттерде (Бристоль, Гулль, Лиде, Манчестер, Сент-Эндрюс, Глазго,

Стирлинг т.б.) және политехникалық институттарда испандық тарих және мәдениет проблемаларын қайта жасау басталды. 60-80 жылдары славян халықтарының тарихын зерттеу, балкан елдері, орыс және советтік тарихтың өзіндік маңызы болды. Лондон университеті жанындағы Шығысевропалық зерттеу және славян мектептері ғылыми орталықтар арасында бұрынғыдай жетекші орын алды. 1933 ж. Глазгов университеті жанында СССР, Россия және Шығыс Европа тарихын зерттеу бойыша оқу және ғылыми орталықтар құрылды. Орталық "Soviet studies" журналын басып шығара бастады. 1930-1940 жылдары осы салада Бирмингем, Серрей Киль университеттері ірі орталық болып қалды [3].

Соғыстан кейін тарих ғылымында америкалық және латын америкалық проблематикаларға баса назар аударылды. Елдердің жетекші университеттерінде американтаушы мамандықтары ашылды. Дарем университеті жанында 1920 - жылдардың ортасында Британдық америкалық зерттеушілер ассоциациясы жұмыс істеді, бірнеше монография мен «Journal of Amerikas studies» журналын шығарды. 1935 ж Лондон университеті жанында АҚШ институттары ашылып, ғылыми координатор қызметтерің қайта жасады. Соғыстан кейінгі жылдары Ұлыбритания латыншаамерикандық зерттеулер мен мамандандырылған білім беру бағдарламалары тарих ғылымының феномены болды [4]. 1934-1936 жылдары оірнеше университет орталықтары мен институттар ашылды (Лондонда,Оксфордта, Глазго, Кембрижде, Йоркте). 1930-жылдардың ортасынан «Journal of Latin Amerikan studies» журналы шыға бастады. Ұлыбританияның тарих білімінде британдық тарихты зерттеу жетекші орын алады. XIX ғ. Бірінші жартысы XX ғ. Британдық тарих ұғымы ағылшын тарихымен жақындастығы айқындалды. XX ғ. Ортасында британдық тарих Британ аралдарындағы тарихы тағдыры бір мемлекетте біріккен әр түрлі халықтардың тарихы ретінде ұғым болды. Британдық тарих жана көзқарасты концептуалды рәсімдеуді көп жағдайда ішкі процестермен түсіндреді. Бірінші кезекте Англиядағы, Шотландиядағы, Уэльсдей Солтүстік Германиядағы тарихнамалық мектептерді өзіндігі анықталды. Британдық тарихтың тұжырымдамасы және зерттеу проблемаларын анықтау, ғылым академиясында, зерттеу орталықтарында және тарих қоғамдарында белгілі орын алды. Ұлттық аймақтық тарихнама мектептерінің өздігінің анықталуы және мәденитаралық коммуникация қорғаны тарихшышардың академиялық қауымдастығының малалар топтамасы монографиясында көрініс тапты. Британдық тарих көпұлттық мемлекет және қоғам тарихы ретінде қалыптасты. 1930-1950 жж. Шотлан тарихы түрлі топтамада «Жаңа тарих» болып 3 рет қайта жазылды. Ирландия және Уэльс тарихының және редакциясының ұқсастығы қарастырылды. 50 – жылдардың ортасында «Англияның жана тарихы» монография топтамалары басыла бастады (Бас редакторлары А.Диккенс және Н.Гэси). Оның мақсаты шотландық және уэльстік тарихшылардың алдында тұрған міндеттермен ұқсас болды: қазіргі заман тарих ғылымдары мәліметтерінің есебің толық беру, халықтар тарихының көлемді көрінісі, құрама Королдыққа кіретіндердің құрамы [5].

Ұлыбританияның тарихи білімдер ұйымында тарих қоғамы бұрынғыдай маңызды орын алады. Соғыстан кейінгі беделділердің бірі бодды. Қоғамды

белгілі тарихшылар Дж. Элтон, Дж. Хабакук, Дж. Холт, Дж. Эйлер басқарды. Қоғам тарихи құжаттардың 300-ге жуық томын жарыққа шығарды. Қоғам зерттеу жұмыстарының қорытындысын әр жылға «Еңбектерде» көрсетіп отырды. 50-жылдардың ортасынан қоғам мүшелері британ тарихы бойынша библиографиясының әр жылғы топтама басылымын, сонымен қатар жас ғылымдардың жұмысын көрсететін «Тарихи зерттеулер» монография топтамасын қолға алды. 1930-1960 жылдарда «жаңа тарихи ғылымдар» теория әдіснамалық сұрақтары, әлеуметтік тарих, колониал және британ тарихтарының дискуссиялық проблемалары бойынша конференция жұмыстары практикасына кірді. Британ тарихшыларының басқа ұлттық ұйымы - «Тарих ассоциациясы - барлық деңгейде тарихты оқыту және зерттеу, барлық тарих аспектеріне қоғамдық қызығушылықты күшейту және оны барлығы үшін білім беру элементтеріне айналдыруды» өз кезегімен себеп болу мақсатын өзінің негізі етіп қойды. Тарих ассоциациясының жарғысы оның қатысушылары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы міндетті емес деп көрсетті. XX ғ. екінші жартысында ол кәсіпқойлар мен әуесқойларды біріктірген үлкен ұйымға айналды. «Teaching History», «History», «Primary History» журналдары ұйымдастырылды. «History» және «History Society» (1951 ж. негізі қаланған) журналдары кәсіптік; тарихи білімнің нақты проблемаларына байыпты назар аударды. 1950 -жылдардың ортасында «History Society» журналы қазіргі заманғы тарихи білімдер мазмұны және құрылымы туралы дискуссия ұйымдастырды [6].

XX ғ. екінші жартысында зерттеу бағдарламаларына және ғылыми зерттеушілер көлеміне мемлекет көмегі айқын көрінді: университет және институттардың ұйымдардан қаржылық тәуелсіздігі өсті, зерттеу жұмыстарына және жоғары мектеп қажеттілігіне қаржы бөлінді. Кәсіпқойлардың еңбектерінің мазмұнына, мемлекет және қоғамның экономикалық тұтынушылығына байланысты, жоғары оқу орындары және одан тыс мықты зерттеу бірлестіктері бекітілді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. «Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки» под ред. Н.П.Дементьева, А.И.Потрушева М., «Простор» - 1991
2. «Вопросы историографии и методологии истории» Сб. Статей. Ростов-на-Дону. 1977 г.
3. «История и историки историографической ежегодник» под ред. Нечника. М., «Наука» 1984 г.
4. Кислица Н.А. «Англиская буржуазная революция XVIII века» М., 1963г.
5. Грухановский В.Г. «Новейшая история Англии» М., 1958г.
6. Европа мен Америка елдерінің тарихы (1918-1990) Т. Дәуірбаева, Түркістан 2004

## КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

*Жуманов Ж. И.*

*Нуршабай Ж.М.*

*Ғылыми жетекшісі – Айтжанов Т.А., экон.ғыл.магистрі  
Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*Осы зерттеулер санының көптігіне қарамастан, отандық және шетелдік ғалымдарының еңбектерінде шешілмеген проблемалар әлі де көп. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев кәсіпкерлердің оныншы форумында, елде жеке кәсіпкерліктің көпшілікпен мақұлданған анықтамаларының болмауын, орташа және ірі кәсіпкерліктің аяғына дейін өнделген сандық және сапалық бағалау өлшемдерінің критерияларының, шағын кәсіпкерліктің соңына дейін ойластырылмаған ұғымдық аппараттарының жоқтығын атап өтті. Сонымен бірге, кәсіпкерліктің мәнін анықтауда алдымен «кәсіпкерліктің» негізгі түсінігін нақтылау қажет ашып және айқындалған орынды.*

Берілген дәуірдің экономикалық қызметін жүйеге келтіру өз көрінісін меркантилизмде тапты, оның негізін қалаушы А.Монкретьен, Т.Ман, Р.Кантильон, Ж.Б.Кольбер және тағы басқалары болып табылады. Меркантилизм теориясының мәні келесі ерекшеліктермен сипатталады: алтын және қандай да болмасын қазыналар ел байлығын көрсетеді, олардың келіп түсуі дайын өнеркәсіптік өнімді импорттау арқылы сыртқы саудамен қамтамасыз етіледі. Осындай жағдайларда айналым сферасымен байланысты, өсімқор және көпес кәсіпкерлердің қызметі капитал қорлануының негізгі көздері болып табылады. Осы аралықта көпестердің сауда қызметінің мемлекет үшін мәні зор, оның нәтижелеріне жеке алынған индивидум мен жалпы ұлттың тұрмыс жағдайы байланысты болды. Сонымен, француз ақ сүйегі Антуан де Монкретьен кәсіпкер-көпестің сауда қызметін елге байлықты тартатын насоспен салыстырды.

Сөйтіп, орта ғасыр дәуірінде кәсіпкерлік деп көпестердің сауда, коммениялық қызметін, кәсіпкер деп – саудагерді (көпес) түсінді, ал кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда – бұл ақша түріндегі сыртқы сауда қорлары немесе асыл металдарды және тастарды шығару.

Француз тілінен таралған «кәсіпкерлік» (entrepreneur) ұғымын экономика теориясына тұңғыш рет ағылшын банкирі, әрі экономисті Р.Кантильон енгізді. Р.Кантильон кәсіпкер деп бағаның тұрақсыздығы мен болашағын болжауға болмайтын жағдайда тауарларды сату менсатып алу процестеріне қатысатын, бірақ кірістерінің жалпы сомасын біле білмейтін адамдарды (саудагерлер, шаруалар, қолөнершілер т.б.) аталған. Оның пікірінше, кәсіпкердің басты ерекшелігі ретінде тәуекелшілдік қарастырылады.

Кәсіпкерлік ұғымын зерттеуге алғашқы ден қойғандар «саяси экономияның» ғылымы ретінде қалыптасуының іргесін қалаған физиократия мектебінің өкілдері болады. Аталмыш мектебінің негізін салушы Ф.Кэне (1694-1774), өнім өндіруші фермерлерге әр қашан жоғары баға беріп отырған. Физиократтардың пайымдауынша, жерді жалға алып, ауыл шаруашылығы

өнімдерін өндіруші кәсіпкер – шаруа қоғамдық саудагерлікте басты роль атқарады. Бұл ғылыми бағытты француздік мемлекеттік қайраткері, әрі экономисті А.Тюрго (1721-1781) жалғастырған. Ол кәсіпкерлерді үш топқа бөлді: өнім өндіруші (жерді жалға алушылар), меншік иелері (жерді жалға берушілер) және өнім өндірмейтіндер (осы жұмысқа қатысушы қалған адамдардың барлығы). Соңғы топты А.Тюрго тағы да екі топқа бөлді: а) кәсіпкер-мануфактурашылар, фабрика басшылары және қарапайым қолөнершілер. ә) еңбек ақы алатын қарапайым жұмысшыларға аванс беретін кәсіпкер – капиталистер, яғни тікелей өнім өндірушілер. Ақырында ол кәсіпкер белгілі бір дәрежеде тәуекел етіп ғана қоймайды, сонымен қатар оның белгілі бір дәрежеде басқарушылық қабілеті де болуға тиіс деген түйін жасаған.

Француз экономисті Жан Батис Сей (1767-1832) кәсіпкерді өз есебінен тәуекелімен, өзіне пайда табу үшін өнім шығарушы адам – деп түсіндіреді. Ғалымның ойынша кәсіпкерде тұрақтылық, айналадағы жағдайды сезетін адамдармен түсінісе алушылық қасиеттерімен қатар өндірістің үш факторы – табиғат, еңбек пен капиталды – біріктіріп іске қоса алатын мықты қабілеттілік болуы тиіс.

Неміс ғалымдары М.Вебер (1864-1920) «кәсіпкерлік дегеніміз – іс адам үшін емес, адам іс үшін өмір сүру тәсімі» десе, В.Зомбарт (1863-1947) кәсіпкерлікпен сәтті айналысу үшін әр заманның өзіне тән рухы терең сезініп, дөп басып білу керек, тек осылай өткенде ғана кәсіпкерліктің ісі оңға басылады деп түсіндіреді.

Кәсіпкер әрбір мүмкіндікке дұрыс баға беріп, оның көп формасының ішінен жаңа кәсіпорынды ұйымдастыруға ең қолайлысын таңдауы қажет[6]. Қолайлы мүмкіндіктер ресурстарды тиімділігі төмен аймақтардан тиімділігі жоғары аймақтарға ауыстыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде кәсіпкерлік қауіптер, есептелінетін және есептелімейтін формаларда көрінетін, екі бөлікке бөлінеді. Қауіптің бірінші түрі – бұл жай қауіп. Екіншісі – белгісіздік. Егер қауіп нәтижелердің белгілі жинағын болжаса, онда белгісіздік, өндірілген өнім немесе қызметтерге сұраным мен ұсынымның сәйкессіздігімен қамтылған, үнемі өзгертін нарықтық жағдаймен байланысты. Кәсіпкердің негізгі сипаттамалары сақтық, тәкаппарлық, ұқыптылық, ұстамдық, пайданы алудың пайда болған мүмкіндіктеріне сезімпаздық және ең бастысы, қоршаған ортада болашақта болатын өзгерістерді болжау сияқты белгілермен толықтырылды [2]. Ал кәсіпкерлік пайда, неолибералистер пікірі бойынша, бұл күтілген және нақты түсімдер арасындағы ойда болмаған айырма, ол Й.Шумпетердің (J.Schumpeter) кәсіпкерлік табыс анықтамасына сәйкес келеді. Ғасыр ғалымдарының экономикалық ойларын жүйеге келтіру кәсіпкерлік түсінігін ескішілдікке негізделген бизнестен түбегейлі өзгешеленетін, инновациялық процесс ретінде; кәсіпкерді – қолайлы мүмкіндіктерді іздеестіретін және өз қызметін болжай алатын, жаңашыл ретінде; кәсіпкерлік табысты – бұл тек пайда емес, сонымен қатар үстеме пайда ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап кәсіпкерліктің проблемалары отандық ғалымдардың және ТМД елдерінің ғалымдарының еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Әрине, жүргізілген зерттеулерде кәсіпкерлікке, кәсіпкерге және кәсіпкерлік табысқа ортақ анықтама берілмеген.



Сонымен қатар, бірқатар авторлардың айтуынша, зерттеушілердің барлық талпыныстары алғашында сәтсіздікке ұшырайды. Бұл әр түрлі елдердегі кәсіпкерлікті дамытуда мемлекетпен жүргізілетін саясатқа, қойылған зерттеу мақсаттарының әр түрлілігіне, тікелей кәсіпкерліктің даму деңгейіне және тағы басқаларға байланысты. Сонымен бірге, соңғы еңбектерде кәсіпкерлік процесін өзін жаңарту мен өзін ұйымдастырудың синергетикалық моделі ретінде қарастырған. Кәсіпкерлер жұмысты тиімді жүргізу нәтижесінде капиталды жинау мүмкіндігіне ие болады. Өндірістің алдағы дамуы спираль бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен, кәсіпкерлік пен кәсіпкерлік қызмет проблемалары ғалым-зерттеушілермен ертеректе және әр түрлі варианттарда қарастырылды. Орындалған экономикалық зерттеулер талдауының негізінде, кәсіпкерліктің экономикалық мәнін нақтылап, толықтыруға талпынып, «кәсіпкер»(enterpreneur) категориясын тұжырымдау қажет. Сөйтіп, әлемдік экономикалық ойды ұғыну, зерттеу мен қорыту кәсіпкердің келесі сипаттамаларын ажыратуға мүмкіндік берді:

1.кәсіпкер – бұл қауіп, белгісіздік;

2.кәсіпкер – бұл пайданы және үстеме пайданы, яғни кәсіпкерлік табысты алу;

3.кәсіпкер өндірістің барлық факторларын үйлестіреді: еңбек, жер, капитал;

4.кәсіпкер жаңалықтарға бейім: жаңа өнім мен қызметтерді өндіруге, жаңа әдістерді енгізуге және өткізудің жаңа нарықтарын іздеуге, инновациялық менеджментке; т.б.

5.кәсіпкер – бұл кәсіпкерлік істі жүргізу үшін жігерлі, білім мен ақпараттың белгілі деңгейін меңгерген адам;

6.кәсіпкер, табыс алу мақсатында, жаңа идеялардың болашағын бағалауға, алынған ақпаратты талдауға және нарықтың қалыптасқан конъюктурасы тұрғысынан шешімдерді қабылдауға қабілетті болуы;

7.кәсіпкер кез келген, әсіресе белгісіз жағдайларда бір ғана дұрыс шешімді қабылдауы тиіс.

Кәсіпкердің берілген қабілеттері, кәсіпкерлік процестің барлық сатыларына (өнімді құру сатысы, еңбек өнімін өндіру сатысы, еңбек өнімін тұтыну сатысы) сәйкес бірқатар белгілі функцияларды орындау арқылы жүзеге асады [3]:

1.сатып алушылардың сұранысын және олардың төлем қабілетін зерттеу бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу;

2.өнімнің бәсекелестігін қамтамасыз ететін, бұйымның белгілі өлшемдері мен сыртқы түрі бойынша техникалық құжаттарды дайындауға;

3.бұйымдардың тәжірибелік үлгілерін дайындауға;

4.өнімді өндіруді барлық қажетті шикізат, материалдық және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге;

5.берілген өнімді өндіру үшін ең жетілген технологиялық процесс пен басқарудың тиімді схемасын таңдауға;

6.халықтың төлем қабілеті едәуір жоғары өткізу нарықтарын анықтауға міндетті.

«Кәсіпкер» түсінігінің ұсынылған сипаттамаларын және оны орындауға тиісті функцияларының тізімін пайдаланып, «кәсіпкерлік» анықтамасын нақтылауға тырысамыз, және де берілген анықтама кәсіпкерліктің әр түрлі формасына қатысты алғанда толық, онда тек сапалық сипаттамаларын алып, сандық бағалау өлшемдері мен шаруашылық жүргізу субъектілердің ұйымдастыру-құқықтық формаларының болмауы тиіс. Өйткені, кәсіпкерліктің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің сандық сипаттамалары мен ұйымдастыру-құқықтық формалары арнайы қабылданған нормативті-құқықтық актілермен бекітіледі. Кәсіпкерлік қызмет – бұл табысты алу мақсатында өндірістің барлық факторларын қозғалысқа келтіретін, қауіп пен белгісіздіктің белгілі үлесімен жанасатын инновациялық процесс.

Кәсіпкерліктің берілген анықтамасы қазіргі заманғы кәсіпкерліктің табиғатын сипаттайтын шарттармен толықтырылуы және оның кәсіпкерлердің күнделікті қызметінде бағыттаушы болуы керектігін атап өту қажет. Кәсіпкерліктің отандық теориясында қазірге дейін кәсіпкерлік мәнінің нақты анықтамасы жоқ, әдетте ұсынылатын тұжырымдар кәсіпкерлік қызметтің мақсатын көрсетеді немесе кәсіпкерлікті әдеттегі бизнеске теңестіреді. Сонымен, бұл процесті пайданы алу мақсатымен экономиканың әр түрлі аймақтарындағы қызмет ретінде сипаттайтын, кәсіпкерліктің тұжырымдары бизнес пен кәсіпкерлікті теңестіреді, ал жоғарыда келтірілген талдау, кәсіпкерліктің инновацияға негізделген бизнестің ерекше түрі екендігін, оның қызметінің нәтижесі орташа пайданы алу емес, үстеме пайданы, яғни кәсіпкерлік табысты алу болып табылатындығын көрсетеді. Кәсіпкерліктің басқа тұжырымдары оны шаруашылық жүргізудің инновациялық бағыты ретінде сипаттайды. Кәсіпкерлік процесстегі шаруашылықты жүргізудің инновациялық бағыты ғалымдармен әр түрлі көзқараста түсіндіріледі. Бір ғалымдар, инновация – бұл жаңа өнім, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың жаңа әдістері, жаңа техника және аналогтары жоқ технологиялар деген Й.Шумпетердің пікірін қолдайды.

Басқа ғалымдар иммитацияны жеке шаруашылық жүргізуші субъектінің инновациялық бағыты деп санайды, яғни жаңалықтарды белсенді түрде шеттен алып пайдалану ол үшін инновация болып табылады. Иммитациялық процесті жүзеге асыру тек елде ғана емес, сонымен қатар оның сыртында да пайда болған жаңа идеяларды енгізу бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілермен көрсететін ынталы қызметсіз мүмкін емес. Сонымен қатар, еліктеушілер өз қызметімен жаңашылдарды жаңа ойларды дайындауға итермелейді. Ғалымдардың келесі тобы инновациялық бағыт белгісін «ресейлік экономиканың кәсіпкерліктің субъектілері көздейтіе ақырғы мақсаттарға, әдістер мен тәсілдерге қатыссыз нарыққа ауысуына көмектесудің» факторы ретінде кең түрде қарастырады.

Осының нәтижесінде нарықтық қатынасты қалыптастыру мен дамытудың барлық белсенді қатысушыларын жаңашылдар деп қорытуға болады. Жоғарыда айтылғандарға сүйеніп, оның қазіргі жағдайдағы іс-әрекеті мен пайда болуын ескеріп кәсіпкерлікті былайша түсіну қажет:

«Кәсіпкерлік – бұл табысты алу мақсатымен өндірістің барлық факторларын қозғалысқа келтіретін және толық экономикалық

жауапкершілікке негізделген, қауіптің және белгісіздіктің белгілі үлесімен жанасатын, шаруашылық жүргізуші субъектілердің ынталы, инновациялық қызметіне негізделген өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жаңарту процесі.

Ал кәсіпкер – бұл табысты алу мақсатымен қауіп және белгісіздік жағдайларында жұмыс істейтін, өндірістік-шаруашылық қызметтің барлық аймақтарындағы жаңалықтарға бейімді, жігерлі, білімдер мен ақпараттың белгілі деңгейіне ие адам. Өз кезегінде кәсіпкерлік табыс – бұл кәсіпкердің пайдасы (таза табыс)және үстеме пайдасы».

Көріп отырғандай, кәсіпкерліктің тектілік түсінігіде өлшемдер және мөлшерлік бағалау өлшемдері жоқ, кәсіпкерлік процесс ынтамен, жаңалықпен байланыстырылған, олардың негізгі мақсаты кәсіпкерлік табысты алу. Кәсіпкерлікті, кәсіпкерді және кәсіпкерлік табысты сипаттайтын, негізгі қағидалардың бірдей дәрежеде шағын, орташа және ірі кәсіпкерлікке қатысты екендігін атап кету қажет, бірақ сонымен қатар кәсіпкерліктің әрбір формасының өзіне тән ерекшелігінің болатынын ескереміз.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлікті жандандыру процесі экономикалық және инвестициялық дағдарыстармен; білікті мамандардың жоқтығымен; нормативті-құқықтық базаның жетілдірілмеуімен, коррупциямен, тікелей шаруашылық-коммерциялық қызметпен, тұрақты қауіппен, капиталдың тапшылығымен; шаруашылық жүргізуші субъектілердің моральды және табиғи тозған материалдық базасымен байланысты қиын жағдайларда өтуде. Осыған қарамастан Республикада кәсіпкерлік қызметтің алғашқы жемістері бар, бірақ оның көпшілігі сауда мен делдалдық қызметтерде .

Кәсіпкерлік – адамдармен олар құрған бірлестіктерді белсенді, дербес шаруашылық қызмет. Оның көмегімен адамдар тәуекелге бел буып, мүліктік жауапкершілікті сақтай отырып, пайда табу жолын көздейді. Кәсіпкерлікті шығармашылық күш жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жаңашылдыққа байланысты. Кәсіпкерлікті шығармашылық күш-жігерді жүзеге асыруға, экономикалық ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жаңашылдыққа байланысты. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынадай екі жағдайға: біріншіден, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелге бел буушылық пен дербестік, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлықпен жаңашылдық танытуға, ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты.

Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері мыналар болып табылады:

- Қазақстанның азаматтары;
- Шетел мемлекеттерінің азаматтары;
- Адамдардың бірігуі (кәсіпкерлер ұжымы, біріккен серіктестер, акционерлік қоғамдар, шаруашылық ассоциациялары, қожалықтар, әр түрлі бірлестіктер, корпорациялар т.б.).

Кәсіпкерлік – белгілі бір істі істей білу. Іс істеу – адамның белсенділігі және іскерлігі. Белсенділік және іскерлік – адамның адамның еркін өмір сүру түрі. Белсенділік, іскерлік адамдардың мінез-құлқы типтерімен байланысты болатын шығар. Адамдардың белсенділігі әр түрлі болады: саяси, әлеуметтік, экономикалық, әскери, тарихи, аудандық т.б. болып бөлінеді.

XVI ғасырдың ортасынан бастап акционерлік капитал пайда болды, акционерлік қоғамдар құрыла бастады. Мысалы, 1554 жылы Англия сауда компаниясы, 1660 жылы Ост-Индия сауда компаниясы, XVII ғасырдың аяғында акционерлік банктер іске қосылды.

Экономикалық әдебиеттерде кәсіпкерлік пен бизнес ұғымдарын балама түрінде қарастыру жиі кездеседі. Бизнес пен кәсіпкерлік жақын ұғымдар болғанымен, оларды бір-бірімен баламалап, теңестіріп, қарауға болмайды. Бизнес – табыс әкелетін кез келген қызметтің түрі. Рас, бизнес кәсіпкерлік қызметпен тығыз байланысты. Кәсіпкерлік – новаторлық іс. Нағыз кәсіпкерлік – ол өнертапқыш. Сондықтан да бизнеспен айналысатын адамдар, осы көзқарас тұрғысынан еш уақытта кәсіпкер бола алмайды.

Экономикалық ғылымда “кәсіпкерлік қабілеттілік” деген ұғымда бар. Кәсіпкерлік қабілеттілік дегеніміз – адамның бизнесте жаңалықты аша білу қабілеттілігі, бірақ бизнесте қатынастардың барлығының қолынан бұл келе бермейді. Барлық күш қуатын жұмысқа жұмсап, новаторлықпен, мақсаттылықпен, коммуникабельділікпен, яғни адамдармен тез арада байланыс жасау қабілеттілігі, олармен өзара жақсы қатынастар құра білу, бәсекелестеріне қарағанда айналасына басқаша көз қараспен қарауда оқшауланып тұрады. Бизнесмендердің ішінен мұндай қабілеттілікпен оқшауланатындар жиі кездесе қоймайды. Демек, бизнес – бұл табыс әкелетін экономикалық қызметі. Ал кәсіпкерлік – бұл да адамның экономикалық қызметі, бірақ бұл қызметті жаңа ізденіске бағыттады және осы жаңалықты жүзеге асыру үшін тәуекелге бас ұрады [4].

Кәсіпкерлік бизнес саласында жүзеге асады, сондықтан да экономикалық әдебиеттерде олар үнемі пара-пар ұғым ретінде қарастырылады. Ал егер бизнестің новаторлық жағын қарастыратын болсақ, онда кәсіпкерлік қызмет термині қолданылады.

#### ***Библиографиялық тізім***

1. Кошанов Е. Инновация и рыночная экономика Каржы-Каражат.2010 год-№5.-66 с.
2. Чепуренко А.Ю. Предпринимательский класс в возрождающийся в России.- М.: Мир России, 2013. –478 с.
3. Шеденов Ө.Қ, Сағындықов Е.Н, Жүсінов Б.А, Байжамартов Ү.С, Комягин Б.И «Жалпы экономикалық теория» Ақтөбе –2014 жыл, 145-бет.
4. Мейірбеков А.Қ, Әлімбетов Қ.Ә «Кәсіпорын экономикасы» Алматы-2014ж.

## ҚҰРЫЛЫС КӘСПОРЫНДАРДА ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮСІНІГІ

*Исабек Е. А.*

*Курбантаева Г.Б.*

*Ғылыми жетекшісі – М.Р. Сергазиева, э.ғ.к*

*Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*Экономикалық дамудың құрылымдық өзгерістеріне табысты іске асыру, жаңа ғылыми-техникалық негіздемелерді өндірістің әлеуетті құрылуын әлемдік нарықтағы бәсекелестік позициясын күшейтуі негізгі міндетті күрделі инвестициялық белсенділікті арттыру болып табылады. Оңтүстік-Шығыс, Азия “жаңа индустриалды елдері” атты экономикадағы феноменнің пайда болуынан, қазіргі заманғы ғылымдарды мұқтаждығынан салалардың жылдам дамуы осы елдердің экономикасына тартылатын инвестициялардың тез дамуының арқасында мүмкін болып отыр.*

Нарықтық қарым-қатынастардағы заманауи экономикалық даму жағдайында республикамызда өнеркәсіптік өндірістің дамуын инвестициялардың әсерінен анықтау мүмкін, алдымен, “инвестиция” категориясын, оның әлеуметтік-экономикалық мәнін анықтау қажет.

Инвестиция – бұл, нарықтық қатынас экономикасына өту кезеңінде пайда болды, Қазақстандық экономикасы үшін біршама жаңа терминдер қолдана бастады. Орталықтандырылған жоспарлы жүйеден негізгі қорларды қайта өндіру, оларды жөндеу бойынша жұмсалатын шығыстарының барлығын қосатын “жалпы күрделі салымдары” түсінігі қолданылып келді.

“Инвестиция” терминіне келетін болсақ (латын тілінің investio-киіндіремін деген ұғымды) ғылыми және публистикалық және салалық әдебиеттерде кең қолданады. Ғылыми әдебиеттерде «инвестиция» ұғымын анықтауда көптеген пікірлер орын алады. Мысалы: Пол Самуэльсон, “Таза инвестициялау” немесе капиталды құруы деп, біздің қоғамның нақты капиталының (ғимараттардың, құрал-жабдықтардың, материалды-өндірістік қорлардың және т.басқалардың.) таза өсімін айтуға болады. Тұрғын адам “инвестиция тарту” деп, өзінің жер учаскесіне, айналымда жүрген бағалы қағаздардарына немесе басқа да меншік объектісіне капитал салып, сатып алғанын айтуға болады. Бірақ таза инвестициялау мағынасы тек жаңа нақты капиталды өндірістің құрылған кезінде ғана орын алады деп келтірген.

Атақты “Экономикстің” авторларының пікірлері бойынша инвестиция түсінігін кең түрде түсіндіріп келеді. Олардың пікірлері мен анықтамалары бойынша «инвестиция»- “өндіріс шығындарының және өндіріс құралдарының жинақтауы және материалдарды қорландыруды ұлғайтуы”, яғни өндірістік шығындарын және жинақтарының барлық жиынтығы болып табылады.

«Инвестиция» көзі болып, жинақ қаржы қаражаттары болып табылатыны белгілі. Сонда да, жинақтар, бір шаруашылық агенттерімен іске асырылады, ал ол инвестициялаудың тіпті басқа адамдар арқылы немесе топтор, шаруашылық субъектілері іске асыруы ықтимал. Сондықтанда, ғалымдар тобының түсінікті анықтауы кезінде инвестицияның мәніне ғана

емес, сонымен бірге, оның мақсатты бағытталуына да көңіл аударады. В.Бочаров, «инвестицияны» тұтынуға қолданбайтын табыстың белгілі бір бөлігі деп түсіндірген. «Инвестициялық қорлар», инвестициялық іс-әрекеттердің белгілі объектілеріне ғана жұмсалады. Онда капиталдың құнының өсімін табыс түрінде ғана немесе әлеуметтік тиімділік ретінде болады [1].

В. Фельзенбаум, «инвестиция» түсінігінің мағынасы бойынша “күрделі салым” немесе “қаржылық” (портфельді) инвестицияларын түсініктеріне, яғни меншіктен табысы алуға құқығын беретін акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар ретінде салынған салымдарына жақын келетін нақты инвестицияларын қамтиды деп атап өткен болатын.

«Инвестиция» сөзіне анықтама берген жағдайда, инвестицияның тек қана мазмұндылығына сипаттама бере қоймай, сонымен бірге, олардың мақсатты бағытталуы мен басқарылуы мен оның жұмсалыуына да аса назар аудару қажет. Осы анықтамамен қарайтын болсақ, «инвестиция» жалпы ұлттық өнімнің өндірілуі мен жұмсалынатын табыстарының маңызды бөлігін ғана құрайды, атап айтқанда, капитал құрылуымен, физикалық капиталды кеңейтуімен байланысты өндірістерді кеңейтуіне және жаңартуына кеткен шығындары болып табылады.

Тәжірибе жүзінде әр түрлі зерттеушілердің «инвестиция» түсінікері әр түрлі мағынада береді. Жалпы тұрмыстық сана-сезімі деңгейіндегі инвестиция жер сатып алу, қозғалмайтын мүлікер, акция сатып алу, құрылыс, техника, пайдалы қазбалары бар кен орындарын және т.б. қаржылық салымдарын алу мақсатында күрделі салымды салу деп түсіндіріледі.

Инвестицияны нақты (капиталды құрушы) – жаңа өндірістік кәсіпорындар ашуға, іс-әрекеттегі кәсіпорындарды қайта құруына немесе техникалық жабдықтарды модернизациялауға бағытталған салым және қаржылық (портфельді) – мемлекеттік, әртүрлі кәсіпорындар, инвестициялық қорлар бойынша бағалы қағаздар және акциялар сатып алуға жұмсалған қаржылық салымдары деп бөлуге де болады. Бірінші жағдайдағы қаржылық салымдар жасайтын қаржы деп те бөлуге болады. Бұл жағдайда қаржы салымдарының жасайтын кәсіпорын-инвесторы, өзінің өндірістік орындарының өндірістік капиталына – негізгі өндірістік қорларын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отыратын қажетті айнымалы бағалы қағаздарынан табыс-дивидендтерін алуы арқылы ұлғайтады. Осында өндірістік орындарды құруға ақша қаражаттарының салымдарын, инвестициялық жобалардың іске асыруына қаржы құралдарын, капиталды тартуы үшін акцияларын шығарған басқа кәсіпорындарына мен ұйымдары жасайды.

Сонымен бірге, инвестиция тікелей және жанама үрінде болады. “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Қазақстан Республикасының Заңында, тікелей инвестициялары – бұл Қазақстан Республикасының кепілдіктеріне байланысты және Қазақстан Республикасына берілетін ресми техникалық көмек немесе гранттар шеңберінде кіретін инвестицияларды қоспағанда, инвестицияның барлық түрін айтуға болады [2].

Ал, жанама инвестиция – бұл бағалы қағаздары немесе мүліктік құнды заттары жиынтығынан жасалған салымдары, деп көрсетілген.

Инвестицияның барлық түрлері кәсіпорындардың тіршілікке қабілеттілігін сақтауын және оның дамуына маңызы зор.

Нақты активтеріне инвестициялауды дайындауы және талдауы, инвестициялардың түрлерінен, яғни олар арқылы кәсіпорын алдындағы, тұрған қандай мәселелердің шешу қажеттігі екендігіне байланысты болады. Осы позиция инвестицияның барлық мүмкіндіктерінің түрлерінен келесі негізгі топтарына топтастыруына болады:

1) Тиімділікті арттыруына бағытталған инвестиция. Олардың негізгі мақсаты ең алдымен, құрал-жабдықтарын ауыстыруы, персоналды оқытуды немесе өндірістік қуаттылықты, өндіріс жағдайларынан тиімді аймақтарына ауыстыруы арқылы кәсіпорындардың өзіндік құнын төмендетуі болып табылады;

2) Өндірісті кеңейтуіне бағытталған инвестиция. Осындай инвестицияның негізгі мақсаттары – іс-әрекеттегі өндірістік орындарды, ертеректе құрылған нарықтағы тауар өндіруші мүмкіндіктерін кеңейтуі;

3) Жаңа өндірістік орындарды құруға бағытталған инвестиция. Бұл, инвестиция кәсіпорында ертеректе өндірілмеген тауарларын шығару немесе жаңа қызмет түрлерін көрсету мүлде жаңа өндірістік кәсіпорындарды құруын қамтамасыз ету немесе өндірістік кәсіпорындарды өндірісте жүрген тауарларымен жаңа нарықтарына шығару әрекеттерін жасауға мүмкіндік береді.

4) Мемлекеттік басқару органдары талаптарын қанағаттандыруы мақсатында бағытталған инвестиция. Инвестицияның бұл түрлері экологиялық стандарттарға, өнімнің қауіпсіздігіне және іс-әрекет шарттарына үкіметтің талаптарын орындауына қажетті, кәсіпорын алдындағы тұрған жағдай қолданылады.

#### Кесте-1 Қаржыландыру көздерін топтау.

Қаржы ресурстарының көзі	Кәсіпорынды инвестициялау көзі
1. Жеке	
1.1. Амортизацияға қаржы бөлінулері (негізгі қорлары мен материалды емес активтеріне салынған тозу қаржылар)	өткізуден түскен табыс (өзіндік құн)
1.2. Жалпы пайда	
1.2.1. Тауарлар мен қызмет көрсетулерінен, өткізуден түскен пайдасы (кәсіпкерлік табыс).	өткізуден түскен табыстар Басқа да өткізулеріне түскен табыстар
1.2.2. Басқа да өткізулерден түскен табыстар.	
1.2.3. өткізуден тыс нәтижелер (табыстары) сальдосы.	өткізуден тыс табыстары
1.2.4. Резервтік қорлары	
1.3. Жөндеу қор.	Жалпы табысы
1.4. Сақтандыру резервтер	
1.5. Басқалары	Таза табысы

<p>2. Тартылған қаражаттарға.</p> <p>2.1. Ағымадағы инвестициялық қызметтердегі үлестік қатысушылық қаражаттары.</p> <p>2.2. Бағалы қағаздардың эмиссиялауынан түскен қаражаттары.</p> <p>2.3. Еңбек ұйымының мүшелерінен жеке және заңды тұлғаларының табыстық және басқа да жарналары мен алымдары.</p> <p>2.4. Сақтандыру төлемі.</p> <p>2.5. Франчайзингтен, селенгтен, арендадан төлемдерінен түсуі</p> <p>2.6. Басқалар</p>	Сәйкесінше инвесторлар қорлары
3. Бюджеттік қаражат бөлінулері	Бюджеттік қаржыландыру
4. Бюджеттік емес қордан түсетін түсімдер	Бюджеттік емес қорлардан қаражаттар.
<p>5. Қарыз қаражаттары.</p> <p>5.1. Банк несиелері</p> <p>5.2. Басқа да қаржылық институттардан алынған несиелері</p> <p>5.3. Бюджеттік несиелер</p> <p>5.4. Коммерциялық несиелер</p> <p>5.6. Басқалар</p>	Несие берушілер қорлар
<p>6. Тартылған қаржылар</p> <p>6.1. Ағымадағы инвестициялық қызметінің үлестік қатысуынан қаражаттар.</p> <p>6.2. Бағалы қағаздарын эмиссиялаудан түсетін қаржылар.</p> <p>6.3. Еңбек ұйымының мүшелерінен жеке және заңды тұлғалардан пайдалық және басқа да жарналары.</p> <p>6.4. Сақтандыру төлемі.</p> <p>6.5. Франчайзингтен, селенгтен, арендадан төлемдерінің түсуі.</p> <p>6.6. Басқалар</p>	Сәйкесінше инвесторлар қорлары
7. Бюджеттік қаражаттарының бөлінулері.	Бюджеттік қаржылық қаражаттары
8. Бюджеттік емес қордан түсетін түсімдері.	Бюджеттік емес қорларының қаржы қаражаттары

Инвестициялардың осылай топтастырылу себебі, олармен байланысты тәуекелділіктің деңгейінің әртүрлілігі болып табылады. Инвестиция түрі мен тәуекелділік деңгейінің арасындағы тәуелділікті келесі сурет түрінде көрсетуге болады .



Инвестицияның түрлері мен тәуекелділіктері деңгейінің арасындағы осындай тәуекелділіктің логикасы белгілі: ол инвестициялауды аяқталғаннан кейін кәсіпорын жұмысының нәтижелерін өзгерту, нарықтың мүмкіндігі реакциясына дұрыс болжам жасай алмау қаупі деңгейімен де анықталмайды. Мақсатты нарыққа белгісіз өнімді шығару қажеттілігі болып табылатын жаңа өндірістік орындарды ұйымдастыруы жоғарғы дәрежелі белгісіздікпен байланыстылығы, ал нарықпен қабылдалынған тауарлар өндірісінің тиімділігін жоғарылатуына (шыныдарды төмендету), инвестициялауы нәтижесінің минималды қауіптілігі блатыны түсінікті. Осылар сияқты, мемлекеттік басқарушылық мекемелердің талаптарын қамтамасыз ету мақсатымен жасалған инвестициялау да тәуекелділіктің ең төменгі деңгейімен байланыстылығы.

Қазіргі ғылыми-техникалық, өндірістік циклдерді инвестициялауға болады немесе оның элементтерін (сатыларын) – ғылыми зерттеулері, жобалық – конструкторлық жұмыстары, іс-әрекеттегі өндірісті кеңейтуі немесе қайта құруы, жаңа өндірісті ұйымдастыруы немесе жаңа өнімді шығаруы және т.б. іс-әрекеттерін инвестициялауға болады. Өндірістік, техника-экономикалық потенциалды ұстау және оны жетілдіру – өндірістік кәсіпорындардың өндірістік – шаруашылық іс-әрекеттерінің маңызды бөлігі болып саналады. Осы бағыттағы кәсіпорындардың іс-әрекеттері инвестициялық іс-әрекеттері деп аталады. “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, инвестициялық іс-әрекеттері деп, инвестициялауды іске асыруының үрдісімен байланысты кәсіпкерлік іс-әрекеттерді айтамыз[3].

Нарықтық экономиканың заманауи жағдайында негізгі инвестициялық шешімдерінің шаруашылық субъектілері деңгейінде қабылданады. Кәсіпорындарда капитал салымдарын жасауы үшін бірнеше альтернативті қаржыландыруы мүмкіндіктері бар. Әртүрлі бір біріне ұқсамайтын бұл қаржыландыру көздерін бірге қолдануы да мүмкін. Тәжірибеде бұл жиі кездесіп отырады.

Өндірістік кәсіпорындардың меншікті қаржы қаражат қорларының өзіне құрылтайшылар бойынша бастапқы жарналарының және капиталдық салымдарын қаржыландыруына кеткен шаруашылық іс-әрекеттерінің нәтижелерінің есебінен жиналған жинақтарын қосады.

Қазіргі кезде, инвестициялаудың әр түрлерін тартуы және қолдануы мақсатындағы мемлекеттің және мемлекеттік реттеуінің рөлі тікелей бақылау мен реттеуіне(мемлекеттік кәсіпорындарын басқаруға беруі, халықаралық несиелер үшін), және экономикалық тетіктері арқылы жанама әсер етуіне (халықаралық кәсіпкерліктің тікелей және портфельді әдістері) саяды.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Алшанов Р.Ф. Казахстан на мировом аграрном рынке: потенциал, проблема и их решение- Алматы,2010г. – С.624
2. Региональная экономика –М: Г.В. Плеханова. 2010г. – С.376
3. Государственное регулирование национальной экономики- М.: Г.В. Плеханова. 2011г. - С.82.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Муталиева А.А., Кази К.  
ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент қ.  
Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*Производственная программа предприятия определяет ассортимент, качество, объем выпускаемой продукции в количественных и качественных количествах. Производственная программа определяет основные направления и задачи развития компании в запланированный период.*

Бүгінгі таңда дүниежүзілік экономика ешқашан болмаған қаржылық дағдарыста өтуде. Қаржы тарапынан дағдарыс экономикалық жағдайға ұласты. Барлық дерлік сұраныстың төмендеуі шикізаттың әлемдік экономикадағы күрт төмендеуі нәтижесіне алып келді. Мемлекеттік және шетелдік ғылыми, көпшіл басылымдарда ғалымдардың, саясаткерлердің жаһандық дағдарыстың себеп салдары, одан шығып кету жолдары туралы түсініктемелер, ой-пікірлер баспаға шығуда. Осы саладағы экономист қайраткерлердің көзқарастарына сүйене келе жаһандық дағдарыстың тұжырымдау көзқарасы бұл мәселелерге қатысты:

- Дүниежүзілік экономикадағы атап айтқанда ақша айналымының ғаламдануы.
- Мұнай-газ саласының құнының ерекше бір құрылуы және оның толық ақша айналымына әсері.
- Трансконтинентальдық корпорациялар мен банктердің шексіз ұлғайта отырып, қозғаушы күш нарықтық қатынастар – бәсекелестіктің басып кетуі.
- Халықаралық қаржы институттарының қызметінің таянуы тығырыққа тірейді.
- Кемшіліктер ісінде бақылау және ұлттық банктердің жұмысын қадағалау.

Мемлекеттің экономикасындағы дағдарыс сипатының негізі- ол монетарлық емес, құрылымды отандық екенін көптеген экономист ғалымдар айтып жатыр. Демек, соңғы дағдарыс жаһандық бірегейлі қаржылық іс-шаралар арқылы ол толық шыға алмайды. Совет үкіметі кезінен қалған өндіріс ескіріп, жаңа технологиялар қамсыздандырып жатыр. Дүние жүзілік стандарттарға еліміз біртіндеп енуде. Экономикалық құрылымда қазіргі нарықтық қатынастарға сай ғылыми сиымды өндіріс еніп жатыр. Еліміздің экономикасына инвестициялық тартымдылығы қарқыны өсу кезеңінде және жүргізіліп жатқан реформалар экономикаға тартылатын серпінді дамуын қамтамасыз ету. Бұл жағдайды жасау үшін Биылғы индустриялық-инновациялық стратегияны сізге қажет ең маңызды ететін факторлардың бірі болып қалып отыр. Өндірістік және өндірістік және қызмет көрсету секторында инновациялық даму, негізгі мақсаты .Bäsekege қабілетті болу үшін және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспортқа

бағдарланған өндіріс, халықаралық сапа стандартын енгізу өнімдерінің үлкен ауқымын береді.

Мемлекеттің қазіргі таңдағы құрылымдық өзгерістерінің мақсаты тиімді негізделген экономикалық, өнеркәсіптік кешенінде және оларға теңестірілген барлық бөлімдері бойынша аумақтық еңбек бөлінісі ұштастырылған халық шаруашылығын дамыту және жалпы фактор құрылымын қалыптастыру болып отыр. Осыған сай оларға экономиканы жандандыруға кадр саясаты тиімділігі қажет. Оның ішінде аса маңызды факторлардың бірі болып саналады.

Экономиканың өтпелі кезеңіндегі жай-күйі, соның ішінде өндірістің құлдырауы, жағдайының нашарлауы, өсімін молайту қоғамдық өнімнің жалпы деңгейін төмендету өндіргіш күштерді дамыту, әрине, айтарлықтай төмендеуіне ықпал етті. Бұл құрылымдық саласында оның мүмкіндіктерін қайта құру алып келеді. Осы қиындықтарға қарамастан оларға қажет, себебі ол экономиканы жетілдіруде әлеуметтік-экономикалық міндеттерді талап етеді.

Белгіленген мәреге жету үшін қордағы өнеркәсіп құралының үлесі мен өндірістегі пайдаланатын заттарын ұғайтуды айтады.

Қазірдегі экономикадағы ахуалда бір келкіге келтіру және дамытудың тенденциясын жүзеге асыру өндірістің қарқынды дамуынсыз болмайды, өйткені келешегі дамыған қауымдастықтың негізі тек қана шикізат саласымен шектелмеген заманауи бәсекелес және ашық нарықтық қатынастардың болуы шарт. Дүниежүзілік сапасы бар ірі проектілерін іс жүзіне асырып, индустриалды-инновациялық нарықтың бәсекеде қабілетті бола алатын қызметтер мен тұтыну тауарларды өндіруді жетілдіруді халықтың экономикалық дамытудың негізі болып табылады. Құрылымдық өзгерістер туралы айтпас бұрын, құрылым түсінігін қарастырайық. «Құрылым» терминінің ауқымды мағынада экономикалық сипаттағы тұтас болуды қарастыратын құрылым, қатынастардың жинағы, бөлшектер мен элементтердің жиынтығын көрсетеді. Құрылымның өзі жүйеге кіретін құрамдас бөліктерінің, олардың ұйымдастыру ретін, біріңғай орналасқанын білдіреді. Ал жүйе, өз кезегінде, ауқымды жүйелік белгілерді қамтитын бөлімшелерден тұрады. Демек, экономикалық құрылым, сонымен қатар оған кіретін бөлімшелері жөнінде әңгіме қозғағанда макро- және микроқұрылымдар жайлы айтылады деп тұжырым жасалады.

Экономикалық құрылымды бірнеше сипатта, яғни өндіріс тарапынан және де шығарылған өнім бойынша айырбастау және тұтыну тарапынан; компаниялар, салалар мен аудандар, өзге де шаруашылық бірліктер тарапынан, сонымен қатар жекелеген құрылымдарды қалыптастыратын факторлар мен үрдістер тарапынан талдау жасауға болады. Осы ретте, экономикалық салалық құрылым жалпы ішкі өнімнің құралуына жекелеген саланың қосатын үлестік салмақтарын көрсетеді; ұдайы өндіріс құрылымы- өндірістік факторлардың айналуын, сонымен қатар айналымдылығын бейнелейді; техникалық қызмет көрсететін технологиялық жүйелер арасындағы қатынасты бейнелейді.

Бүкіл құрылымдарды, атап айтқанда экономикалық, өздерінің дамуында бірқатар сатылардан өтеді: пайда болуы, дамуы және кемелденуі, регрессивтік өзгерістерге (дағдарыстарға) ұшырауы және де жою. Пайда болу мен даму

сатысын көне құрылымдар шеңберінде ұйымдастыру үрдісі, консервативтік сипаттары мен құрамдас бөлшектермен күресу үрдісі, жүйелілік сипаттамалардың өзгеруі үрдісі сияқты бейнелеуі мүмкін. Кемелдену сатысы ұйымдастыру мен қайта ұйымдастырушылық үрдістері бір-бірімен теңдестірілген уақытта құрылымдардың тұрақты түрдегі жағдайын көрсетеді .

Регрессиялық өзгешеліктер құрылымдарды қайта ұйымдастыру үрдісін, демек басқа жаңа құрылымдарға жол берген мезеттегі үрдісті бейнелейді. Құрылымдардың даму үрдісінде ескірген, сонымен қатар оның негізінде жаңашыл құрылымның пайда болуы елеулі маңызды болып келеді. Нақты бір құрылымда ескірген және де келешектегі өзара қатынастардың құрамдас бөліктері, сонымен бірге алуан құрылымдар бірімен бірі бірігуі әбден мүмкін.

Жалпы алғанда, экономикалық құрылымдар біркелкі болмауымен және оларды құраушы бөліктерінің арасында тиісті иерархия мен нақты арақатынастардың болуымен сипатталады. Мәселен, құрылымдардың дамуы сандық сипатта өсуімен бірге экономикалық сипаттағы сапалық өзгерістердің орын алуымен де көрініс табады. Осы бағытта құрылымдарды қарастыру құрылымдық өзгерістердің пайда болуы мен дамуын оларды зерттеуде толық пайдалануға болады.

Экономика саласындағы құрылымдық өзгерістерді қамтитын техникалық негіз, өндіріс саласының әлеуметтік тетіктері, қоғам қажеттіліктері бойынша үлестіру мен айырбастау, қолда бар ресурстардың, еңбек өнімділігі деңгейінің әсерімен қалыптасатын жүйе болып табылады.

Атап өткен жөн, экономикалық жүйедегі орын алған әрбір өзгеріс құрылымдық сипат алады. Құрылымдық өзгерістердің осында жалпы лама сипат алуы экономика саласындағы құрылымдық өзгерістер жекелеген түсінік бола тұры, түбегейлі ғылыми зерттеуден қалыс қалған. Демек, өзге экономикалық құбылыстар мен үрдістер сипатында бейнеленеді. Құрылымдағы өзгерістермен қатар құрылым ішіндегі қозғалыс түсініктемелері арасында нақты бір орын алмасулар бар. Осы түсініктер жиі синоним ретінде пайдаланылады.

Біздің пікірімізше, қозғалыс жиі экономика саласындағы құрылымдағы трансформациялық үрдістер ағынын бейнелейді. Ресейлік ғалым-экономист Л.А.Беркович құрылымдық өзгерістерді “бүкіл құрылымдарды қамтитын фактордың ықпалынан орын алатын экономикалық жүйе арақатынастарының өзгеруі” деп қарастырады.

Тағы бір ресейлік ғалым-экономисті С.Любимцева экономиканың құрылымын бүкіл ұлттық экономика саласының құрылымның құрамдас бөліктерінің біріктірілген бөлшектері, сонымен қатар кейін де құрылымдарды құрайтын жекелеген факторларға қарай аймақтық, салалық, өндірістік, техника-технологиялық құрылымды бөліп қарастырады.

Дүниежүзілік тәжірибеде экономиканың құрылымының табиғатын бірқатар көзқарастары бар, бірқатар экономикалық құрылымдардың моделдерінің авторлары К. Кларк, Д. Белл, Р. Рейч және т.б.

Ғалым-экономист К.Кларк экономикалық құрылымның үлгісін шартты түрде үш секторға бөліп қарастырған.

1. алғашқы, шикізат өндірісі;

2. екінші, шикізаттарды қайта өңдеу, дайын өнімді шығарушы салалар;
3. үшінші, ғылымисиймдылықты салалар, инновация сипаттағы қызметтерді көрсету, қызмет көрсету аясы.

Басқа ғалым Д.Беллдің экономика құрылымы үлгісін ҒТП-тің даму үрдісін, ақпарат технологиялар санының, электроника, компьютерлік техниканың көптеп пайдалануды ескереді. Д. Беллдің бастапқы екі аяны өзгермеген сипатта қалдырып, ал үшінші үлгіге қосымша үшінші секторды қосты. Атап айтқанда, 3-не нақты материалдық өндірісін; төртіншісіне – саудасаттық, қаржылық, сақтандыру және жылжымайтын мүлікпен операцияларды; бесінші үлгіге – денсаулықты сақтау, білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, мемлекеттік басқару тетіктерін көрсетті.

Шетелдік ғалым Р.Рейч Кларкқа ұқсас экономикалық құрылымның бес аймағын бөліп қарастырды. Өз кезегінде ол алғашқы 2 аймақты өзгертпей қалдырып, ал үшінші аймаққа өндірістік сипаттағы қызмет көрсету, төртінші – жекелеген қызметті, бесіншісіне ой еңбегі мен коммуникациялық қызмет түрлерін қосты.

Жалпы алғанда, экономиканың салалық және аумақтық құрылымы мемлекеттің, аймақтың шеңберіндегі қоғамдық еңбектік бөліністі бейнелейді. Осы аймақта басты құрылымдық бірлік ретінде салалық және де салааралық кешендердің жиынтығы қарастырылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер***

- 1.Дзекунов В., Абдрахманов Е., Тулебаев А., Ахметов Ф. «Инновационная деятельность на промышленных предприятиях», «Промышленность Казахстана», 2014 г., №6.
2. Ельцова О. «Конкурентоспособная промышленность Казахстана: мираж или перспектива?», «Аль-Пари», 2012 г., № 1.
3. Жатқанбаев Е., Мухтңарова К., Утембаев Е. «Государственное регулирование структурных преобразований в промышленности РК», «Аль-Пари», 2013

### **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Муталиева А.А., Кази К.,  
Баққонова Г.*

*Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
Шымкент университеті*

#### ***Аннотация***

*Производственная программа предприятия определяет ассортимент, качество, объем выпускаемой продукции в количественных и качественных количествах. Производственная программа определяет основные направления и задачи развития компании в запланированный период.*

Қазіргі таңда әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысатын шағын бизнес субъектілерін дамытуға көп көңіл бөлінуде. Себебі, ауыл шаруашылығы дамуы үшін оның өнімдерін өңдейтін өндірістер қажет. Мысалы, мал шаруашылығын дамыту үшін тері, жүн, ет және сүт өңдейтін жаңа кәсіпорындар қажет. Облыста мақта, күріш және жүзім өңдеудің толық циклын қамтитын өндірістерді дамытуға да көп көңіл бөлінуде. Жоғарыда аты аталған барлық өңдеуші кәсіпорындар жергілікті ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің шикізаттарымен қамтамасыз етілуде. Ал өңделген өнімдер облыс және Қазақстан бойынша нарықтарға жеткізілуде. Шаруа қожалықтардың өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты жауаптардың орташа мәніне сәйкес 2,60 құрады. Бұл жауаптардың көп бөлігі «орта» деген мәнге жақын екенін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 2 пайыз, «көп» дегендер 18 пайыз, «орта» дегендер 35 пайыз, «аз» дегендер 26 пайыз, «өте аз» дегендер 19 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты - «орта».

Егін шаруашылықтарында соңғы 3 жылда төмен бағадан, қолайсыз ауа райынан және зиянкес жәндіктерден болған шығындар туралы мәліметтердің орташа мәндері «орта» - 3-тен жоғары көрсетіп тұр. Демек, егін шаруашылықтарда төмен бағадан, қолайсыз ауа райынан және зиянкес жәндіктерден шығындар «орта» деңгейден көп болған.

Мал шаруашылығында соңғы 3 жылда мал азығының бағасы қымбаттаудан шығындар бойынша жауаптардың орташа мәні 3,49 құрады. Ал мал шаруашылығындағы аурулардан шығындар бойынша жауаптардың орташа мәні 2,74 құрады. Демек, мал шаруашылығында шығындардың көп бөлігі мал ауруларынан болғанымен, мал азығы бағасының қымбаттауынан шығындар көбірек болған.

Шаруашылықта баға тәуекелдерін азайту үшін алдынала келісім шарттар мен фьючерстерді қолданудың орташа мәндері 2,21 құраған. Демек, зерттелген шаруа қожалықтарында баға тәуекелдерін басқару «орта» деңгейден төмен болған.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде шаруа қожалықтардың көп бөлігінің несие қарыздары «аз» болып, өнімдерінің «көп» бөлігін бөлшек бағаға қарағанда көтерме бағамен өткізуді жөн көреді екен.

Шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен биоқоспаларды қолдану деңгейі де «аз» екенін байқауға болады.

Ал жаңа технологиялар шаруашылықтарда «аз» игеріліп, бірақ көптеп игеру бойынша ынталары «көп» екенін байқауға болады.

Ал енді 22-ші кестедегі қаржы және техникалық сұрақтар бойынша сауалнама нәтижелерін қарайтын болсақ, мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдауға қол жетімділік деңгейі «орташадан» жоғары екенін көруге болады. Бірақ, несие алу мүмкіндігі, лизинке техника алу мүмкіндігі және техникамен қайта жарақтандыру деңгейі «орташадан» төмен екенін көруге болады.

Шаруа қожалықтарда тозған техника бойынша жауаптардың орташа мәні 2,47 құрады. Бұл жауаптардың көп бөлігі «аз» деген мәнге жақын екенін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 12 пайыз, «көп»

дегендер 14 пайыз, «орта» дегендер 14 пайыз, «аз» дегендер 30 пайыз, «өте аз» дегендер 30 пайыз құраған.

Демек, шаруа қожалықтарында тозған техника «аз» немесе ағымдық жағдайда шаруа қожалықтары ескі техникаларын жаңаландыруға ынталары төмен не мүмкіндіктері аз екенін байқаса болады (кесте 2).

Қаржы және техникалық қамтамасыз етілу сұрақтары бойынша сауалнама нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	Жауаптар, пайызбен					Жауаптардың орташа мәні, нақты
		Өте көп- «5»	Көп «4»	Орта «3»	Аз «2»	Өте аз – «1»	
1.	Мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдауға қол жетерлік пе?	19	14	37	19	12	3,09
2.	Несие алу мүмкіндігі қол жетерлік пе?	9	16	42	21	12	2,91
3.	Лизингке техника алу мүмкіндігі қол жетерлік пе?	7	26	21	35	11	2,81
4.	Техникамен қайта жарақтандыру қандай деңгейде?	9	16	16	28	30	2,47
5.	Сізде тозған техника көп пе?	12	14	14	30	30	2,47

Ескерту - сауалнама негізінде автормен дайындалған

Ал келесі кестеде тәуекел мен табыс арасындағы байланыс сұрақтары бойынша сауалнама нәтижелерін қарайтын болсақ, шаруа қожалықтарда жұмыс істейтіндердің тәуекелге көп баратындардың, табысы да көп болады деген ойлары жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,98 құрады және жауаптардың көп бөлігі «өте көп» деген мәнге жақын екенін байқаймыз. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 35 пайыз, «көп» деген жауаптар жоқ, «орта» дегендер 35 пайыз, «аз» дегендер 23 пайыз, «өте аз» дегендер 7 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың «көп» бөлігі тәуекелге көп барса, табысы да көп болады деген тұжырым жасаған.

Сонымен қатар, шаруа қожалықтардың көбіне қандай жағдайларға байланысты ойлары өзгертінін білу үшін сауалнамаға қосымша әртүрлі тексеру сұрақтары әлемдік тәжірибеге сүйене отырып енгізілді. Тексеру сұрақтары респонденттердің негізгі сұрақты дұрыс түсінгендігін тексеру мақсатында беріледі.

Бірінші жағдайда, яғни егер тәуекел етіп табысқа жетсе сол тәуекелге қайта бару не бармау ойлары бойынша жауаптардың орташа мәніне сәйкес

3,86 құрады. Демек, зерттеу жүргізілген шаруа қожалықтарында тәуекел етіп табысқа жетсе, сол тәуекелге қайта баратындардың саны «көп» деген мәнге жақын екенін білдіреді.

Екінші жағдайда, яғни егер тәуекел етіп шығынға батса, сол тәуекелге қайта бару не бармау ойлары бойынша жауаптардың орташа мәніне сәйкес 2,91 құрады. Демек, зерттеу жүргізілген шаруа қожалықтарында тәуекел етіп шығынға батса, сол тәуекелге қайта баратындар саны «орташадан» төмен деген мәнге жақын екенін білдіреді.

Үшінші жағдайда, яғни 50 мың теңгелік тұрақты табыс пен 100 мың теңгелік айнаымалы табыс арасында таңдау жасағанда жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,05 құрады. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 26 пайыз, «көп» дегендер 7 пайыз, «орта» дегендер 18 пайыз, «аз» дегендер 44 пайыз, ал «өте аз» дегендер 5 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың алғашқы сұрақтарда «көп» бөлігі өздерін тәуекелшіліміз деп есептегенімен жағдайға байланысты ойлары өзгертінін, яғни тәуекелге баратындар 33 пайыз («өте көп» 26 пайыз + «көп» 7 пайыз), ал бармайтындар 49 пайыз («аз» 44 пайыз + «өте аз» 7 пайыз) және нақты өз ойын білдіре алмағандар 18 пайыз деп тұжырымдауға болады (кесте 3).

Кесте 3 – Тәуекел мен табыс арасындағы байланыс сұрақтары бойынша сауалнама нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	Жауаптар, пайызбен					Жауаптардың орташа мәні, нақты
		Өте көп- «5»	Көп «4»	Орта «3»	Аз «2»	Өте аз – «1»	
1.	Тәуекелге көп баратындардың, табысы да көп болады ма?	35	-	35	23	7	3,98
2.	Сіз тәуекелге көп барасыз ба?	28	40	11	21	-	3,74
3.	Егер тәуекел етіп табысқа жетсеңіз сол тәуекелге қайта барасыз ба?	28	37	28	7	-	3,86
4.	Тәуекел етпегендіктен өкінген уақытыңыз болды ма?	7	47	16	30	-	3,30
5.	Егер тәуекел етіп шығынға батсаңыз сол тәуекелге қайта барасыз ба?	2	35	26	25	12	2,91
6.	Кәсіпорынға жаңа технологиялар енгізу тәуекелдерді арттыра ма?	30	33	21	14	2	3,74
7.	Жаңа технологиялар кәсіпорынның	33	37	26	2	2	3,95



	табысын арттырама?						
8.	Тәуекелге аз баратындардың шығындары аз болама?	7	28	51	14	-	3,28
9.	Табысы аз тәуекелге барасыз ба?	2	9	24	56	9	2,40
10.	Табысы мол болса тәуекелге барасыз ба?	40	32	21	7	-	4,05
11.	50 мың теңгелік тұрақты табыстан, 100 мың теңгелік айнымалы табыс жақсы ма?	26	7	18	44	5	3,05
12.	Табысыңызды көтеру үшін, қайта оқып біліміңізді көтеруге барасыз ба?	35	28	16	16	5	3,72

Ескерту - сауалнама негізінде автормен дайындалған

Шаруа қожалықтар арасында кәсіпорынға жаңа технологиялар енгізу тәуекелдерді арттыратыны және кәсіпорынның табысын арттыратыны жайында ойлары бойынша сауалнама жауаптарының орташа мәндері сәйкесінше 3,74 және 3,95 көрсетті. Демек, шаруа қожалықтарында тәуекелге байланысты жаңа технологияларды енгізілу қарқыны тежеліп тұрғанын байқаса болады. Бұл тәуекелді басқару проблемасының ауыл шаруашылығын дамуында маңызды орын алатынын дәлелдейді.

Ал табысын көтеру үшін, қайта оқып білімін көтергісі келетіндер жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,72 құрады. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 35 пайыз, «көп» дегендер 28 пайыз, «орта» дегендер 16 пайыз, «аз» дегендер 16 пайыз, ал «өте аз» дегендер 5 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың өз табысын арттыру үшін өз білімдерін арттыруға деген ұмтылыстары жоғары деп тұжырымдауға болады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Дзекунов В., Абдрахманов Е., Тулебаев А., Ахметов Ф. «Инновационная деятельность на промышленных предприятиях», «Промышленность Казахстана», 2014 г., №6.
2. Ельцова О. «Конкурентоспособная промышленность Казахстана: мираж или перспектива?», «Аль-Пари», 2012 г., № 1.
3. Жатқанбаев Е., Мухтңарова К., Утембаев Е. «Государственное регулирование структурных преобразований в промышленности РК», «Аль-Пари», 2013

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ МӘНІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Каликова А.Т.

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Исаева Г.К.

Шымкент университеті

### **Аннотация**

*Мақалада стратегиялық жоспарлардың құрамдас бөлімдері:*

*саланың ағымдағы қал-күйіне баға беру; жоспарлы кезеңдегі министрлік жұмысының мақсатын анықтау; басыңқылар; SWOT - мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін талдау; мақсаттарға қол жеткізу стратегиясы; стратегияларды жүзеге асыру кезеңдері, немесе аралық мақсаттар туралы мәліметтер қарастырылған*

Стратегиялық жоспарлау – көптеген мемлекеттер, ірі және орта компаниялар соңғы кездері кеңінен қолданылып жүрген арнаулы білім (қызмет) саласы. Ол басқаруда ертеден қолданылып келеді, бірақ жиі және кең көлемде қолданылуы екінші дүниежүзілік соғыс кезінен басталды және тек әскери ғана емес, сонымен қатар азаматтық қызмет пен бизнес сферасында да кеңінен қолданылғандықтан қазіргі кезде жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты.

Стратегиялық жоспарлаудың мәні айқындалған, шекті қор көлемі бойынша дамудың магистральді бағытын, қазіргі экономиканың қолайлы тұстарын дұрыс пайдалану және жағымсыз жақтарының әсерін бейтараптандыру арқылы болашаққа нақты қойылған мақсатқа қол жеткізетін іс-әрекеттерді анықтауда.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі Агенттігі әзірлеген «Министірліктер мен ведомстволарға арналған жылдық стратегиялық жоспарларды дайындау жөнінде әдістемелік ұсыныстарына» (2009 жылдың мамыр айы) сәйкес стратегиялық жоспарлар төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. саланың ағымдағы қал-күйіне баға беру;
2. жоспарлы кезеңдегі министрлік жұмысының мақсатын анықтау;
3. басыңқылар;
4. SWOT - мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін талдау;
5. мақсаттарға қол жеткізу стратегиясы;
6. стратегияларды жүзеге асыру кезеңдері, немесе аралық мақсаттар.

Жоспардың бірінші бөлімінде бастама (старттық) кезеңге және саланың реформалауына баға беріледі. Бастапқы жәй-күйді әлемдік стандарттармен, ТМД елдерінің, дамыған және дамушы елдердің көрсеткіштерімен салыстыру қажет. Сонымен қатар, ағымдағы жәй-күйді бағалау саланың (министрліктің) алдында тұрған бірінші кезектегі мәселелерді қамтуы шарт.

Министрліктердің алға қойған мақсаты барынша аз болуы тиіс және де үштен аспағаны жөн. Мақсаттардың сандық өлшемде болғаны дұрыс. Сандық индекаторларды қалыптастыру мүмкін болмаған жағдайда мақсат нақты, айқын бақылауға, тексеруге мүмкіндік беретіндей болуы шарт. Мақсаттар

жалпы мемлекеттік стратегиялық жоспарға, оның басыңқыларымен қорларына, Үкіметтің реформа жөніндегі бағдарламасы мен индекативті жоспарларына сәйкес белгіленеді.

Жоспардың үшінші бөлімінде министрліктің іс-әрекеттерінің басыңқы бағыттары анықталынады. Басыңқылардың саны үш-бес, жекелеген ведомстволар үшін жеті болуы керек. Басыңқылар неғұрлым аз болса, стратегиялық жоспарды орындауда қолда бар қорлармен мүмкіндіктер соғұрлым «шашылмайды».

SWOT – талдау – жоспардың төртінші бөлімін құрайды.

SWOT – ағылшын әріптерінің аббревиатурасы. Қазақ тілінде күшті (ұтымды) және әлсіз жақтар, мүмкіндіктермен қатерлер мағынасын береді. Ол сыртқы және ішкі жағдайларды жүйелеу негізінде алға қойған мақсаттарға жету стратегиясын жасау үшін қолданылады.

Күшті (ұтымды) жақтарға төмендегілер жатқызылуы мүмкін:

- салада реформалардың жеткілікті жүргізілуі және олардың нәтижелелегі;
- өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігі, сыртқы ортаға тәуелделегінің төменділігі;
- шығындармен бағалардағы артықшылықтар (бұл мүмкіндіктерде де аталуы мүмкін);
- сәйкес (барабар) құқықтық және нормативтік қамтамасыз етілгендігі;
- барабар информациялық қамтамасыз етілгендігі;
- прогрессивтік (перспективалық) технологиялар;
- күшті (ұтымды) менеджмент;
- жоғары профессионалды министрлік аппараты және оның жақсы ұйымдастырылуы;
- ғылыми қамтамасыз етілуі және жақсы интеллектуалдылық қорлар;
- жеткілікті қорлар (жер, су, қаржылық т.б.);
- жақсы әлеуметтік қызметтер (салалық, ведомсволық т.б.).

Бастапқы кезеңнің әлсіз жақтары төмендегілерді қамтиды.

- нақты стратегилар мен жоспарлардың болмауы;
- іс-әрекеттердің бірі мен бірі байланыссыз жан-жақты бағытталуы;
- нашар реформалануы немесе реформалардың дұрыс нәтиже бермеуі;
- Министрлік апаратының нашар ұйымдастырылуы;
- нашар құқықтық кеңестік;
- ақпараттармен нашар қамтамасыз етілуі;
- нашар технологиялр;
- экологиялық мәселелердің болуы;
- іс- әрекеттердің өзара байланысының нашарлығы;
- көлік жолдарымен коммуникациялардың болмауы, т.б.

Егер күшті (ұтымды) және әлсіз жақтарды талдауда саланың ішкі факторлары қаралатын болса, онда мүмкіндіктер мен қателерді бағалауда сыртқы факторлар зерттеледі. Мүмкіндіктер сыртқы нарықта кездеспейтін, кездесе де айқын көрінбейтін белгелі бір факторлар түрінде болса, онда қауіп-қатерлер сыртқы нарықтың қатерлі бәсекелестік (осы сала үшін қауіпті басқада жағдайлар) түрінде сипатталуы мүмкін. Мысал ретінде

мүмкіндіктермен қауіп-қатерлердің қатарына төмендегілерді жатқызуға болады (бұл тізім түгел әрі міндетті бола алмайды).

Мүмкіндіктер:

- табиғи байлықтардың болуы (жер, су, пайдалы қазбалар және т.б.) ;
- жаңа сыртқы нарықтарды жаулап алуға жағдай жасайтын өндірісті ұйымдастыру мүмкіншілігінің болуы;
- жаңа технологияларды игеру;
- халықаралық көлік байланыстары мен коммуникациялардың болуы;
- басқа ұйымдармен, компаниялармен көлбеу интеграция жүргізу;
- бәсекелестердің сыртқы нарықтардағы әлсіздігі;
- баға мен шығындарды төмендетудегі ірі мүмкіндіктер;
- мемлекет тарапынан қолдау және т.б.

Қауіп-қатерлер:

- күшті бәсекелестер тарапынан қысымның болуы;
- қорлардың жеткіліксіздігі (мүмдем болмауы);
- сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндіктердің болмауы;
- ішкі нарықты жоғалтып алмау қаупі, т.б.

Барлық жұп комбинациялар талданады, олардың ішінен тек стратегияны әзірлеуге ескерілетіндері зерттеледі. Мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлердің диалектикасын естен шығармау керек. Өйткені, пайдаланылмаған мүмкіндік, оны бәсекелестер дұрыс пайдаланған жағдайда, керісінше, қауіп-қатер болып шығу мүмкін.

Аймақ бойынша өңдеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4% мөлшерінді қамтамасыз ету, 2011 жылмен салыстырғанда 2019 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыру және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету; өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру көзделген:

- кәсіпкерлік ахуалды, құрылымды қалыптастыру және жеке секторды ынталандыратын әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін қоғамдық институттарды қамту, қосылған құнға барынша қол жеткізе отырып, нақты өндірістерде қосылған құндар тізбегіндегі элементтерді игеру;
- ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық экспортқа негізделген өндірістер құруды ынталандыру;
- елдің экспорттық әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің пайдасына қарай эртаратандыру;
- сапаның әлемдік стандартына көшу;
- дүниежүзілік ғылыми-техникалық және иновациялық процестерге қосыла отырып, өңірлік және дүниежүзілік экономикамен ықпалдасуды күшейту қарастырылған.

Стратегиялық жоспарлаудың 2015-2020 жылдар бойынша жүзеге асу кезеңдері:

1-кезең - 2015-2016жылдар

2-кезең - 2017-2018жылдар

3-кезең - 2019 -2020 жылдар

Стратегияны іске асыруға жұмсалатын инвестициялық сипаттағы тікелей шығындардың болжамды көлемі жылына 1,2 млрд. АҚШ долл. құрайды. Бұл

ретте Стратегияны іске асыруға жұмсалатын мемлекеттік шығындардың құны 2016 жылғы бағалармен жылына 260 млн. АҚШ долл. құрайды. [3]

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру көлемі тиісті жылға бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Стратегия іс-шарларын қаржыландыру үшін Даму Банкінің, Инвестициялық қордың, Инновациялық қордың қаражаты тартылатын болады. Бұл ретте жаңа инвестициялық және инновациялық институттарды құру ірі қаржы ресурстарын іздестіруді қажет етеді.

Индустриялық-инновациялық саясатты белсенді жүргізу экономиканың өсу қарқынын жылына кемінде 8,8-9,2% қамтамасыз етеді. Бұл 2011 жылмен салыстырғанда 2019 жылы ЖІӨ көлемін 3,5-3,8 еседей ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа өңдеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4%-ке дейін жеткізуге, 2011 жылмен салыстырғанда 2019 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыруға және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендетуге мүмкіндік береді.

Стратегияны іске асыру нәтижелері 2019 жылы мұнай, газ кен орындарын қарқынды игеру жағдайында экономиканың және өнеркәсіптік өндірістің құрылымын түбегейлі өзгеріске ұшыратпайды.

Стратегияны іске асыру:

- ЖІӨ құрылымында өнеркәсіптің үлестік салмағын 2020 жылы 46,5%-тен 50-52%-ке дейінгі мөлшерде ұлғайтуға;
- ЖІӨ құрылымында ғылыми және ғылыми-инновациялық қызметтің үлестік салмағын 2011 жылғы 0,9%-тен 2019 жылы 1,5-1,7%-ке арттыруға.

ЖІӨ құрылымында өңдеуші өнеркәсіп үлесінің төмендеу қарқынын 2011 жылғы 13,3%-тен 2019 жылы 12-12,6 %-ке дейін төмендеуін бәсеңдетуге (салыстыру үшін бұл көрсеткіш индустриялық саясат жүргізілмесе, 2019 жылы 10,9%-ті құрайтын еді). Сонымен қатар Стратегия іске асырылмаса, өнеркәсіптік өндірістегі кен өндіру салаларының қосылған құнының үлесі, оның ішінде мұнай өндіру 2009 жылғы 31,0 және 25,6% қарғанда 2019 жылы тиісінше 55-56 % және 50-51%-ке жетуі мүмкін. Стратегияны іске асыруды есепке алғанда кен өндіру кәсіпорындарын 46-47%-ті ғана құрайды. Бұл ретте ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өндіріс орындарының үлесі 2011 жылғы ЖІӨ 0,1%-нен 2019 жылы 1-1,4 %-ке дейін артады. Өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнының құрылымында сапалық өзгерістер болады. Металлургияның және металдарды өңдеу үлесі өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнының жалпы көлемінің 40,1%-нен 27-28 %-ке дейін төмендейді, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесі 38,1%-тен 45-46%йін өседі. Бұл ретте ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялы өнімнің үлесі 2011 жылғы 0,6%-пен салыстырғанда 9-11%-ті құрайды.

Стратегия Қазақстанның 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика салаларын эртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған.

Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтер

өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Дүниежүзілік экономиканың ғаламдануы аясында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады: бір жақты шикізат бағыттылығы, әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі, ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы, ішкі рынокта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы (шағын экономика), өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылым мен өндірістің арасында ықпалды байланыстың болмауы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) қаржының аз бөлінуі, менеджменттің экономиканы Ғаламдану процестеріне және сервистік-технологиялық өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Республикамызда соңғы жылдары аймақтық экономикаға, аймақтарды дамытуға, дәлірек айтсақ, республикадағы әрбір аймақтың экономикалық өсуіне, әлеуметтік жағдайына, қаржы жағдайын тұрақтандыруға, халықтың әлауқатын көтеруге, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту және оны тиімді пайдалануға, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту сияқты мәселелерді шешуге айтарлықтай көңіл бөлініп, нақты іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда [5].

Аймақтар дамуының қазіргі жағдайын саралау олардың дамуының экономикалық қауіпсіздігін бағалауды талап етеді. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі-аймақ экономикасының оның дамуының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге қабілеттілігі, халықтың өмір сүру сапасын жоғары әлеуметтік стандарттар деңгейіне жеткізу, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалана отырып, ішкі және сыртқы қауіптердің ықпалына қарсы тұру. Демек, аймақ экономикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету - тұтас ел экономикасы өркендеуінің негізгі шарттарының бірі деп тұжырымдауға болады. Осыған байланысты экономикалық қауіпсіздіктің қатерлерін аймақтық деңгейде анықтаудың маңызы да арта түспек.

Аймақтардың саралануының күшеюі жалпы аймақтық өнім сияқты көрсеткіштер динамикасынан көрінеді. Аймақтық дамудың саралануына байланысты, экономикалық қауіпсіздік факторлары әрбір аймақ деңгейінде өзінің аймақтық ерекшеліктеріне ие болады. Әрбір аймақта экономикалық қауіпсіздік факторларын анықтау нәтижесінде ғылыми негізделген шешімді талап ететін экономикалық қауіпсіздіктің ерекше мәселелері туындайды. Аймақтар дамуының тікелей қатерлеріне келесілерді жатқызуға болады:

- орталық және жергілікті билік органдарының арасындағы өкілеттіліктер мен жауапкершіліктердің айқын бөлінбеуі;
- аймақтардағы реформалардың жүргізілу қарқынындағы айырмашылықтар;
- халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы бойынша аймақтардың саралануы;
- әлемдік нарық сұранысына сәйкес Қазақстан экономикасының салалық және аймақтық құрылымының өзгеруі, нәтижесінде өнеркәсіптік және

аграрлық аймақтардан басым шикізат пен отын өндіретін аймақтар иерархиясы қалыптасты;

• аймақтар дамуындағы аумақтық және салалық үйлестіру қағидасының бұзылуы.

Барлық аймақтар үшін жалпы қатерлер:

- жұмыссыздық;
- ірі өңдеуші кәсіпорындардың тоқтап қалуы немесе толық қуатында жұмыс істемеуі;
- экологиялық проблемалардың көбеюі;
- шағын қалалардың дағдарысты жағдайы.

Аймақ дамуының элеуметтік қатерлері:

- жан басына шаққандағы табыстың төмен деңгейі және табыстары күнкөріс минимумынан төмен халық үлесінің артуы, Кедейшілік шикізат әлеуеті төмен және жұмыссыздық жоғары (Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл) аймақтар үшін ғана тән болып отырған жоқ. Кедейшіліктің күшейе түсуі мұнай өңдеу және металлургия салаларының жоғары және орта өсу қарқындары бар және осындай аймақтардың ауылдық жерлерін де шоғырланғаны байқалып отыр;
- халық жалақысының төмен деңгейі. Бес облыста - Түркістан, Жамбыл, Алматы, Ақмола және Солтүстік Қазақстан - орташа айлық жалақы республикадағы орташа деңгейге жетпейді;
- жан басына шаққандағы табыс пен орташа айлық жалақы деңгейі бойынша аймақтардың өте саралануы (резкая дифференциация). Мысалы, Атырау облысындағы жалақының жоғары деңгейі мен Ақмола облысындағы төмен деңгей арасындағы айырмашылық үш еседен артық;
- аймақтар ішіндегі айтарлықтай саралану - қала және ауыл тұрғындарының, өңдеуші және металлургия салаларында жұмыс істейтіндер мен қалған халық табыстарының арасындағы;
- барлық аймақтарда элеуметтік аясы (сфера) салаларының дамуындағы жағымсыз тенденциялардың сақталуы.

### ***Библиографиялық тізім***

1. «ҚР Еңбек туралы» ҚР Заңы, Алматы-2013
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Алматы – 2015
3. Алимбаев А.А. Государственное регулирование экономики. - Алматы: Институт рыночных отношений МН и ВО РК, 2010.
4. Балабанов И.Т. Анализ и планирование финансов хозяйствующего субъекта: Учебн. пособие. - М.: Финансы и статистика, 2011.
5. Динкевич А. К осмыслению опыта экономического развития Японии. - Российский экономический журнал, 2012, N10.
6. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенова Э.Т. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау / Оқу құралы. Алматы: Экономика 2011 ж.
7. Краткий статистический ежегодник Казахстана. Алматы, 2010 г.

## ПЕРСИДСКИЙ ЗАЛИВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ

Калмурзаев Д.Н.  
Шымкент университеті

### *Аннотация*

*Англияның сыртқы белсенділігі одан әрі артты, отаршылдық экспансияға қарай бағыт күшейді. Суэц каналы ашылғаннан кейін Парсы шығанағының рөлі түбегейлі өзгерді: сауда жаңа серпін алды. XIX ғасырдың аяғында бүкіл әлем іс жүзінде империалистік державалардың арасында бөлінді, бұл бөліністе Англия басым территорияны иеленді*

Персидский залив занял особое место в планах Британии превратить его в «британское озеро». Его вход начался в Маскате, а к середине XIX века Великобритания монополизировала торговлю и перевозки в Персидском заливе. Расширение осуществлялось под лозунгом борьбы с пиратством и торговлей людьми. После открытия Суэцкого канала роль Персидского залива кардинально изменилась: торговля получила новый импульс. Но, обо всем по порядку.

В течение тысячелетий страны и народы бассейна Персидского залива играют важную роль в истории человечества. Они были посредниками между древнейшими цивилизациями долин Инда, Тигра, Евфрата и Нила, входили в состав государств шумеров, в Вавилонскую державу, в империю Ахеменидов, в халифат Омейядов и Аббасидов. Воды Персидского залива бороздили корабли египтян и эллинов, индийцев и персов, Александра Македонского и Сулеймана Великолепного. В XV в. большую часть западного побережья Персидского залива захватила Османская империя, а восточное — Персия. В начале XVI в. в Персидском заливе появились корабли Албукерки, и значительная часть его побережья на долгие годы перешла под власть португальцев.

С конца XVIII в. к Персидскому заливу все больший интерес начинают проявлять английские колонизаторы. К середине XIX в. влияние Великобритании становится на западном побережье залива преобладающим.

С тех пор прошло более ста лет. Уже завершился в основном распад колониальной системы империализма. Но вплоть до последнего времени западное побережье Персидского залива по-прежнему представляло собой монопольную сферу влияния Англии. Британским колонизаторам удалось там, за исключением Кувейта и отчасти Бахрейнских островов, сохранить общественные и социальные отношения восточного средневековья, включая не только абсолютную власть шейхов и верхушки мусульманского духовенства. После ликвидации английской базы в Адене именно в Персидский залив — на Бахрейнские острова и в Шарджу (Договорный Оман) были переведены основные базы и штаб командования британскими вооруженными силами на Среднем Востоке.

Интерес британского империализма к Персидскому заливу определяется отнюдь не только его стратегическим положением. В странах бассейна Персидского залива находятся две трети разведанных запасов нефти капиталистического мира. В 1967 г. там было добыто почти 500 млн. т нефти,



т. е. примерно треть всей нефти, полученной в капиталистическом мире и развивающихся странах. Свыше 35% добываемой в этом районе нефти, более 50% мощностей нефтеперегонных заводов и значительная часть танкерного флота, транспортирующего нефть из Персидского залива, контролируются британским капиталом [1]. Ежегодный доход британских монополий от продажи, переработки и транспортировки нефти бассейна Персидского залива превышает миллиард долларов; это больше, чем все доходы британских колонизаторов от Индии в 1937 г. Если добавить значительные вклады, которые все еще держат в английских банках правители княжеств Персидского залива, станет ясным огромное значение этих стран для британского империализма.

Принятое британским правительством в январе 1968 г. вынужденное решение вывести к концу 1971 г. английские вооруженные силы из Персидского залива отнюдь не означает сдачу английским империализмом своих позиций в этом районе. В создавшихся условиях изменяется в первую очередь форма, но не содержание английской колониальной политики. Британские монополии по-прежнему стремятся сохранить под контролем максимально возможную часть нефтяных богатств бассейна Персидского залива [2].

В конце 80 — начале 90-х годов XIX в. бассейн Персидского залива начинает занимать все большее место в наступательной политике британского империализма на Ближнем и Среднем Востоке.

В результате интриг, шантажа, подкупов, прямой и косвенной агрессии, разжигания противоречий между Турцией и Ираном, между Маскатом и Бахрейном, между Абу-Даби и Катаром, между шейхствами Договорного Омана и Маскатом, между Бахрейном и Катаром британским колонизаторам удалось превратить всю южную часть бассейна Персидского залива в свою монопольную сферу влияния, а Бахрейнский архипелаг — в свой протекторат [3]. Почти в аналогичном положении оказались и районы, примыкавшие к восточному побережью, хотя там и находились по-прежнему иранские каргузары, а по праздникам на флагштоках взвивались иранские флаги.

Во всем этом огромном районе правил британский резидент в Бендер-Бушире. При помощи канонерок флотилии Персидского залива он творил суд и расправу, осуществлял директивы, поступавшие из Бомбея и Калькутты.

К началу 90-х годов британские колонизаторы делают попытку завершить подчинение всего бассейна Персидского залива, поставив под свой контроль его северо-западное и северное побережье.

История колониальной политики Великобритании в бассейне Персидского залива имеет ряд существенных особенностей.

Английское проникновение в этот район осуществлялось особенно интенсивно во второй половине XIX в., когда о нефти ничего известно не было. Стремление британских правящих кругов поставить под свой контроль страны бассейна Персидского залива определялось тогда политико-стратегическими соображениями. Отмечая тенденцию монополий к захвату территорий «про запас».

На рубеже XIX—XX вв. господство над Персидским заливом давало правящим кругам Великобритании возможность предотвратить проникновение туда своих империалистических конкурентов, главным образом германских империалистов.

Англия осуществляла свое господство над странами Персидского залива путем установления над ними различных видов протектората. Эта форма колониального господства имеет ряд существенных особенностей, поскольку местные правители, правящая родоплеменная или феодальная верхушка сохраняли значительную свободу действий во внутренней политике. Протекторат создавал для правящей верхушки стран Персидского залива известные маневренные возможности и в области внешних сношений. Это было особенно характерно на рубеже XIX—XX вв., когда в борьбу за этот район активно включились Франция, Германия и царская Россия, а правящие круги Турции стали добиваться признания своих суверенных прав на ряд территорий, в первую очередь на Кувейт.

Осуществление контроля над княжествами Персидского залива осложнялось для британских колонизаторов тем, что во избежание обострения противоречий с Турцией и в особенности с империалистическими державами они устанавливали над ними протекторат постепенно. Таким образом, до установления полного протектората у многочисленных шейхов и эмиров оставались дополнительные возможности для маневрирования и игры на межимпериалистических противоречиях. В ряде случаев договоры о протекторате, заключенные Англией с правителями княжеств, длительное время были секретными. Этим пользовались как местные феодалы, так и правящие круги других империалистических держав, а также Турции для противодействия английской захватнической политике. Поэтому, несмотря на то что Великобритания уже к концу XIX в. была господствующей силой в Персидском заливе, этот район был центром дипломатических и политических интриг, играл немалую роль в международных отношениях начала XX в., в образовании Антанты и возникновении первой мировой войны [4].

Колониальная политика Великобритании в начале XX в. была равнодействующей многих сил и интересов, определялась сложным и быстро изменяющимся соотношением сил между отдельными группировками, заинтересованными в агрессивной политике, приобретении колониальных владений, в захвате выгодных концессий на Дальнем Востоке, в Южной Африке, в Средиземноморском бассейне и других районах. Начало XX в. ознаменовалось острой борьбой в правящем лагере английского империализма вокруг проблем, связанных с выходом из «блестящей изоляции» и поисками континентального союзника. На заседаниях британского кабинета, на сессиях парламента, на страницах прессы велись жаркие баталии о союзе «англосаксонских» народов против России и Франции или о сближении с Францией и Россией во имя создания единого фронта против главного соперника и конкурента— германского империализма. Немаловажную роль в этой борьбе играли политические и экономические интересы группировки, стремившейся к монопольному господству в западной части бассейна Индийского океана, к сохранению Персидского залива в качестве британского

озера и к окружению «жемчужины британской короны» — Индии кольцом буферных государств для изоляции ее от внешнего мира и упрочения там английского владычества.

До настоящего времени история стран и народов западного побережья Персидского залива — Омана, Маската, Договорного Омана, Катара, Кувейта очень слабо изучена. Недостаточно исследована и история Саудовской Аравии в первое десятилетие XX в. Это использует буржуазная, в первую очередь английская, историография для приукрашивания истории английской экспансии, для изображения британских колонизаторов в качестве благодетелей народов этого района, ликвидировавших пиратство, работорговлю, междоусобные войны, защитивших их от покушений Турции, Германии и царской России. Поэтому научное исследование английской колониальной политики и международных отношений в Персидском заливе было бы неполным без критического разбора тенденциозных построений и схем, созданных английской историографией [5].

Все это определило и последнюю задачу, поставленную автором, — сделать попытку осветить основные этапы истории народов этого района в конце XIX — начале XX в., показать действительную роль британских колонизаторов в Персидском заливе в рассматриваемый период. Это потребовало тщательного и кропотливого освещения внешнеполитических и социально-экономических обстоятельств, действий дипломатов, резидентов, разведчиков, представителей транспортных компаний и торговых фирм в различных княжествах и племенных объединениях стран Персидского залива — словом, всего сложного и многогранного спектра колониальной политики.

Актуальность исследования в первую очередь определяется уровнем ее изученности. В целом, рассматривая историографический корпус по изучаемой проблеме, можно выделить таких авторов, как Иванов М. С., Адамов А., Бондаревский Г. Л., Хвостов В. М., Ерусалимский А. С., Галеви Э., Ананьич Б. В., и других авторов. Их монографии написаны на основе изучения опубликованных английских, немецких, французских и русских дипломатических документов, парламентских дебатов, английской, немецкой, русской и англо-индийской прессы, общих и специальных монографических исследований. В книгах использованы фонды архива внешней политики России, Центрального Государственного исторического архива и Государственного архива Военно-Морского Флота, использованные автором, позволили не только осветить политику царской России, а также международные отношения и межимпериалистические противоречия в этом районе, но и ввести в оборот обширный научный материал по истории, социально-экономическому положению и политике арабских княжеств Персидского залива конца XIX — начала XX в. Неопубликованные документы Форин офиса, бывшего министерства по делам Индии, Национального архива Индии и личных архивов видных политических и колониальных деятелей Великобритании, приведенные в многочисленных выдержках, в приложениях и примечаниях в работах индийского историка Равиндера Кумара «Индия и район Персидского залива», западногерманского историка Йенса Пласса «Англия между Россией и Германией (Персидский залив в предвоенной

политике Великобритании)», американского историка Брайтона Буша «Британия и Персидский залив», изданных в 1965—1967 гг., позволили значительно подробнее и полнее осветить особенности английской колониальной политики в бассейне Персидского залива [6]. Немалую роль сыграла и возможность использовать монументальный труд Лоримера «Справочник Персидского залива, Омана и Центральной Аравии», изданный англо-индийскими властями в 1915 г. с грифом «секретно» и лишь недавно ставший доступным для научной работы [7].

Таковы некоторые особенности книг и те задачи, которые ставил перед собой автор, хорошо понимающий, что это лишь первая попытка серьезного освещения важных и актуальных проблем истории, политики и международных отношений стран и народов бассейна Персидского залива

### **Список использованных источников**

1. Прабхат, Равиндра [ru.wikipedia.org](http://ru.wikipedia.org)
2. Россия — Германия — Британия: между миром и войной [regnum.ru/news/2623405.html](http://regnum.ru/news/2623405.html)
3. Бондаревский Г.Л. Английская политика и международные... [na5ballov.pro/lib...bondarevskiy...angliyskaya...zaliva...](http://na5ballov.pro/lib...bondarevskiy...angliyskaya...zaliva...)
4. Страны персидского залива и стратегические.. [cyberleninka.ru](http://cyberleninka.ru) Грнти)-persidskogo-zaliva-i
5. Географический справочник Персидского залива... [ru.knowledgr.com](http://ru.knowledgr.com) 13201157...
6. История дипломатии. Том 2. Дипломатия в Новое время... [art-of-diplomacy.ru/books/item/f00/s00...index.shtml](http://art-of-diplomacy.ru/books/item/f00/s00...index.shtml)
7. Хвостов М.В., Зорин В.А.(ред.) История дипломатии. [twirpx.com/file/1371768/](http://twirpx.com/file/1371768/)

## **ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІНІҢ ТҮСІНІГІ**

*Келдібай Ұ. Б  
Молдабай Н.Ә.*

*Ғылыми жетекшісі – Сергазиева М.Р., э.ғ.к.*

### **Аннотация**

*Қонақ үй бизнесі өте тиімді, әрі көп кіріс, пайда алып келетін бизнес болып есептеледі, сонымен қатар, келушілердің, яғни туристердің мемлекет, қала туралы әсері де дәл осы қонақ үй туралы әсерінен басталады. Нәтижесінде, жалпы мемлекет «қонақжайлылығына» баға беріледі. Осы жұмыс шегінде біз келесідей міндеттерді орындаймыз:*

*Қазақстан Республикасының қонақ үй шаруашылығын сараптау;*

*Әлемдегі қонақ үйлердің тәжірибесін қарау;*

*Қазақстан Республикасының қонақ үй бизнесінің даму бағыттарын қарастыру.*

Қонақүй бизнесі экономиканың ерекше облысының бірі деп мойындасақ, мемлекет қонақүй қызметке көмектеседі, оның ерекше

бағыттарын анықтайды және қолдайды, жалпы туризм индустриясының дамуы үшін жағымды жағдай жасайды.

Әлемдік экономикалық жүйеге Қазақстанның шаруашылығының интеграция стратегиясын анықтағанда, туризм үшін Қазақстанның қолайлы имиджі бар ел ретінде көрінісін қалыптастырады, халықаралық деңгейде туристік ұйымдар мен қазақстандық туристерді қорғау мен қолдауды жүзеге асырады[1].

Сонымен қатар бұл бизнес жайлы жалпылама айтпас бұрын, тарихына тоқталып кетсек артық болмас. Алғаш қонақ үй өнеркәсібі түсінігі антика заманында қолданыла бастаған. Антика заманы тарихи ғасыр ретінде белгілі, яғни бұл мәдениет әлемі мен қайталанбас тағдырымен және жекелігімен тарихи ортада өмір сүрген адамдар әлемі болып абылады. Адамдар осыған дейін түрлі антикалық заманда өмір сүріп келген және шығуы, әлеуметтік жағдайы, білімі, ерекшеліктері жөнінен теңдей болған емес. Антиканың «алтын шынжыр» мұрасы ғасырлар мен халықты бір жерде тоғыстырады.

Еуропалық даму антикалық негізде құрылған. Соның ішінде, Жерорта теңізі аймағы, Таяу Шығыстағы, Атлант мұхитынан Қара теңізге дейінгі Еуропа жерлері, Британиядан Италияға дейінгі кең алқаптар антикалық стильде көптеген ғасырлар бойы бой көтеріп келеді. Антикалық дәуір әлемге және адам қауымына саяси және әлеуметтік формалар енгізді. Демократия да Ежелгі Грекияда пайда болған болып есептеледі. Рим республикалық қатардың тәсілін берді, сонымен қатар көптеген халықтың, тілдердің, діндердің және жерлердің дамуына ықпал етті. Антика дәуірінде көптеген ғылымдардың еңбектерінің негізі жатыр.

Ең алғаш рет қонақ үй кәсібі туралы ескі манускриптерде – Вавилонның патшасы Хаммурапидің кодексінде таверналардың иелеріне билік жөнінде әңгімелерді жеткізіп отыруын жүктеген. Келушілердің құрамы әртүрлі болған.

Кейбіреулері «қонақжайлық» сөзі ескі француз сөзі «ospis» — біртүрлі қабылдау деп жобаласа, енді біреулері латын сөзі «hospitalis» дегенді яғни – қонақжайлық дегенді білдіреді деген. Қонақжайлар – дәл осылай антика дәуірінде өз үйінде жанұясымен қоса қызмет көрсетіп, күтетін адамдарды атаған. Қонақжайлармен шетелдік мемлекеттер қарсылықты көмек, достық және қорғаныс жөнінде келісім құрған. Қазіргі кезде «қонақжайлық» түсінігі адамзат өркениеті сияқты ескі түсінік олып қалыптасып кеткен. Қонақ үйдің ең алғаш шығуы, адамдарға қызмет көрсету кәсібімен, түнгі жатар орнына тоқтау себебтерімен тікелей байланысты. Бұрынғыда қонақ үйлер әдетте бір елмен басқа елдерге баратын басты жолдардың бойында орналасады. Сонымен бірге жолаушыларды күтумен қатар, қонақ үйлерде үкімет қызметкерлерімен өкілдер жұмыс жүргізеді. Қонақ үйлерде адамдарға түнеуге баспана беріледі, тамақтандырады. Сонымен қатар аттарын ауыстырады.

Орта ғасырларда Еуропада тұрақты аулалар монастырлар кезінде соғыла бастады. Бұл жерде шіркеу жолаушылары діни қызметкерлерге, әулие жерлерге саяхаттаушыларға арнап қонақ жайлар ұйымдастыруды ойластырды.

Уақыт өте келе тегін қонақжайлықтан кіріс табуға есептелінген мекемелерге айналды. Алғашқы қонақ үйлер бастамасы Таяу шығыста, Орталық Азияда және Кавказияда орын ала бастады. Шөл далалар мен таулы

үстірттерде саудагерлер тауар керуендерімен жолаушылайды. Олар әдетте шатырларда, кеу кездері керуен сарайларда, әр түрлі қонақжай кешендерінде, адамдардың арнайы түнеу орындарында жайғасты. Сауда байланысының дамуына байланысты Еуропада а қонақжай шаруашылығының біршама өсуіне әкеп соқтырды. Мысалы XIV – ғасырда Миланда 150 қонақ үйі орын алды. Дегенмен ол кезеңдегі қонақжай шаруашылығы ең төменгі сатыда еді. Қонақ үйлерде ешқандай жағдай болмады, санитарлық деңгейі өте төменгі жағдайда болды. XVIII–XIX ғасырлардағы мемлекетаралық экономикалық және саяси байланыстардың өсуі, Еуропа қалаларындағы қонақ үй шаруашылығының тез дамуына ықпал етеді.

Қонақ үй жұмысы үлкен табыс әкелетін маңызды салаға айнала бастады.

XIX ғасырдағы өндірістердің дамуы қонақжайлығы, туризмнің дамуымен байланысты.

Теңіз жағалауларында, минералды су көздері маңында табиғаты керемет орындарда ірі және ұсақ қонақ үйлер құрылыстары бой көтере бастады. Олардың уақыт өте келе техникалық жабдықталуы, қонақтарға арналып өте ыңғайлы жағдай жасалынып қызмет көрсетудің әдістері және түрлері өзгерді.

Экономиканың бұл облысында компаниялар, акционерлік қоғамдар, корпорациялар және синдикаттар пайда бола бастады. Осындай біріккен ірі мекемелер өз еліндегі қонақ үй шаруашылықтарын басқара отырып, сондай – ақ басқа мемлекеттерде қонақ үй тұрғызумен айналысты.

Лондонда қонақ үй синдикаты, Францияда «Қонақ үй қожайын одағы» құрылды. Бұл мекемелердің жеке иегерлері нөмірлерге бағаларын белгілеп, қонақ үй қызметкерлері мен мамандар даярлап туризмнің дамуына жағдай жасады.

1906 жылы «Халықаралық қонақ үй иелерінің одағы» құрылып, әр түрлі әлем елдерінің 1700 қонақ үй иегерлерін біріктірді.

Еуропаның ең ірі қалала рында қонақ үйлерді басқа бағытта пайдалану басталды. Ол жерлерде казино ойындарын өткізу, прессконференция өткізу қарастырылған.

Қонақ үй бизнесінің тез қарқынмен дамуы XX ғасырда басталды. Бұған себеп автомашиналардың сапалы және сандық бағытта тез өсуі, әуе және темір жол транспорты, мемлекет аралық сауданың, мәдениеттің, ғылыми – техникалық және спорттық байланыстардың өріс алуы болып табылады.

Қазіргі «Қонақжай индустриясы» дегеніміз отельдер, мейрамханалар, барлар, курорттар, ойын – сауық үйлері, казино, сауықтыру кешендерін құрайды.

XVIII – XIX ғасырда өнеркәсіп орындары мен сауда байланыстарының өсуімен, қалалар саны артып, қонақ үйлер ашылды. 1818 жылы Мәскеуде жеті қонақ үй жүйесі жұмыс жасады. 1900 жылы Петербургте 325 қонақ үй ашылды. Ал 1910 жылы Ресейде 4685 қонақ үй жұмыс істей бастады. Ол қонақ үйлердің бәрі таза коммерциялық мекемелер мен жеке адамдар меншігіне қарасты еді.

Октябрь революциясынан кейін, Кеңес үкіметінің декретімен, барлық қонақ үйлер ұлттандырылып, қонақ үй шаруашылығы түбегейлі қайта құруға ұшырады. 1940 жылы 669 қалада қонақ үй тұрғызылды. Ал Ұлы Отан соғысы кезеңінде барлық халық шаруашылығына, соның ішінде қонақ үй шаруашылығына үлкен зиян келтірілді. Соғыс жылдарынан кейін қайта қалпына келтіру жұмыстары мен жаңа қонақ үй жұмыстарының құрылыстары, қайта жабдықтау басталды.

1960 жылдарға таяу Кеңес Одағының 1364 қаласында, қонақтарға 1476 қонақ үйде қызмет көрсетті.

Алдағы уақытта елдегі қонақ үй базасының материалдық және техникалық өсуін келесі факторлар анықтайды:

- Қалалардың дамуы және жаңа қалалардың пайда болуы
- өнеркәсіптің өсуі
- ғылымның және мәдениеттің өсуі
- өнердің өсуі
- адамдардың материалдық жағдайының өсуі және т.с.с.

Бұл факторлар ішкі туризмнің дамуына іс – сапарға және демалысқа шығатындардың санының артуының алғышарттары еді. 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасының қарсаңында, КСРО – да барлық сыйымдылық орны 700 мың орын алатын 7000 қонақ үй орын алды. Көптеген ірі өте жайлы қонақ үйлер салынды. Ресейдегі өте үлкен қонақ үйдің бірі, 10 мың орындық қонақ үй комплексі «Измайлово» қонақ үйі болып саналады [2].

Өкінішке орай еліміздегі 1990 жылдардағы экономикалық және саяси жағдайға байланысты қонақ үй қызметіне деген сұраныс күлдрап кетті. 1990 жылдың аяғында Ресей Федерациясы мемлекеттік комитетінің берілген статистикалық мәліметтері бойынша, Ресей жалпы орын саны 390931 болатын 5043 қонақ үй типіндегі мекемелерді игерген.

Барлығы ресейде қонақ үйлердің 60% — ы қалалық жерлерде, ал 34 % — ы ауылдық жерлерде табылады. Көлемі жағынан қонақ үйдің нөмірлік қоры ең үлкендері Мәскеу мен Санкт – Петербург қалаларында орналасқан. Ресейдің астанасына арнап Мәскеу үкіметі «Мәскеудегі халықаралық туризмнің 2005 жылға дейінгі даму концепциясы» атты бағдарламада, қонақ үйлерді қайта жабдықтау және 30 мың қонақ үй орнына арналған жаңа құрылыс жоспарлаған. Үкімет қолдауымен сыртқы және ішкі туризмді дамыту бағыттары алға қойылған.

Мемлекеттердің экономикалық дамуы үшін туризмнің рөлі өте жоғары. Туризм ХХҒ. аяғымен ХХІҒ. басында толығымен халықаралық деңгейде болды. Мұндай болуына 2 фактор әсер етті. Біріншіден, үлкен пайда алу мақсатында, кірісін жоғарлату үшін туристік кәсіпорындар, фирмалар саяхаттау географиясын әлем бойынша кеңейтуде. Екіншіден, рентабельді болу үшін туризм халықаралық деңгейде инвестициялану ерек. Қазіргі таңда туризмнің дамуы тұрақты. Жылына туристер саны орта есеппен 4% өсуде. Соңғы кездерде туризмнің интенсивті өсуі мына региондарда байқалады: Африка, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, және Тынық мұхит регионы. Туризмнің бұлай даму тенденциясы халықаралық бәсекелестікке жағдай туғызып отыр, яғни жылдан жылға қызмет сапсы жоғары курорттар пайда болуда. Ал, бұрынғы туристік

региондар жаңа қызмет түрлерін ұсынуда, жаңа жоспарлар құруда. Осылайша жаңа курорттар, қызмет көрсетудің жаңа түрлері пайда болуда. Туристік ағымды өзіне көптеп тарту үшін, туристік региондарда туристердің жақсы демалуына барлық жағдай жасалуда. Туристік өнімді өткізу үшін, осы өнім туралы ақпараттың клиентке оңай жетуі тиіс, яғни бұқаралық ақпарат көздері арқылы немесе демалыс орындарында болу керек.

Көп елдерде халықтың табысы туристік қызмет саласына жұмсалады. Шығу және ішкі туризм сферасында қонақүй шаруашылығы туристерге толық комплексті қызмет түрін ұсынады. Қонақ үй шаруашылығы Қазақстанда даму перспективасын анықтайтын негізгі фактор болып табылады[3].

Қазіргі қонақ үйлік мекеме тұтынушыларға тек жатар орын мен тамақтандыру қызметтерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар көлік, байланыс, ойын-сауық, экскурсиялық қызмет, медициналық, спорттық, сұлулық салондары қызметі мен т.б. қызмет түрлерін көрсете алады. Шындығында, қонақ үй мекемелері туризм мен қонақжайлық индустриясы құрылымының басты функцияларын орындауда, себебі, олар тұтынушыларға дайындалған құрама қонақүйлік өнімді ұсынады, бұл өнімді дайындап, алға жылжытуда туризм мен қонақжайлық индустриясының барлық элементтері мен бөлімшелері қатысады. Осыған байланысты, қонақ үй индустриясын немесе қонақ үй бизнесін туризм мен қонақжайлық индустриясының ең ірі құрама бөлігі ретінде қарастырған жөн.

Қонақ үй индустриясы Қазақстан Республикасындағы іскерлік шеңберде қызығушылықтарды арттырады. Демек, ішкі нарықтағы мемлекеттік емес экономикалық және өндірістік құрылымдардың жаңа бастау алған кәсіпкерлердің табыс көзі болып табылады. Сондықтан, Қазақстандағы қонақүй индустриясы мен туризм нарығындағы персонал имиджін қалыптастыруды ішкі туристік саудасы мен халықаралық байланысын күшейту мәселесі тұр.

Туризм инфрақұрылымы мен қонақ үй индустриясының бастапқы бағыттарының арасында Республикамыздың «Қазақстан 2030» әлеуметтік-экономикалық стратегиясында маңызды мәселелер бөлініп отыр. Бұл мәселелер тез арада өз шешімін табу керек.

Соңғы онжылдықта экономикада да, заңнамада да елеулі өзгерістер болды. Кіші және орта бизнестегі кәсіпорындар пайда болды. Олардың саны онмыңға жетеді. Сонда да қазіргі кезде қонақүй бизнесі қоғамдық және мемлекеттік қолдауды, жағымды имидждің қалыптасуын, оның даму жолдарының әдістерін талап етеді. Экономика саласы ретінде қонақүй бизнесі және туризмде персонал имидждің және кәсіпкерлік қызметтің даму мәселелері арнайы қарастырылу керек, яғни тасымалдау, орналастыру, тамақтану және ойын-сауық кешені сияқты қызмет көрсету нарық сегменттерінде халықтың экономикалық белсенділігінің барлық түрлері жатады.

Қазақстан Республикасының Агенттігінің мәліметтеріне байланысты, 2020 жылдың 10 қаңтарынан бастап 465 бірлік жұмыс істейді. Орташа отель толығы - 28%. Берілген қызмет көрсету деңгейі нарықта орташа есеппен 15 %-ға көтерілген. Көптеген объекттердің бұрыннан келе жатқан өзіндік ұлттық деңгейі сақталған. Қазақстанның ірі отельдерінің көбісі оңтүстік астанада



орналасқан. Сонымен қатар халықаралық тізбектер Астана, Ақтау және Атырау қалаларында да тарай бастады.

Олардың көп бөлігі Алматы және Астана қалаларында шоғырланған. Сонымен қатар Қарағанды, Шығыс-Қазақстан, Павлодар, Атырау облыстарында да тамыр жайған. Кәсіпорындардың аз бөлігі Солтүсік-Қазақстан, Маңғыстау, және Батыс-Қазақстанда орналасқан. Қазіргі кезде республикада қонақ үй кәсіпорындарының екі иелік түрі қалыптасқан: мемлекеттік және жеке-меншік.

Қонақ үй кәсіпорындарының 8 есе өсуі және қызмет көрсетілген қонақтар санының 3,1 есе көбеюі туризмнің дамуымен тікелей байланысты. Туризм саласындағы инвестициялық қызығушылықтар, жаңартылған және қайта құрылған материалды-техникалық база дамуға септігін тигізеді.

Қонақ үйлік кәсіпорындардың жеке формаларына байланысты құрылымдар айтарлықтай өзгерістерден өтті. Басак елдің меншігіне, олардың заңды және жеке азаматтарына 2010 жылы 4,4% болды, ал 2016 жылы 6,9%-ға дейін. Сонымен қатар, жеке меншіктік 86,8% дан 87,3%-ға дейін, сәйкесінше мемлекеттік иеленушілік 8,8%-дан 5,8%-ға кеміді.

465 қонақ үйлік кәсіпорындардың 27-і мемлекеттің меншігінде, 32-басқа мемлекеттер және олардың заңды және жеке тұлғаларында, 406- жеке меншікте, оның ішінде 41 шет елдік қатнаспен құрылған кәсіпорындар.

Қазақстандық келушілер категориясыз және қымбат емес қонақ үйлік кәсіпорындарды тұтынғанды қалайды, шет елдік қонақтар фешенебельді қымбат, ыңғайлы орналасқан жері мен жоғары деңгейлі қызмет көрсететін қонақ үйлерде аялдайды. Сапарға шығушыларды арасындағы зерттеуге байланысты 2020 жылы қонақ үй қызметтеріне көп сұраныс беретін тұтынушылар іскерлік және профессионалдық мақсаттармен келетін қонақтар болып табылды. (79,3%).

Қонақ күту индустриясының жүйелігіне: ұжымдық түрде немесе жеке адамдарды қабылдайтын отельдер, қонақ үй типтес мотелдер, жастар тұратын жатақханалар, апартаменттер, туристік жатын орындар, сол сияқты туристерді орналастыруға қатысатын жеке секторлар жатады.

Қонақ үй қызметтерін индустрияландыру саласы, сонымен қатар, жаһандану мен бірлесу үдерісі қазіргі уақыттағы әлемдік қонақ үй индустриясына тән. Өте жақсы ұйымдастырылған, техникалық және технологиялық жабдықталған қонақ үй тізбектері, әлемдегі мыңдаған қонақ үйлерді біріктіретін ірі бастаушы бағдарда. ХХІ ғасырда қонақ үй тізбектері көптеген әлем елдерінің экономикасында негізгі элемент болып табылады. Яғни, экономиканың дамуы мен тиімділігінің жетекші күшіне айналды. Осылай АҚШ-тың қонақ үйлерінің 90%-ы тізбектерге біріктірілген, ал Европада бұл көрсеткіштер 40 %-ды құрайды. Әлемде ұлттық шекарадан шыққан 300-ден астам қонақ үй тізбектері құралды. Бұлардың үлесіне 50%-дан астам қонақ үй номерлері кіреді.

Бүгінгі күнде, «қонақ үй тізбегі» деген түсінік ғылыми әдебиетте бір жола қалыптаспаған. Түсіндіру айырмашылығына байланысты, тізбектерді басқару концепциясының ерекше түсінігі ретінде, экономико-құқылы және

маркетинг табиғатының кәсіпорындағы толық тізбектік формасы ретінде қарастырылады.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Мазбаев О.Б., Омаров К.М., Қонақ үй шаруашылығы және туристік бизнес, Астана – 2013жыл, 35-36б
2. Линн Дер Ваген, Гостиничный бизнес. Серия «Учебное пособие», Ростов н/Д; Феникс, 2011год, 416с.
3. Барлықов Е.К., Онаева Б.Т. ,Сервистік қызмет: Оқу құралы//Алматы, Экономика. 2013жыл, 226б.

## **КЕҢЕС ДИПЛОМАТИЯСЫ ТАРИХЫН ЖАСАУШЫ САЯСИ ТҮЛҒА – Н.ТӨРЕҚҰЛОВ**

*Құдайберген М.*

*Қадыр Г.Т.– магистр, оқытушысы  
Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*В этой статье рассматривается общественная социальная роль и наследие первого казахского дипломата – Н.Торекулова.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде «Аса көрнекті тарихи қайраткерлердің, шын мәніндегі мемлекетшілердің тұтас бір шоғырының» – жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде-ақ қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген тұлғалардың ұлттық мүдделерге қызмет етуінің ұлы тарихи үлгісі көз алдымызда тұр» деген болатын. Осы сөздердің мәні мен мағынасына терең бойлай түссек, ұлт тарихының ұлы көші көркейе түсетініне кәміл сенеміз. Сондықтан, қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың тарихи орны мен олардың ұлт үшін жасаған еңбектерінің маңызын көрсете білу – біздің парызымыз. Яғни, біз тарихымызды Қазақстанның қазіргі мемлекеттігінің бастауында тұрған аса көрнекті тұлғаларды, нағыз елжандыларды ұмытпауымыз керектігіне Президентіміз Н.Ә.Назарбаев ерекше назар аударады. Қазақ халқының тарихында ерекше рөл ойнаған, ардақты азаматтарының бірі Нәзір Төреқұловтың да ұлтымыздың өзіндік орнын иемденуге қосқан үлесін атап өтуіміз орынды екендігі сөзсіз. Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған алаш қайраткерлерінің ішінде Нәзір Төреқұловтың есімі ерекше құрметпен аталады. Ол кісіні ұлтымыздың арасынан шыққан тарихи тұлғалардың бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде тануға тек еліміз дербес саясатын жүргізе бастаған соңғы кезде ғана мүмкіндік туды. Халық өз атынан сөйлеген, елім деп еңіреген небір ерлерін бәйгеге қосқан. Солардың көбі сыннан сүрінбей өтіп, өз есімдерін халқының тарихына алтын әріптермен жаздырып қалдырған. Осындай мақтан тұтар, өмірі – мектеп, ісі – үлгі, жұлдызы – жарық, даңқы – асқақ ардагерлеріміздің бірі – Нәзір Төреқұлов.

Н.Төрөқұлов—елші, қоғам қайраткері, тарихи тұлға, революционер, әдебиетші, сыншы, ақын, ғалым, шығыстанушы, саясаткер, журналист, Құранды жатқа білген ірі дипломат.

Қазақ халқы да тарих саясатына талай саңлақ ұл — қыздарын шығарған. Осындай мақтан тұтар, өмірі — мектеп, ісі үлгі, жұлдызы жарық, даңқы асқақ ардагерлеріміздің бірі Жұма күнін демалыс жасап, құрбан айтты мерекеге айналдырған — НәзірТөрөқұлов. Нәзір Төрөқұлов 1892 жылы Түркістан өңіріндегі Қандоз ауылында дүниеге келген. Бірақ оның туған жеріне қатысты таласты әңгіме әлі күнге дейін бар. Біреулер оны Қоқанда туған десе, кей ғалымдар қазақ жерінде дүниеге келгенін айтады. Саналы ғұмыры Қоқанда өткен Нәзірдің ұлтын өзбектер “өзбек” деп те жүр. Ал Нәзірдің өзі замандасы Шәріп Байшораға: «Мен де өзбек емеспін, ұлтым – қазақ. Түркістан шаһарының іргесінде дүниеге келіп, Қоқанда өскенмін, яғни өзбекке сіңіскен қазақпын», - деп айтқан көрінеді.

Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметов те: «Нәзір – өзбек, тәжік тіліндегі тұңғыш оқулықтардың авторы. Нәзір жөнінде алғашқы мақала ол ақталысымен өзбек тілінде “Шарқ” журналында жарияланды. Бірақ онда Нәзірді өзбек ұлтынан деп көрсетті: “Нәзір Төрөқұлов – өзбек халқының ұлы перзенті” деген тақырыппен берілді.

Ол сауатты, көзі ашық қазақ семьясында заманына лайықты тәлім-тәрбие алды, 1905 жылы Қоқандағы сауда-саттық училищесіне оқуға түсті. Нәзірдің әкесі ескіше, орысша сауаты бар, көбінше заң ісімен айналысқан, заманында көп нәрседен хабары бар білімдар кісі болған, сондықтан баласының орысша білім алуына айырықша көңіл бөлген. Нәзір училищені 1913 жылы бітіріп, Мәскеу институтына түседі. Москвада оқып жүрген Нәзір орыс мәдениетін терең үйренумен бірге неміс, француз, түрік, араб, парсы тілдерін жете меңгеріп алды”, – деп жазды. Осы жолдардан-ақ Нәзір Төрөқұлов тәрбиеленген отбасының да көзі ашық, көкірегі ояу болғанын байқаймыз. Заңгер болды, қызмет бабымен көшіп- қонып жүрді делінетін әкесі Төрөғұлдың діни білімі терең болса керек. Оны Нәзір өмірін зерттеп жүрген Елеусіз Құлымбетовтің: «Төрөғұлдың үміт күткен тұңғышы осы Нәзір болады. Бұдан кейінгі екінші ұлы Әбділқадыр және Фатима атты қызы. Нәзірді жете білетін көзкөрген кісілердің айтуына қарағанда ол сегіз тілді білген. Шешесі тәжік қызы болғандықтан парсы тілі Нәзірдің екінші ана тілі санатында еді», – деп келтірген дерегіндегі балаларына қойған есімдерден де көреміз.

Жастайынан білімге құмартқан Нәзір 1916 жылғы 25 шілдедегі патша жарлығынан кейін оқудан қол үзіп, майдан тылындағы жұмысқа аттанады. Онда да тыныш жүрмей тылда жүрген түркістандық жерлестерінің басын біріктіріп “Еркін дала” ұйымын құрады. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін Қоқанға қайтып келіп, 1918 жылы большевиктер қатарына өтеді. Онда “Халық газетін” ұйымдастырып, қоғамдық-саяси істерге белсене араласып кетеді. Міне, осыдан былай қарайғы 20 жылында Кеңес үкіметіне қызмет ете жүріп қазақтың, діннің мүддесін талай қорғады. Оған ҚРҰҒА академигі Рахманқұл Бердібайдың мына жазғандары дәлел: “Кеңес үкіметі орнағаннан кейін басшылық қызметті иеленгендердің көбі дін мәселелеріне теріс қарағаны белгілі. Ал Н.Төрөғұлұлы діннің адам баласы тарихындағы өзгеше мәнін әуел

бастан-ақ анық түсінген, сондықтан да белсенділердің дүрмегіне қосылмаған, діннің қасиетін жоғары бағалаған. Мұны ол өзінің көптеген мақалалары мен баяндамаларында қадай айтып, ұғындырып отырады. “Ислам және коммунизм” деген мақаласында (“Қызыл байрақ”, 16.12.1921)

Тайыр Мансуровтың “Елші Нәзір Төрәқұловтың Арабия дастаны” деген еңбегін талдау. Н. Төрәқұлов қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби, білікті дипломат, елші болғандығын және оның есімі сол кезде, көзі тірісінде — ақ халықаралық деңгейде танылғандығын, жоғары бағаланғандығын бүгін үлкен мақтанышпен айтуға тиістіміз. Н. Төрәқұлов елшілік қызметін тез арада меңгеріп, жергілікті саяси қайраткерлермен, ірі саудагерлермен өзара сенімді қатынастар орната алды.

Халықаралық қауымдастықта мәртебеміз биіктеп, беделімізді әлем мойындаған осы кезеңде өмір тоқынының әрқилы иірімдерінен өткен маңдайалды тұлғаларға тағзым етіп, олардың рухын асқақтату, кішіге өнеге, үлкенге құрмет екендігі айқын. Яғни, Н.Төрәқұловтың есімі тұңғыш қазақ елшілерінің бірі ретінде Қазақстан дипломатиясында мәңгілікке жазылған. Халқымыздың «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деген қанатты сөзіне сай, Н.Төрәқұлов Кеңестер Одағының Таяу Шығыстағы саясатын ілгерілету үшін маңызды ел болған Сауд Арабиясымен дипломатиялық қарым-қатынастарының бастау-бұлағында тұрып, өзінің миссиясын жоғары деңгейде атқарғаны белгілі. Өзінің жоғары білімділігі мен біліктілігіне қоса, шығыстың діні мен тілін түсініп, терең құрметтеген Н.Төрәқұлов шығыс адамына тән мәмілегерлік талантын толық ашып көрсете алды. Сауд Арабиясы Королінің отбасына ықпал етудегі Ұлыбритания өкілі мен Кеңестер Одағының өкілі арасындағы бәсеке біздің қандасымыздың үлесіне шешілуі оның табиғи мәмілегерлік қасиеттерін, қажырлы еңбегін көрсетеді. Сауда-саттық, шаруашылық саласында жасаған ұланғайыр қызметімен қатар, Король отбасымен жақын араласып, игілікті көп істер атқарады, Король Әбдел Әзиз әл-Саудтың мұрагері Ханзада Фейсалдың КСРО-ға 10 күн бойы сапар шегуін ұйымдастыруы да елшілік қызметіндегі үлкен табысы, айрықша қайраткерлігі еді. Оның терең білімі мен кәсіби дағдысына, адами болмысына тәнті болған король мен оның отбасы оған ерекше құрмет көрсетті. Ауғанстан, Түркия, Иран, Ирак, Сирия, Иордания елшілерімен де араласып, достық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік туғызуы, сол кезде елшілікке қазіргідей жағдай туғызылмағанын ескерсек, адам сенбейтін ерлік еді. Н.Төрәқұловтың еңбекқорлығы, батыл ойы, жергілікті шейхтермен қатар, «антагонистердің» – Англиядан, басқа да Батыс Еуропа елдерінен келген дипломаттардың тілін тапқан шеберлігі қайран қалдырады. Өкілетті өкіл корольмен, оның ұлдарымен де етене жақындасады. Ең ауыр тапсырманың өзін орындауға дайын тұру, туындайтын мәселелерді шын мәнінде мемлекеттік тұрғыдан шешуге ұмтылу Н.Төрәқұловты кеңестік «алғашқы толқын» дипломаттары арасындағы жарқын тұлғаның бірі деуге толық негіз береді. Н.Төрәқұловтың Сауд Арабиясындағы сегіз жылға созылған дипломатиялық қызметі бірнеше ғасырлық тәжірибесі бар Ресейдің дипломатиясында да жоғары бағаланып отырғаны қуанышты. Сонымен қатар, оның елшілік таланты мен күш-жігері Сауд Арабиясы тарапынан да өте жоғары бағаға ие болғаны

аян. Еуропалық білім алған, шығыс мәдениеті мен мәнерін бойына дарытып өскен, жергілікті салт-дәстүрлерді сыйлап, өзі мұсылмандықты ұстануы елші Н.Төреқұловтың дипломатиялық корпус арасында шоқтығы биік болуына өз ықпалын тигізді. Сонымен, Н.Төреқұловтың КСРО дипломатиясы мен саяси тарихындағы алар орны ерекше екендігіне ешкім шүбә келтірмес. Бірақ, осыншама еңбек атқаруына қарамастан, Алаштың абзал арыстары С.Қожанов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин сияқты Н.Төреқұлов та кеңес үкіметінің солақай саясатының құрбаны болды. Бір айырмашылығы, Н. Төреқұлов дербес мемлекет құруды армандаған алаш ордалықтардың құрамында болғаны үшін емес, мұсылман елдер өкілдерімен тығыз байланыста болғаны және мұсылмандық дінді сақтап қалуды үгіттегені үшін кеңестік жендеттердің қолдарынан мерт болды. Бірақ, кеш болса да, 1958 жылы толығымен ақталды. Мұның басты себебі мынада жатыр. Сол бір сын кезеңде кеңестік басшылардың мақсаты – ұлт ішіндегі ағайыншылыққа, рушылдыққа бөлінуді және ұлттық мүддеден де жоғары діни, этникалық, территориялық сананы бір мезгілде жою болатын. Оның орнына, Мәскеу өз бетінше жасаған, не тарихи шындыққа, не жергілікті зиялылардың мүддесіне сәйкес келмейтін жаңа кеңестік мұсылмандық ұлттың шеңберінде шектелген тар сананы орнатуды көздеген. Бұл қисынсыз саясатқа қарсы шыққан кезкелген адам мүлтіксіз жазаланатын. Ал, Н.Төреқұлов болса, осы Түркістан аймағынан шыққан және мұсылман отбасында тәрбиеленген азамат болатын. Мұсылмандықты сақтауды насихаттап, қорғаған және қолдаған. Сонымен қатар, Сауд Арабиясы Корольдігі және басқа түркітілдес елдермен етене араласуы да оның тағдырдың тәлкегіне ұшырауына себеп болды. Осындай саясат негізінде 1937 жылы ел тарихындағы қуғын-сүргінге ұшыраған қазақтың аяулы ұлдарының бірі Нәзір Төреқұлов та жазықсыз құрбан болып кете барды. Міне, қазақ даласының көзі ашық біртуар азаматының тағдыры осындай өкінішті оқиғаларға байланысты аяқталды. Жалпы Н.Төреқұловтың Қазақстанның дипломатиялық және саяси өмірінде үлкен рөлі бар.

Осылайша қазақ ұлтының бүгінгі жарқын болашағын жақындатуға, оның іргетасын қаласуға сонау өткен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында аянбай еңбек еткен, қыруар жұмыс жасаған Н. Төреқұлов қоғамдық және саяси өміріміздің әр саласында еңбек етіп, сол арқылы әрқайсысының түптің түбінде ұлттық тәуелсіздігімізге қол жеткізуге әрекет жасағандығын аңғарамыз. Ұлты үшін толассыз еңбек еткен есіл ерге туған жерінен топырақ та бұйырмады.

### *Әдебиеттер тізімі*

1. Қазақстан тарихы. Очерк. 304-315-беттер.
2. Көп томдық шығармалар жинағы [Текст] Төреқұлов, Нәзір ; [сост.: Ы. Исмаил, С. Сахабат] .- Алматы : Ел-шежіре, 2007 .
3. Төреқұлұлы «Төреқұлов) Нәзір. Таңдамалы мақалалары мен архивтік құжаттар жинағы құрастырушылар Х.Тұсұн, Г.Батырбекқызы Нұр-Сұлтан 2020.- 400б.
4. Образование Казахской АССР: Сб.докум. Алматы. 1957 ж.
5. Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. Алматы. 1964 ж.

## МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ МЕНШІК СЕРІКТЕСІГІ СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ӨЗ АРА ӘРЕКЕТ ЕТУІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Құрман Д.С.

Ғылыми жетекшісі – Пралиев Ж.С., э.ғ.к.

Салқынбек Г.Ж – магистр оқытушы

### **Аннотация**

*Жалпы ғылыми әдебиеттерді экономмиканы секторларға бөлудің әр түрлі классификациялары қолданады. Солардың ішінде экономмиканы меншік формаларына қарай мемлекеттік және жеке меншік сектор деп екіге бөлу барлық экономикалық теориясында кеңінен қолданады. Бұл жіктеу бойынша, мемлекеттік сектор мемлекет меншігінде болатын және мемлекеттік органдармен басқарылатын кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелерінің жиынтығын айтамыз.*

Мемлекеттік сектор, мемлекеттің иелігінде болатын барлық экономикалық ресурстарды, экономмиканы мемлекеттік реттеумен қатар оны қаржылай қамтамасыз етеін барлық ұйымдардан тұрады. Бұларға, мемлекеттік бюджет, мемлекеттік өндірістік кәсіпорындар, басқару, денсаулық сақтау, білім беру, қорғаныс саласындағы мемлекеттік ұйымдар және т.б. жатады.

Экономиканың жеке меншік секторы, елдің экономикасының мемлекеттік бақылауына жатпайтын бөлігі. Жеке меншік секторды қожалық шаруашылықтары және жеке меншік капиталға тиесілі формалары құрайды.

Мемлекеттік сектордың кез келген мемлекеттің экономикасындағы маңызды екендігі белгілі. Оның маңыздылығы ел ішіндегі және мемлекеттен тыс жерлерде көптеген әлеуметтік экономикалық байланыстарға қатыстылығымен сипатталады. Қазіргі нарықтық қатынастардың заманауи жағдайы бүгінгі деңгейге жету жолында көптеген өзгерістерге ұшырап, мемлекеттің алатын орнының маңыздылығын көрсетті. Мемлекет басшылығы тарапынан мемлекеттің алатын рөлі өте зор. Мемлекеттік басшылық тарапынан қажетті жағдайда жасалғандықтан, кез келген дамыған елде мықты жеке меншік секторы болу қажеттілігі туындайды. Сонымен бірге, мемлекет тарапынан жасалған жағдайларға жауап ретінде мемлекет жеке меншік секторды жұмысқа тартып қана қоймай, қажетті жағдайларда одан жалпыұлттық аумақтағы істер мен жобаларды орындауды талап етуге құқылы. Экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторларының өзара серіктестігінің теориялық аспектісін зерттеу бүгінгі кездегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі кездегі шаруашылық жүргізуші субъектілер қоғамдық өндірістің инновациялық моделін қалыптастыру қажеттілігі мемлекет пен бизнестің келісе отырып өзара серіктестік болуы жауапкершіліктің арттыруына алып келеді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік экономикалық дамуы барысында субъектілер мүдделерін қарама қайшылығының тепе теңдігін қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде осы уақытқа дейін жинақталған тәжірибе дәлел болғандай, әлеуметтік экономикалық дамудың әлеуеттілігі ұлғайту ең басты механизмдерінің бірі мемлекеттік жекеменшік серіктестік болып табылады.

Мұндай серіктестік әлемдік шаруашылық жүргізудегі біршама жаңа құбылыс болып табылады. Сонымен бірге, мемлекет меншігін басқарудың тиімділігін арттыруға қабілетті мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестігінің үрдісін кеңейтін және формаларының күрделі жүйе болып қалыптасады.

Экономика ғалымдарының пайда болуының алғашқы кезеңінен бастап, көптеген ғылымдар экономикасын басқарудағы мемлекеттік және жеке меншік секторларының тиімді арақатынасы жайлы өз көзқарастарын білдіріп отырған болатын. Дегенмен де, түрлі ғылыми мектеп өкілдері пікірлеріне келетін болсақ, олардың барлығы экономиканы мемлекеттік реттеу дәрежесін анықтау және оның жеке меншік секторға әсері мәселесін түрлі жағынан жан жақты зерттеген. Яғни олар мемлекеттік және жеке меншік сектордағы антогонистер ретінде қарастыруға болады. Тек қана, жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында ған мемлекет пен бизнес ынтымақтастықтығының мемлекеттік жеке меншік серіктестігіне айналуының алғашқы ғылыми концепциясы пайда бола бастады.

Ең бірінші мемлекет қоғамдық саяси және экономикалық өмірге өзінің зор ықпалын тигізіп отырады. Бұл тармақталған ирригациялық жүйенің құрылуынан және басқарудың бюрократиялық аппаратының пайда болуынан бастап, жеке меншік құқығының заңнамалық бекітілуіне және мемлекеттік басқарудың демократикалық негіздерінің құрылуымен көрініс табады. Ортағасырлық кезеңде мемлекеттік биліктің сипаты жайлы тезис кең таралып, діни шіркеу аксүйектері мен мемлекеттік аппарат басшылары құрамының бірігуі процессі орын алған болатын. Капиталдың алғашқы қорлары жинақталу дәуірі Еуропаны «феодалдық ұйқыдан ояту» мемлекеттің рөлін арттыра түсті.

Экономиканың мемлекеттік және жеке меншік серіктестігіне байланысты кейбір көзқарастар А.Монкретьянның еңбектерінде ашып көрсетілген. Онда автор мемлекеттің экономикалық рөлін төмендегідей пікірлер бойынша сипаттайды:

- Сыртқы экономикалық қатынастарды реттеу ортасы протекционистік тұрғыдан нешінде импорттық шикізаттың және экспорттық дайын өнімнің кедендік ең төменгі және өндіріс өнімдерінің импорты мен шикізат ресурстарының экспортының ең жоғарғы тарифтерін қолдануды қарастырады;

- Өнім сапасына, жұмысшылардың саны мен біліктілігіне мемлекеттік бақылауды ендіру және құрылған мануфактураларға айрықша жеңілдіктер мен жеке монополиялық құқық беру арқылы ішкі өнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу;

- Мемлекет тарапынан міндетті қолдану мен ынталандырудың іске қосу арқылы сыртқы сауданы жеке және мемлекеттік капиталын белсенді түрде монополизациялау;

- Ақша жүйесі мен ақша айналымын бақылау.

Экономика ғылымдарының классикалық мектебі өкілдерінің ғылыми зерттеу нәтижесінің негізінде мемлекеттің экономикалық нарықтағы орнын шектеу ұсыну болып табылады. Бұл капиталдың сыртқы саудадан өнеркәсіп өндірісі саласында ауысуына байланысты капитализмнің еркін бәсекелестігінің

«табиғат және халықтар байлығының себептері туралы зерттеу» атты еңбегінде ұсынған концепциясында «минималды мемлекет» жайлы пікір ұсынған.

А. Смиттің ойынша мемлекеттің басты міндетіне жататындар: сыртқы басқыншылықтан қорғау, ішкі зорлық пен зомбылықтан және әділетсіздіктен қорғау, сот өкілдігін қамтамасыз ету, қоғам мүшелерін қоғамдық игілікті ұсына білу, оосы аталған функцияларымен қоғамды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қорды салық арқылы жинау [1].

Классикалық мектептің соңғы өкілі болып саналатын Дж. Милль мемлекеттің экономикалық функцияларын қарастырып, жеке меншік құқығына байланысты туындайтын индивидуализм мен қиянат етушілікті ескеріп, қоғамдық байлықты бөлуді жетілдіру жолдарын ұсынған. Дж. Милль, еркін бәсекелестікті тиімді ете түсуін, институционалдық реформаларды жүргізудің, қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуы ғылымның даму, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарын құру, кәсіподақ және кооперативтік қозғалыстарға түрткі болу, мұрагерлік құқығын шектеуге және де сол сияқты мәселелерді шешуде мемлекеттің қатысуын белсендіру қажет деп есептейді.

Үстем басымдыққа ие болған мемлекеттің араласу механизмдері мен шектері туралы классикалық түсінігі өзінің идеялық қарсыластарының зерттелуіне байланысты балама көзқарастарының туындауынан байланысты орын алды. Мысалы, капитализмді ұсақ тауарлы ұстаным тұрғысынан сынаған экономистер классикалықтан өзгеше болатын әрі өзара бір біріне қайшы көзқарастарын мәлім етті. Оның ішінде, П.Прудом әлеуметтік институт ретінде мемлекеттен бас тартуы, ақшасыз айналым мен пайызсыз несие ұйымдастыру арқылы жасалған реформаның көмегімен «капитал мен еңбек теңгерімі, қоғам үкіметті еш қажет етпейтін дербес өмір сүруге көшетін» қоғам құрылатынын, сөз етсе, С.Сисмонди өз кезегінде мемлекеттің экономикалық қарым қатынасы, әсіресе әлеуметтік саладағы реттеуін күшейтудің қажеттілігіне көңіл аударды. Өйткені, халықтың әл аухаты бұл мемлекеттің араласуының мақсаты, әрі саяси экономиканы зерттеудің объектісі дегенді алғы шарт ретінде қарастырды.

Мұндай интерпретациядағы ғылымның көзқарасы мемлекет пен бизнестің өзара қарым қатынасының мемлекеттік жеке меншік формадағы үлгісіне ұқсайды.

К.Маркс мемлекет пен бизнестің өзара қарым қатынасы туралы өзінің дәлелді көзқарасын алға тартты. Ол классикалық мектептің экономикалық либерализмін сынаған болатын. «Тәлімдік протекционизм» концепциясында экономикалық саясат мәселелері түбегейлі жаңаша түрі, экономикалық теория мен мемлекеттік реттеудің «ұлттық сипаты» қалыптастыру қажеттілігін дәлелдеген. Ұлттық экономика дамуының ерекшеліктерін дәстүрлерін, ғұрыптарын, табиғи және географиялық жағдайларын ескеретін саяси және экономикалық тұрғыдан әлеуетті монархиялық мемлекет мемлекет ішінде экономикалық қарым қатынастардың құрылуының ең үздік үлгісі [2].

Айта кететін жайт, марксизмнің экономикалық теориясы мемлекет пен бизнестің серіктестігі мәселесі өте айнымалы сипатта болды. Бұл бір жағынан мемлекет жалдамалы жұмысшыларды жалдауға негізделген зорлық зомбылық



аппараты деп танылса, екінші жағынан таптардың жоғары тұратын институция ретінде қарастырады. Таптардан жоғары тұратын институция ретіндегі мемлекет әділетті экономикалық тұрмысты іске асыруы барысында мемлекеттік меншікке жаппай өту, жер мен мүлікті мемлекет иелігіне алуды іске асырады, сонымен қатар, жекеменшік құқығын жояды, содан соң экономиканы басқару қолға алынып еңбекшілердің экономикалық мүддесін іске асуына қамтамасы етеді деп қарастырылған.

Мемлекет пен бизнестің өзара серіктестігіне қатысты ретроаспектикалық жағынан өте маңызды пікірді А. Маршалл айтқан болатын. Ол экономикалық либерализмді, индивидтердің өндірістік және коммерциялық іс әрекеттеріне мемлекеттің араласпауы идеясын, экономикалық субъектілердің тұрақты іс әрекетін ұсынды. Нарық жүйесіндегі негізгі буын болып, саналатын еркін кәсіпкерлікті мемлекеттің қолдауының қажеттілігін атап көрсетті. Мемлекет экономикалық саясатын антионополиялық бағытта жүргізуін талап етті.

Дж. Кейнс экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігін негіздеді. Мемлекет араласуы арқылы алға қойған мақсаты капиталдың пайда әкелуін қамтамасыз ету, жұмыссыздықтың, өмір сүру деңгейінің төмендеуінің инфляцияның тағы да сол сияқты құбылыстардың нәтижесінде туындайтын әлеуметтік жұмыстардың алдын алу болып табылады. Дж. Кейнс пікірі бойынша, мемлекет өз жауапкершілігіне тек қана өндіріс жағдайын, жиынтық сұраныстың қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар жұмыспен қамту саласын, еңбек ресурстарын пайдалану, халықтың табыстарын реттеуді өзіне алуды қажеттілік деп көрсетті.

Экономиканың мемлекет пен жеке меншік секторларының өзара серіктестігі даму теориясы 1-кестеде келтірілген. Егер экономикаға мемлекет белсенді араласатын болса, онда маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге жеке бизнестің тартылуының алғы шарттары қарастырылады. Мемлекеттің бизнеске араласуы шектеліп теорияларда экономикадағы мемлекет пен жеке меншік сектордың өзара әрекеті мүмкін еместігі алға тартылады. Өйткені, бұл еркін кәсіпкерлік пен нарықтық экономиканың заңдылықтарына қайшы келеді деп түсіндіруге болады. Бұдан, мемлекеттің жеке меншік секторына араласуы әрқашан орын алуы тиіс. Тек бұл жағдайда экономикалық тұрақтылық принципі міндетті түрде сақталуы тиіс. Сонымен, бірлескен мемлекеттік жобаларда қатысып, онда бұл процесс тең болып, тек қана мемлекеттің мүддесі ғана емес, сонымен бірге жеке бизнестің мүддесі де ескеріледі, жалпыұлттық құндылықтың дамуына септігін тигізеді.

Жоғарыда аталған, өзара әрекеттестік теориялары белгілі бір деңгейде мемлекет пен жеке меншік сектордың бірқатар міндеттерін іске асыруы еркіндіктерін шекейді. Қоғамдық инфрақұрылым аясында мемлекеттік функцияларды монополиялау кезінде мемлекет инфрақұрылымдық тапшылық, жекелеген жобалардың жеткіліксіз бюджетін қаржыландыру проблемасына келіп соқтырады.

Кесте-1. Экономиканың мемлекеттік және жеке меншік серіктестіктің өзара әрекеті туралы негізгі теориялардың сипаттамасы

Теория өкілдері	Негізгі тұжырымдар	Артықшылығы	Кемшілігі
А. Монкретьян, Е.Миссельден, Т.Май, Дж.Чайлд меркантилизм	Мемлекеттің эконмикасының дамуына оның ішінде, халықаралық сауданың дамуына белсенді қатысуы	Алғаш рет импортты экспортқа тариф пен баж салығы енгізілді	Жеке меншік бизнестің сәтті дамуы тек мемлекеттің тікелей бақылау жасау кезінде ғана мүмкін
Ф.Кенэ, А.Р.Ж. Тюрго, А.Смит, Д.Рикардо, С.Сикменди, Ж.Б.Сэй (классикалық теория)	Мемлекеттің экономикаға араласуын шектеу	Жеке бизнестің мүддесін қорғау бәсекенің ықпалымен іске асады	Жеке меншік сектордың дамуын лық реттеуге нарық механизмінің жетіспеушілігі
Дж.М.Кейнс, Д.Дьюмо кейнстік	Жиынтық сұранысты ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік саясат	Мемлекет жиынтық сұраныс пен әлеуметтік саясатты реттеуге тиіс	Мемлекеттік проблемаларды шешуге жеке бизнесті ынталандыру арқылы белсенділікпен тартуы.
М.Фридман, Ф.Кейген, К.Бруннер (монетаризм)	Экономикаға араласуды шектеу, ақша айналымын реттеу саясатын белсендіру	Мемлекеттің жеке бизнестің ісіне араласпау, еркін нарық идеясын қорғау	Мемлекеттің қолданыстағы ақша массасын шектеуі, бизнестің даму мүмкіндігінің төмендеуі
А.Маршалл, Дж.С.Милль, А.Пигу, Ф.Хайск., Р.Лукас, Дж.Тобин, Т.Серджмент, Д.Мут, (неоклассикалық теория)	Нарықтық экономикада бәсекенің көмегімен тепе теңдік пен тұрақтылық тенденциясын орын алуына байланысты мемлекеттің минимум араласуы	Мемлекеттің инфляциялық шығынды өтеушілік іс әрекетінің ақша массасының тұрақтылығына көшуі	Капиталды тартуды жеңілдендіру мүмкіндігі болғандықтан жеке бизнестің мемлекет үшін маңызды саласына араласпауы
Р.Клауер,	Нарықтық	Сұраныс пен	Ресурсты

Р.Берроу, Г.Гросмайн, П.Девидсон (неокейнсиандық теория)	экономикада тұрақсыздыққа және ресурстың тиімсіз пайдалануына әкеліп соқтырады нәтижесінде экономикаға мемлекеттің араласуы күшейеді	ұсыныстың тепе теңдігін мемлекеттік реттеу арқылы экономикалық қарқынды қолдау	пайдалануға бақылау жүргізу арқылы жеке меншік сектор ісіне араласу, мемлекеттік жобаларға қатысуға тарту
А.Леффер, М.Фельдстайн, Т.б. (неолиберализм)	Жеке бизнеске мемлекеттің араласуын шектеу, ұсынысты ынталандыруға бағдар ұстану, бәсеке шаруашылық жүргізу тәртібін қалыптастыру және қорғау	Мемлекеттік саясат жеке меншік секторды және жиынтық сұраныстың өсуіне ынталандырумен шектелуі тиіс	Бизнес үшін тиімсіз салық жеңілдігі, мемлекеттің проблемаларын шешуге жеке меншік сектордың қатысу мүддесінің болмауы
Ескерту: Деректер көздерімен жасалған [3]			

Осыларға байланысты, теориялық әдістемелік доктринаның маңызды міндеті мемлекет пен меншік секторының функцияларын қайта бөлу мен олардың әрқайсысының инфрақұрылымдық және қаржылық мүмкіндіктері ескеріледі.

Экономикалық жүйеде мемлекет пен жеке меншік секторы өзара серіктестігіне қатысты теориялық көзқарастар ретроспективтік сараптама жасау нәтижесінде елімізде бизнестің дамуына көп жағдай кедергі жасап отыр.

Бұл кедергілер жеке меншік сектрдың дауын әрқашан да жан жақты бақылау жасау мен тариф пен бажды жоғары ставкалы салықтарды ендіруден, элеуметтік прблеаларды шешуге әділетсіз бизнес қаржыларын тартудан көрініс тапқан.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Баженов А. Государственно-частное партнерство и «качество денег» - <http://www.ideg.ru>.
2. Бозымов К. К., Губашев Н.М., Таршилова Л.С., Куангалиева Т.К., Габбасова Ж.Ж. Формы и механизмы ГЧП в сфере профессионального образования / аналитический обзор / ЗКФ АО «НЦНТИ». – Уральск. – 2012.- 30 с.
3. Виллисов М. В. Государственно-частное партнерство: политико-правовой аспект // Власть. - 2016. - №7. - С.13-18.

## КӨШ-ҚОН НАРЫҒЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ МЕН ПАЙДА БОЛУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Мирзалиев Б. И.

Қанат Д.

Ғылыми жетекшісі – Андреева Ж.М. э.ғ.к.

### **Аннотация**

*Қазақстанның нарықтық экономикадағы дамуы қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына өзгерістер әкелуде. Аталған жағдайда қалыптасқан еңбек нарығы қызмет ету ерекшеліктерімен, ішкі және сыртқы байланыстарының күрделілігімен ерекшелене отырып, ғылыми түрдегі талдауды қажет етеді. Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын зерттеудің әдіснамалық негізі, оның концептуалдық негіздерінің мағынасы бұл көпсалалы әлеуметтік-экономикалық жүйенің теориялық негізін ғана қарастырып қоймай, сонымен қатар ғылыми тұрғыдағы бірқатар мәселелерді шешуді, яғни соның ішінде еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын реттеу тиімділігін арттыру сияқты экономикалық тұрғыдағы маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді [1].*

Қоғамдағы экономикалық жүйенің радикалды қайта құрылуы, яғни еңбек нарығының қалыптасуы мен дамуының жаңаша сипаты, жұмыс күшінің сапасы мен дайындау деңгейіне талаптардың өзгеруі адами ресурстардың ұдайы өндірістік жүйесінің негізгі буыны ретінде білім беру жүйесін реформалауды қажет етеді.

Мемлекет басшысы жуырдағы Қазақстан халқына жолдауында отандық білім жүйесін бәсекеге бейімдеп құру жөніндегі нақты тапсырма беріп, ұлттың өрісі білім нәрімен сусындағанда ғана өсетінін, білім сапасын халықаралық дәрежеге көтеру мен әлемдік білім тайталасында дамыған мемлекеттермен деңгейлес болу мәселесін қадап айтты [2].

Білімдік қызмет көрсету нарығының және оның институттарының қалыптасуының заманға сай даму қарқынының жоғарылығы жаңа әлеуметтік-экономикалық талаптарға сай оқу орындарының қызметтерін бейімдеуді, тұтынушылар сұранысын ескере отырып білімдік қызмет көрсету сапасын арттыру үрдістерін зерттеу және жетілдіру қажеттілігін сипаттайды.

Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарықтарының институттары өзара әрекет ету қызметтерінің тәжірибесін жинақтаумен шектеледі, сондықтан Қазақстан экономикасының нақты жағдайларына сәйкес еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығының өзара байланысының механизмдерін және өзара әрекетін реттеу бағдарламаларын жетілдіруді қажет етеді.

Жұмыскерлердің зияткерлік деңгейі мен өндірістік күшін арттырудың маңызды факторы бола отырып, білімдік қызмет көрсету нарығы халықтың білім беру үрдісін ынталандыра отырып еңбек нарығына бейімдейді. Соңғысы білім беру қызметінің саны мен сапасына әлеуметтік тапсырысты анықтай отырып, білім беру нарығына әсер етеді. Сәйкесінше отандық экономикалық ғылымда жеткіліксіз дамып отырған аталған нарықтардың өзара

байланысының әдіснамалық негізін анықтау міндеттерінің және оның өзара әрекетін реттеу мәселелерінің өзектілігін арттыра түседі.

Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын зерттеудің әдіснамалық алғышарттарын негіздеу үшін және олардың мазмұны мен өзара әрекетінің ерекшеліктерін қарастыру үшін аталған мәселені теориялық тұрғыдан зерттеп қарастыру қажет.

Теориялық қайнар көздерге талдау жасау әдіснамалық зерттеулер ерекшеліктерімен сипатталатын еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын теориясындағы негізгі бағыттарды атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Еңбек нарығы теориясының негіздері еңбек нарығы, жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық мәселелеріне біртұтас көзқарастарын қалыптастырған У. Петти, А. Смит, Д. Рикардо, Д.С. Милль сияқты өкілдерімен классикалық теорияның экономикалық ғылымында қалыптасқан [3].

Классиктердің пайымдауынша еңбек нарығы барлық нарықтарға қатысты жүзеге асырылады. Онда сатып алушылар мен сатушылар бірыңғай өндірістік ресурс – еңбектің жүзеге асырылуына қатысу туралы ұтымды шешім қабылдайды. Олар еңбек нарығын нарықтық заңдылықтарға бағынатын динамикалық жүйе ретінде таныды. Басқа нарықтар сияқты еңбек нарығы да баға теңдігі негізінде қызмет ететін нарықтық реттеуші ретінде қарастырылады. Өндірісті кеңейте отырып өндірушілер жұмыс күші саны мен еңбек ақыны ұлғайтады, сәйкесінше жиынтық нақты кірісті ұлғайтады және жиынтық сұраныс пен ұсыныстың артуына әкеледі. Осының бәрі өз кезегінде кәсіпкерлердің өндірісті кеңейтуіне ықпал етеді.

У.Петтидің адам қабілетін өндірісте қолданылатын жанды әрекет етуші күш ретінде ашылатын және қоғамның мақсатты қызметінің нәтижесі болып табылады да, ал байлық, еңбектің арқасында пайда болады деген тұжырымдамасының берілген зерттеу үшін маңызы зор[3]

А.Смиттің материалдық, қаржылық және адамдық ресурстарды тиімді пайдалану шарты ретінде жұмыскерлер арасындағы еркін бәсекелестік туралы тұжырымдамаларының әдістемелік маңызы зор. Оның пікірінше қоғамда өз кәсібін еркін таңдай білетін және қажет болған жағдайда кәсібін еркін ауыстыра алатын жұмыскері бар нарық ұтымды қызмет етеді.

Ел экономикасындағы жұмыспен қамту дәрежесі туралы жағдай да аса назар аударарлық. Өйткені еңбек нарығы жұмыспен қамту жүйесінің құрамдас элементі болып табылады. А.Смиттің пікірінше жұмыспен қамтылу бір жұмысшының еңбек ақысының орташа мөлшерлемесінің мөлшерімен анықталады. Егер еңбек ақының орташа мөлшерлемесі артса, онда қоғамның жұмыспен қамтылу бойынша мүмкіндіктері төмендейді.

А.Смиттің пайымдауынша еңбек нарығында жұмыс берушілер арасында бәсекелестік болуы тиіс. Ол кезде еңбек нарығы бәсекелестікте болған жоқ, бәсекелестік тек жұмысшылар арасында ғана болды.

А. Смиттің жұмыс күшінің сапасы мен адамның еңбекке деген қабілеті туралы тұжырымдамасы да ғылыми қызығушылық туғызады. Адамның дәл осы қасиеттері оның ойынша қоғамның мақсатты бағытта ұтымды қызмет етуінің нәтижесі болып табылады. «Жұмыскердің физикалық күшін», «қоғам

мүшелерінің қалыптасқан және пайдалы қабілеттерін», сонымен қатар «жұмыскердің еңбекке деген қабілетін» қарастыра келе, А.Смит олар тұтас қоғам байлығының нәтижесі болатынын, сәйкесінше еңбек өнімділігі біріншіден жұмыскердің ептілігі мен қабілетіне тікелей байланысты, содан кейін барып ол жұмыс істейтін құрал жабдықтарды жақсартуға байланысты екенін тұжырымдады. А.Смиттің пікірінше жұмыскердің еңбекке деген қабілетінің сапасы оның табиғатымен емес адамның алған білімімен, тәжірибесімен және дағдысымен анықталады[3].

Осылайша, ғалымның пікірінше жақсы оқытылған жұмыскер оқуға және кәсіптік дайындыққа қаражаттары жетпегендерге қарағанда жақсы жалақы алады. Ол білімдік қызмет көрсетуді экономиканың қоғамдық секторының өнімі ретінде түсінді. Сол кездегі экономист ғалымдардың тұжырымдамалары қазіргі заманның талаптарымен дәлелденіп отыр.

Д. Рикардо «жұмыс күшінің ұдайы өндірісінің шығындары» түсінігін қалыптастыра отырып, оған білім алуға кететін шығындарды кірістірді. Ол білім беруге кеткен шығындар деңгейінен еңбек ақының дифференциациясының тәуелді болатынын атап айтты [4].

Білімдік қызмет көрсету нарығының мәселелерін зерттеуде Дж.Миллдің еңбектеріндегі адамның еңбекке қабілетін талдау әдіснамалық тұрғыдан маңызды. Ол байлықтың негізгі айрықша белгісі өнімнің өміршендігі деп есептеді. Дж. Миллдің пікірінше адам - байлық емес, ол қоғамдық байлықты дамыту мақсаты ғана. Ал оның еңбекпен қалыптасқан қабілеті толық негізде осы категорияға жатады.

Өндірістегі жетістіктер, Дж. Миллдің пікірінше, көп жағдайда өндіріс шарттарына қарағанда өндіріске қатысатын адамдардың жеке қасиеттерінен тәуелді болады .

Тәжірибе көрсеткендей өндіріс факторларының ішінде жеке факторлар анықтаушы орында деген ғалымның пікірі дұрыс. Бұл заңды, өйткені өндірістің қаражаттарын қалыптастыратын, пайдаланатын және оны ұйымдастыратын—адам.

Осылайша, классикалық теория өкілдері еңбек нарығының қызмет етуінің анықтамалары мен мәселелеріне көзқарастар жүйесін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар олар адамдық факторлар мен еңбек ақысы арасында байланысты анықтай отырып, экономикалық факторларға ғана емес, сонымен қоса әлеуметтік факторларға да аса мән берді. Соның ішінде білім беру мен тәрбиеге ерекше назар аударды.

Дегенмен, классиктердің өндіріс шығындары концепциясы білім берудің нақты құнын көрсете алмады, себебі нақты және өткен еңбек шығындарын барлығын ескерген жоқ. Еңбек ақы жұмыскердің еңбекке деген жеке қабілет деңгейінен тәуелді, дегенмен, ол (еңбек ақы) олардың айтуынша қабілеттер мен білім арқылы көрсетілетін қызметтің нарықтық бағасы ретінде емес еңбектің нарықтық бағасы ретінде болады.

Классикалық теория тұжырымдамалары неоклассикалық мектептің экономистері (А. Пигу, Д. Робертсон, А. Лаффер, А. Маршалл, Ф. Эджуорт және басқалар) жалғастырды.

Еңбек нарығы жалпы нарық заңдылықтарына бағынатын ішкі динамикалық жүйе ретінде бағалай отырып неоклассиктер еңбек нарығындағы тепе-теңдікті сұраныс пен ұсыныс қатынастарына еңбек ақы мөлшерлемесінің жетістігі ретінде қарастырады. Нақты еңбек ақының икемділігінің арқасында нарықтық механизм толық және тиімді жұмыспен қамтылуды қамтамасыз етеді.

Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығын зерттеуде А.Маршаллдың тұжырымдамалары әдіснамалық негіз болады. А. Маршалл еңбекті адамның білімі мен физикалық экономикалық жұмыстары ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша білім өндірістің ең мықты қозғаушы күші болып табылады [5].

А. Маршалл, жұмыскерлердің экономикалық өсуі, білімі және еңбек ақы арасында тығыз байланысты қарастырмаған. Оның айтуынша жұмыс орнынан оқыту сырқы үнемділікті ғана қамтамасыз етеді, ал осы процесті жүзеге асыру арқылы фирма жұмыскерді оқытудан ешқандай пайда көрмейді.

Мұндай тұжырымдамамен келісу қиын, себебі фирма ретінде өндірістік кәсіпорын қарастырылатын болса, онда оқу арқылы жұмыскер өзінің біліктілігін жетілдіріп, өз ісіне қатысты жаңалықтарды меңгеріп, нәтижесінде атқарған жұмысы өнімді және сапалы бола түсетіні сөзсіз. Фирма бұдан пайда тапса, ал қызметкер немесе жұмыскерлердің разрядтары жоғарылап, табысы да арта түседі.

Сондықтан еңбек ақы өндіріс шығындары мен өндірістік жұмыскерлерді оқыту шығындарының күрделі әрі тығыз байланыста болады деген тұжырымдамамен келісуге болады.

А.Маршаллдың жұмыс күшінің білім деңгейі мен оның бәсекеге қабілеттілігінің өзара байланысы туралы тұжырымдамасы назар аударарлық. Оның пікірінше жұмыс күші неғұрлым икемді болса, соғұрлым ол терең мамандандырылған және жұмыс күші неғұрлым өзгерістерге бейімделгіш болса, соғұрлым олар еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі жоғары болады.

Сонымен қатар нарықта «еңбектің жоғарғы категорияларына» жататын адамдар неғұрлым бәсекеге қабілетті болады, өйткені олар жоғары да сапалы білімді, жылдам шешім қабылдағыш болып келеді болады [5].

Атақты экономистермен жасалған қорытындылар қазіргі нарықтағы жалдамалы жұмыскерлер мен білім беру мекемелеріне қойылатын талаптарға сай келеді.

Білім берудің экономикалық ролінің теориялық негіздері К.Маркстің де еңбектерінде білім беру шығындарының өндірістік сипаты ретінде қарастырылған. Ол: «азды-көпті товарлық эквивалент сомасынан тұратын белгілі бір білім мен тәрбие қажет. Сәйкесінше оқытудың бұл шығындары қарапайым жұмыс күші үшін мардымсыз және өндіріске кеткен шығындар құнына жатады», - деп жазды [6].

К.Маркс білімдік қызмет көрсету нарығын зерттегенімен ол экономиканың қоғамдық секторының өнімі - білімдік қызмет көрсетуді жинақталған адами қабілеттің жиынтығы ретінде қарастыра отырып, қоғамның өндірістік күштерінің заттық элементтері мен ғылымның даму мәселелеріне аса назар аударған. Қарапайым және күрделі еңбекті зерттей келе, ол жоғары

маманданған жұмыс күшін дайындауға кеткен шығындар жасалатын өнімге ауыспайды, неғұрлым өнімді еңбектің ағымдық шығындарында көрініс табады деп есептеген, яғни еңбек күші неғұрлым жоғары болса, соғұрлым өндіріс тиімділігі арта түседі [6].

Қазіргі экономикада білім беру мен тәрбие мәселесінің маңыздылығы арта түсуде. Ал қазіргі өндіріс тек қана жаңа техника мен технологияларға ғана емес, сонымен қатар біліктілігі жоғары мамандарға да мұқтаж. Қоғамда өз құнын, орнын білетін біліктілігі жоғары маман өмірдің жоғарғы дәрежедегі экономикалық мәдениетін меңгерген және бейім. Әйтсе де жаңа техника мен технологияларға негізделген экономикалық өсу білім мен ғылымның дамуымен тығыз байланысты екендігі мәлім. Жаңа техника мен технологияларды игеру үшін жұмысшылардың дайындығы жеткілікті деңгейде болу керек. Сәйкесінше бүгінгі таңда еліміз адам ресурстарына бет бұрып, кадр саясатын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіруге ұмтылуда. Сондықтан еңбекке деген қабілетті зерттеуде заманға сай құрал-жабдықтарды басқара алатын, жоғары білімді мамандарды дайындау, оларды еңбек нарығында бейімдеу мәселесі аса назар аударуды қажет етеді [6].

Отандық экономикалық ғылымда еңбек нарығы және білімдік қызмет көрсету нарығы айтарлықтай зерттеліп, жетілдірілуде. Дегенмен, Қазақстанның нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығының өзара байланысын сипаттайтын нақты қалыптасқан концептуалдық моделді атап көрсету қиын. Қазіргі жағдайда еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығында туындап отырған мәселелер жеткілікті, сондықтан олардың даму мәселелеріне көп көңіл бөлінгенімен де экономикалық ғылымда аталған нарықтардың өзара байланысы мен өзара әрекет етуінің біртұтас көзқарастары толық қалыптаспай отырғандықтан бұл саланың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жетілдіруді қажет етуі бүгінгі таңда көкейкесті мәселе болып отыр.

Білім беру «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Халықаралық тәжірибе ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп отыр.

Адами капиталға бөлінетін инвестициялар жылдам өзгертін әлемде бейімделе алатын техникалық прогрессивті, өнімді жұмыс күшін құру үшін аса қажет. Болашақтың табысты экономикасы білім беруіне, халықтың дағдылары мен қабілетіне инвестициялайтындар болмақ. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсіну қажет.

Білім беру мен экономикалық өсуді байланыстыратын көптеген дәлелдер бар:



-макро- және микроэкономикадағы халықаралық зерттеулерді шолу білім берудің, табыстың және өнімділіктің арасында тығыз байланыстың бар екенін дәлелдеп отыр. Бұл ретте оқытудың бастапқы кезеңіне инвестициялаудың зор қайтарымы болатыны байқалады;

-зерттеулер білім беруді дамытуға жұмсалған инвестицияның маңызды жақтарын растайды [6].

Экономикалық пайдадан бөлек білім беру басқа да әлеуметтік пайдаларды келтіреді, әлеуметтік капиталдың – азаматтардың көп үлесінің қатысуымен құралған, әлеуметтік бірлігі мен интеграциясы жоғары, құқық бұзушылық деңгейі төмен қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Жастайынан білім алу әлеуметтік, эмоционалдық және басқа да өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Білім беру қызметінің барлық спектрларын одан әрі дамытудың сенімді дәлелдері осында. Қазақстанның білім беруді түбегейлі жаңғыртуы: білім беруге салынатын инвестицияны айтарлықтай және тұрақты ұлғайтуы, оның сапасын жақсартуы қажет.

Сондықтан жаңа ұлттық пайымдау ұсынылады: 2020 жылға қарай Қазақстан – білімді мемлекет, ақылмен құрылған экономика және біліктілігі жоғары жұмыс күші. Білім берудің дамуы еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуі сүйенетін тұғырнамасы болуы тиіс.

Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі – қазақстандық білімді жаңғыртудың жалғастырылуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Бағдарлама) болуы тиіс.

Бағдарлама білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырушылық негізі ретінде білім беру мен тәрбиенің, басқару жүйесінің, білім беру қызметі субъектілерінің құқықтық-ұйымдастырушылық нысандарының және қаржы-экономикалық тетіктерінің құрылымындағы, мазмұны мен технологияларындағы өзгерістерді қамтитын ресурстары мен мерзімі бойынша бір-бірімен өзара байланыстағы іс-шаралар кешені болып табылады.

Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені).

Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады.

Нарықтық экономика институттарының қалыптасуы мен дамуы процесінде еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығының ерекшеліктері мен мазмұнын, сонымен қатар олардың өзара байланысының механизмін зерттеу жалпылама теориялық қорытындылар мен бірқатар практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. ҚР-да 2015-2020 жылдарда миграция бойынша мемлекеттік бағдарламасы // [http: www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz).

2.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы

3. Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2015-2020 жылдарға арналған бағдарлама. (Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы № 874 Жарлығы).

4. <http://www.stat.kz/index.php>

5 <http://www.enbek.gov.kz/index.php>

6..Нурманова Б., Даулиева.Экономикалық ілімдер тарихы. Оқу құралы. – Алматы, ҚазМУ баспасы, 2013.

## **КӘСІПОРЫН ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ОБЪЕКТИВТІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ**

*Мырзақұлов Т.Х.  
Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Тәртіп негізінде кәсіпорын заңды тұлға болып саналады, ол белгілердің жиынтығы негізінде анықталады: мүліктің шарттылығымен, осы мүліктерге міндеттемелер негізінде жауапкершілігі, банкте есеп айырысу шотының болуы, өз атынан қызмет етуі және т.б. Мүліктің шарттылығы кәсіпорынның мүлкінің есебі болатын жеке бухгалтерлік баланстың болуымен сипатталады.*

Кәсіпорындардың қаржылық қатынасы кәсіпорынның меншікті қаражаттарының, оның кірісінің құралуы, шаруашылық қызметті қаржыландырудың қарыз қайнар көздерін тартуы, осы қызмет нәтижесінде пайда болған кірістерді бөлуі, оларды кәсіпорынның даму мақсатында қолдануы қаржылай негізде жүзеге асқан кезде пайда болады.

Кәсіпорынның қаржылық талдаудың құралуын ұйымдастырудың принциптері ретінде олардың өмір сүруіне тән ерекше формаларды түсінуі тән.

Қаржылық талдаудың құралуын ұйымдастыру олардың тиімділігін қамтамасыз етудің жалпы кешенінің негізін қалаушы болып табылады. Қаржылық талдаудың құралуын ұйымдастырудың жалпы қағидаттары төмендегіше:

- қаржылық талдаудың құрамы мен құрылымы;
- мақсатты және көп мақсатта пайдаланылатын қаржы шикізаттары;
- кәсіпорынның қаржы көздеріне деген қажеттіліктерін белгілеу;
- қаржы көздерін олардың белгіленген мақсатта қолдану;
- қаржылық талдаудың сақталуы.

Қаржылық талдаудың құрамы деп оларды құрайтын кірістердің жиынтығымен түсініледі. Қаржылық талдаудың құрылымы қаржылық талдаудың жекелеген элементтерінің қатынасын көрсетеді, яғни кәсіпорынның қаржылық талдаудың жалпы көлеміндегі әрбір элементтің үлесінен тұрады.

Экономиканың әртүрлі салаларындағы қаржылық талдаудың құрамы мен құрылымы біркелкі емес. Олар өндірістік, экономикалық және ұйымдастыру тәртібіндегі көптеген факторлар арқылы анықталады. Мәселен, өнеркәсіптің металлургия, машина құрылысы сияқты қор сиымды салаларында меншікті қаржылық талдаудың артықшылықты элементі болып амортизациялық аударымдар жатады. Жеңіл өнеркәсіпте және саудада маңызды үлес жалпы кіріске қатысты.

Сонымен қатар қаржы көздерін мақсатты және көп мақсатқа белгіленген қаржы шикізаттары деп бөлуге болады. Қаржылық талдаудың мақсатты бағыты қаржылай қаражаттарды құру және қолдану жолымен жүргізіледі. Жоғарыда айтылғандай қаржы шикізаттары екі формада құрылып және пайдаланылуы мүмкін: қор және қор болып табылмайтын.

Қаржы көздерін жіктетудің маңызды принциптерінің бірі оларды алғашқы және ақырғы деп бөлу.

Жиынтық қоғамдық өнім сияқты қаржы шикізаттары да материалды өндіріс сферасында құралады.

Бірақ бірқатар экономистер бұл жағдайды кеңірек қарастырады. Жиынтық қоғамдық өнім бұл «белгілі статистикалық кезеңде (көбінесе жыл) материалдық өндірісте, сонымен қатар материалдық емес өндірісте өндірілетін тауарлар мен қызметтердің ақырғы өндірісінің барлық көлемінің жиынтық нарықтық құны», «белгілі уақыт аралығында (мәселен бір жылда) ұлттық экономиканың әртүрлі салалары арқылы өндірілген өнімнің жалпы көлемінің агрегатталған көрсеткіші». Қоғамдық өнімді осылай анықтау алғашқы және ақырғы қаржы шикізаттары арасындағы шекті маңызды өшіреді.


Кәсіпорындарда өткізуден түскен түсімдерді бөлу кезінде алғашқы қаржылық ресурстар (амортизация, пайда және т.б.) қалыптасады. Жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандырудың қажеттілігіне байланысты алғашқы қаржылық ресурстар қайта бөлінеді: олардың белгілі үлесі мемлекеттік бюджетке алынады және бюджеттен тыс қорларға беріледі. Жалпы мемлекеттік қаржылық ресурстар өз кезегінде қайта бөлінеді, әртүрлі экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталады, сонымен қатар олардың бір бөлігі материалды өндіріс кәсіпорындарды мен мекемелерінің, өндірістік емес сфераның ұйымдарының иелігіне түседі. Сондықтан ақырғы қаржылық талдаудың қалыптасуы жүзеге асырылады.

Қаржы көздерін сондықтан алғашқы және ақырғы деп бөлу қаржы ғылымында қалыптасқан жағдайдан маңызды ерекшеленеді. Қаржы көздерін қазіргідей анықтауда олардың белгілі бөлігі кәсіпорында бюджет және бюджеттен тыс қорлар алдындағы қарызы түрінде болатындығын сипаттайды, кәсіпорынның ақырғы қаржылық талдаудың шамасын анықтауда осы бөлікті бөлу керек.

Сондықтан алғашқы және ақырғы қаржылық талдаудың қалыптасу процесін жеке кәсіпорынның деңгейінде қарастыруға болады.

Шаруашылық қызметті ұйымдастыру сәйкес қаржылық қамтамасыздықты талап етеді, яғни кәсіпорынның құрылтайшыларының салымдарынан құралатын және жарғылық капитал формасына айналатын алғашқы капиталдың болуын талап етеді. Бұл кез – келген кәсіпорынның мүлкінің

құралуының маңызды қайнар көзі болып табылады. Жарғылық қорды құрудың нақты тәсілдері кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық формасына тәуелді болады [10, С. 33]



Сурет 1 – Кәсіпорынның - акционерлік қоғамның ақырғы қаржылық талдаудың құралу процесі

Кәсіпорынды құру кезінде жарғылық капитал негізгі қорларды алуға және бір қалыпты өндірістік-шаруашылық қызметті жүргізу үшін керекті көлемде айналым қорларын құруға бағытталады, пайдаланылуы маңызды кіріс беретін факторлар болып саналатын лицензияларды, патенттерді, ноу-хау алуға салынады. Сондықтан алғашқы капитал өткізілген өнімнің құны арқылы сипатталатын, құн құралатын өндіріске инвестицияланады. Өнімді өткізгеннен кейін ол қаржылай нысанға енеді, яғни кәсіпорынның есеп айырысу шотына түсетін, өндірілген тауарларды сатудан түскен түсім нысанына айналады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Уткин Э.А. Финансовый менеджмент. -М.: Зерцало, 2000. 448с.
- 2 Гранатуров В. М. Экономический риск: сущность, методы измерения, пути снижения: Учебное пособие. -М.: «Дело и Сервис», 2002. 160 с.
- 3 Построение корпоративной системы управления рисками // Финансовый директор. 2005. № 2.
- 4 Агафонова И.П. Построение эффективной системы риск-менеджмента на предприятии при реализации инновационного проекта // Менеджмент в России и за рубежом. 2003. № 4. С. 103-112.

- 5 Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия. М.: ИНФРА-М, 2003. - 215 с.
- 6 Елохин А. Анализ и управление риском: теория и практика. — М., 2000. — 187 с.
- 7 Ермасова Н.Б. Инновационные подходы к управлению рисками инвестиционной деятельности. М.: Высшая школа, 2004.
- 8 Сплетухов Ю.А., Дюжиков Е.Ф. Страхование: Учебное пособие. — М.: ИНФРА-М, 2002. Бланк И.А. Управление финансовой стабилизацией предприятия. К.: Ника-Центр, Эльга, 2003. - 496 с.
- 9 Бланк И.А. Управление финансовыми рисками. К.: Ника-Центр, 2005. — 600 с.

## **АУЫЛ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖҰМЫСТАРЫ КРИТЕРИЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТПЕН БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ**

*Мырзақұлов Т.Х.  
Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Шаруашылық тәжірибеде халық шаруашылығының даму заңдылықтары мен бағыттарын жанжақты зерттеуде, пайда болатын проблемаларды өз уақытында байқап, оларды шешу шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін экономикадағы құрама элементтерді бөлудің дәстүрлі схемаларын қолданған жөн.*

Кәсіпорындарда онда жұмыс істеушілер санына байланысты, мөлшері, негізгі және айналым қорларының құны, өндірілетін өнім көлемі және басқа да көрсеткіштері бойынша бірнеше бөліктеге бөлуге болады. Мұндай жіктеу еңбекке ақы төлеуді қалыптастыру базасын анықтап кәсіпорын категориясын белгілеу үшін қолданылады. Еңбекке ақы төлеу реформасы кәсіпорынның "категориялығын" анықтауды қажет етпей қалған жағдайда қолданылады. Дегенмен, өндіріс барысында басқа қорытындылар шығуы мүмкін. АҚШ-дағы тауар өндіруші кәсіпорындарды ірі, орта және шағын түрлерге бөліп, оның негізіне мөлшері бойынша түрлі кәсіпорындардың қаржылық, материалдық-техникалық жағдайына қарап мемлекет тарапынан сараланған ұйымдастырудың көңіл аударуын арнайы жүйесін алуды қажет етеді.

Кәсіпорынның қызметтік мәні, оның экономикадағы орны кәсіпорынның мөлшеріне байланысты белгілі-бір шамада өзгеріп отырады. Ірі және ұсақ өндіріс, тіпті бір территория мен сала шеңберінің өзінде, әдетте бір-бірін алмастыра алмайды. Олардың біреуінің болмауы - бұл экономиканың толықтырылмаған ұяшығы, оның салдары өндіріс тиімділігін жалпы төмендету болуы мүмкін.

Біз өзіміздің жұмысымыз ауылшаруашылығының ірі, орта және шағын кәсіпорындардың бір-бірін толықтыратын, экономиканың тұтастығын құрайтындығына зерттеу саламыз.

Адамзат, кәсіпорындардың мөлшері бойынша топтарға бөлуде бай тәжірибе жинақтады. Бірақта, барлық елдер үшін ортақ шағын кәсіпорындарды бөлудің қандай да бір ортақ әмбебап критеріі жоқ. Әр мемлекет өзінің ұлтына, өндірістік градациясы, экономиканық салалық қызметіне байланысты кәсіпорындардың мөлшері бойынша бөлу критерийлерін белгілейді.

«АЛЖИР» аббревиатурасымен тарихта қалған Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдерінің лагері болатын. 1938 жылы Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің Солтүстік Қазақстандағы №26 нүктесі, Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері ашылды. Аталған лагерьде 1937-1938 жылдардағы "халық жауы" атпен қудаланған зиялылар мен мемлекеттік, партиялық қызметте болған адамдардың жұбайлары ұсталынды.

Кеңес өкіметі жылдарында аталмыш тарих мүлдем зерттелмеді. Тіпті, адамдар әйелдер лагерлері бар екенінен хабарлары да болмады. Сондықтан ресми тарихнамада зерттеу жұмыстары мүлдем болмады. Тек қана эмиграцияға кеткен қайраткерлер еңбектерінде алғаш рет тарихи шындық айтыла бастады.

АЛЖИР туралы ақпараттарды белгілі орыс жазушысы А. Солженицыннің еңбегінен алуға болады. «Архипелаг ГУЛАГ» кітабы 1958 жылдан 1967 жылдар аралығында жазылды, ол сталиннен кейінгі кезеңдегі, яғни "жылымық" жылдарының құжаттық әдебиеттік шығармалардың шыңы болып табылады. 1980 жылы Вермонт-Парижде А. Солженицыннің шығармалар жинағы шықты, кейінгі жариялануы да осы мәтін негізінде басылды. Автор кітаптағы тарихты бейнелеу тәсілі мен жанрын «әдеби зерттеу тәжірибесі» деп атады. Жазушы Александр Солженицыннің кеңестік репрессиялар кезіндегі тағдыры Қазақстанмен тікелей байланысты. Ол Жезқазғандағы Далалық ерекше лагердің тұтқыны, Кеңгір көтерілісіне де қатысқан болатын. Лагерь тұтқынының естелік әңгімелері еліміздегі лагерлер жүйесінің тарихы туралы дерек бола алады. Ол өз көргендері арқылы ГУЛАГ жүйесі түрмелері жағдайын ашып көрсетеді. Оның ішінде, әйелдер түрмелеріне де арнайы тоқталып өтеді. Ол еңбегінде әйелдердің лагердегі жан-тебіренісін врач-гинеколог Н.И. Зубовтың сөзін арқылы келтіреді: статистикалық жағынан әйелдерге қамауға алыну ер адамдармен салыстырғанда тез әрі ерекше әсер етеді, себебі ең басты мәселе - отбасын жоғалту болып табылады.

Елдегі саяси өзгерістерге байланысты 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында отандық тарихшылар саяси репрессиялар тарихын зерттеуге белсене араласты. Мерзімді басылым беттерінде материалдарды жариялау көбейді. Бұрын белгісіз болып келген құжаттарды ғылыми айналымға енгізу үдерісі басталды.

Әрине, алдымен қарағандылық тарихшылар лагерлер тарихын жазуға кірісті. Бұл мәселе түсінікті болатын. Себебі Қазақстандағы еңбекпен түзеу лагерлерінің басым көпшілігі елдің орталығы мен солтүстік өңірлерінде орналасты. Бірінші кезекте Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің тарихы туралы мақалалар жарық көрді. Зерттеуші В. Диктің мақаласы алғашында «Казахстанская правда» газетінде шығып, үлкен қоғамдық пікір тууына алып

келді. Кейін «О чем не говорили» жинағына енгізілді. Автор жеке адамдардан сұрастырып, лагерлер тарихы жайлы жазды. Бұл материал Қарлаг туралы очерк болатын. Осыдан кейін лагерде болған адамдардың естеліктері, құжаттары, хаттары табыла бастады. Аталмыш лагерь тұтқындары Кеңестер Одағының түпкір - түпкірінде өмір сүретін.

1989 жылдары Қарағандыда қазақстандық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының мүшесі Е. Кузнецованың ұйымдастыруымен «Индустриальная Караганда» газетінде «Мемориал памяти» деген рубрикамен саяси репрессиялар тақырыбы туралы мақалалар жариялана бастады. Осылайша Қарлаг мәселесінің зерттелуі күн тәртібіне қойылды.

Осыдан кейін лагерлер тұтқындары естеліктерді үздіксіз жариялай бастады. «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» туралы көптеген деректер де адамдар ойлары арқылы айтылады. Себебі лагерде болған әйелдер сол жылдардағы өмірлерін еске түсіру арқылы жазып жүр. Мәселен, Е.Гинзбург «Крутой маршрут», Е.Олицкая «Мои воспоминания», Н.Суровцева, О.Адамова, Х.Волович, А.Войтоловская мемуарлары, Г.Степанова-Ключникова «Казахстанский АЛЖИР» еңбектерін атауға болады.

Ал қазақ әйелдері туралы деректі материалдарды жарияланған журналист А.Тасымбеков болып табылады. Армиял Тасымбеков мерзімді басылымдарда көптеген мақалалар және «Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы» атты еңбегін шығарды. А.Тасымбеков «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» түрмесінің әйелдерінің естеліктерін жазды. Олардың ішінде Күләндәм Қожанова, Дәмеш Жүргенова, Бибіжамал Сырғабекова, Мәдина Оразова, Майқұр Сарымолдаева, Сағадат Таштитова, Сақыпжамал Темірбекова, Уәзипа Күленова, Әсимә Шоманова, Баршын Кәлменова, Зүпнүн Нұрмақова, Мәриям Есенгелдина, Күнжамал Майлина, Шәкітай Тәтімова, Елизавета Тухачевская, Азиза Рысқұлова, Сұлуқан Бағызбаева, Әйіш Құлымбетова, Елена Верещагина-Кельмансон, Елизавета Сәдуақасова, Варава Курачева, Зағфи Тналина, Мария Есқараева және т.б. Еңбекте әйелдердің естеліктері бойынша күйеулерінің қалай ұсталғандығы, өздерінің қалай ұсталғандығы, балаларының тағдырлары кеңінен айтылады. Сонымен қатар, түрмелерде болған әйелдердің психологиялық жағдайы суреттелген.

Автор Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдері лагерінің тұтқындары және басқа да репрессияға ұшыраған партия - кеңес қызметкерлерінің отбасы мүшелері естеліктерін жинақтау арқылы жеке адамдар өміріндегі большевиктік террордың ізін журналистік ізденістер арқылы ашып береді. Еңбекте тек қана жазаланушылар тағдыры емес, сонымен қатар ПХК жүйесінде жұмыс жасаған қызметкерлер туралы да ақпараттар бар. Кітаптың басты құндылығы - бұрынғы тұтқындардан соңғы естеліктер алынуында екені даусыз.

Жоғарыда аталған естеліктер мен мемуарлар үлкен дерек көзі болып табылады. Мемуарлар, естеліктерді жеке адамдар жазады, әдеби-көркем шығарма болғанымен, мәліметтер белгілі бір дәрежеде тарихи оқиғаларды ашып береді. Бұл деректердің ерекшелігі ресми құжаттарда көрсетілмеген фактілер анықталады. Сондықтан да олар көптеген қызықты деректерді алуға көмектеседі. Деректер жазып отырған адамның ойын білдіреді, оның ішінде автордың жеке пікірі, саяси көзқарасы мен дүниетанымының кеңдігі әсер етеді.

1990 жылдары Мәскеуде ашылған Андрей Сахаров атындағы музей және қоғамдық орталығы "Воспоминания о ГУЛАГе и их авторы" атты электронды мәліметтер базасын құрастырды. Құрастырушылары Сахаров қоры (АҚШ), Джексон қоры (АҚШ), халықаралық даму бойынша АҚШ агентігі (АҚТТТ) қолдауымен Андрей Сахаров атындағы музей мен "Мир, прогресс, права человека" қоғамдық орталығы болып табылады. Бұл қорда көптеген Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері тұтқындарының көптеген естеліктері бар.

Аталған мәселенің күн тәртібіне қойылуына тоқсаныншы жылдардың ортасындағы өзгерістер игі әсер етті. 1996 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «1997 жылды жалпыұлттық келісім және саяси репрессия құрбандарын есте сақтау жылы деп жариялауы туралы» жарлығы шықты. Бұл саяси репрессиялар тарихын зерттеуге үлкен қызығушылық тудырды.

Осы кезде қарағандылық тарихшы Д.А. Шаймұханов алғаш рет Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің тарихына қатысты деректерді жинақтап, «Қарлаг» деп аталатын кітабын шығарды. Бұл кітапта Орталық Қазақстан өңіріндегі лагерлер тұтқындары тағдыры, ұсталу жағдайы, олардың ауылшаруашылығы мен өндіріс орындарында жұмысқа тартылуы баяндалды. Сонымен қатар, кітапта Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдерінің лагері, әскери тұтқындар лагерлері мен ерекше лагерлер қатарындағы Далалық лагерь тарихы анықталады. Сол кезең тұрғысынан қарағанда, еңбек деректік материалдарға толы, талдауларға негізделген болатын.

Сонымен қатар, С.Ділманов пен Е. Кузнецованың «Қарлаг» атты брошюрасы да тақырыпты зерттеудегі бір қадам болып табылды. Авторлар кітабында Қарлаг жүйесі тарихына жалпылама сипаттамалар береді. Сонымен қатар, Қарағандыда да сексенінші жылдардың аяғындағыдай «Индустриальная Караганда» газеті беттерінде көптеген мақалалар жарық көре бастады. Бұрынғыдай емес, бұл кезде мақсат айқындалған, яғни саяси қудалау тек Қарлаг төңірегінде ғана емес, сонымен қатар басқа қырлары анықталды.

Ресейде де 1990 жылдардың аяғынан бастап, КСРО-дағы ГУЛАГ (Лагерлер Бас Басқармасы) жүйесі туралы еңбектер көптеп шыға бастады. Әрине, бұл еңбектерде Ақмоладағы "Отанын сатқандар" лагерлер туралы көп деректер болмаса да, кейбір құжаттар кездесетін.

Тоқсаныншы жылдардың соңында саяси репрессиялар тақырыбы ғылыми тұрғыда қаралып, кандидаттық диссертациялар жазыла бастады. Зерттеуші А. Кукушкина диссертациялық жұмысында алғашқылардың бірі болып Лагерлер Бас Басқармасының Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдері лагері тарихын жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізе отырып, талдады. Автор еңбегінде негізінен Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдері лагері құрылуы мен өмір сүруінің ерекшеліктеріне тоқталды. Кеңестік заңдық актілер арқылы лагердің ашылуын анықтайды. Сонымен қатар, тұтқындардың ұсталу жағдайын да беріп өткен. Кейін автор диссертациясын монография ретінде жариялады. Жалпы алғанда, еңбекте Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты мен ҚР Бас Прокуратурасы Кұқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалы мұрағатының

сол кездегі қол жетімді деректерін қолданған. Сондықтан да шығар, зерттеуші аталған лагерде 4 482 тұтқын болды деген қате ақпарат береді. Онда аталған лагерге байланысты көптеген мәселелер талданған, оның ішінде тұтқындардың ұсталу жағдайы және еңбекке пайдалану дәрежесі, балалары туралы мағлұматтар беріледі.

Кейінгі кезде Қазақстандағы еңбекпен түзеу лагерлері туралы зерттеу жұмыстарын шетелдік тарихшылары да жазуда. Оның ішінде, неміс тарихшыларының қызығушылық білдіргенін айта кетуіміз қажет. Олар Қазақстандағы Қарағанды еңбекпен түзеу лагеріне қатысты зерттеулер жасап жүр. Оның ішінде, Бонн университеті зерттеуші ғалымдары Владислав Хеделер мен Мейнхард Штаркты айтуға болады.

Алғашында Мейнхард Штарк Лагерлер бас басқармасының әйелдер лагерлері туралы еңбегінде қазақстандық тұтқындар туралы қысқа мәліметтер берсе, Владислав Хеделер 1929-1940 жылдар аралығындағы Қарағанды лагерінің әкімшілігі мен күзет қызметі туралы мақалалар шығарды. Кейінгі жылдарда ғалымдар біртіндеп терең зерттеулерге көшті. Неміс тарихшылары 2007 жылы қарағандылық мұрағаттық құжаттарды қолданып, «Могила в степи. Жизнь в ГУЛАГе. История одного советского ИТЛ.1930-1959», «Карагандинский ИТЛ. 1930-1959. Документы об истории лагерей, узников и надзирателей» деп аталатын екі кітап шығарды. Еңбектерде 1930-1959 жылдардағы Лагерлер Бас Басқармасының Қарағанды еңбекпен түзеу лагері туралы материалдар сарапталып, талдаулар жасалған. Владислав Хеделер мен Мейнхард Штарк Қарағанды облыстық мұрағатының және ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалының кейбір құжаттарын ғылыми айналымға енгізген. Тарихшылар Қарлаг мұрағатынан тұтқындардың 800 мың карточкасын, 60 мың жеке істерін, қызметкерлердің 20 мың жеке істерін қараған. Әсіресе, лагерь құрылымы, жұмыс істеу барысы, тұтқындардың азапталуына ерекше мән берілген.

Бүгінгі күні Қазақстан территориясында болған отандастары туралы басқа мемлекет елшіліктері қолдап, еңбектер даярлауда. Мәселен, Қазақстандағы Белорусь Республикасы елшілігінің басшылығымен «Возвращенные из небытия» деп аталатын кітап шығарылды. Онда ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен ҚР Бас Прокуратурасынан сұраныс хат арқылы алынған 1931-1958 жылдар аралығындағы саяси репрессияға ұшыраған адамдар тізімі жасалған. Тізімде арнайы қоныс аударушылар да, еңбекпен түзеу лагерлерінде, оның ішінде Қарлаг пен «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінде болғандар да аталып өтеді. Қудаланған адамдар Қазақстанның барлық облыстары бойынша бөлініп-бөлініп беріледі. Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагері тұтқындары бөлек анықталған.

Сонымен қатар, АҚШ - тың Вирджиния штатында Фейрфакс қаласында орналасқан Дж.Мэсон университетінің тарих және өнертану тарихы кафедрасының қызметкері Стивен Барнес Қарлаг тақырыбына байланысты монография шығарды.

2003 жылы Мәскеуде "Мемориал" халықаралық қоғамы мен Астана қаласы мен Ақмола облысы заңсыз репрессиялар құрбандары ассоциациясы бірігіп

"Узницы АЛЖИРа" (Список женщин - заключенных Акмолинского и других отделений Карлага) атты еңбек шығарды. Еңбекте Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагерінде болған әйелдердің тізімі жарияланған. Бұл кітапта 1938-1940 жылдардағы Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің 7259 тұтқындары туралы қысқа анықтамалықтар берілген.

Осы тұста лагерь тарихына өзекті мәселені айтып өту қажет. Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдері лагерінде 1938-1953 жылдар аралығында 18 мың әйел тұтқында болған. Әрине, барлығы бір уақытта емес, бірі келіп, бірі басқа лагерьге кетіп жатқын. Жоғарыда айтылған жинақта соның тек қана 8 мыңға жуығы берілген. Сондықтан да тұтқындарды анықтау жұмысы әрі қарай жүргізілуі керек. Астанадағы АЛЖИР саяси репрессиялар музейінің ақпараты бойынша, 2007 жылдан бері лагерь тұтқындарының 50-ден астамы анықталып, "Стена памяти" деп аталатын музей жанындағы қабырғадағы тізімге аттары енгізілген.

Енді аталған тақырыптың деректік негізіне тоқталайық. Ресей мұрағаттық жүйесімен салыстырғанда қазақстандық мекемелерде айырмашылықтар көрінеді. Ресейде кеңестік лагерьлер туралы құжаттар мемлекеттік мұрағатта болса, бізде кеңестік еңбекпен түзеу лагерлері құжаттарының басым бөлігі - ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалы мұрағатында. Өкінішке орай, КСРО да үшінші орын алған қазақстандық лагерлер жүйесінің көлемді деректік базасы ведомстволық мұрағат еншісінде қалып отыр. Оның үстіне, жаппай саяси репрессияларға қатысты мұрағаттық құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу жүргізілмегендіктен, зерттеушілерге берілмеуде. Бұл материалдарға қызығушылық тек қана қазақстандық тарихшылар тарапынан ғана емес, сонымен қатар шетелдік, қала берсе ресейлік зерттеушілер де қызығушылық білдіріп отыр. Әрине, өз азаматтары Қарлаг тұтқындары болғандықтан, олардың тағдыры туралы білгісі келеді.

Бүгінгі таңда 1929 жылдан 1942 жылға дейінгі кезеңдегі КСРО НКВД ІІМ Қарағанды лагері қамау орындарында болған сотталғандардың 22 768 жеке ісі өңделген. Сонымен қатар, Қазақстанда 1990 жылдардың ортасынан бастап еңбекпен түзеу лагерлері құжаттары құпиясыздандырылған. Ал лагердің басқарушы, ұйымдастырушы құжаттары туралы мәліметтер тәртіпке келтірілмеген. Және де бұл ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің ведомстволық мұрағаты болғандықтан зерттеушілерге жұмыс істеуге рұқсат шектеулі.

### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: 2007ж.
2. «Қазақ энциклопедиясы», 2011ж. - 880 бет.ІБВІ<sup>4</sup>! 9965-893-73-Х
3. Тасымбеков А., Жан даусы, АЛЖИР архипелагы, А., 1994ж;
4. Дильманов С., Кузнецова Е., КарЛАГ, Ф., 1997г.
5. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006ж.
6. "Қазақ Энциклопедиясы" Алматы: Атамұра, 2006ж.

## ӨНДІРІСТІК КЕШЕНДЕГІ ИННОВАЦИЯНЫ БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Садақбаев Ә.М.  
Шымкент университеті

### *Аннотация*

*Регулирование научно-технического развития в развитых зарубежных странах является важной частью хозяйственного механизма. В процессе формирования государственной активности на инновационный процесс влияют различные направленные силы, которые определяют конкретные виды взаимодействия государства и других участников.*

Дамыған шет елдерде ғылыми-техникалық дамуды реттеу шаруашылық тетігінің маңызды бөлімі болып табылады. Инновациялық үрдіске мемлекеттік белсенділікті қалыптастыру барысында әр түрлі бағытталған күштер әсер етеді, олар мемлекет пен басқа қатысушылардың өзара әрекеттерінің нақты түрлерін анықтайды. Бір жағынан, макроэкономикалық және индустриалдық саясат қағидаларының ауысуы жүзеге асады, яғни ұлттық шаруашылық кешендерінің дамытуға мемлекеттің тікелей араласуының қысқаруымен бейнеленеді және нарықтық тетіктерінің пайда болуына көп назар аударылуы, мемлекеттік реттеудің барлық салаларында көрініс табады. Басқа жағынан, ғылыми-техникалық даму саласындағы өзара жарыс бірнеше мәселені көтереді, ол мемлекеттің қатысуынсыз шешілуі мүмкін болмайды. Инфрақұрылымды құруда, инновациялық үрдістің (қаржылық қызмет көрсету жүйесі, ақпаратты тарату және т.с.с.) динамикалық және кең дамуына ықпал етуде мемлекеттің рөлі үлкен.

Әлемдік шаруашылықтың интернационалдық жағдайында халықаралық аспектіде инновациялық саясаттың мәселелері - корпаративті және мемлекеттік - ұлттық бәсекеге қабілеттілікті күшейту болып табылады. Бұл ұғым бойынша ол, біріншіден, елдегі озық техника мен технологияны дамытуды ынталандыру және жеделдету арқылы шетел бәсекелестерінің технологиялық артықшылықтарын азайту, екіншіден, ғылыми техникалық дамуды қарқындылығын қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің үлкен көлемдегі ұзақ мерзімдік бағдарламаларын ынталандыру жолымен шетелдік бәсекелестерге қатысты үлкен технологиялық артықшылықтарды құру.

Қазіргі жағдайларда бәсекеге қабілеттілік деңгейі (технологиялық, экономикалық, нарықтық артықшылықтар) ішкі нарықта да және халықаралық нарықта да едәуір дәрежеде кәсіпорынның болашаққа өнімді жасау және бизнестің жаңа саласына ену қабілеттілігімен, басқаша айтқанда, инновациялық қызметке қабілеттілігімен анықталады. «Ғылыми - зерттеулер және әзірлемелер - өндіріс - сату» циклында жаңа өнімді өндіру тиімділігі және оны коммерциялық игеру ең соңында инновациялық қызметтің басты мақсаты болып табылады.

АҚШ ғылыми техникалық саясатын жүзеге асыру жақсы дамыған институционалдық құрылымға негізделеді. Америкалық басқару құрылымының ерекшелігі мемлекеттің және жеке бизнестің арасындағы тығыз

өзара әсері болып табылады. Аралас, мемлекеттік және жеке ұйымдар көздері есебінен қаржыландырылатын аралас қызмет жүргізудің үлес салмағы үлкен. Олардың ішінде - өнеркәсіпті зерттеу Ұлттық орталығы, Ұлттық ғылым академиясы, Ұлттық техникалық академия және ғылымды дамытуға қолдау бойынша Америка ассоциациясы.

ҒЗТҚО саласында мемлекеттік және жеке институттардың өзара байланысы - инновациялық тетіктің маңызды сипаты болып табылады. Ірі өндірушілердің мүдделерін білдірушісі болып жеке ұйымдар кері байланысты жүзеге асырады, бизнес үшін жүргізілетін іс шаралардың тиімділігі туралы ақпараттарды мемлекеттік ұйымдарға береді, ал бизнеске мемлекеттің экономикалық саясаты туралы мәлімет береді. Бұл ұйымдар сонымен қатар елдің ғылыми техникалық дамытуды мемлекеттік басқарудың қазіргі үлгісін қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды.

АҚШ экономикалық «жаңалығы» соңғы он жылдықта венчурлік бизнесті атауға болады. Ұсақ және орта фирмалар санының ұдайы өсуі, жана идеялардың ізденісі, оны жасауда, «бастапқы» өндірісті ендіру, американдық өндірістің сипаттамалық ерекшелігі болды. АҚШ мемлекеттік ұйымдары тәуекелшіл фирмалардың қызметіне салықтық және несиелік жағдайларды жасау және тәуекелшіл капиталдың бірыңғай ұлттық нарығын құру үшін жағдай жасайды.

Жапонияның ғылыми техникалық қазіргі тұжырымдамасының негізінің дамуы бірінші рет соғыстан кейінгі жылдары жапон үкіметімен құрылған.

Дәл сол уақытта ұлттық экономиканы дамытудың ұзақ мерзімді болжамы құрылды, алдыңғы қатарлы салалар және ҒЗКЖҰ салалары белгіленді. Иерархиялық жүйенің ең басында ҒТЗ мемлекеттік басқаруында Жапонияда ғылым бойынша премьер министр басқаратын Кеңес бар. Оның құрамына бірқатар министр жетекшілері кіреді, сонымен қатар ірі кәсіпорын корпорациясының өкілдері де бар. Ғылым бойынша Кеңес елдің ғылыми техникалық дамуының стратегиялық жолдарды реттейді және ҒЗКЖҰ -на жұмсаған қаржыны бөледі мемлекеттік бюджеттен. ҒТЗ Жапондық мемлекеттік реттеу үлгісі 70-ші жылдардың соңында 80-ші жылдардың басында мына негізгі ұстаным бойынша бағаланды:

- елдің ғылыми техникалық дамуының ұзақ мерзімді бағдарламасы
- ғылыми техникалық саясатты жүзеге асыруда ірі корпорацияларға сүйенді;
- қолданбалы зерттеу және жобалардың артықшылықтарына ынталандыру;
- шет елде лицензияны белсенді сатып алуға жеңілдік беру.

Жапонияда 80 жылдарда ҒТЗ мемлекеттік реттеу тұжырымдамасында болған ең күрделі өзгеріс, жуырдағы он жылдықта осы елдің мемлекетінің көзқарасы болып табылады, оны жаңашыл әлі де салада және өндірісте қалыптаспаған әлемдік көшбасшы қатарына шығару (жаңа материалдар, микроэлектроника, биотехнология және т.б.)

Ғылыми-техникалық саясат мемлекеттің барша экономикалық дамуы болып табылады. Қойылған мәселенің мақсаты ғылыми Кеңес ҒЗКЖҰ - ге мемлекеттік шығындарды ұлғайту туралы шешім қабылдау 2,5 - 3,5 % ЖІӨ



болды. Кеңестің шешімі бойынша, барлық көбейтілген қаржының бөлігі фундаментальды зерттеулер және жаңа идеяларды принципіальды генеризациялауға жұмсалуды керек. Мемлекеттік саясаттың ерекшелігі Жапонияны импортер лицензиясынан экспортерға айналдыру көзқарасы болды, сонымен қатар құнды әлемдік тәжірибені ендіруден бас тартпады.

Мемлекеттің стратегиясының өзгеруі жетекші жапондық компаниялардың стратегиясына да әсер етеді: арзаншылық есебінен нарықта әлі де едәуір күрделі мәселе болды, сонымен қатар жаңа өнімнің төмен бағасы және жоғары сапа үшін шет елдік бәсекелестерді ысырып тастау керек, өнімнің төмен бағасын және жоғары сапасын сақтай отырып, өздеріне жаңа нарықты қалыптастыру қажет болды. Жетекші Еуропалық елдерде ұлттық мемлекеттік ұйымдар ұлттық ғылыми техникалық әлеуетті қалыптастыруда, корпорацияларды қолдауда рөл ойнайды, олар жеке өнімнің және ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтереді.

Басқару құрылымының әр түрлігіне қарамастан макроэкономикалық саясаттың принципіндегі айырмашылықтар, тактикалық мақсатта және т.б., батыс еуропалық елдер үшін көптеген жалпы ортақ нәрселер бар. Осы елдің мемлекеттік ғылыми - техникалық тұжырымдамасы АҚШ және Жапонияның жетекші фирмаларымен бәсекелестік етуіне қабілетті «ұлттық чемпиондардың» - ірі корпорациялардың аз ғана санының ынталандыруымен бағаланады. Оларға ҒЗКЖҰ өнеркәсібіне мемлекеттік қаржының ең қомақты үлесі тиеді.

Жапония мен АҚШ айырмашылығы, батыс еуропалық ұлттық мемлекеттік ұйымдар зерттеуді жасау және нәтижелеріне едәуір кеш қызығушылық білдірді және өндірушілер арасында алынған технологияны таратуға шара қолданбады. Сондықтан батыс еуропалықтардың басқару тетігі инновациялық кезең бойынша көбінше «технологияға бағдарланған» деп атайды (technology driven), олардың өнеркәсіптік қолдануына емес, зерттеулер мен жобаларға зерттеу жүргізуге көңіл бөле отырды. ҒЗКЖҰ жүргізуге қаржы қорының шоғырлануы және ірі корпорацияның шағын топтың қолындағы «идея банкі» зерттеудің тиімділігін жоғарылатуға және өндірісте жаңа технологияны жүзеге асыруды әлсіретті. Мемлекеттік ҒЗКЖҰ -дың «ұлттық чемпионға» бағдарлануы ішкі жеке салалардың бәсекелестік күресін әлсіретуге алып келді және озық технологияны және жобаларды экономиканың басқа салаларына таратылуын тежеді. Осындай саясаттың нәтижесі батыс еуропалық өндірушілердің АҚШ және Жапонияның озық корпорацияларынан көп артта қалауына алып келеді, бұл мемлекеттік ұйымдарды осы елдің ҒТЗ әлемдік көшбасшыларымен технологиялық үзілісінің қысқаруының мәселесін шешуге әкеп тіреді.

Германияда, мысалы, зерттеу және техника бойынша Федералды министрлік құрылды, бірқатар басқа елдерде ғылыми - техникалық саясатқа жауапкершілікті жүзеге асыруды сауда және өнеркәсіп министрлігіне жауапкершілік жүктелді. Мемлекет венчурлы өндірісті жандандыруға әрекет етті. Ең аяғында, көптеген ЕЭО елдерінде (Германияны қоспағанда) компания арасында ғылыми-техникалық «бәсекелестік алдындағы» кооперацияға рұқсат бере отырып, антимонополистік заңдылықтың қатаңдығы әлсіреді.

Мұндай жағдайда едәуір мәнді мемлекеттің және жеке бизнестің өзара әрекетінің әр түрлі үлгісі жасалынды. Мұндай ынтымақтастықтың көп жақты мысалын Еуропалық елдер береді: бірлескен мемлекеттік - жеке меншік институттар және зертханалар, ғалымдар кооперациясы, бірлескен бағдарлама және жобалар үлгісі, ақпараттық ағымдармен алмасу және т.с.с.

80-ші жылдарда технологиялық жаңашылдық үрдісті жеделдетуді ізденуде, ұлттық экономикалық құрылымының қайта құрылуын және оның бәсекеге қабілеттілігінің өсуін жасау жағдайында, жетекші еуропалық елдердегі үкімет өнеркәсіпке мемлекеттік зерттеу ұйымдарының НИОКР нәтижесін ендіруді жеделдету шараларын қолданды.

80-ші жылдардағы батыс еуропалық ғылыми - техникалық басты ерекшеліктердің бірі мемлекеттік (еуропааралық) деңгейдегі ірі көлемдегі мемлекеттік реттеу болды. ЕЭО кеңесі ғылыми - техникалық дамытудың координациясы бойынша бірлестікте едәуір елеулі рөл атқарады, әсіресе жаңа салаларда.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жалпы ғылым, әсіресе ауыл шаруашылығы, бірқалыпты қаржыландырудың өсуінсіз жақсы және нәтижелі қызмет ете алмайды. Кез - келген мемлекеттің, кез - келген ұлттың даму прогресі ғылымға ұдайы қатысуының өсуімен қамтамасыз етіледі. Орта жылдық өсу ғылымға жұмсалған шығын бойынша 80-ші жылдардың басында АҚШ - та 4,6, ГФР-де 2,3, Ұлыбританияда 2,7, Францияда 5.5 пайыз, ал ҒЗКЖҰ - на жұмсалған шығын салыстырмалы түрде жалпы ұлттық өнім 1983 жылы осы елдерде 1,22; 1,18; 1,26; 1,24 пайызды құрады.

Инновациялық үрдістің тиімділігін жақсартушы, маңызды бағыттарының бірі ақпараттандыру болып табылады. Барлық дамыған елдерде кеңестік және инжинирингті фирмалар жүйесі коммерциялық жағдайда, мемлекет есебінен қаржыландыру жұмыс істейді. Мемлекеттің бюджет есебінен қаржыланатын кеңестік қызмет көрсетуді құру, ауыл тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдаудың бір үлгісі.

АҚШ кеңестік қызметі ауыл шаруашылығының Министрлік құрамында қызмет етеді. Аймақтық кеңестік қызмет көрсету зерттеу және оқу (білімдік) қызметі жүретін университеттерде жұмыс істейді. Зерттеу және кеңестік бағдарламаларды қаржыландыру федералдық бюджеттен сияқты, штат үкіметінен жүргізіледі.

Англияда кеңестік қызмет көрсету мемлекеттік және жеке меншіктік болып табылады. Мемлекеттік қызмет ауыл - шаруашылық кеңесінің және ғылыми зерттеудің (ANDA) ауыл шаруашылығы бойынша (VIAC) Британия институтының кеңесшілерін, Королевский институтының сарапшыларын, басқа да ғылыми мекемелерді біріктіреді. Жеке меншік кеңестік қызмет көрсету көп жақты кеңестік қызмет көрсету фирмаларын құрайды, ірі көп қызметті фирмадан ұсақтар мамандандырылған фирмаға дейін.

Жергілікті деңгей бұл ұсақ жер шаруаларының шаруашылық ассоциациямен байланысында жұмыс істейді, фермерлік жүйе орталығы. Германиядағы мемлекеттік кеңестік қызмет көрсетудің ұйымдасушылары шаруа жер одақтары, олар ауыл шаруашылығы Министрлігінің оған бағынатын

құрылымдарымен қоса әрекет етеді. Мемлекеттік қызмет көрсетумен қатар жеке меншік кеңестік қызмет көрсетулер қызмет етеді, мұнда мемлекет жеке меншік кеңесшілерінің 50% қызметін субсидияланады.

Соған ұқсас қызмет көрсетулер Австрияда, Венгрияда, Қытайда, Францияда, Швецияда және т.б елдерде қызмет көрсетеді. Барлық қызмет көрсетулерге жалпы болып, құрылғаннан бастап олар мемлекеттің қаржыландырылды және қызмет көрсетуді тегін көрсетеді. Орташа есеппен барлық елдер бойынша мемлекеттік қолдау үлесі 40 % құрайды.

Польшадағы ауыл шаруашылық кеңес беру туралы мысалы қызықты. Польша үкіметі және Еуропалық Комиссия Бірлестігі (Одақтастықтар) арасындағы келісімдер нәтижесінде ауыл шаруашылығына көмек қоры (FAPA) құрылған Орталық және Шығыс Еуропа елдері үшін көмек бағдарламасы бойынша құрылған — PHARE. Бұл бағдарлама негізінен кеңестерді, оқытуды, ғылыми зерттеуді және ұйымдастыру жұмыстарын қарастырады. Ақпараттық - кеңестік қызмет көрсету орталығы (АКҚ) технологиялықтан ұйымдастырушылық экономикалық және әлеуметтік кеңес беруге ауысты.

Көптеген экономикасы дамыған елдерде, әсіресе АҚШ да, соңғы он жылдықта кәсіпкерліктің ерекше бір түрі сипатталуда, ғылыми инновациялық қызметпен маманданған. Ғалымдардың, инженерлердің, өндіріс өнертапқыштардың, игерудегі, жаңа ғылыми техникалық идеясының қалыптасуының коммерциализациялануы кәсіпкерлік қызметте қажеттілікті жүзеге асыру жағдайы, ең алдымен, ұсақ бизнес саласында, «инновациялық кәсіпкерліктің» басты тасушысы болып табылады.

Осындай жолмен, инновациялық үрдістің шетелдік тәжірибесінің дамуын қорытындылау көрсеткендей, мемлекеттік техникалық саясат дамыған елдерде екі маңызды мақсаттан тұрады: нақты аймақтар қызығушылығында және қолданбалы зерттеулердің бірінші кезектегі дамуды сақтау және аймақтық ғылымды қайта құру болып табылады. Дамыған елдерде инновациялық үрдістің жоғары тиімділігін қарастыратын, аймақтық дамудың арнайы бағдарламалары іске асырылады.

### ***Әдебиеттер***

1. Джунусбекова Г. Основные направления развития малого инновационного предпринимательства в регионах. Экономика и статистика. 2007.- №1.

2. Иванова Е.В. Об условиях рационального использования научного потенциала для инновационного развития регионального АПК. Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий.-2007.-№10.

## КӘСПОРЫННЫҢ БИЗНЕС-ЖОСПАРЫН ҚҰРУ ЖОЛДАРЫ

Садақбаев Ә.

Ертаев Е.Ж.

Шымкент университеті

### **Аннотация**

*Бизнес-жоспардың маңызы басқару жоспарлары мен бизнесті дамытуды әзірлеу және іске асыру болып табылады. Жаңа бизнес қателері туралы статистикалық деректер Шығындылықтің жеткілікті үлкен екенін көрсетеді. Осы проблемаларды болдырмау үшін бизнес жоспарды пайдалана отырып болжау қажет.*

Бизнес-жоспарда мынадай бағыттарда пайдаланады:

1. Тек сыртқы пайдалану үшін ең қолайлы шарттарды қалыптастыру, мысалы, инвесторлар үшін.

2. Тек ішкі пайдалану үшін. Мұнда барлық күшті және әлсіз жақтары сипатталады. Бұл бизнес-жоспар басқару құралы ретінде үнемі қолданылады.

Ішкі пайдалану үшін бизнес-жоспарды дайындап, елеулі артықшылықтары қол жеткізуге болады. Бұл бизнес-жоспардың жазбаша процесінде сыртқы нұсқасы жазылады және орын алуы мүмкін көптеген сұрақтар қарастырылады. Барлық опциондар мен даму стратегиясы, ішкі бизнес-жоспарды жазбаша алдын ала әзірленуге тиіс. Сіз инвестор ақталған еді тарту болса, онда инвестор және компания операция үшін берік негіз болады. Осылайша, бірінші кезекте ішкі бизнес-жоспарды бағытталған сызба - екі жақтың да мүддесіне. Бизнес-жоспар әдетте болашаққа жазылады және алдын ала шамамен 3 жылға жасалады, және бірінші жыл үшін негізгі параметрлері, әдетте, екінші ай сайын бөлінеді отыр - тоқсан сайын, тек үшінші жылдан бастап, жыл сайын ставкалар шектеледі. Өкінішке орай, экономикалық ахуал тез өзгеріп отыратын біздің экономиканың тұрғысынан осындай жоспарлар жасау әзірге мүмкін емес. Бір жылдан астам жоспарлау анық дұрыс болады. Көптеген қазіргі жоспар жылдық жоспармен шектеледі. Бұл компанияның мақсаттары мен оларға қол жеткізу жолдары анықтайды.

Бизнес-жоспарларды әзірлеудің негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- инвестициялық жобаларды іске асыру;
- жекелеген коммерциялық операцияларды жүзеге асыру;
- бағалы қағаздарды шығару;
- компанияның даму перспективалары туралы анықтама беру;
- дәрменсіз кәсіпорындарға қатысты қолданылатын қайта ұйымдастыру шараларын өткізу;
- уақытша экономикалық дағдарыс жағдайында қаржыны қалпына келтіру және шығу.

Бизнес - жоспар кәсіпорынның қызметі үшін өмірлік маңызы бар ішкі және сыртқы екі негізгі функцияларын орындайды .

1 Жақсы жазылған бизнес-жоспар - бизнесмен үшін ең үздік бизнес карточкасы. Стандартталған процесінің көмегімен кәсіпорынмен танысуға мүмкіндік береді.

2 Экономикалық даму және нарықтық қарым-қатынастар нарығын қалыптастыру, өркениетті бизнес жоқтығы белгілі бір сатысында серіктестер, кредиторлар мен клиенттердің тарапынан сақ көзқарас туғызады. Бизнес-жоспардың болуы - өркениетті нарық тарапынан міндетті талап.

3 Бизнеске ақша қаражаттарын тарту бизнес-жоспарда бар материалды пайдаланусыз мүмкін емес.

4 Бизнес-жоспар оның иесіне психологиялық бір қатаң сезімін, сенімділік, кәсіпкерлік күш береді.

5 Жоспарлау үрдісі кәсіпкерлік әрекетті бағалау немесе жалғастыру үшін әрекеттерді анықтайды.

6 бизнес-жоспар болашақта елеулі кедергілерді айналып айтарлықтай жұмысты қиындату мүмкін, мемлекет кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін анықтауға көмектеседі.

7 бизнестің соңғы және аралық мақсаттарды айқын анықтайды.

8 Бизнес-жоспар - мониторинг және бақылау құралы мақсаттар қоюға кәсіпорындардың жүйелі жылжыту қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бизнес-жоспарды дайындау процесінің 9 нақты жетістіктерімен салыстыру үшін негіз ретінде өзін-өзі зерттеу үшін қуатты құрал болып табылады.

Сыртқы ортаның тұрақсыздығы, үлкен кәсіпорын қызметінің ішкі ұйымдастыру тәртібінің болуын талап етеді осы стратегияларды іске асыру үшін нарық стратегиясы мен ұйымдық даму және операциялық қызметінің дамуына көңіл аударуы тиіс[18].

Нарықтық экономика жағдайында, бизнес-жоспардың көптеген түрінде нұсқалары, мазмұны, құрылымы, т.б. бар Суретте көрсетілгендей бизнес объектілері үшін бизнес-жоспар жіктелуі, мысалы, құрамдас басқару арқылы бизнес-жоспарлар жіктеу басқа түрлері бар. Бизнес-бағыттар бойынша (тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсету, техникалық шешімдер), сондай-ақ жалпы кәсіпорын (жаңа немесе бұрыннан бар):

Бизнес - жоспар төрт негізгі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1 нарықтың сыйымдылығын зерттеу;

2 шығындарды бағалауға;

3 «тұзақтан» шығатын жол табу үшін;

4 қаржы-экономикалық көрсеткіштерін анықтау.

Ал бизнес-жоспар ретінде біз ол мынадай негізгі нүктелерін қамтиды өз құрылымын, ал ол, өзгерістер мен толықтыруларды енгізетін тұрақты құжат болып табылады деп айтуға болады: жиынтық; бизнес және оның стратегиясы; нарық және маркетингтік стратегиясы; өндіру және пайдалану; басқару және шешімдер қабылдау процестері; құқықтық жоспары; қаржылық жоспары; мүмкін болатын тәуекел факторларының қарастыру [19].

Ол кәсіпорынның қаржылық сауықтырудың бизнес-жоспары, міндетті түрде дәрменсіз компаниялар үшін өз құрылымы мен логикасын ие екенін атап өткен жөн. Алайда, біздің ойымызша, оның дамуы, оның ең маңызды қаржылық қиындықтарды бастан, барлық отандық кәсіпорындар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Дәрменсіз компаниялар үшін қаржылық сауықтырудың бизнес-жоспары негізгі құжат болып табылады және келесі қызметтерді атқарады:

- Кәсіпорынның сауығу стратегиясын әзірлеу;
- Қайта құру ісінің жоспарын құрастыру;
- Дағдарыс кезінде немесе оның күтуүрдісінде бизнесті ұйымдастыру;
- Кәсіпорынға мемлекеттік қолдау қажеттілігі мен мүмкіндігін негіздеу.

Ұйым шеңберінде әзірленген және мақсаттары бизнес-жоспарлардың барлық жиынтығын қамтитын жалпы стратегиялық жоспары болып табылады. Стратегиялық жоспарына қарағанда бизнес-жоспарлар анық, нақты белгілей отырып уақытша шекаралары анықталған келесі жылдық жоспардың орындалуын ретінде стратегиялық жоспарын ал тиісті жағдайлық талдау орындайды, инновациялар, ең алдымен, бағытталған қаралады және реттеуге болады.

Бизнес-жоспарлары жергілікті кәсіпкерлерге бұрынғы техникалық-экономикалық негіздемесі құжаты ретінде таныс. Бірақ бизнес-жоспардың басты айырмашылығы - оның стратегиялық назар аудара, кәсіпкерлік табиғаты, ұйымдастыру және сыртқы ортаның ішкі мүмкіндіктерін, өнеркәсіптік-техникалық, қаржылық және нарықтық аспектілерін икемді үйлесімін қарастырады.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

- 1 Купешова С.Т. Инновациялық менеджмент: Оқулық. – Алматы: ЖСШ РПБК «Дәуір», 2011. – 256 бет.
- 2 Рогов М.А. Риск-менеджмент: организационный аспект // Консультант. 2005. № 1.С. 87-89.Тургинбаева А.Н. Инновации и риски: Учеб. пособие /А.Н. Тургинбаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2008.- 118 с.
- 3 Литовченко С. Подходы к управлению рисками на российских предприятиях // Финансовый директор. 2003. № 9. С. 78.
- 4 Гринева Н.В. Управление рисками в инновационной деятельности / Н.В. Гринева // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 6. Экономика.- М., 2008.- №6.- С.118-129.
- 5 Балдин К.В., Воробьев С.Н. Риск-менеджмент. -М.: Гардарики, 2005. 285 с.
- 6 Филлипов О. Крупные инженерные проекты и передача рисков /О. Филлипов // Рынок ценных бумаг Казахстана.- Алматы, 2007.- №10.
- 7 Васильев В. Методика управления риском в инновационно-активных компаниях. //Проблемы теории и практики управления. – М., 2010.- №7.- С.37-49.

## **ИННОВАЦИЯНЫҢ МӘНІ, РӨЛІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ**

*Сарбас А.  
Кенжалы А.*

*Ғылыми жетекшісі – Асилбеков Д.К. экон.ғыл.магистрі  
Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*«Инновация» сөзі 1440 жылы пайда болды және француз тілінен аударғанда «innovation» «жаңару», «жаңарту» немесе «жаңа жол» дегенді*

*білдіреді. Экономикаға қатысты бұл ұғым жаңа немесе жетілдірілген өнімде, практикалық қызметте қолданылатын технологиялық процесте немесе әлеуметтік қызметтерді дамыту проблемасына жаңа көзқарастарда жүзеге асырылған қызметтің нәтижесі ретінде анықталады.*

Инновациялық процестер өнімнің немесе қызметтің жаңа түріне, оларды өндіру әдісіне, қаржылық, ғылыми-зерттеу және адам қызметінің басқа салаларындағы жаңалықтарға қолданылады.

XXI ғасыр ғылыми-техникалық, экономикалық және әлеуметтік процестерді дамытудың жаңа кезеңімен ерекшеленді, оған инновациялық даму, әлеует, мәдениет, желілік ұйымдастырушылық және басқарушылық құрылым және т. б. тән.

Инновациялық даму - бұл ең алдымен жүзеге асырылған инновациялардың жиынтығы. Ол бір тар саланы емес, сонымен қатар жалпы нәтижеге (менеджмент, маркетинг, қызметкерлерді оқыту, қаржы, сату және т.б.) шешуші әсер ететін салаларды қамтыған кезде сәтті болады. Демек, инновациялық даму кешенді, жүйелі сипатқа ие.

Зерттеулер көрсеткендей, "инновация" ұғымы бірыңғай теориялық негізге ие емес. Бұл инновациялық қызмет мәселелері бойынша әдебиеттерде көптеген байланысты ұғымдар қолданылатындығымен расталады: инновация, инновация, инновациялық процесс, инновациялық цикл, инновацияның өмірлік циклі, инновациялық қызмет, инновациялық орта. Сонымен қатар, сол термин әртүрлі түсіндіріледі, ал кейбір терминдер анықталады, сонымен бірге олардың арасындағы сызық жасалады. Мұның бәрі инновация теориясы саласында қолданылатын тұжырымдамалық аппаратты нақтылау қажеттілігін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет "инновация" ұғымын австриялық экономист Й. Шумпетер өзінің "экономикалық даму теориясы" (1912 ж.) және "Капитализм, социализм және демократия" (1942 ж.) еңбектерінде [1]. Ол инновацияны кәсіпкердің пайда табудың құралы ретінде қарастырды және "серпінді кәсіпкер" нарықтық жағдайлардың қайнар көзі екенін дәлелдеді. Олардың пайда болу себептерін талдай отырып, Шумпетер экономикалық ғылымда алғаш рет нарықтық жағдайдағы өндірістің дамуындағы өзгерістерге сәйкес келетін "дамудағы өзгерістердің жаңа комбинацияларын" атап өтті және сипаттады.

Инновациялар ғылыми-техникалық процесті білдіреді, ол идеялар мен өнертабыстарды практикалық қолдану арқылы тиімділік пен қосымша кіріс ала отырып, қасиеттері бойынша ең жақсы тауарлар мен технологияларды құруға әкеледі. Олар жаңа тауарларды, ұйымдастырушылық нысандарды және т. б. әзірлеуге, жасауға және таратуға бағытталған адамның шығармашылық қызметінің нәтижесін ұсынады.

Демек, инновациялар кез-келген экономикалық бірлікті өндіру немесе Басқару технологиясы саласында қолданылатын инновациялар ретінде анықталады. Технология саласында инновация-бұл жаңа технологияны немесе жаңа өнімдерді құру, оларды өндіріске енгізу әдістері мен құралдарын жасау мүмкіндіктерін үнемі зерттейтін ҒЗТКЖ-ның жемісі [2].

"Инновация" анықтамаларының көпшілігі сапалық сипаттамаларға ие. Бұл кез-келген инновацияның ешқандай артықшылығы жоқ және аналогпен

салыстырғанда тиімді емес екендігіне әкеледі, оны инновация деп түсіндіруге болады. Мысалы, Котлер в.ф. "инновация" ұғымын кез-келген адам жаңа деп қабылдаған кез-келген өнімді, қызметті немесе идеяны білдіретін термин ретінде сипаттайды [2]. П. А. Андреев, В. Н. Лапин, Ф. Никсон, Л. Гохберг, Р. Кох, Ф. Ф. Бездудный, Г. А. Смирнова, О. Д. Нечаеваның еңбектерінде "инновация" ұғымы іс жүзінде ұқсас түсіндірмеде келтірілген. Ф. Валента "инновация" анықтамасында жоғарыда аталған ғалымдармен бірдей, бірақ сонымен бірге оны "оң және теріс әлеуметтік-экономикалық салдарлармен" қолдануға мүмкіндік береді [2].

"Инновация" деген неғұрлым дұрыс анықтаманы біздің ойымызша Санто Б. береді: "Инновация – бұл идеялар мен өнертабыстарды практикалық қолдану арқылы оның қасиеттері бойынша ең жақсы өнімдер мен технологияларды құруға әкелетін әлеуметтік-техникалық-экономикалық процесс". Сондай-ақ, Санто Б. барлық жағдайларда инновация жаңа бастаманы білдіреді, ол терең өзгерістерді талап етеді, ол бұрынғы даму бағытынан ауытқиды [3].

И.Г. Ушачев инновацияларға практикадағы кез келген техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық және басқарушылық өзгерістерді жатқызады, олар басқа кәсіпорындарда белгілі және пайдаланылуы мүмкін, бірақ олар игерілмеген кәсіпорындар үшін оларды енгізу жаңа болып табылады. Фатхудинов р.а. инновацияны "басқару объектісін өзгерту және экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық немесе басқа әсер алу мақсатында инновацияны енгізудің түпкілікті нәтижесі" деп анықтайды.

А. Н. Богатырев және П.А. Андреев "инновациялар" – бұл идеяны іске асыру, ашу немесе техникалық өнертабысқа негізделген, коммерциялық пайдалануға және экономикалық нәтиже алуға негізделген серпіліс стратегиясы жүзеге асырылатын процесс немесе қызмет деп санайды".

Райсбергтің сөздігінде Б.А., Лозовский Л. Ш., Стародубцева Е. Б. "инновация" ұғымы техника, технология, еңбекті ұйымдастыру және басқару саласындағы ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені пайдалануға, сондай-ақ осы жаңалықтарды түрлі салалар мен қызмет салаларында қолдануға негізделген жаңашылдық ретінде анықталады.

Профессор Ракитов А.И. "инновация" терминінің ең категориялық түсінігін ұсынды. Ол инновациялық қызметті түбегейлі жаңа өнімді, қызметті, білімді құруға әкелетін қызмет деп санайды, нәтижесінде бұрын болмаған нәрсе пайда болады. Оның пікірінше, модернизацияны, жақсартуды, бояуды инновация деп атауға болмайды. Инновацияның маңызды, ажырамас белгілерінің бірі-өнімнің, қызметтің нарыққа шығуы.

Инновациялар ниеттің пайда болуынан, жаңа перспективалы идеяның туындауынан басталады және нарықты жаулап алу, кәсіпкердің кірісін (кірісін) ұлғайту әсері түріндегі түпкі нәтижесі жоғары жаңа тауарға, өнімге, технологияға, жаңа ұйымдық нысанға іске асырылады. Басқару жүйесіндегі өлшем ретінде инновацияның мәнін түсіну тәсілі негізделген, өйткені кез-келген инновация олар жүзеге асырылатын жүйеде тиісті өзгерістерді қамтиды. Алайда инновацияның мәнін анықтауда бірқатар кемшіліктер бар:



\* болып жатқан өзгерістердің ерекшелігі ескерілмейді. Нәтижесінде регрессивті нәтижелерге бағытталған өзгерістерді инновация ретінде де анықтауға болады;

\* инновациялар оларды көбею процесінде қолдану нәтижелерімен анықталады.

Мамандардың пікірінше, "инновацияны" түсінуге деген тар көзқарас оларды техниканың, технологияның және басқа да жаңа өнімдердің нақты түрлерін құру және енгізу тұрғысынан қарастырады.

Алайда, бұл тәсіл өте кең таралды, өйткені оның негізінде ғылыми-техникалық тұрғыдан инновацияларды бөлу принципі олардың әлеуметтік дамудағы және макро-және микроэкономикалық деңгейлерде өндірістік және экономикалық процестерді жүзеге асырудағы маңызы мен мақсаттарын көрсетеді. Сонымен қатар, әр түрлі сипаттағы инновациялардың сандық және сапалық сипаттамаларын зерттеу, осы тәсіл аясында оларды практикалық қолданудың экономикалық және басқа түрлерін анықтау әлдеқайда қарапайым және түсінікті.

Осыған байланысты дамудың бәсекеге қабілеттілігін анықтау күрделілік болып табылады. Инновациялардың ғылыми-техникалық деңгейін, олардың тиімділігін (коммерциялық, жалпы экономикалық) бағалау проблемасы туындайды. Бұл ретте инновацияларды жіктеу үшін инновациялық даму теориясының негізі болып табылатын жаңалық өлшемдерін пайдалану қажет. Инновациялар тұтастықпен, өзара тәуелділікпен, техникалық, технологиялық, біліктілік, ұйымдастырушылық және басқа критерийлердің ортақтығымен сипатталуы керек.

Жалпы түрдегі барлық инновациялар екі негізгі категорияға бөлінеді – технологиялық және технологиялық емес. Зерттеушілердің көпшілігі технологиялық инновацияларға, яғни өндірістің даму қарқындылығының тікелей сипаттамасына ерекше назар аударады. Оларға ғылыми-техникалық прогресті анықтайтын өндіріс құралдарына, әдістеріне, технологияларына әсер ететін барлық өзгерістер жатады.

Ұйымдастырушылық, басқарушылық, құқықтық, әлеуметтік, экологиялық сипаттағы инновациялар технологиялық емес инновацияларға жатады.

Толық жіктеу негізінде инновацияларды 1-суретке сәйкес ұсынуға болады.



Сурет 1 – Иновацияларды жіктелімі


"Нарықтың күтілетін үлесін қамту бойынша", "Иновациялық әлеует пен жаңашылдық дәрежесі бойынша" айқындалған Иновациялық процестерді жіктеу бағыттары иновациялардың ауқымы мен жаңалығын, иновациялық өзгерістердің қарқындылығын ескереді, олардың сандық және сапалық сипаттамаларын барынша көрсетеді.

Иновациялық қызмет-ғылыми-техникалық идеяларды, өнертабыстарды, әзірлемелерді практикалық пайдалануға жарамды нәтижеге жеткізу жөніндегі қызмет. Бұл анықтаманың авторлары С. Д. Ильенкова, Л.М. Гохберг, С. Ю. Ягудин, оның басқа түсіндірмесі Өндіргіш күштерді дамыту, ұйымдық - экономикалық қатынастарды және экономикалық жүйелердегі өзара әрекеттесуді жақсарту үшін ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті тиімді пайдалану болып табылады. Ол иновациялардың шаруашылық қызметінде пайда болу, трансформация және пайдаланудың бірыңғай ғылыми-инновациялық цикліндегі ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің жалғасы болып табылады.

Медынский В. Г. және Шаршукова Л. Г. иновациялық қызмет дегеніміз-ғылыми зерттеулермен айналысатын әртүрлі әдістердің, факторлардың және басқару органдарының іс-әрекеті мен өзара әрекеттесуінің күрделі дамып келе жатқан жүйесі, өнімнің жаңа түрлерін құру, еңбек объектілері ретінде жабдықтарды жетілдіру, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері негізінде өндірісті ұйымдастырудың технологиялық процестері мен формалары; ғылыми-техникалық прогресті жоспарлау, қаржыландыру және үйлестіру; экономикалық тұтқалар мен ынталандыруды жетілдіру; ҒТБ қарқынды дамуын жеделдетуге және оның әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған өзара шарттасқан іс-шаралар кешенін реттеу жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу [3].

О. Б. Стрелков жасаған иновацияларды жіктеуде иновациялық процестің қарқындылығы сияқты иновацияны топтастырудың белгісі анықталды, бұл кәсіпорынның өндірістік және экономикалық механизміне

инновациялық өзгерістердің қатысу сипаты мен дәрежесін тікелей көрсетеді. Жіктеу О. Б. Стрелкова жіктеу негізінде инновацияны 2-суретке сәйкес бірнеше топқа бөледі.



Сурет 2 - Иновациялық қызметті жіктеу белгілерінің мәні мен маңызы

2-суреттен көріп отырғанымыздай, инновацияның жіктеу белгілері келесі бағыттарға бөлінеді: қолдану саласы, әлеуметтік мақсаттардың сипаты, нәтижесі инновация болған кезеңдер, қарқындылық дәрежесі, қызмет саласы және тиімділік.

Завалина П. Н., Казанцева А. К. және Миндели Л. Э. идеяларды (әдетте ҒЗЖ немесе өзге ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижесі) шаруашылық қызмет практикасында пайдаланылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процеске, не нарықта енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнімге, не әлеуметтік қызметтерге жаңа көзқарасқа айналдыруға байланысты инновациялық қызметті қарастырады.

Румянцев З.П., Соломатина Н.А. және Акбердин Р. З. пікірінше инновациялық қызмет жаңа өнім алу немесе өндірілетін өнімді жақсарту, оны өндіру тәсілі және қоғамның бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ғылыми, ғылыми-техникалық нәтиже мен зияткерлік әлеуетті іс жүзінде пайдалануға бағытталған.

Иновациялық қызметтің мәні оның әр түрлі қасиеттері мен қатынастарының өзара байланысында көрінетін, өмірдің әртүрлі формаларында кездесетін ішкі мазмұнын білдіреді: ғылыми, жобалық, технологиялық қызмет, тәжірибелік әзірлемелер, өндірістегі инновацияларды дамыту бойынша жұмыс, оларды жүзеге асыру. Жоғарыда аталған авторлардың пікірінше, инновацияның мазмұны оны құрайтын элементтердің кезеңдерінің бірлігі, ішкі процестердің қасиеттері, байланыстар, қайшылықтар мен тенденциялар болып табылады. Бұл ғылыми, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралардың тұтас кешенін қамтитын практикалық қолдануға жарамды ғылыми-техникалық идеяларды, өнертабыстарды, әзірлемелерді түпкілікті нәтижеге жеткізудің өзара байланысты және тиімді қызметінде көрінеді.

Инновациялық қызмет ұғымы "инновациялық әлеует" ұғымымен тығыз байланысты, ол инновацияларды жүзеге асыруға арналған тиісті инфрақұрылым қызмет ететін кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың жиынтығын білдіреді. Кез-келген шаруашылық субъектісінің инновациялық әлеуеті оның қызметінің ерекшелігі мен ауқымына байланысты, ал оның даму деңгейі кәсіпорынның нақты инновациялық мүмкіндіктерін анықтайды.

Кәсіпорынның немесе ұйымның жалпы әлеуетінің негізгі компоненттерін бөлуге болады-өндірістік, технологиялық, ғылыми-техникалық, қаржылық-экономикалық, кадрлық және нақты Инновациялық әлеует, ол барлық әлеуеттің өзегін білдіреді, оның әр бөлігіне органикалық түрде енеді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Котлер М. Финансовый менеджмент.- М., 2018. - 340 с.
2. Гохберг Л. Национальная инновационная система России в условиях «новой экономики» // Вопросы экономики, 2017, №3.
3. Ушачев И.Г. Концепция развития инновационной деятельности в АПК России (проект).- М., 2018.- 35 с.

## **ҚР ФАРМАЦЕВТИКА НАРЫҒЫНДА КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

*Серікбаева А. С.*

*Серикова А.*

*Ғылыми жетекшісі – Андреева Ж.М., э.ғ.к.*

*Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Денсаулық сақтау жүйесінің ең маңызды элементтерінің бірі болып табылады фармацевтика нарығында кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының фармацевтика саласын дамыту бағдарламасына сүйене инновациялық техникалық өзгерістерді қажет етеді.*

Бұл өзгерістердің өсуі және инновациялық компонент, импортты алмастыру стратегиялық дамытуды қалыптастыруға байланысты болуы тиіс. Қазақстанда инновациялық жанасу, ағымдағы жағдайларға және ұзақ мерзімді перспективада халықты дәрілік қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін арналуы тиіс. Қазақстанның фармацевтика нарығында кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді әзірлеу және қабылдауды көздейді. Барлық осы бастамаларды түпкі мақсаты Қазақстан халқын қолжетімді тиімді және қауіпсіз дәрілік заттармен қамтамасыз етуге қабілетті тұрақты ұлттық индустрия құру болып табылады.

Бағдарламаның ең маңызды элементі жаңа буынын инновациялық дәрі-дәрмек құруға бағытталуы тиіс. Қазақстанның фармацевтикалық саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру екі кезеңде жүзеге асырылады деп күтілуде, ол үшін дамудың жаңа инновациялық инвестициялық тұжырымдамасын енгізу

қажет. Бірінші кезең: инновациялық және инновациялық инвестициялық тұжырымдамасының технологиялық кезеңі Қазақстан Республикасының лицензияның аумағында өндірісін ұйымдастыру бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Демек, 1939 жылғы Бүкілодақтық санақ мәліметтерінің толықтай болмаса да, осындай мәліметтер кездеседі. Келтірілген деректерден ұлттық құрамға байланысты үлес салмағы мен пайыздық көрсеткішін байқаймыз. 116 Мұрағат материалдарына қарағанда ауыл және қала халқының саны жөнінде де мәліметтер бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан статистикалық басқармасының қызметкері Хонақбаева 1947 жылдың 1 қаңтарында берген мәлімдемесінде төмендегідей халық санын көрсеткен: Арыс ауданында – 14528, ауылда – 27029, барлығы – 41552 адам. Бостандық ауданында – 13812, ауылдарында – 35884, барлығы – 49696, Георггиевскийде ауылдарында – 77257, барлығы – 37357, Жуалыда барлығы – 25541 адам болды. Ильичевскийде 21699, ауылда – 13203, барлығы – 34902 адам. Қаратастың ауылында барлығы – 24208 адам болса, Келестің ауылдарында барлығы – 16828 адам болды. Қызылқұмның ауылдарында барлығы – 10246 адам. Кировтың ауылдарында – 9232 адам болса, Мақта-Арал ауылдарында барлығы – 21207 адам екен. Сайрам ауылдарында – 39213 адамды құраса, Сарыағаш ауылында – 311038 адам болды. Созақ ауылдарында – 14290. Түркістан ауданында – 58700, ауылдарында – 15904, барлығы – 74004 адам. Түлкібас ауданында – 9800, ауылында – 38770, барлығы – 48570 адамды құраса, Фрунзенің ауылдарында – 11735 адамды құрады. Шаян ауданында – 1394, ауылдарында - 23138, барлығы – 24532 адам болған. Шымкент ауданының ауылдарында – 19670, барлығы – 19670 адам тіркелген. Шәуілдір ауылдарында – 14419, Ленгір ауданында – 14299, облыс бойынша қала халқының саны – 219049, ауыл - 428907, барлығы – 647956 адамды құрады (15).

Бұл көрсетілген мәліметтерден шығатын қорытынды өңір халқының әлеуметтік-демографиялық дамуына қатысты материалдарды нақты деректер ретінде пайдалана отырып, ғылыми еңбек жазуға болатындығында.

1. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 1-т, 23-іс, 26-п.
2. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 1-т, 389-іс, 473-п.
3. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 1-т, 1659-іс, 26-п.
4. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 1-т, 609-іс, 11-п.
5. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 4-т, 97-іс, 7-п.
6. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 1-т, 122-іс, 8-п.
7. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 3-т, 304-іс, 5-п.
8. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 8-т, 48-іс, 191-192-пп.

9. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 12-т, 371-іс, 2-п.
10. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 8-т, 281-іс, 2-п.
11. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 8-т, 107-іс, 8-п.
12. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 25-т, 93-іс, 17-п.
13. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 121-қ, 1-т, 415-іс, 59-60-пп.
14. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 709-қ, 2-т, 694-іс, 32-33-пп.
15. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 709-қ, 2-т, 707-іс, 19-п.

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

*Купбаева Р.М  
Ақынтай А.*

### ***Аннотация***

*В данной статье рассматривается роль и вклад крупных краеведческих, историко-просветительских музеев Казахстана. Особенно их вклад в развитие историко-культурного преобразования казахстанского народа в современном этапе. Также значение этих музеев и мавзолея Х.А. Ясауи в туристическом направлении Казахстана.*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық мұражайы – ғылыми-мұрағаттық мәдени мекеме. Орталық Азиядағы ең ірі де көне мұражайлардың бірі. 1925ж. Қазақ өлкелік Орталық мұражайы құрылды. 1929ж. Қазақ өлкелік Орталық мұражайы жаңа астана - Алматыға көшірілді, Жетісу губерниясының мұражайымен біріктіріліп, еліміздегі іргелі мәдени ордаға айналды. 1944 жылдан қазіргі атымен аталады. Алматы қаласындағы мұражайдың жаңа ғимараты архитекторлар: Ю. Ратушный, З. Мустафина, Б.Рзағалиевтердің жобасымен 1985ж. салынды. Жалпы аумағы 17 мың м<sup>2</sup> құрайтын құрылыс кескінінде төрт экспозиция залы, ауқымды көрме галереясы мен сақтау қорқоймалары, киноәжіліс залы, қызмет кеңселері бар. Оның қорында Қазақстанның ежелгі дәуірінен бастап қазіргі күніне дейінгі терең тарихынан сыр шертетін 200 мыңнан астам жәдігерлік бұйым жинақталған [1].

Ғалам, дүние жаратылысы туралы мұражайдың полеонтология залына хронологиялық мөлшері 570 млн. жыл бұрынғы кембрий дәуірінен бастау алып, голоцен деп аталатын бүгінгі уақытқа дейінгі кезеңді қамтитын жәдәгерлік бұйымдар қойылған. Олар қазіргі Қазақстан жерінде тіршілік еткен жан-жануарлар, өсімдіктер, тасқа айналған сүйек қалдықтарымен таныстырады. әсіресе, 420 млн. жыл бұрынғы тіршілік еткен трилобит деп аталатын жануарлардың түрі, 300 млн. жыл бұрын пада болған ең алғашқы омыртқалы жануарлардың бірі-стегоцефалдар, сондай-ақ, Қазақстан аумағында тіршілік еті, 10-12 мың жыл бұрын жойылып кеткен мүйізтұмсықтар мен піл-мамонттардың сүйек қалдықтары ерекше құнды.

Бұл “Қарғалы көмбесін” қазғанда шамамен б.з.б. 2ғ.-б.з. 1 ғасырында өмір сүрген абыз әйелдің мүрдесінен бірге көмілген ерекшк әсем 370әшекейлік бұйым шықты. әйелдің басына киетін тәтісі-қарғалы диадемасында бейнеленген құстардың, хайуанаттардың, қиял-ғажайып кейіптегі әйел мен ер

адамның бейнелері ата-бабаларымыздың ғарыш пен кеңістік туралы дүниетанымын аңғартады [2].

Бестамқала- Қазақстандағы орта ғасырлардан сақталған көне қала орны. Қызылорда облысынан солтүстік батысқа қарай 240 км жерде, Жаңадарияның құрғап қалған арнасының бойында. XII-XIII ғғ. өркендеген қаланың ауданы 390x300м, айнала екі қатар дуалмен, терең ормен қоршарған, ішкі қорғаныс алаңы оның бойындағы биіктігі 3м, мұнаралар мен ауызғы бөлмелері жақсы сақталған. Мұнаралардың ортасын жалғастыратын жұмбаздап соғылған дуалдың биіктігі 1,5м, қабарғасы 1м. Сыртқы қорғаныс дуалының қалыңдығы 2м-ге жуық. Биіктігі 3м. Қала ішінде төрт бұрышты жердің орындары сақталған. Қорғанға сырттан солтүстік және оңтүстік қабырғалар арқылы кіретін болған. Үйдің орны мен ерекше ошақтардың қалдығы ашылып алынған. Қашалынған қыш ыдыстар, металдан жасалған дөңгелек қалқанның, тастардың, көгілдір моншақтың ойыншықтары, жебенің сабы ментемір қорытпалары т.б. сақталған.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі - Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңына тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Яссауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылғын кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды. 1389, 1391, 1394 және 1395 жылдардғы қантөгіс ұрытарда Әмір Темір Алтын Орданың өктемдігін жойп, астанасы – Сарай - Беркені өртеп жібереді. Міне, осы жеңістің құрметіне Қожа Ахмет Яссауидің ескі мазарының орнына жаңа, зор кесенені орнатуды ұйғарады. Осы тұрғыда Әмір Темір тек діни мақсат – мүддені ғана көздеген еді деу қиын. Бұл оның беделін көтеруге және дала жақ ту сыртының сенімді болуы үшін де қажет еді. Бұл кезде Әмір Темір Мағолстан әміршісі Хазыр Қожа ханның қызы – Тукел ханымды алмақ болып той қамына кірісіп жатқан қалыңдықты қарсы алу үшін Әмір Темірдің әмірімен Самалқандта “Ділкүш” (“Гүл атқан жүрек”) бағын салу аяқталды. Қалыңдығының алдынан шызуға аттанған Әмір Темір жолшыбай Шанас елді – мекеніне таяу маңдағы Ахангеран қойнауында біраз аялдайды. Қыркүйек айында ол арадан Яссы шаһарына соғып, Қожа Ахмет Яссауи зиратының басында құлшылық ету ырымын жасайды, мазар маңында тұрған шырақшы мен діни қызметшілерге бағалы силықтар береді. Деректерде, Қожа Ахмет Яссауидің XII ғасырда салынған, құлауға жақын тұрған мазарын көрген Әмір Темір мұны бұзып, орнына жаңасын салуға әмір еткендігі айтылады [3]. Әмір Темірдің ұсақ – түйекке дейін есептеп барып берген нұсқауында кесененің негізері алдын – ала анықталып көрсетілгенді.

1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Яссауи республика мұражайы ашылды. 1989 жылы 28 тамызда Қазақстан Үкіметінің шешімімен “Әзірет Сұлтан қорық мұражайы” ашылды. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Қызыл кітабына енгізілді. Қазақстан Үкіметі түркиялық фирмалармен бірлесе отырып, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін толық қалпына келтіру жұмысын аяқтады (2000).

2004 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің №1227 Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның ғылымын және қоғамын еліміздің тарихи-мәдени

құндылықтарын қорғау мен ұқыпты пайдалануға бағдарланған. Осы маңызды құжатта зерттеулердің археологиялық бағытына ерекше көңіл бөлінген. Соның ішінде барлық тарихи орындарды зерттеуге, ұлттық тарихи мұраларды халықаралық деңгейде насихаттауға, тарихи-мәдени мұраларды кешенді түрде зерделеуге басымдық берілген.

Осы бағдарламаның сәтті аяқталуына орай өткен шарада Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты екенін айта келіп, «Мәдени мұра» бағдарламасы – мәдениетке деген мемлекеттік көзқарастың соны стратегиялық ұстанымын айқындаған маңызды жоба болды. Ол жаңадан қалыптасып жатқан қазақстандық қауымдастықтың әлеуеті мен гуманистік бағыт-бағдарын танытты», – деді [4].

Елбасы бағдарламаны іске асыру барысында тарих пен мәдениеттің 35 ескерткішінде қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып, Қазақстан аумағындағы 30 қалашықта, қоныста, тұрақта, обалар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілгенін мәлім етті.

Айта кету керек, тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау және ұқыпты пайдалануға қатысты мемлекеттік реттеу мәселелері Қазақстан Республикасындағы басымдық берілген міндеттердің бірі екені анық. Материалдық мұра объектілерінің сақталуын, ғылыми және мәдени пайдаланылуын қамтамасыз ету мемлекеттің өзіндік мәдени-ұлттық ерекшелігін дамытуға жағдай жасайды, қазіргі заманғы жаһандық және интеграциялық үдеріс жағдайында қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда тарихи, археологиялық, сәулеттік және мәдени ескерткіштердің қирауы мен мүлдем жойылып кету қаупі төніп тұрғандықтан, бұл проблема одан сайын өзекті бола түсуде. Орын алып отырған күрделі экологиялық, антропогендік факторлар қоршаған табиғи және мәдени ортаның жағдайына, оның маңызды құрамы болып табылатын тарихи және мәдени ескерткіштердің үгітіліп қирай түсуіне ықпал етуде.

Шығыс данышпандары ең терең құдық та кеуіп қалатынын, ең қатты тас та үгітіліп құм мен шаңға айналатынын айтып кеткен. Жер бетінде мәңгілік ештеңе жоқ. Тек тарих мәңгілік болуы керек!

### ***Пайдаланылған әдебиет тізімі***

1. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы: «Раритет», 2015.
2. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Рауан», 2004.
3. Алтаев Б.Е. Место музеев Казахстана в мировом сообществе // Қазақстан музейлері. 2004.
4. Алимбай Н. Центральный государственный музей Республики Казахстан: Краткий исторический экскурс, структурные преобразования, проблемы // Орталық музей еңбектері: Музей ісі, тарих, этнология, фольклор, антропология. – Алматы: Ғылым, 2004. 359 б.



## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ТОПОНИМИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ ЖАЙЛЫ

Омарова Р.А.

Таджитай С.

### *Аннотация*

*В статье рассматриваются некоторые вопросы топонимического исследования археологических памятников Южного Казахстана. Есть много археологических памятников, признанных этнотопонимами. В статье рассматриваются аспекты изучения археологических памятников Южного Казахстана методом углубленной топонимии.*

Мақалада Оңтүстік Қазақстан археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу тәсілдері туралы кейбір мәселелер қарастырылған. Этнотопоним екендігі анықталған архонимдер, яғни археологиялық ескерткіштер көп. Оңтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін жетілдірілген топонимиялық әдіспен зерттеу аспектілеріне осы мақалада аса көңіл аударылып отыр. Осы уақытқа дейін Қазақстанның оңтүстігі мен Арал теңізінің оңтүстікшығысындағы археологиялық мәдениеттерді құрайтын ескерткіштер мен зираттар, сақ мәдениетімен шендестіріліп, бұл ескерткіштердің этникалық тиістілігі сақтармен байланыста қарастырылып, осыларға телініп келді. Сайрам-Испиджаб, Фараб-Отырар,

Қаратөбе-Сауран археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу, бұл ескерткіштерді қалдырғандар, тек сақтар емес, сондай-ақ саурамат-сарматтар екендігін дәлелдеп берді. Осымен қатар аталмыш ескерткіштерді топонимиялық әдіспен зерттеу, бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша Кангюй мемлекетінің мұрагері болып табылатын, печенегтермен шендестірілетін, осылар деп саналатын кангар-кенгерестер – саурамат-сарматтардың солтүстік-батысқа ауып кетпей өздері қалыптасқан алғашқы отанында қалып қойған бөлігі екендігін де дәлелдеп берді.

Оңтүстік Қазақстан, Орта Азия, тас ғасыры, қола дәуірі, топонимиялық әдіс, архонимдер, этнотопонимика, археологиялық ескерткіштер, артефактілер, катокмбалар, тайпалар. Сайрам, Сауран, Фараб ойконимдерін, Ақсу, Арал, Салар гидронимдерін, Алан және Салыр этнонимдерін, Орал оронимін, Арран этнотопонимін арийлердің өзіндік Арар атауымен, антропологиялық ерекшелігімен байланыстырып, Ақсу гидронимінен басқа атаулардың барлығының төркіні - арийлердің Арар атауы екендігін дәлелдедік. Сондайақ өткен тармақта, жартылай көшпелі - мал өсіруші арийлер мер отырықшыегінші дравиттердің Арыс пен Сыр өзендері бойында бір-бірімен араласа дуальды-экзогамиялық, рулар бірлестігін құруына байланысты саурамат пен сармат жинақтауыш атауларының, асак және асии аталған сақтар мен арийлердің араласуынан арас-арыс пен аорс этнонимдерінің, арас этнониміне к эпентезасының сына дыбыс болып қыстырылуынан Аракс этногидронимінің ал, Аракс пен алан этнонимінің қосарлана бірігіп айтылуынан Роксолан этнонимінің пайда болғандығы дәлелденді. Бұдан басқа дравиттердің абад атауы мен арий жинақтауыш атауының түбірі «ар» морфемасының бірігіп айтылуынан Бадам гидронимінің ал, сақтардың су сағынасын білдіретін «ас» форманты мен осындай мағынаны білдіретін дравиттердің бадам-баджаб

атауын қосарлап біріктіріп айтудан АсбаджабИспиджаб ойконимінің, сарматтардың сирак этнонимінің негізінде Сырдария гидронимінің түбір морфемасы болып табылатын Сыр және Қоңырат тайпасы алғи руының қарасирақ атасы атауларының пайда болғандығы дәлелденді. Осы келтірілген топонимиялық және этнонимиялық фактілер мен мәліметтер, б.д.д. I.мың жылдық пен б.д. алғашқы ғасырындағы Арыс пен Сыр өзендерінің бойында сақтармен қатар саурамат-сармат аталған аралас текті популяциямен алан атты арийлердің мекендегендігін, бұл өлкелер, саурамат-сармат аталған этностардың қалыптасқан алғашқы отаны болғандығын дәлелдейді. Дәлелденген осы топонимиялық, этнонимиялық фактілерді, Арыс пен Сыр бойында б.д.д. IVғ. мен б.д. алғашқы ғасырларында жасаған арыс, отырар-қаратау, қауыншы, жетіасар мәдениеттеріне жататын археологиялық ескерткіштерден, Түгіскен, Ұйғарақ зираттарынан және Оңтүстік Орал мен төменгі Еділ бойындағы саураматсармат, Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы сарматтар қалдырған археологиялық ескерткіштерден табылған материалдармен және артефактілермен салыстырған кезде топонимиялық мәліметтер мен археологиялық мәліметтер мен археологиялық материалдар бір-бірімен сәйкес келіп, шендесіп, Орта Азияның бұл өлкелеріндегі аталмыш мәдениеттерді жасаған, зираттарды қалдырған, тек сақтар ғана емес, сондай-ақ саурамат-сарматтар да осы мәдениеттерді жасауға, аталмыш зираттарды қалдыруға қатысқан дейтін қорытынды жасауға мүмкіндік береді. [1]

Осы уақытқа дейін Қазақстанның оңтүстігі мен Арал теңізінің оңтүстікшығысындағы археологиялық мәдениеттерді құрайтын ескерткіштер мен зираттар, сақ мәдениетімен шендестіріліп, бұл ескерткіштердің этникалық тиістілігі сақтармен байланыста қарастырылып, осыларға телініп келді. Сайрам-Испиджаб, Фараб-Отырар, Қаратөбе-Сауран археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу, бұл ескерткіштерді қалдырғандар, тек сақтар емес, сондай-ақ саурамат-сарматтар екендігін дәлелдеп берді.

Осымен қатар аталмыш ескерткіштерді топонимиялық әдіспен зерттеу, бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша Кангюй мемлекетінің мұрагері болып табылатын, печенегтермен шендестірілетін, осылар деп саналатын кангар-кенгерестер – саурамат-сарматтардың солтүстік-батысқа ауып кетпей өздері қалыптасқан алғашқы отанында қалып қойған бөлігі екендігін де дәлелдеп берді.

Жоғарыда біз, арийлердің Арар атауын, х-к дыбысына бейім сақтардың Карар деп айтуынан Кангар ал, сақтар атауындағы «ас» формантын, арийлердің арас деп айтуынан арас-аорс этнонимдерінің пайда болғандығын дәлелдедік. Арийлердің «ар» форманты мен сақтардың «ас» формантын қосарлап біріктіріп айтудан арас атауы пайда болғаны сияқты кангар аталған арийлер мен атауында «ас» форманты бар сақтардың аралас бірігуінен кангарас дейтін этноним пайда болған. Біздің бұл пікірімізді, кангаркангарас-кенгерестердің Кангюй мемлекетінің орталық бөлігі болып табылатын Сырдың орта ағысы мен Арыс өзені бойын мекендегендігі, осы себепті, кангарас атауының бірінші буыны немесе бірінші компоненті Кангтың Сырдарияның

көне атауына ал, кейінгі екі буынның немесе екінші компоненттің Арыс гидронимінің фонетикалық варианты - арас атауына айналу фактісі дәлелдейді. Кангарас этнонимінен Сырдарияның Канг және Арыс гидронимінің фонетикалық варианты «арас» атауларын көруге болады. Ал, арас атауының фонетикалық варианты - арос атауының метатеза құрылысы бойынша пайда болатын этимологиялық варианты - аорс, сарматтардың бір тайпасының атауы екендігі белгілі. Егерде кангарас этнонимінің екінші компоненті арас атауының этимологиялық варианты «аорс», сарматтардың бір тайпасының атауы болса, онда біздің жоғарыдағы кангар-кенгерестер, саураамат-сарматтардың солтүстік-батыстағы Оңтүстік Оралға ауып кетпей алғашқы отанында қалып қойған бөлігі дейтін пікіріміз дұрыс болғаны. Кангарос, түрік тілдеріндегі а-с сәйкестігі бойынша кенгерес болып айтылған. Осыдан барып кенгерес этнонимі пайда болған. Аталмыш археологиялық естерткіштерді топонимиялық әдіспен зерттеуді қорыта келгенде: сарматтардың бірлестігіне кіретін алан, асий, аорс тайпаларының қалыптасқан алғашқы отаны Қазақстанның оңтүстігіндегі Арыс пен Сырдария өзендерінің бойы болған дейтін А.Н. Бернштамның болжамы дұрыс болып шықты деген қорытынды жасай аламыз. [2]

Жақсы зерттелген, осы себепті топонимиялық әдіспен зерттеудің нысаны бола алатын келесі археологиялық ескерткіш - Бөріжары зираты. Бөріжары көне зираты, Арыс өзенінің сол жақ жағалауын ала 5-7 км созылып жатыр. Бұл зираттың уақыты, б.д. I-VIIIғғ. аралығы. Зиратты 1949 және 1951 жылдары А.Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан, 1966-68 ж.ж. К.А. Ақышев және Б.Н. Нұрмұқанбетов басқарған Жетісу, 1969-70 ж.ж. осы археологтар басқарған Отырар, 1971-75 ж.ж. аталмыш археологтар басқарған Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы зерттеген. Зиратты, б.д. I-ші мыңжылдығында Арыс өзені аңғарын мекендеген отырықшы-егінші және мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі тайпалар қалдырған. Бөріжары зиратындағы молаларда кездесетін жерлеу салты, бірдей емес. Ірі көлемдегі қорған-төбелер (1,5 метрден жоғары), әдетте наусқа ұқсас жер бетінде жасалған жерлеу құрылыстары болып келеді. Кішігірім қорғантөбелердің көпшілігінің арасында, жерлеу құрылысының ішінде немесе қандай да бір қосымша жерлеу құрылысы жоқ, қарапайым жерлеу алаңшаларында жерлеу кездеседі. Осы себепті, зират молаларында кездесетін жерлеу құрылысы мен салтына қысқаша тоқталамыз. [3]

Қоршалмаған жерлеу алаңшаларында мәйітті жатқызып көшу салты орын алған қорған-төбелер, Жуантөбе қалашығынан оңтүстік-шығысқа қарай 300м жердегі зираттың орталық бөлігінде қазылған. Бұл қорған-төбелер, Арыс өзенінің арнасымен шектесетін ойпатта жатыр. Мұнда, жерлеу қабыры осындай болып келетін қорған-төбелердің үштен екісі орналасқан. Дөңгелек пішінді үйіліп жасалған қорған-төбелердің қазылып зерттелген бесеуінің екеуінің астынан катакомбалы мола табылған. Катакомбаның құрылысына қысқаша тоқталып өтейік. 1 қорған-төбенің топырақтан үйіп жасалған үйіндісі, төбесі жалпақ (биіктігі 0,9м, диаметрі 10м) дөңгелек жоспарлы. Үйіндінің астында катакомба болған. Дромос, төбенің оңтүстік-батыс шетінен басталып, ары қарай тар (0,6м) траншея болып, катакомбаға барып тірелген. Дромостың

ұзындығы 4м, қабырғасының басталар тұсындағы биіктігі 0,7м, соңындағы биіктігі 2,3м. Жерлеу камерасы, яғни катакомба сопақ келген. Оның ұзындығы 2,4м, ені 0,9м, биіктігі 0,8м. Мәйіт камераның түбіне ұзына бойы созылған күйде шалқасынан жатқызылған, басы оңтүстік - оңтүстік-шығысқа қаратылған. Катакомбада жерленген екінші бір жер телімі, Жуантөбе қалашығына қарама-қарсы бағыттағы зираттың орталық бөлігінде орналасқан. Екінші қорған-төбенің үйіндісі, жарты жұмыртқа формалы, бойлық бойлай созылған (14,5X13м), биіктігі 1,4м. Катакомба, үйінді төбенің сыртында орналасқан. Дромос, төбенің солтүстік-шығыс шетінен 3м беріден бастала тар, траншея болып аркалы кіре-беріске (лаз) тіреледі. Кіре-берістің ені 0,4м, биіктігі 0,5м. Дромостың көлем: басталуындағы тереңдігі 1м, соңындағы тереңдігі 3,1м, басталуындағы ені 0,5м, соңындағы ені 0,7м, ұзындығы 6,2м. Дромосқа көлденең орналасқан камераның формасы дөңгелек-эллипс тәрізді, ұзындығы 2,2м, ені 1,45м, биіктігі 1,1м. Камераның едені, дромостың еденіне қарағанда 0,15м төмен етіп қазылған. Камерада екі мәйіт бірге жерленген. [4]

Катакомбалар, қорған-төба астында, не болмаса үйіндінің сыртында орналасқан. Дромостардың ұзындығы 2 метрден 7 метрге созылады. Катакомбаларға кіретін тесіктер, дромостың бітер жеріндегі еденінен тесіліп жасалған. Жерлеу камералары сопақша-дөңгелек, оларда біреу немесе бірнеше мәйіт жерленген. Жерлеу біткен соң камераның аузы балшықпен бітелген, ал дромос топырақпен жабылған. Қорған-төбе асты, жер бетінде жасалған жерлеу құрылысының ішінде мәйітті жатқызып көму салты орын алған қорған төбелер негізінен биік жерлерге жинақталған. Олар, сипатталған қорған-төбелерді үш жағынан қоршай, бірнешеқадам жерде орналасқан. Жерлеу құрылыстарын, бір-бірімен байланысты екі типке бөлуге болады: тік бұрыш жоспарлы қоршау (26 қорған) және кіре-беріс дәліз бен тік бұрышты ішкі камерадан тұратын сопақша немесе төтбұрышқа ұқсас жоспарлы құрылыс (32-33 қорғандар). Қорған-төбе 26. Сопақша етіп үйіліп жасалған төбешік, көлемі 10,5X9м, биіктігі 1,2м. Айнала жасалған қоршауы, тікбұрыш формалы. Қоршаудың қабырғалары, пахсадан жасалған, оңтүстік-батыс қабырғасы жоқ. Қабырдың 21 еденінде қаңқаның шашылып жатқан сүйектері, темірден жасалған бұйымдар, моншақтар мен қола алқа болған. [5]

Қорған-төбе Сопақша етіп үйіліп жасалған, көлемі 16,5X14м, биіктігі 2м. Жоспары алмұрт формалы жер бетінде жасалған жерлеу қабыры. Қабырдың қабырғалары пахсадан жасалған. Қабырғалар, қиыршық тас араласқан балшықтан жасалған алаңшаға тұрғызылған жерлеу қабыры, тік бұрышты жерлеу камерасы мен оған апаратын ұзын дәлізден (2,25м) тұрады. Бұл дәліз қабырдың оңтүстік-шығыс қабырғасын 0,75м ендікте кесіп өтеді. Жерлеу қабырының көлемі 7,5м<sup>2</sup>. Қабыр еденінен көмілген мәйіттің бөлшектенген қалдықтары табылған. Қорған-төбе 33. Сопақша жоспарлы үйінді, көлемі 16,5X15м, биіктігі 1,8м. Жоғарыда сипаттағанға ұқсас, жер бетінде жасалған жерлеу құрылысы. Жерлеу камерасының көлемі 3,15X2,5м, кіре-беріс дәліздің ұзындығы 2,6м, ені 0,8м. Жерлейтін камераның еденінен қаңқаның шашылған сүйектері, жебенің 4 темір ұштары, бір жақ жүзді темір пышақтар және бір моншақ табылған. Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич зираттың уақыттық мерзімін VI-VIIIғғ. деп көрсеткен. Бірақ, В.И. Распопова Соғды

жерінен табылған құранды белбеуді, Бөріжары зиратының белбеуімен салыстыра зерттеп: «бронзовые бляшки и пряжка из этого могильника находят аналогии в памятниках того же круга, что и самаркандские и таштюбинские, поэтому могильнику следует датировать VI-VII вв.» - дейтін түзету енгізеді. Зиратты зерттеген археологтар, оның жерлеу салтындағы мынадай негіздегі белгілерді атап көрсетеді:

1. Ескерткіш сырт келбеті біркелкі үйінділерден тұратын қорған-төбелі зират болып табылады.

2. Қорған-төбе асты жер бетінде немесе арнайы жасалған жерлеу алаңшаларында және екі типтегі жерлеу құрылыстарының ішіне мәйітті жатқызып көметін жерлеу салты кездеседі.

Діни сенім-нанымдармен қатар атап көрсетілген ерекшеліктер, зиратты қалдырған тайпалардың қандай шаруашылықпен айналысқандықтарын бейнелейді. Бөріжары зиратында кездесетін қабырлардың үстіне топырақты үйіп қорған-төбе жасау – Қазақстанның көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын бақташыларына тән ертеден келе жатқан салт-дәстүр. Ал, Бөріжарыдағы қорған-төбе асты жер бетінде жерлеу қабырынсыз мәйітті жатқызып көму - шаруашылығында бақташылық негізгі бағыт болған усун заманынан бері қолданылып келе жатқан салт-дәстүр. Бақташылықтың элементтерін өз шаруашылығында сақтаған кейінгі дәуірдің тайпалары да қайтыс болғандарды осындай салтпен жерлеген. Осы себепті, Бөріжары зиратында кездесетін жерлеу салттары, өткен дәуірлердің кейбір мәден шаруашылық дәстүрлерін бейнелейді дейтін болжам жасауға болады. Жуантөбе қалашығының солтүстік-шығысына қарай 0,5 км қашықтықтағы зираттың орталық бөлігінде қазылған қорғандардың астынан жер бетінде пахсадан жасалған молалар табылған. Бұдан бөтен аталмыш қалашықтың оңтүстік-шығысына қарай 300м қашықтықтағы зираттың орталық бөлігіндегі 22 қорған астындағы жер бетінде арнайы жасалған алаңша үстінде өлікті жерлеу салты тіркелген қорған-төбелер анықталған. [6],

Этнотопоним екендігі анықталған Жабағылытөбе, Құлантөбе, Майтөбе, Мәртөбе археологиялық ескерткіштерінде қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен, топонимиялық мәліметті салыстыратын, шендестіретін археологиялық материалдар болмағандықтан бұл ескерткіштерді, жетілдірілген топонимиялық әдіспен зерттей алмаймыз.

### ***Пайдаланылған әдебиет тізімі***

1. Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, «Ғылым» 1979.
2. Малолетко А.М. Палеотопонимика. Томск. Изд. Томского ун-та. 1992.
3. Седов В. Ранний период славянского этногенеза. «Вопросы этногенеза и этнической истории славян и восточных романцев». Москва. 1976.
4. Кузьмина Е.Е. Историзм в археологии. Конференция «историзм археологии: методологические проблемы». Тезисы докладов. Москва. 1976.
5. Арутюнов С.А., Хазанов А.М. Проблема археологических критериев этнической специфики. Советская этнография. №6.
6. Никонов В.А. Введение в топонимику. Москва. 1965.

## КӘСІПКЕРЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАРНАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІН БАСҚАРУ

*Сұлтанбеков Н.У.*

*Қалдыбек М.*

*Ғылыми жетекшісі – Турсынкулова З.М*

*экон.ғыл.магистрі*

*Шымкент университеті*

### *Аннотация*

*Кәсіпкерлік жүйесіндегі жарнамалық қызметтің теориялық және ұйымдастырушылық аспектілері» атты бірінші тарауда жарнамалық қызметтің теориялық негіздері және оның кәсіпорын экономикасы үшін маңызы қарастырылады.*

Қазіргі уақытта жарнама бәсекелестік күрес факторы бола отырып, па нарық ықпалының іс жүзінде жалғыз құралы болды. Сұранысты қалыптастыра отырып және сатуды ынталандыра отырып, тұтынушыларды тауарларды сатып алуға мәжбүрлеп және «сатып алу-сату» процесін жылдамдата отырып, ал осыдан — капиталдың айналымы, жарнама нарықта маңызды экономикалық функцияны орындайды.

Сонымен қатар, нарықтық экономика жағдайында жарнама ақпараттық функцияны орындайды, оның мәні тұтынушыларды өндіруші және оның тауарлары, атап айтқанда олардың тұтынушылық құны туралы бағытталған ақпарат ағынымен қамтамасыз етуден тұрады. Сонымен қатар маркетинг жүйесінің бір бөлігі бола отырып, жарнама ақпараттық функцияның шеңберінен шығып, тұтынушымен кері байланыс орнатудан тұратын коммуникациялық функцияны өзіне алады.

Сондықтан өнеркәсіптік кәсіпорындар маркетингтік зерттеулер, өткізу, жарнама және тауарларды жылжыту міндеттері интеграцияланатын басқару жүйелерін құрады. Міндеттерді осындай интефирлеу жарнамалық қызмет арқылы жүзеге асырылады.

Шетелдік және отандық әдебиеттегі «жарнама» ұғымына әртүрлі тәсілдерді зерделеу анықтамалардың салыстырмалы сипаттамасын беруге және оның мынадай түсіндірмесін қабылдауға мүмкіндік берді: «Жарнама» - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде және белгіленген бюджет кезінде нақты мақсаттарға сәйкес қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді, идеяларды жеке емес ұсынудың ақпараттық-коммуникациялық тетігі. Өндірістік кәсіпорындағы жарнамалық қызметті кәсіпорын жоспарларын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған функциялар, процестер және әртүрлі құрылымдардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Жарнама қызметіне өзінің ерекше функцияларын орындай отырып, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүйені жұмыс жағдайына әкелетін субъектілердің тізбегі тартылады[1].

Мұндай субъектілерге жатады ішкі құрылымын кәсіпорынның маркетингтік бөлімшесі, қызметі, жарнама және тауарды жылжыту, қаржы бөлімі және т. б.), сондай-ақ сыртқы (жарнама агенттігі, рекламо-таратушылар, тұтынушылар) көрсетіледі.

Жарнамалық қызметтің аспектілерін қарау кезінде басқарудың тұтастығына назар аудару маңызды. Мәні менеджмент ұшырайды жүйе өзара байланысқан элементтердің әрқайсысы әсер қабылдау процесі басқарушылық шешімдер.

Жарнамалық менеджмент проблемаларына ғылыми көзқарастарды талдау негізінде, біз жарнамалық қызметті басқаруға анықтама бердік, ол дегеніміз қойылған мақсаттарға қол жеткізу және ресурстарды нәтижелі салу үшін құрылатын ұйымдастыру-экономикалық жүйе.

Өнеркәсіптік кәсіпорынның жарнамалық қызметін тиімді басқару үшін менеджерлерге жүйе элементтерінің кез келген параметрінің өзгеруіне сәйкес жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін жарнамалық қызметке қатысушылар арасындағы коммуникациялық байланыстарды қамтамасыз ету қажет. Біздің ойымызша, негізгі жүктеме кәсіпорынның өнім стратегиясын іске асыру процесінің маңызды элементтері болып табылатын жарнама және өнімді жылжыту қызметіне түседі[2]. Күшейіп келе жатқан бәсекелестік күрес негізгі жақтардың бірі жарнамалық қызмет болып табылатын маркетингтің сыртқы кешенін ұйымдастыру мәселелерінің ерекше өзекті болуына себепші болады. Өйткені ұғымы «жарнама» түсіндіріледі әр түрлі болса, онда мүмкін сіз жұмыс істеу үшін бірыңғай анықтау жарнама, ал орынды ұсынуға оның вобобщенной жүйесі ұйғарымдар тәуелді қолдану.

Жұмыста "жарнама" ұғымын анықтау жүйесі құрылған.

Жарнама өткізу мен сауданы ынталандыру құралдарымен, насихаттау элементтерімен бірге неце-жаңа бәсекелестіктің қуатты маркетингтік құралы болып табылады. Егер кәсіпорынның коммерциялық күш - жігері тауарды жетілдіруге және оны сұраныс ерекшеліктеріне бейімдеуге бағытталса, торекам кері тапсырманы орындайды-тұтынушылық сұранысты сол өндірілген тауарға бейімдейді.

Практикалық маркетингте жарнамалық коммуникациялар және тауарларды өткізуді ынталандыру әлеуетті және бұрыннан бар сатып алушыларға тауарлар мен қызметтер туралы хабарлаудың арнайы құралдарымен тығыз өзара байланысты екі орын ретінде, сондай-ақ оларды сатып алуды жетілдіруге сендіру тәсілдері ретінде қарастырылады.

Жарнаманың және өткізуді ынталандырудың әртүрлі әдістері коммуникация мақсаттарының жалпы жиынтығы арқылы бір-бірімен байланысты болуы мүмкін, онда мақсатты аудиторияларды қамту және олардың мінез-құлқына әсер ету жөніндегі міндеттер.

Жарнамалық зерттеулер стратегиясын қалыптастыру-бұл жарнамалық зерттеулердің бірінші және са-мамырдағы маңызды кезеңі. Бұл кезеңде мақсатты маркетинг және бюджет мөлшері, мақсатты аудитория параметрлері, сондай-ақ жарнамаға (ынталандыруға, АМК) жалпы кіріс анықталады.

Халықаралық маркетинг саласындағы фирмалар тәжірибесі халықаралық нарықтарда жарнама берушілер келесі негізгі проблемалармен тап болатынын көрсетті: БАҚ-тың қол жетімділік дәрежесі; шығындар деңгейі; мақсатты аудиторияны қамту; берілген ақпараттың шынайылығын тексеру мүмкіндігі; жарнама түрін таңдау.

Жарнама - бұл оның мінез-құлық стереотиптері мен нарықтық сұранысын қалыптастыру мақсатында жаппай тұтынушыға әсер етудің қуатты және сондықтан да бақылауға жататын тетігі. Осыған байланысты құқықтық реттеуге жарнамалық қызметтің түрлі элементтері (уақыты, орны, тәсілдері мен нысандары) кіреді.

Жарнама тарату арналары бұқаралық коммуникация құралдары болып табылады. Олардың ішінен екі негізгі түрді бөліп көрсетуге болады - бұл массалық ақпарат құралдары (БАҚ) және бұқаралық іс-шаралар.

Жарнама қызметінің тиімділігін анықтау үшін элементтердің тәуелділігін талдаудан келеді: жарнамаға арналған (жарнамалық бюджет) шығындар, экономикалық және психологиялық әсерлер (сурет 1).

Демек, жарнаманы басқару тиімділігі жарнама бюджетін қаржыландыру, әзірлеу және орындау проблемасымен тығыз байланысты. Жарнамалық бюджеттеудің арқасында өнеркәсіптік кәсіпорындар ресурстарды неғұрлым тиімді бөлуге, негізгі орындаушыларды нақты айқындауға, ортаның өзгеруіне бақылауды жүзеге асыруға және жедел әрекет етуге қабілетті.



Сурет 1- Өнеркәсіптік кәсіпорынның жарнамалық қызметінің тиімділігі.


Осыған байланысты, біздің ойымызша, жарнама қызметін басқарудағы екпін жарнаманы қаржыландыру мен жарнамалау түрлері мен құралдарының жиынтығы арасындағы оңтайлы арақатынасты қалыптастыру жағына ауыстырылуы тиіс. Жарнамалық бюджеттеу процесінің өзі нарықтың жеке ерекшеліктерін есепке алуға; жарнамаланатын тауардың ерекшелігі мен ол тұрған өмірлік циклінің кезеңдеріне; өндірушінің мөлшері мен қуатына; бас бәсекелестердің жарнамалық шығындарына және басқаларына негізделеді.

Біздің ойымызша, жарнама қызметінің тиімділігін бағалауда жарнама мен оның нәтижелері арасындағы тәуелділікті болжаудың күрделілігі маңызды проблема болып табылады, сондай-ақ осыған байланысты сандық бағалау жарнамалық қызметтің экономикалық құрамдас бөлігін талдау жарнамалық бюджеттердің барлық жиынтығынан ақшалай қаражат сомасының 0,2% ғана қалған 99,8% пайдалану тиімділігін талдауға жұмсалатынын көрсетті. Бұл қорытынды біздің "жарнама тиімділігін зерттеу процестеріне бүгінгі таңда



бизнес саласының бірінде істің осындай жағдайына тиісті көңіл бөлінбейтіні туралы тұжырымдарымызды тағы да растайды.

Қолданыстағы бағалауларды талдау көрсеткендей, тиімді жарнама, ол жеке және жалпы алғанда екі бағытта қарастырылады, жарнама инновациялық процесс ретінде көрінеді (сурет 2)



Сурет 2- Негізгі инновациялық жарнама циклі

Осы процестің құрылымына байланысты негізгі инновациялық жарнама циклы, сарапшылар ROI коэффициенті арқылы көрсетілген E жарнама тиімділігі келесідей болады деп санайды:

$$E_{ROI} = \Delta Z / I \quad (1)$$

мұндағы,  $\Delta Z = Z_1 - Z_0$  - жарнамалық әсер етудің бастапқы және нәтижесіндегі алынған табыс арасындағы айырмашылық, жарнамалық компанияға инвестициялардың құны, бұл ретте  $E_{ROI}$  тиімді мәні  $[1, \infty]$

Бұл формуланың мазмұнды аспектісін жарнаманың тиімділігін көрсететін кейбір көрсеткіштерді бағалау кезінде қолдануға болады (1-кесте) және осылайша жарнама тиімділігін бағалау проблемасының мүмкін шектерін кеңейтуге болады[3].

Бренд құны мен оның динамикасын анықтау үшін, біздің ойымызша, осы көрсеткішті есептеу әдістерін эндогенді бастапқы ақпаратты тартумен төрт негізгі топқа біріктіру орынды, барлық дерлік компаниялар жарнамадан жүз пайыз қайтарымды алуға мүмкіндік беретін оңтайлы жарнамалық бюджетті анықтау проблемасына тап болады[4].

Кесте 1. Жарнама тиімділігін есептеу әдістері

Өлшенетін көрсеткіш	Жарнама тиімділігін есептеу формуласы	Сипаттамалары
Брендті тауар	$\Delta Z = Y_1 - Y_0 = g_1 X_1 - g_0 X_0$	$g_0$ және $g_1$ — меншікті баға мен меншікті пайдасының бастапқы мәні; — бағаланатын жарнама циклі кезіндегі олардың мәні; $X_0 X_1$ -тауар саны; ал $Y_0 Y_1$ -құндық мәндегі тауар көлемі

Нарықтың ағымдағы үлесінің өзгеруі		Мұнда, $\Delta S_i$ — $i$ -ші брендінің немесе ойыншының нарықтағы үлесінің өзгеруі
Нарықтың үлес үлесі		Мұнда, $X_i$ - $i$ -ші компаниясының сату көлемі, $M$ -барлық нарық көлемі,
Жарнамаға инвестицияланған қаражат		$S^{\max}$ — ең жоғары, $S^{\min}$ - нарықтың ең төменгі үлесі, $S$ -сызықтық емес әсер ету коэффициенті

Жарнама қызметінің тиімділігін бағалаудың қолданыстағы әдістерін талдау белгілі бір әдістемелік және практикалық маңызы бар бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. жарнама беруші үшін ең ақылға қонымды тәуекел стратегиясы болып табылады, бұл ретте жарнама берушінің тәуекелдері сан жағынан бағалануы мүмкін.

2. Жарнама берушінің жарнамалық қызметінің тиімділігін және нақты жарнамалық науқанның тиімділігін ажырату қажет.

3. Жарнамаға жұмсалатын шығындардың тиімділігін есептеу әдістері телеарна үшін де, радиожарнамаға да ұқсас.

4. жарнама тиімділігін бағалаудың көптеген әдістері қазіргі уақытта бастапқы деректердің үлкен массивін қалыптастыру қажеттілігіне байланысты аз қолданылады.

5. барлық әдістер ірі жарнама берушілерге арналған.

6. БАҚ пайдалану тиімділігі туралы сұраққа бірде-бір әдіс жауап бермейді.

Жарнамалық қызметтер нарығының қазіргі жай-күйіне талдау жасай отырып, қазақстандық жарнама нарығы әлемдік нарыққа қатысты әдепті емес болып табылатынын атап өткен жөн.

Бүгінгі күні дайын бұйымдар санатына, әсіресе мәдени-тұрмыстық мақсаттағы жаппай тауарларға жататын тауарлардың өмірлік циклінің қысқаруының тұрақты үрдісі байқалғандықтан, жарнаманы қаржыландыру тауардың өмірлік циклінің сатыларымен айқындалатын жылжыту мақсаттарына, тұтынушылардың негізгі массасының сатып алуға дайындық дәрежесіне қарай жүзеге асырылады [5].

Осылайша, өнеркәсіптік кәсіпорындарда жарнамалық қызметті басқару жарнамалық менеджмент саласында басқару шешімдерін қабылдау кезінде шығындарды қысқарту мақсатында басқарудың тұйық циклдік жүйесін құруды талап етеді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Блак Д. Оксфорд экономика сөздігі / Д. Блак, Н. Хашимзаде, Г. Майлз. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 608 с. - (Рухани жаңғыру)
2. Бове К.Л. Қазіргі бизнес-коммуникация : оқулық / К. Л. Бове, Д. В. Тилл. - 14-ші бас. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 736 с. - (Рухани жаңғыру)

3. Гэмбл Д. Стратегиялық менеджмент негіздері: бөсекелік артықшылыққа ұмтылу: оқулық / Д. Гэмбл, М. Питерс, А. Томпсон. - 5-ші бас. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 536 с. - (Рухани жаңғыру)
4. Котлер Ф.Т. Маркетинг негіздері: оқулық/Ф. Т. Котлер, Г. Армстронг. - 17-ші бас. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 736 с. - (Рухани жаңғыру)
5. Мэнкью Н.Г. Экономикс: оқулық / Н. Г. Мэнкью, М. П. Тейлор; ред. алқаның төрағасы М.М. Тәжин. - 4-ші халықаралық бас. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 848 с. - (Рухани жаңғыру)

## **НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

*Успанов Н. М.*

*Ділдәбек С.Н.*

*Ғылыми жетекшісі – Нармухамедова А.Д., экон.ғыл.магистрі  
Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Қазақстан Республикасына нарық қатынасы экономикасы шаруашылық жүргізуші субъектілердің әртүрлі формаларын дамытпай қалыптаспайтыны, оның ең басты бөлігі шағын кәсіпкерлік болып табылады. Шағын және орта бизнес- заманауи нарықты қалыптастыруда, ірі өндірушілердің монополизмін шектеуіне және бәсекелестікті дамытуына, тауар және қызмет сұранысын қанағаттандыруына, жұмыссыздық мәселесін тежеуіне, жаңа технологияларды енгізуіне, Қазақстан Республикасының экономика саласын дамытуына басты орын атқарады.*

Сонымен бірге, шағын және орта бизнестің заманауи нарықтық қатынас жағдайында ел экономикасындағы алатын орны да ерекше. Өйткені, мемлекеттің жалпы қоғамының алға жылжуының бірден-бір тұтқасы болып табылатыны сөзсіз деуге толық айтуға болады. Шағын бизнестің ірі бизнеске қарағанда нарыққа тез бейімділігі, өзгермелі жағдайларға байланысты икемділігі, жаңа дамып отыратын өндірістік секторларында жұмыс істеуге қаблеттілігімен әлеуетті.

Шағын және орта бизнестің субъектісі ретіндегі кәсіпкер болып танылатыны айқын. Шағын және орта бизнестің мәні мен мағынасының терең деп білуі үшін, ең алдымен сол шағын және орта бизнесін алып жүруші субъекті – кәсіпкер терминіне тоқталайық.

Кәсіпкерлік феномені баязы заманнан бері экономикалық, әлеуметтік ғылымдарының зерттеу объектісіне айналған. Кәсіпкерліктер, шағын және орта бизнестің негіздерін және оның теориясын XVIII-XIX ғасырларында Ф.Кенэ, А.Смит, Ж.Б.Сэй, одан кейін И.Шумпетер, Ф.Хайск, А.Чаянов және тағы басқалар экономист ғалымдары негізін қалаған.

Кәсіпкерлік қызметтерге талдау жасай отырып – оның жалпы экономикалық ой -пікірі сияқты ұзақ тарихын және оның терең тамырының

бар екендігін көрсетеді. Экономикалық мағынасы ірі өндірістік немесе кұрылыс жобаларының басқарушысы деп түсіндірме беруіне болады. Көне тарихи пен орта ғасыр ғылымдарының кәсіпкерлік туралы, оның индустриялық кезін дейін қалай аталғанынан қарамастан, оларда ерекше ой – пікір қалыптасқан. Бірақта, батыстың экономикалық теориясының шағын және орта бизнесі шын мәнінде назар аударуына XVIII ғасырдан басталды десек те болады. Атақты экономист, ғалым Р.Кантилон, «кәсіпкер» деп – нақты жағдайында әрекет жасаған адамды айтқан.

Әлеуметтік – экономикалық құбылысы ретінде кәсіпкерліктің көптеген қоғамдық қатынастарын қамтиды. Мұның мәні экономикалық – құқықтық, психологиялық және тарихи тұстарының бар болуы. Бірақ та, шағын және орта бизнесінің, яғни кәсіпкерліктің негізі адами қызметінің экономикалық танымында жатыр.

Шағын және орта бизнесін жүзеге асырушы кәсіпкерді-«индивид» түрінде, өз бетінше нарықтық жағдайында жоғары шешім қабылдай алатын, және жеке меншік иесі ретінде, өзінше өзгенің көмегінсіз табыс пен пайдаға қол жеткізуін білетін және атқарылған қызметінің барлығы өз қимылының іс-әрекетінің жемісі екендігі түсінетін заңды және жеке тұлғаларды айтуына болады.

А.Смит, шағын және орта бизнесі пен кәсіпкерлер туралы төмендегідей жазған екен, «ол тек өзінің жеке қызығушылығын, өзінің жеке пайдасын ғана ойлайды және де көрінбейтін қол арқылы жоспарланбаған мақсаттарына жетеді. Қоғамға қызмет етемін деп ойлаған кезден гөрі, өзінің жеке пайдасын ойлаған кезде, қоғамға көбірек пайда алып келеді».

Кәсіпкерліктің субъектісі ретінде экономикалық қызметіне қатысушы түрлі тұлғаларын, ең алдымен жеке индивидтері жатады. Бұлардың, Осындай сападағы жеке өндірістік /жанұя, кәсіпорын/ ұйымдастыруының формалары арқылы көрінеді. Кәсіпкердің іс әрекеттері, өзінің еңбек шағындары мен жалдамалы еңбектерін пайдалануына негізделеді. Шағын және орта бизнестің жүргізушілерін экономикалық мүдделерін білдіретін” сонымен қатар, оған қатысушыларының міндетін, шарттарын жасасып ұйымдастырады. Осындай бизнестер түрін – ұжымдық деп есептейді. Жеке кәсіпкерлеріне қарағанда жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің көптеген мәселелерін шеше алатындығында. кәсіпкерліктің потенциалдық мүмкіндіктерінің толық бағалауы үшін олардың субъектілерінің номиналды және нақты деп бөлуінің маңызы ерекше. Номиналды кәсіпкерлік қызметтерімен айналысуының құқықтары жатады. Нарықтық экономика дамыған елдеріне әрбір азаматтарының кәсіпкерліктермен айналысуына құқығы бар. Алайда, оны жүзеге асыруы қоғам мүшелері кез-келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан да, кәсіпкерліктің шыны, нақты субъектісінің – бұған деген алғы шарттарының бар, ең бастысы капитал иемденуі құқығы барлары жатады. Міне, осы адамдары экономиканың кәсіпкерлік секторын құрастырып, дамыта алады [1].

Кәсіпкерліктің объектісі ретінде – адамның белгілі қызметін атауға болады. Мұның ерекшелігі қандай десек? кәсіпкерліктің соңғы нәтижесін өндірілген өнімі мен көрсетілген қызметі. Бірақ та, ең бастысына келетін

болсақ ол – әр кәсіпкердің оның тек өзіне қажеттісін, тиімдісін, пайдалысын ғана жасайды. Міне, осы себептерден кәсіпкерлердің ең басты мақсаттарына – өз кәсіпорынының пайдасының барынша жоғарлатуын немесе шағындарын барынша азайтуын айтамыз. Ал, кәсіпкердің табысын көбіне оның бизнестің ұйымдастыруына тікелей байланыстылығы. Қызметінің бастапқысы кезеңінде кәсіпкердің қатаң бәсекеге жағдайында нарықтан шығып қалмаса үшін өндірістік факторларын комбинациялаудың жаңа жолдарыны іздейді, яғни, бұл кәсіпкерліктің ең басты мәселесі деп айтуға болады.

Сонымен бірге, кәсіпкерлік – жаңа мүмкіндіктерін іздеу, жаңа технологиясын пайдалану, капиталын жұмсаудың тиімді салаларын іздеуі, ескі ойлауы шеңберінен шығуы. Былайша айтқанда, өндірістің жаңа түрлерін ашып, дамытуы; тауарлары мен қызметтерінің жаңа түрлерін шығаруы мақсатында ұйымдастыруы құрылымдарын өзгертуі, сонымен бірге, оларды жаңартуы және өркендетуі. Осындай өзгерістер түрлерін сан алуан жаңа кәсіпорындарын ашуы немесе ескі кәсіпорынын қайта құруы, байланыстардың жаңа түрлерінде жасау немесе ескіше ( жою, доодификациялау . әрекеттерімен байланыстылығын нақты өмірде кәсіпкерліктің объектісін – новаторлық, жаңашылдығы мағынадағы ерекше өндірістік және айырбас пен бөлудің түрлі факторларының комбинациялауы болып табылады.

Бизнестермен іскерлік қабілетілігі жоғары, нарықтағы өз күш-қуатын жаңа сфераларын іздестіруі жолындағы жұмсаушы субъектілер ғана айналыса алады. Әрине кез-келген алып-сатардың бизнесімен, шағын және орта бизнестің жүзеге асырушысы деп атауға болмайды. Сонымен кәсіпкерліктің – өз қаражаттарының белгілі бір өндірістік түріне жұмсай отырып және қоғам пайдасын тигізе отырып, табыс алуы. Яғни кәсіпкерлік қызметтің басқа коммерциялық емес құрылымдарына қарағандағы ерекше айырмашылығы табысты пен шығынның арасындағы айырмасынан пайда ретінде қарауы.

Иә, еліміздегі нарықтық экономикасының қалыптасқанына да 25 жылдан астам уақыт өтсе, содан бері мемлекетіміз меншігіндегі бірте-бірте жеке меншікке ауыстып отыр. Олардың әртүрлі шаруашылықтарының ассоциациялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, шағын кәсіпорындары, акционерлік қоғамдары (ашық, жабық) формаларында қайта құрылып өз әрекеттерін жоғары деңгейде бәсекеге қабілетті кәсіпкерлік әрекеттерін жүргізіп отыр.

Елдің кәсіпкерлік стимулының арттыруы үшін экономикалық, әлеуметтік, құқықтық жағдайларының базасын құрастырып, оны әр дайым заманауи талаптарға сәйкес жетілдіру керек. Жалпы кәсіпкерліктің қызметтің түрлерінің төрт түріне бөліп қарастыруына да болады. Қазақстан Республикасында:

Өндірістік – оның ішіндегі инновациялық, ғылыми-техникалық тауарларын өндіруі, қызмет көрсетуі және басқалар.

Коммерциялық – сауда-саттықтар, делдалдық, сауда үйлерін, тауар биржаларын және тағы басқаларын айтуға болады.

Қаржылық – банктік, сақтандыруы, аудиторлық, лизингтік қорлар биржалары және тағы басқалар.

Кеңес берушілік – басқармалық, әкімшіліктік, маркетингтік, ақпараттық, кадрларын дайындауы және тағы басқалар.

Біздің Республикамызда қаражылық кәсіпкерліктердің банктік түрімен тек қана банктер ғана айналыса алады, сонымен бірге қаржылық институттар микронесиелік ұйымдар және тағы басқалар [2].

Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономиканың белсенді қатысушылары ретінде – шағын және орта бизнес субъектілеріне–кәсіпкерлерін, жеке адамдарды, бизнесмендерін екені белгілі. Республикамызда шағын және орта бизнестің дамуына жан-жақты шаралары интенсивті түрде жасалылуда. Ал, оларға жекеше тоқталалатын болсақ, меншікті жекешелендіруі бағдарламасының жүруін, ол өз кезегінде шағын бизнестің дамуының нағыз экономикалық негізін екенін есімізге алайық. Кәсіпкерлік шағын және орта бизнестің субъектісі ретінде оның іс әрекеттері әр кезде белгілі бір бағытта ұйымдастырылады, және оның нақты нысандары да бар. Кәсіпкерліктің шаруашылықтарын жүргізу тәсілі ретінде бірнеше жалпы белгілерімен орындалады. Оның ішіндегі негізгісі – шаруашылық субъектілерін дербестігі. Олардың дербестігі нарықтық механизмдері әрекетін қамтамасыз ететін тәртіптілігін қалыптастырады. Кәсіпкердің тәуелсіздігін, оған экономикалық ресурстарын алуына, осы ресурстарының өз қалауынша қызметтер пен тауарларын өндіруі процесін ұйымдастыруына және олардың нарықтағы кәсіпкердің ойлағанындай өткізе алуы құқығын береді. Материалдарының ресурстары мен ақша капиталының иелерін бұл ресурстары қалауынша пайдалана алады. Әрбір қызметші өзінің істей алатын еңбектерін айналысуға құқығы бар. Алайда, қандай да болмасын еркіндігі көптеген жағдайларымен шектелген. Олардың сыртқы ортасы мен субъектілерінің әрекетінен шығады. Дегенімен, шағын бизнестің басты шарттары

барлық мүмкіндіктерінің деңгейі тұрғысынан шешімін қабылдауын автономиялылығына байланысты. Барынша көп табысын табу жалпы бизнест қозғаушылық факторы болып табылады. Көптеген жағдайларда тек осы тұрғысына ғана іс ұйымдастыру, одан әрі кеңейтіледі. Нарық жағдайындағы өзгерістері күніне бірнеше ретте болып отыруы да мүмкін. Олардың осы жаңалықтардың жұмыстарына енгізеді. Жаңалықтар процесінің мұратын – пайда табуы. Мысалы үшін, нарықта жаңа тауарды шығарғаннан немесе ресурсын үнемдейтін экономикалық тиімді технология ұсынғанынан алғашқы фирмасы оларды белгілі уақытқа дейін баламалы құнымен жоғары бағасымен сатады. Міне, осы қабілеттілігі әдеттегіден ерекше шешімін қабылдауына, творчестволық көзқарасы жағынан іскерлігі әлемінде жоғары бағаланады.

Кәсіпкерлікке тән тағы да бір сипаттамаға келетін болсақ, ол – шаруашылық жүргізудегі тәуекелге бел бууы, іске кірістері алдында болашақта бұл қиялдарын болжап білуі және оны шеше алуын айтуымызға болады. Жаңа идеялары мен жобалардың пайдаланғанда бастапқыда қауіп-қатерінің көптігі, ал олар өне бойы экономикалық есептеуінің мүмкін еместігі. Шаруашылықтың қауіп – қатерлері, тәуекелдің негізіндегі мүмкін болатын және шын мәнідегі шығындары мен нәтижелердің ара қатынастары жатады. Егер де, өндірілген тауарларының бағасы жұмсалған шығындарынан

қайтарылмаса, онда кәсіпкер өз қызметін тиімді ұйымдастыра алмағаны, елде өткен нарықтық конъюктурасы жайсыз болғаны.

Шағын және орта бизнестің, кәсіпкерліктің қызметінің мәні – өндірістік құралдары жабдықтарының шаруашылық объектісін ретіндегі иемденуде және табыс алуы мақсатындағы өндірістік факторларын тиімді пайдалануы оның негізі болып табылады. Кәсіпкерліктің шаруашылықты жүргізу тәсілінің жаңа іске адамның жеке энергиясымен капиталын жұмсауынан көрінеді. Мұндағы кәсіпкерліктің әрекетінің ең басты тиімділігі не келетін болсақ, оларға – таңдаудың дұрыстығын немесе таңдаған істің кәсіпкердің жеке потенциалын сәйкес келуі деп білеміз.

Шағын және орта бизнестің тарихына көз жіберетін болсақ. Ресейде кәсіпкерліктің көне заманнан бері Киевтік Русьте нсауда-саттық формасында дамып отырған. Ең алғашқы кәсіпкерлер деп – көпестерді мен майда алыпсатарларды және қолынан іс келетін өзі жасаған тауарларын сатушыларды айтқан. Петр I-шінің кезінде ақ орта бизнес көркейіп дамыған. Бүкіл Ресейдегі мануфактураларын құрылып тігін шеберханалары, қару-жарақ зауыттары, тау ісі салары дамыған [3].

Кеңес Үкіметі келісімінен ақ кәсіпкерлік деген терминнің жалпы экономикалық оқулықтарынан алынып тасталды. XX-шы ғасырдың 90-шы жылдары ғана нарықтық экономикаға өтуіне байланысты жалпы экономикалық жүйенің өзгеруіне байланысты шағын және орта бизнестер халықтың түсінігіне қайта енгізілді.

Қазақстанда шағын және орта бизнестің жұмысшылар санына қатынасы арқылы анықтауымызға да болады. Бұл мәселені мен келесі кестеде қарастырамыз.

Қазақстан Республикасындағы ұлттық статистикалық агенттігінің 1997 жылдың 6 тамызында № 44 қаулысына сәйкесінше бекітілген Қазақстан Республикасының жұмыспен қамтуы бойынша кәсіпорындарының классификаторлар көлеміне байланысты 250 адам санынан аспайтын жұмыстармен қамтамасыз етілген кәсіпорындары орта бизнеске жатады.

Кесте – 1 Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктерді Ресей елімен салыстыра отырып анықтау критериясы

Елдер тізімі	Шаруашылық салалар	Жұмысшылар саны
Қазақстан:	Өнеркәсіптік, құрылыс және ауыл шаруашылығы.	50 адамға дейін
	Сауда және тұрмыстық қызметтері.	30 адамға дейін
	Көлік және байланыстар.	25 адамға дейін
	Ғылым және инновациялық қызметтер.	20 адамға дейін
	Басқада (ойынханалары және шоу бизнестен басқалары)	15 адамға дейін
Ресей:	Өнеркәсіп, құрылыстық, көлік және байланысы.	100 адам

	Ауыл шаруашылығы.	60 адам
	Ғылыми-техникалық саласы.	60 адам
	Көтерме саудасы.	50 адам
	Бөлшек саудыа және тұрғындарға Қызмет көрсету саласы.	30 адам
	Қызметтің басқада салаларын жүзеге асыруы.	50 адам
Ескерту: деректер көзінен алынған		

Әрине өз бизнесін бастауы ел тыныштығы кезде де ғана шешімділікті қажет етеді. Бұл тәуекелге бас тігуі өз ақша қаражаттарын сала отырып, не табыс алады, немесе жоғалтуы қаупі, бәселелестікке төтеп беруі, мұның бәрі белгісіздікке қажет шешімділікті қажет етеді. Жер жүзіндегі миллиондаған кәсіпкерлер тәуекелге бел буып, жаңа бизнестер түрлерін ашу жаппай қолға алына бастады. Осы творчестволық процесстің түбінде экономиканың жеке секторының күш-қуаттылығы, жалпы ұлттың әл-ауқатының негізгі кілті жатыр.

Шағын және орта бизнес Қазақстан Республикасында құрылуы мен оның дамуы тауарлы нарықтар және кәсіпкерлік іс-әрекеттің кең ауқымына құлаш жаюымен байланыстыруына болады. Әрине мемлекетіміздің тәуелсіздігіне қол жеткізуі, нарық экономикасы мен егендік алғаннан соң ғана бет бұруының өзі елдегі кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнеспен айналысуына мүмкіндік ала бастады. Бастапқы кезеңде ретінде көрінген .

Осындай бизнестің 1995-1996-шы жылдарындағы делдалдық қызметтер ретінде жүзеге асты. Ал соңғы 5-6 жылдар ішінде қолынан іс келетін азаматтарымыз, заңды тұлғаларымыз әлемдік тәжірибелері арқылы дәлелденген бизнес кілтін – өндіріс саласында екендігін түсінді.

Республикамызда табиғи жер қойнаулары бай, жер ауқымы кеңдігі, ауыл шаруашылығы – фермерлік істері, шаруашылық қожалықтарын құруы, төл өсіруі, сүт тағамдарын нарыққа шығаруы соңғы кезде жақсы дамып отыр. Және осылай көркейе алатын кәсіпкерлердің көздеріде жетті. Мемлекет тарапынан да заңдылықтар, құқықтық атмосферасы да бір арнаға түсті десек те болады.

Экономикасы жаңадан дамып келе жатқан елдер үшін орта және шағын бизнестің жандандыруы шешуші роль атқарады. Кәсіпкерліктің қызметтері бұл елдер үшін заманауи дағдарыстан алып шығатын бірден-бір сала жолы болып отыр. Шағын және орта бизнес экономиканың тиімділігін арттыратын де қомақты секторы болып табылады. Оның аясында жалпы ішкі өнімнің үлестік салмағын артырып, экономикалық тұрғыдан жұмыстарға белсенді тұрғындардың жұмыспен қамтамасыз етіледі. Бұл индустриалдық дамыған экономикасы бар, және өтпелі кезеңнің басынан кешіріп отырған елдер экономикасы үшін тым жағымды көрініс деп білеміз [4].

Экономикада бірден-бір маңызды элемент жұмыссыздық. жұмыссыздықтың кең етек алуы экономикалық әл-ауқаттылығына зардабын тигізетін фактор болса, шағын бизнестер аясында көптеген жұмыс орындары да ашылады. Осы жаңа жұмыс орындарының отырып шағын бизнестерін ел



экономикасына қыруар көмек көрсетеді. Ол бәсекелестікке сай келетін алатын динамикалық диверсификациялық бағыттағы халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуін, оның әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсартатын шын мәніндегі қуатты экономикаға жол ашады.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Ходов Л. О структуре малого бизнеса и особенностях его мотивации. - Вопросы экономики №7, 2016
2. Иванова М. Малый инновационный бизнес в странах с развитой рыночной экономикой. – Российский экономический журнал №12, 2014
3. Малый бизнес: методика и результаты анализа. – Вопросы статистики №8 , 2016
4. ҚР-да шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша жеделдетілген шаралардың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы. – Астана 2017.

## **КӘСІПОРЫННЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ**

*Хе Е.В.*

*Шымкент университеті*

### ***Аннотация***

*Латын тілінен алынған principium – деген сөз – және оны аударғанда қандай да болмасын бір теорияның, ілімнің, ғылымның негізі немесе бастауы деген мағананы білдіреді.*

Бухгалтерлік есептің қағидасы – сол ғылымның негізі, яғни бастауы. Әрбір ғылым сол ғылымның өзінің мағанасынан туындайтын қағидаларға негізделеді.

Есеп қағидалары барлық есеп процессін жүргізу мен қаржылық есептілікті жасақудың негізін құрайды. Қағидалар әділ болуға, тек бухгалтерлік есепке тән болуға тиісті, яғни басқа ғылымдардың негізімен ауыстыруға болмайды. Сондай-ақ, есеп принциптері бірегей және көпшілік қабылдаған болуға тиісті.

Осы туралы айта отырып, америкалық ғалым Р.Энтонидің көзқарасымен келіспеуге болмайды. Ол былай деген: «Есеп принциптерін жалпы көпшіліктің мойындауы, әдетте олардың мынадай үш талапқа қаншалықты жауап беретіндігіне байланысты - әділдік, жүзеге асырылуы және орындылық. Принцип орынды, егер ақпараттың мәні (мағанасы) болса және белгілі бір кәсіпорын туралы бір нәрсе білу қажет болған адамдарға пайдалы болса. Принцип әділ, егер ақпаратқа оны жасаған адамдардың жеке көзқарасы, бағалауы ықпал етпеген болса. Принцип жүзеге асырылады, егер оның шектен тыс қиындықсыз немесе шығынсыз орындалуы мүмкін болса.

Бухгалтерлік есептің қағидалары (талаптары) тәжірибелік қызмет үшін қажетті негізгі шарттар мен тұжырымдамалардан тұрады.

ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңының 5 бабында бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың келесідей қағидалары көрсетілген:

ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы бойынша Қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары болып мыналар табылады:

1. Түсініктілік;
2. Орындылық;
3. Сенімділік;
4. Салыстырмалық.

Осы аталған сапалық сипаттамаларға жеке-жеке тоқталайық.

1. Қаржылық есептерде берілетін ақпарат бизнес, экономикалық қызмет пен бухгалтерлік есеп туралы жеткілікті білімі бар және ақпаратты тиесілі ынтазарлықпен зерделеуге ниет білдірген пайдаланушыларға түсінікті болатындай етіп ұсынылуға тиіс. Солай бола тұрса да, жоғарыда айтылғандар кейбір пайдаланушылардың қабылдауы үшін оның аса қиындығы тұрғысынан орынды ақпаратты қамтымауы үшін сылтау болмауға тиіс.

2. Қаржылық есептерде берілетін ақпарат шешімдер қабылдау кезінде пайдаланушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, орынды болуға тиіс. Ақпарат пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне оларға өткен, қазіргі немесе болашақ оқиғаларды бағалауға көмектесе отырып немесе олардың бұрынғы бағалауларын түзете отырып әсер еткен жағдайда орындылық сапасына ие болады.

3. Қаржылық есептерде берілетін ақпарат сенімді болуға тиіс. Ақпарат онда елеулі қателер болмаса, ол бір жақты болып табылмаса; және ақылға қонымды күтулерге сәйкес білдіру немесе білдіруі мүмкін мақсатты дұрыс білдірсе сенімді болып табылады. Қаржылық есептер осындай есептердегі ақпаратты іріктеу немесе ұсыну шешім қабылдауға әсер етуді көрсетуге немесе жоспарланған нәтижеге немесе салдарға қол жеткізу мақсатында пікір қалыптастыруға бағытталғанда бір жақтылықты қамтитын болады.

4. Пайдаланушылар оның қаржылық жағдайындағы және қызмет нәтижелеріндегі үрдістерді айқындау үшін субъектінің әр түрлі кезеңдердегі қаржылық есептерін салыстыру мүмкіндігін иеленуге тиіс. Пайдаланушылар, сол сияқты әр түрлі субъектілердің қаржылық есептерін олардың салыстырмалы қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын бағалау үшін салыстыру мүмкіндігін иеленуге тиіс. Осылайша, ұқсас операциялардың қаржылық нәтижелері мен басқа операцияларды әрі жағдайларды өлшеу және көрсету барлық субъект үшін оның жұмыс істеу кезеңінде кезекпен және әр түрлі субъектілер үшін кезекпен жүзеге асырылуға тиіс. Бұдан басқа, пайдаланушыларға қаржылық есептерді жасаған кезде пайдаланылатын есеп саясаты туралы және есеп саясатындағы өзгерістер және осындай өзгерістердің нәтижелері туралы хабарлануға тиіс.

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамаларын көрсететін тұжырымдамалар қатарына келесілерді де жатқызуға болады:

1. Маңыздылық - ақпарат, егер оның өтуі немесе бұрмалануы пайдаланушылардың қаржылық есептердің негізінде қабылданған экономикалық шешімдеріне әсер ете алатын болса маңызды болып саналады. Маңыздылық құжаттың көлеміне немесе нақтылы жағдайларда қаралатын қателерге, оны өткізуге немесе бұрмалауға байланысты.

2. Мазмұнның нысаннан басымдығы - операциялар мен басқа да жағдайлар мен оқиғалар олардың заңды нысанына ғана қарамастан, олардың мазмұнына және экономикалық мәніне сәйкес есепке алынуға және есептілікке ұсынылуға тиіс. Бұл қаржылық есептердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3. Сақтық - субъектінің қызмет барысында көптеген оқиғалар мен жағдайларға қатысты әр түрлі сипаттағы белгісіздіктер туындамай тұрмайды. Мұндай белгісіздіктердің сипаты мен шамасын қаржылық есептерде сақтық мәніне сәйкес ашқан жөн. Сақтық – бұл активтердің немесе кірістердің тым арттырылмауы, ал міндеттемелер немесе шығыстар тым төмендетілмеуі үшін белгісіздік жағдайында есептік бағаларды жүзеге асыру үшін қажетті субъективтік бағаларды қолдану кезінде белгілі бір сақтық дәрежесін сақтау. Солай бола тұрса да, сақтық пікірі активтерді немесе түскен пайданы әдейі төмендету немесе міндеттемелерді немесе шығыстарды әдейі арттыру үшін пайдаланылмауға тиіс. Басқаша айтқанда, сақтық біржақтылық үшін сылтау болып табылмайды.

4. Толықтық - сенімді болу үшін қаржылық есептердегі ақпарат елеулілік пайымдауларын және осындай ақпарат беруге жұмсалатын шығындарды ескере отырып, толық көлемде берілуге тиіс. Қандай да болмасын мәліметтерді қоспау ақпаратты жалған немесе адастыруға әкелетіндей және, ізінше, оның орындылығы тұрғысынан сенімсіз және жеткіліксіз етуі мүмкін.

5. Уақтылылық - орынды қаржылық ақпарат – бұл пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдерге әсер ете алатын ақпарат. Ақпараттық уақтылылығы оның шешімдер қабылдау кезіндегі қол жетімділігінде. Ақпарат беруді ұзақ уақыт кешіктірген жағдайда ол өзінің орындылығын жоғалтуы мүмкін. Басшылыққа есептілікте уақтылы көрсету мен сенімді ақпарат беруде салыстырмалы құндылық арасындағы балансты табуы әкелуі мүмкін. Орындылық пен сенімділік арасындағы балансты айқындау кезінде негіз құрайтын түсінік пайдаланушылар экономикалық шешімдер қабылдаған кезде олардың қажеттіліктерін ең қанағаттандыру деңгейін жоғарылату түсінігі болуға тиіс.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

- 1 Уткин Э.А. Финансовый менеджмент. -М.: Зерцало, 2000. 448с.
- 2 Гранатуров В. М. Экономический риск: сущность, методы измерения, пути снижения: Учебное пособие. -М.: «Дело и Сервис», 2002. 160 с.
- 3 Построение корпоративной системы управления рисками // Финансовый директор. 2005. № 2.
- 4 Агафонова И.П. Построение эффективной системы риск-менеджмента на предприятии при реализации инновационного проекта // Менеджмент в России и за рубежом. 2003. № 4. С. 103-112.
- 5 Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия. М.: ИНФРА-М, 2003. - 215 с.
- 6 Елохин А. Анализ и управление риском: теория и практика. — М., 2000. — 187 с.

7 Ермасова Н.Б. Инновационные подходы к управлению рисками инвестиционной деятельности. М.: Высшая школа, 2004.

8 Сплетуков Ю.А., Дюжиков Е.Ф. Страхование: Учебное пособие. — М.: ИНФРА-М, 2002. Бланк И.А. Управление финансовой стабилизацией предприятия. К.: Ника-Центр, Эльга, 2003. - 496 с.

## ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУДА БАСҚАРУ ЕСЕБІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ РОЛІ

*Ускенов М.Қ., Жолдас А.Б.*

*Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
makhalbay@mail.ru*

### **Аннотация**

*Управленческий учет - это, прежде всего, целостная система, направленная на принятие управленческих решений. Основная цель управленческого учета - расчет и представление полного набора плановых, прогнозных и точных данных о управленческих решениях в управлении экономикой организации. Основными задачами управленческого учета являются: анализ деятельности предприятия на основе системы показателей; разработка стратегических производственных планов, прогнозов; себестоимость продукции и др.*

*Управленческий учет - это информационная основа, стратегия и тактика управления внутренней деятельностью организации. В процессе оптимизации затрат за счет снижения затрат на переработку и продажу готового продукта организации определяют, какой продукт принесет организации доход. Цель достигается, когда организации вводят концепцию калькуляции затрат. При расчете плановых затрат после определения нормативных затрат используется фактическая система калькуляции.*

*В процессе калькуляции себестоимости, фактической себестоимости и прямой калькуляции для организаций, а также производства и реализации продукции на предприятии формируется работа системы управления затратами. Обсуждаемые здесь методы являются инструментом планирования и управления затратами.*

Қазіргі таңда басқару есебі негізінде отандық ұйымдар мен кәсіпорындарды басқару толық жүзеге аспай отыр. Негізінен бұл жағдай қазақстанның экономикалық салалары мен ұйымдарында басқару есебі мен басқару талдаудың бірыңғай әдістемелік негізі мен оның тұжырымдамасының қалыптаспауында, сонымен бірге, отандық тәжірибеде әлі де қолданысқа енбеуі, дамымауына байланысты болып отыр.

«Басқару» сөзінің мағынасын және келтірілген зерттеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып, келесідей анықтама береміз: басқару есебі дегеніміз қабылданған шешімдердің нәтижелерін көрсететін және бір уақытта кәсіпорынның мақсаттық көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажет, кезекті шешімдердің нұсқаларын құру базасы ретінде қызмет ететін нақты,

нормативті, жоспарлық және болжамдық ақпаратты қалыптастыруға бағытталған қызмет түрі болып табылады.

Сондықтан отандық кәсіпорындар мен ұйымдар нарық жағдайында бәсекелестік күреске төзеп беру мақсатында, басқару есебі мен басқаруды талдау жүйесін ұйымдастыру және қалыптастыруды қажет етіп отыр. Экономист ғалым С.Д. Тажибаев өз зерттеулерінде сала мен кәсіпорындарда экономиканы дамытудың қазіргі жағдайында ең маңызды мәселе өндірісті басқару жүйесін жоспарлау, есепке алу, бағалау мен калькуляциялау, талдау мен бақылаудың бірыңғай қағидалары негізінде жетілдіру қажеттілігіне назар аударады [1]. Бұл кезде ұйымдар мен кәсіпорынның қаржылық шаруашылық қызметінің тиімділігін арттырудың барлық мүмкін болған резервтері мен мүмкіншіліктерін жүзеге асыру тетігі болып табылатын басқару есебі мен басқарушылық талдаудың маңызы мен ролі артады.

Сондықтан отандық тәжірибеде кәсіпорындарда оны қалыптастыру мен дамыту мәселесі аса маңызға ие және басқару есебінің теориялық негіздеріне, мәні мен мазмұнына, оның әдістері мен тәсілдеріне зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды. Қазіргі таңда көптеген басқарушылар кәсіпорындағы басқару есебі мен талдаудың ролін және оны өндіріске енгізудің маңызын жетік біле бермейді.

Басқару есебі (оны, өндірістік немесе шығындар есебі деп те атайды) ағымдағы өндірістік-коммерциялық қызметті жоспарлау және бақылау үшін басқарушыларға қажет ақпаратты әзірлеу үрдісін білдіреді. Оған қоса, басқару есебі - бұл бухгалтерлік әдістердің, шығындар есебі және дайын өнім мен қызмет көрсетулердің өзіндік құны калькуляциясының қағидаларының, сонымен қатар, негізінен, болжауға бағытталған оперативті есептің, шаруашылық қызметті талдау элементтерінің синтезі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар бойынша, қазақстандық экономика үшін жаңа есеп түрлерінің, оның мақсаттары мен міндеттерінің, ақпаратты жинау және өңдеу кезінде қолданатын әдістемелерінің, нақтылаудың қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады. Экономистердің көзқарастарын сараптай келгенде, қазіргі уақытта «басқару есебі» терминіне қатысты бірыңғай көзқарас қалыптаспаған, бірақ ғалымдардың көпшілігі басқару есебінің кәсіпорынды басқару мақсаттары үшін ақпаратпен қамтамасыз ету көзі деген ойға келіп тоқтайды.

Басқару есебі үрдісінде барлық стратегиялық және ағымдық жоспарлар жасақталады, кәсіпорынның шаруашылық қызметінің өндірістік және қаржылық есебі ұйымдастырылады, қосымша ақпараттың айтарлықтай көлемі құрылады. Есептің бұл түріне жеделділік, ақпаратты ағымдық уақытқа байланысты құру тән.

Кәсіпорынның есеп жүйесіне басқару есебінен басқа заңға сәйкес жүргізілуі міндетті болған қаржылық және салық есебі ерекше есептелінеді. Кәсіпорындардағы бухгалтерлік есеп ақпараттары сыртқы және ішкі пайдаланушылар үшін пайдалынады. Сол себептен кәсіпорынның бухгалтерлік балансы іс жүзінде жабық құжат емес, ол қажет болса бұқаралық ақпарат құралдарында да басып шығарылады. Мемлекеттік органдар мен жергілікті

басқару мекемелері барлық ұйымдарға міндетті болып табылатын стандарттарды әзірлеп шығарды.

Кәсіпорынды басқарушылық талдау бухгалтерлік-аналитикалық жүйенің құрылымдық элементі ретінде, жедел және қаржылық сипаттағы сапалы шешімдер қабылдауға арналған ақпаратпен қамтамасыз ететін ішкі ақпараттық орта болып табылады. Басқарудың белгілі бір мақсаттары, қағидалары, құралдары мен әдістерін қамтитын басқару жүйесі ұйымдар мен кәсіпорындарды басқару субъектілері арасындағы тұрақты байланыстар жиынтығымен қалыптасқан өзінің нақты құрылымына ие.

Осыған орай, ауылшаруашылық ерекшеліктерін ескере отырып, басқару есебі мен талдауды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік бағыттары мен әдістерін жасаудағы теориялық және қолданбалы зерттеулер өзекті болып табылады. Ерекшеленген мәселелер ақпараттың мазмұнына, мәліметтердің жинауына, ақпараттың сақталуына және өңделуіне байланысты есептіліктің арнайы талдау мақсатында жаңа тәсілдерді әзірлеу қажеттілігін анықтайды. Ерекшеленген мәселелерді шешу, бір жағынан, ақпараттық-аналитикалық қолдаудың сенімділігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан, басқарушылық шешімдердің сапалық сипаттамаларын жақсартады.

Зерттелетін мәселеге арналған зерттеудің көптігіне қарамастан, қазіргі кезде басқарушылық есеп пен талдауды ауылшаруашылық өндірісіне енгізу үрдісін қиындататын кәсіпорындарда басқарушылық есеп пен талдаудың орны, рөлі және мақсаты туралы сұрақтар туындайды.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылып шешілуі қажет:

- кәсіпорындар ортасында бухгалтерлік-аналитикалық жүйені басқару есебі мен талдаудың мәнін анықтау;
- ауылшаруашылық ұйымында басқарушылық есеп және талдауды ұйымдастырудың әдістемесін құру;
- ауылшаруашылық өндірісінің ерекшеліктеріне байланысты стратегиялық басқаруды талдау әдістемесін жасау.

Көп басқарушылар басқару есебін бухгалтерлік есептің бір бөлігі және ол қаржы саласымен ғана шектеледі деп санайды. Бірақ, басқару есебі - бұл кәсіпорынның шаруашылық қызметтерін тиімді басқаруға, басқаруға қажетті есептік мәліметтерді есептеу мен талдауға және шешім қабылдауға бағытталған ақпараттық жүйесін ұйымдастыру тұжырымдамасы болып саналады.

Басқару есебі жүйесін ұйымдастыру және қалыптастыру туралы кәсіпорын басшысы басқаруға қажетті қолда бар ресурстар мен мүмдіктер бойынша басқаруға қажетті ақпараттық мәліметтер жүйесін құру, әзірлеу және басқару шешімдерін қабылдауда пайдалануы тиіс. Басқару есебінің кәсіпорынның қаржылық жүйесіндегі орны ерекше және оны шаруашылық қызметтерін талдау мен басқару үшін енгізу және жүзеге асыру бухгалтерлік және салық бөлімшелерінде қызмет көрсететін мамандардан басқа мамандарды қажет етеді.

Мысалы, С.Д. Тажибаев өз еңбектерінде: «Басқару есебінің мақсаттары: басқарушыларға ақпараттық көмек көрсету; кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімдерінің қызметін бақылау, жоспарлау және экономикалық тиімділігін

болжау; баға қалыптастыруға арналған базаны қамтамасыз ету, дамудың ең тиімді жолдарын таңдау» - деп көрсетеді.

Басқару есебі мен қаржылық есепті К.Т. Тайгашинова басқару есебінің басты мақсаты ретінде кәсіпорын экономикасын басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпараттандыру мен қабылданған шешімдердің тиімді орындалуына баға беру деп көрсетеді [2].

Біздің пікірімізше, басқару есебі - бұл ең алдымен, басқару шешімдерін қабылдауға бағытталған тұтас жүйе болуы қажет. Осыған байланысты, басқару есебінің басты мақсаты бұл ұйым басқармасына экономикалық жағынан салмақтандырылған басқару шешімдерін қабылдау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорынның экономикалық, сондай-ақ, өндірістік бірлік ретінде қызмет етуі туралы жоспарлы, болжамды және нақты мәліметтердің толық кешенін (мәліметтерді тұтас кәсіпорын бойынша, сонымен бірге, құрылымдық және өндірістік бөлімшелерінің шығындар мен пайда орталықтарының шегінде ұсынуды қоса алғанда) ұсыну болып табылады.

Біздің ойымызша басқару есебінің келесі негізгі міндеттерін қарастырған жөн:

- кәсіпорын қызметінің көрсеткіштер жүйесі (пайда, рентабельділік, өзіндік құн, шығындар және басқалар) негізінде талдау;

- өндірістің стратегиялық жоспарына сай қысқа және ұзақ кезеңдерге жоспар құру, болжам жасау;

- өнімнің өзіндік құнын дұрыс калькуляциялау және т.б.

Басқару есебінің мақсаты мен міндеттері оның функцияларын анықтап береді және олар келесі бағыттары бойынша топтастыруға болады:

- ұйымды басқаруда басшыларды ағымдық жоспарлау, бақылау, басқару шешімдерін қабылдауға керекті ақпаратпен қамтамасыз ету;

- басқару деңгейлері мен оның құрылымдық бөлімдері ара ішкі байланыс қызметін атқаратын ақпарат қалыптастыру;

- ұйымның ішкі бөлімдерінің қызметін жедел бақылау және нәтижелерін бағалау;

- кәсіпорын шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижелерін талдау, бағалау негізінде келешекке дамуын жоспарлау және бағыттау[3].

Басқару есебі өзінің қызметтері негізінде ұйымның ішкі шаруашылық қызметін басқарудың ақпараттық негізі, стратегиясы мен тактикасы болып табылады.

Бұл есеп түрінің тиімділігі басқару есебі мен ұйымдастыру жұмыстарының өзара байланысына тәуелді. Ұйымның ұйымдастырушылық құрылымның элементтерін анықтау басқару есебі жүйесінің дұрыс қызмет етуі үшін маңызды, өз кезегінде, басқару есебі жүйесі ұйымдастырушылық құрылымның тиімдірек құрылымға айналуына септігін тигізетін, осы ұйымдастырушылық құрылым үшін ішкі есептілік жүйесін білдіреді.

Ауылшаруашылық ұйымдары дайын өнімді өңдеу мен сату құнын төмендету арқылы шығындарды оңтайландыру мақсатын алға қояды. Ауылшаруашылық тауар өндірушілері зерттеу және талдау барысында қайсы өнім қаншалықты ұйымға табыс алып келетіндігін алдын ала анықтайды, Сондықтан өнімді дамыту міндеті алдыңғы орынға шығады, оның құны пайда

алудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болады. Бұған ауылшаруашылық ұйымдарында мақсатты калькуляциялау тұжырымдамасы енгізілген жағдайда қол жеткізуге болады. Ауыл шаруашылығы ұйымына мақсатты калькуляциялау әдісін енгізген кезде ұйымдар өнімнің жоспарланған көлемін сата алатын және сонымен бірге табысты бір деңгейде ұстап отыра алатын өндіріс бірлігіне баға деңгейін анықтайды.

Мақсатты калькуляциялау жүйесін пайдалану отандық кәсіпорындар үшін техникалық тұрғыдан қиынға соқпайды. Ауылшаруашылық ұйымдарында мақсатты-калькуляцияны ойдағыдай жүзеге асыру үшін әр түрлі ұйым ішіндегі бөлімдер мен қызметкерлер арасында өзара тығыз байланыс орнатылуы қажет.

Алайда, бұл міндет бірінші жағдайда (мақсатты-калькуляция) жаңа өнімді жобалау кезеңінде, екіншісінде (нақты-калькуляция) өндіріс кезеңінде жүзеге асырылады.

Егер жобалау кезеңінде сметалық және мақсатты өзіндік құнның айырмашылығы 20%-дан аспайтын болса, онда мұндай айырмашылық өндіріс үрдісінде нақты калькуляция арқылы жойылады деген үмітпен осындай өнімді өндіруді бастау туралы шешім қабылданады.

Сонымен, «мақсатты» және «нақты костинг» жүйелерінің артықшылығы - шығындарды оңтайландыру және барлық экономикалық қызмет түрлерін бір уақытта, үздіксіз оңтайландыру үрдісі кезінде өндірістің тиімділігін қамтамасыз ету. Кемшілігі - жүйелерді ұйымдастырудың күрделілігі, адам факторына жоғары тәуелділігі. Алайда, бұл жүйелерді пайдалану кез-келген салада, оның ішінде ауылшаруашылығы ұйымдарына да шығындарды басқарудың басқа әдістерімен бірге маңызды рол атқарады.

Тікелей калькуляциялау ауылшаруашылық ұйымдарының басшылығына тұтастай алғанда ұйымдар үшін де, өнімнің әр түрлі түрлері үшін де шекті табыстың өзгеруіне назар аударуға, оны өндіруге көшу үшін табысы жоғары тауарларды анықтауға мүмкіндік береді. Директ-костингті ауылшаруашылық ұйымдарына енгізгеннен кейін талдау мүмкіндіктері кеңейеді, ал бухгалтерлік есеп пен талдауды тығыз интеграциялық байланыс үрдісі жүреді. Біздің ойымызша, шығындарды оңтайландыру әдістемелерді әзірлеу мен жүзеге асыруда белгілі бір күш-жігерді қажет етеді: мақсатты калькуляциялау, нақты калькуляция және ауыл шаруашылығы ұйымдары үшін директ-костинг, сондай-ақ өнімді өндіру мен сату бойынша жұмыс істейтін кәсіпорында шығындарды басқару жүйесінің жұмыс істеуі қалыптасады. Біз қарастырған әдістер жоспарлау мен шығындарды басқаруға арналған құрал болып табылады.

### **Әдебиеттер**

1. Тажибаев С.Д. Учет затрат на производство: учеб. пос. / С.Д. Тажибаев. – Алматы: Экономика, 2012. - 172 с.
2. Тайгашинова К.Т. Өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың өзіндік құнын калькуляциялау: оқу құралы / К.Т. Тайгашинова. — Алматы: LEM, 2012. - 276 б.
3. Иманбаева З.О. Басқару есебі: оқу құралы / З.О. Иманбаева. - Алматы: CyberSmith, 2018. - 285 б.



## АГРАРЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ РОЛІ

Ускенов М.Қ., Жолдас А.Б.

Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
makhalbay@mail.ru

### *Аннотация*

*В статье рассматривается значение и роль управленческого анализа в повышении эффективности хозяйственной деятельности сельскохозяйственных организаций. В государственную учетную политику принят ряд документов по совершенствованию методов и инструментов управления. Рассматриваются современные подходы к организации и разработка методов управленческого учета и анализа в управлении производством при структурной реорганизации сельского хозяйства.*

В зарубежной и отечественной литературе рассмотрена роль аграрных организаций в учетно-аналитической системе в управленческом учете и анализе, изучены принципы управленческого учета и анализа, проанализированы и оценены методы расчета. Система управленческого учета и анализа в системе учета и анализа среды сельскохозяйственного производства необходима для реализации целей развития системы управления современным хозяйствующим субъектом.

Методология стратегического управленческого анализа, которая позволяет дальнейшее развитие аграрной организации: на первом этапе приводит к совершенствованию производства, организации труда, управления и логистики, продаж, снижению затрат, что способствует снижению издержек производства; на втором этапе разрабатывает методы мобилизации резервов стратегического управления, ресурсной и финансовой поддержки; на третьем этапе используется метод SWOT-анализа, который определяет сильные и слабые стороны организации.

Қазіргі таңда ауылшаруашылық ұйымының басқару есебі мен басқарушылық талдауы кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігіне тікелей әсер ететін қажетті құрал болып табылады.

Қазіргі жағдайда ауылшаруашылық ұйымдарын басқару есебі мен талдау аппаратын, басқарушылық әдістемесін жетілдіруге көзқарас өзгеруде. Әдістер мен құралдарды жетілдіру мәселесі бойынша мемлекеттің есеп саясатында ауылшаруашылығы кәсіпорындарын дамыту бойынша бірқатар құжаттар қабылданған. Отандық аграрлық шаруашылығы экономикасын құрылымдық қайта құрудан туындаған сала өндірісін басқаруда басқару есебі және талдау әдістерін ұйымдастыру мен дамытудың заманауи мәселелері отандық әдебиеттерде әлі де болса жеткілікті зерттелмеген.

